



«MADENI MIRA»
MEMLEKETTIK BAĞDARLAMASYNYN
KİTAP SERIYALARY
KAZAKSTAN RESPUBLIKASYNYN TYNFYSH PREZIDENTI
NURSUŁTAN NAZARBAEVTYN
BASTAMASY BOIYNŞA ŞYFARYLDY

ASTANA
2006

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нүрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

*Қытайдағы қазақ
фольклоры*

Ғашықтық дастандар



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Алпысбаева Қ.,
Ісмақова А.

Қытайдағы қазақ фольклоры үлгілерін жинастырған:
Егеубаев О.

Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған:
Филология ғылымдарының кандидаттары

Қосан С., Алпысбаева Қ. (*жауапты шығарушы*), Егеубаев О.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2006.
Т. 26: Ғашықтық дастандар. — 2006. — 376 бет.

ISBN 9965-35-103-1

«Бабалар сөзі» сериясының 26-томына «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Дандан мен Нәркес», «Ахмет пен Нүрилә» атты ғашықтық дастандар енді.

Б $\frac{4702250205}{00(05) - 06}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-103-1 (т. 26)

© Әдебиет және өнер институты, 2006

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2006

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Серияның жарық көрген жиырма бес томы фольклорымыздың бай, маңызды саласы — дастандық эпосқа арналды. Атап айтқанда осы күнге дейін хикаялық дастандардың он бір томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың жеті томы баспа бетін көріп, оқырман қауым тарапынан жылы қабылданды. Әрине, қазақ халқының эпостық мұрасы жарияланған үлгілермен шектелмейді. Қолжазба қорларында сақталған өзге де халық ауыз әдебиетінің үлгілері жинақталып, баспаға дайындалуда.

Оқырман назарына ұсынылып отырған аталмыш серияның 26-томы Қытайдағы қазақ фольклорының кезекті жинағы — ғашықтық дастандарға арналды. Бұл томға «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Дандан мен Нәркес», «Ахмет пен Нүрилә» атты ғашықтық дастандар енді. Олардың сюжеті негізінен, жергілікті қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен алынған. Алғашқы екі жыр қазақ ауыз әдебиетінде бұрыннан мәлім, фольклортану тұрғысынан зерттелген, лиро-эпос жанрының көлемді де көркем үлгілерінен саналса, «Дандан мен Нәркес», «Ахмет пен Нүрилә» секілді шығармалар шығыстық сюжеттердің ізімен жырланған және бұрын зерттелмеген.


Томға енгізіліп отырған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларының сюжеттік құрылымында айтарлықтай өзгешеліктері болмағанымен, тілдік, стильдік және көлемдік жақтарынан назар аударатын тұстары бар. Сондықтан Қытайдағы қазақ жыршыларының репертуарынан тұрақты

орын алған бұл шығармаларды жеке фольклорлық нұсқа ретінде қарастырған ләзім.


Мәтіндерді жинап, баспаға дайындаған Қытай мәдениеті мен өнеріне үлес қосқан ғалым, ҚХР фольклортанушылар қоғамының мүшесі — Оразанбай Егеубаев.

«Бабалар сөзі» сериясының негізгі ұстанымдарына сәйкес ұсынылып отырған том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі — 23,5 б.т.



Μ Θ Τ Ι Η Δ Ε Ρ



Қозы Көрпеш — Баян сұлу

Кім тұрар дүниеде тақтан аумай,
Неше хан өтіп кеткен Алатаудай.
Дүниеде неше түрлі ғашық өткен,
Сырты бүтін, іші түтін лаулай алмай.

Ал, Дәуіт, қалам ұста ұшын тежеп,
Көңілге бір фазылды қойма кезеп.
Бұрынғы ноғайлының заманында,
Сөйлейтін бір қиссадан келді кезек.

Он екі ру өзбек деген ел бар екен,
10 Дейтұғын Алтай, Қаңғай жер бар екен.
Қаңғайды сансыз моңғол мекен еткен,
Атақты Моңғол, Шіңгіл бел бар екен.

Шіңгілге мұсылмандар барады екен,
Әр жерден мал қаптатып салады екен.
Моңғолдың хандарына тарту берсе,
Тиісті сар шөп майын¹ алады екен.

Қалмақпен жері шендес жүрген жуық,
Хауариж мұсылманнан көңілі суық.
Ел екен Естек деген ел шетінде,
20 Жүретін кейде тату, кейде қуып.

Алтайдың бауырында Сарыөзен,
Сары Ертіс, Қара Ертіс бар айыр кезең.
Бала Ертіс және ағып қосылады,
Үстінен Зайсан көлдің кетер төмен.

¹ Сар шөп майы — бөтен елдің көшкен жұртына ақы төлеп отыру.

Сондай жақсы жерлерді мекен еткен,
Талай ер бұл фәниге келіп кеткен.
Қарабай, Сарыбайдың хикаясынан,
Сөйлейін білгенімді енді шеттен.

30 Қарабай Қалтай деген елден екен,
Қаракөк жеті атасы кеңнен екен.
Сарыбай бағыс деген рудан боп,
Екеуі де дәулетті көрген екен.
Екеуі екі таптан хабарласып,
Далада бірін-бірі көрген екен.
Далада қонды бірге жолдас болып,
Түспейтін атқан оғы мерген екен.
Таңертең саятына қарап тұрса,
Қолтыққа² буаз марал кірген екен.

40 Маралды екеуінің де көзі көрді,
Ырымдап әрбір түрлі ой жіберді.
— Атуға сескенемін, батыреке,
Қарабай, сен атсаңшы мұны, — деді.

Қарабай жауап берді Сарыбайға:
— Атпасақ бәрежелді болар пайда.
Әйелім менің үйде жүкті еді,
Ырымдап тұрып едім осы жайда.

Екеуі сол маралға кеңлік берген,
Есіркеп залал қылмай қоя берген.
Әйелінің жүктілік себебінен,
50 Маралды әдейі атпай көңіл бөлген.

Екі бай ат үстінде құрды кеңес,
Тұрмаған айтқан сөзде адам емес.
«Құда болсақ жарасар даңқымызға,
Бай едік табымызда құлақ теңдес³.

² Қолтық — өзен иіні немесе таудың дөңгелене біткен қойнауы.

³ Құлақ теңдес — дәрежесі тең, абыройы қарайлас деген мағынада.

Екеуі де егерде ұл боп туса,
Дос болсын қияметтік хақын жемес.
Біреуі ұл, біреуі қыз болса егер,
Құда болсақ лайықсыз ешкім демес.
Құдалық ниетімізге жетерміз», — деп,
60 Бір Құдай, Пайғамбарды қылады елес.

Екі бай осы сөзбен тарқап кетті,
Олжасыз тарқамайды құрған кепті.
Қызылдай құда болып жүргенінде,
Арада бір, екі, үш ай өтіп кетті.

Қатыны Сарыбайдың тауыпты қыз,
Өңгіме, құлақ салып тыңдасаңыз.
Кеңесіп Баян қойды қыздың атын,
Халықтан артық көріп оның затын.
Үлкен қатын бәйбішеден екі ұлы бар,
70 Баянды тапқан екен тоқал қатын.

Қарабай бір күндерде аң қуыпты,
Сейілмен жүрген жерін шаң қылыпты.
Қатыны өзі жоқта ұл туыпты,
Сүйінші сұрағандар даң қылыпты.

Келеді біреу шапан, біреу атқа,
Бере берсе, кім келмес ондай затқа.
Қарекең мойны үзіліп өлген екен,
Қуанып ауылына шапқан шақта.

Жасады шілдеhana ел өзінен,
80 Көрмеген әке өлімін себебінен.
Ел дулап, етке тойып кетіп жатты,
Қозыдай тілек тілеп көк өрімнен.

Қайғырды ел Қарекеңе, жасымады,
Медеу қып жас Көрпешін асырады.
«Басынып елі-жұртым кетпесін», — деп,
Қайғысын дұшпан көрсе жасырады.

Бәйбіше ие болды қалған малға,
Сүйекке жесірмін деп салмай таңба.
Бермесе қолыменен жұртқа қайыр,
90 Зорлыққа тиын бермес ешбір жанға.

Құдағи барып жүрді құдасына,
Алмайды мал берем деп қарманса да.
Бейшара, жетім-жесір дұшпаның көп,
Өз малым жетіп асар алмасам да.

Сарыекең аяған боп «қорғап» жүрді,
Болар деп заман қалай ойлап жүрді.
Балалар сегіз жасқа келгенінде,
Сарыбай іші ауырып толғап жүрді.

Сарыбай салқын тартты сұмдық ойлап,
100 Қозады бір жаманға көңілі бойлап.
«Өзі жетім балаға қыз бергенше,
Бір күшікке берсемші ала мойнақ.
Жетімге қыз бергенім сүйекке мін,
Алыс кетсек бізді іздеп барады кім».

Көңіліне осылай шайтан кірді,
Ауылына бағыс деген айтып сырын.
«Пәлен деген руда жақсы жер бар,
Солай ауып кетсек», — деп кеңес құрды.

Сарыбай бастап көшті елден ауып,
110 Көңілін көтермекке қылар сауық.
Өзенге қырат асып қона қалса,
Қыран құсы қашыпты ебін тауып.

Ол жердің атын содан «Қыран» қойды,
Үріккен ел үрей құмай жияр ма ойды.
Оған да байыз таппай көшіп еді,
Зорығып бір бурасы жолда өледі.
Ол жердің атын қойып «Бура асуы»,
Тоқтамай толғатқандай жөнеледі.

120 Қонады одан өтіп Бақын суға,
Үржардың маңайына жақын суға.
Тегінде ұйғыр тұрған мекен екен,
Моңғолдар атайды оны Қатын су да.

Алдындағы Үржарда көп қалмақ бар,
Елші салып өтпесең нақ салмақ бар.
Сый беріп, сыйласымды жол таппаса,
Басындың деп бас салып найза саптар.

130 Сарыбай тарту етті қырық қара ат,
Түстері бірыңғайдан өңкей пар ат.
Жіберді елшілікке елу кісі,
Мықтылар ел ішінде құйрық-қанат.

Жіберді бастық етіп Сағынбайды,
Ол күнде ондай жігіт табылмайды.
Сағынбай қалмақтарды басшы қылып,
Уаңға⁴ жөн білгізді үш күн қонып.
«Қазақта ұры-кезеп көп болады», — деп,
Бермеді жақын жерден қоныс бөліп.

140 Барасың онан көшсең иен бетке,
Жетесің көше берсең елсіз шетке.
Дегенмен Сарыбай көшті Жеменейге,
Күндіз көшсе, қонады түнде кейде.
Сасқаны Сарыбайдың сол емес пе,
Бір шешілмей тозыпты киген жейде.

Жаз болды сол арада көкек туып,
Мамырға аяқтасып келді жуық.
Мал төлдеп, көкке тойып аяқтанды,
Қара қатқақ, қарлатқан кетіп суық.
Сарыбай онан көшіп шеттеп кетті,
Керегесін кең жайып, шаншып уық.

⁴ Уаң — мансап аты, аға сұлтан дәрежесі.

- 150 Тынығып бұл Сарыбай жата тұрсын,
Дәуіт сөзін ноғайлы жаққа бұрсын.
Еліне саудагерлер келіп жүрді,
Көк ала, қызыл жиек мата сатқан.
- Бұлар келген ноғайлы жерлерінен,
Он екі ру қаптаған елдерінен.
Еліне қайтып барған кездерінде,
Сарнайды Баян қызды көргенінен.
- 160 Баян қыз сұлу екен мақтағандай,
Қара қасы қағазға қақтағандай.
Сұңқардың форымындай мойыны бар,
Көзіне гауһар отын жақтағандай.
Өзі ашылып біреуге сөйлемесе,
Аузынан ешкім ләззат татпағандай.
- Баянның айтып тауысқысыз сұлу көркі.
Баянжан кімге тисе өзінде еркі.
Көрген жанның көңілі майдай еріп,
Айығар ішке қатқан беріш дерті.
- 170 Мұны естіп Әбдіжаппар қылды талап,
Қара көк ат ерттетіп мінді манап.
Ол өзі ноғайлының бір бегі еді,
Әмірімен ноғайлы жүрген тарап.
- Сөз салды ол, қызың бер деп Сарыбайға,
Ілігі болмаса да тарыдай да.
«Бермесен, қызыңды егер қалың алып,
Қол жиып шабамын, — деп, — жарым айда».
- 180 Мұны естіген Сарыбай кетті қорқып,
Құтылатын жері жоқ қашып-жортып.
«Баян көнсе, сөйлесіп алса алсын», — деп,
Қояндай қуыстағы жатты қорқып.
Ел бекке тоқтау айтты: — Жөн екен, — деп,
Баянға сөйлескенің оң екен, — деп.

Қыз қосылса әкесі көнгені ғой,
Жас қыз көнер икемге бек екен, — деп.

Бұл сөзге Әбдіжаппар уанады,
Баянға сөйлесем деп қуанады.
Қозыкеден үмітін үзбеген қыз,
Аңғал бекті айламен шырғалайды:

— Есігімде он жыл құл болып жүрсең,
Тиемін, — деп ұзақты туралайды.
Егерде тірі болса ер Қозыке,
190 Он жыл бойы келер, — деп, — бір хабары.

Сонымен Әбдіжаппар құл болады,
Жылқышы боп, мал бағып жорғалады.
Әбдіжаппар бек аты ұмыт болып,
«Қодар құл» боп атанып қурағаны.
«Баянға қайтсем төуір көрінем», — деп,
Отын ап, бие сауып зыр қағады.

Күлгенсіп оған Баян жауап берер,
«Батырым, ер екенсің көңіл бөлер.
Он жылдай сабыр қылсаң уағда бұзбай,
200 Қарағың ғашық болып бір-ақ көнер»...

Қодарды Баян солай алдап өтті,
Арада неше жылдай жалған өтті.
Сарыбай Қодарменен жата тұрсын,
Кейінгі Қозыкеден тыңда кепті.

Қозыке он алтыға келген жасы,
Жал-жая, тәтті тамақ ішкен асы.
Балалық дәурендерін босқа өткізбей,
Таусылды балдырған шақ тамашасы.

Бір күні шешекені⁵ ойнап жүріп,
210 Өрмегін бір кемпірдің кетті үзіп.

⁵ Шешеке — қазақтың көне ойыны.

Ол кемпір ашуланды түрегеліп:
— Қашан жалғап тоқимын, — деп, — қайта керіп,
Дерендей боп үзгенше өрмегімді,
Баянды неге алмайсың қалың беріп!?

Іздесең әлің келер, жас емессің,
Бұл сөзге ерімейтін тас емессің.
Обалыңа қалайын, не сауапқа,
Жетерлік малың бар ғой, аш емессің!

Кемпірдің сөзі өкпеден кетті өтіп,
220 Түсі қашып үйіне келді жетіп.
— Шешеке, бидай қуыр жегім келді, —
Деп ашқызды бақырын өуре етіп.

Шешесі қуырады асып-сасып,
— Не болды, кетіпті, — деп, — өңің қашып?
Қарның апса қуырдақ жемейсің бе,
Қойдым ғой түстігіңе қазан асып.

— Шешеке, неге аяйсың бидайыңды,
Қапта құрт, қарындағы жи майыңды.
Бидай тұрмақ, қоралап мал бересің,
230 Мен айтсам ішімдегі шимайымды.

Қозыке жөн сұрамақ шешесінен,
Қиын ғой тура айтпақ төтесінен.
Ыдысқа күміс аяқ салып берді,
Жейтұғын дағдылы бір есесімен.

Қозыке бидай жемей өкпелейді,
— Жемеймін ыдыспенен текке, — дейді.
Бермесең қолыңменен қолға салып,
Шағамын қазаныңды, сөкпе, — дейді.

Шешесі қолыменен қолға салды,
240 Баласы алдап айтқан сөзге нанды.
Шап беріп білегінен ұстап алып,
Қолына ыстық бидай баса қалды.

— Баян кім? Сарыбай кім? Айтшы маған,
Айтпасаң бала болмай кетем саған.
Әкем тірі күнінде айттырыпты,
Түсімде аян етті ата-бабам.

Өлемін, жарыламын тірі жүрмей,
Өтірік айтуыңа көне бермей.
Қалайша ол Сарыбай көшіп кетті,
250 Артынан ержететін мені білмей.

Қоймады айтпасына, бидай басты,
Шешесі үндеместен ойға батты.
Ақыры айтпақ болып ыңғайланды:
«Шынын айтып бермесем жарамас-ты».

Шешесінің сөзі:

— Әуелі Баян жарың, анық еді,
Еліме құдалығым қанық еді.
«Қызымды жетім ұлға бермеймін», — деп,
Сөзінен Сарыбай атаң танып еді.

Ей, балам, Сарыбайға болма сарсаң,
260 Кісің жоқ менен жақын сөзге нансаң.
Елден таңдап бір сұлу әперейін,
Жан балам, тоқта, — дейді, — тілімді алсаң.
Бар дейді Қодар құлы отыз ерлік,
Ол сені оңдырмайды бара қалсаң.

Қозыке мұны естіп үш күн жатты,
Өзі жалғыз, тас бауыр, діні қатты.
«Басыңды көтер, көңіліңді аулаймыз», — деп,
Келіпті жолдастары балдан тәтті.

Сонда Қарабайдың досы Майлыбайдың айтқаны:

— Ей балам, тоқтамадың өкпең керіп,
270 Құдайым берген екен үлкен желік.

Жандос деген баламды мен қосайын,
 Қайраты бар жас еді, болар серік.
 Тауасар шешен еді басшы болсын,
 Ыстық-суық жол көрген бұрын жүріп.
 Таңдаулы он бір жігіт бармақ болды,
 Ұшқан құсты құтқармас өңкей керік.

Таңдаулы он бір жігіт шықты дулап,
 Ел-жұрты бата берді улап-шулап.
 Үйден шығып араға екі қонып,
 280 Қара Ертіске жетеді бәрі зулап.

Басына қараөткелдің келіп қонды,
 Әруағына сыйынды аунап-қунап.
 Қозыкеке түсінде анық аян көрді,
 Уылжыған ұйқыда жатып улап.

Қозының түсі:

«Ей, балам, сапарың ұзын осы жолы,
 Нысанаңа әр пәле жайған торын.
 Беттегеннен бет бұрма қай-қашан да,
 Сонда оңды болады жүрген жолың.

Өтесің бөрінен де аман-есен,
 290 Қасыңдағы жолдасың Жандос көсем.
 Кетіріме ынтымағыңды жолдасыңмен,
 Есіңе ал қашан болса мені десең!

Кетпейді иншалла бөтен нұсқа,
 Шығыпсың белді буып үйден тысқа.
 Жарыңа қосыласың, қам ойлама,
 Қорқамын, бірақ балам, өмірің қысқа».

Қозыке көрген түстің өзін айтты,
 «Өмірің қысқа» деген сөзін айтты.
 Тауасар шешен еді, жорып жатты,
 300 Келетін қисынымен шынын айтты:

— Өмірің қысқа десе, ұзын болар,
Көңілі надандардың бұзыл болар.
«Түс түлкінің боғы» деп жорушы айтар,
Түлкі жүні құбылған қызыл болар.
Жоруым жора болсын Қызыр дарып,
Әуминге қолыңды жай, жетім ғаріп.
Жағың түспей жамандық, сірә, көрме,
Қосағыңмен қоса ағар жарынды алып!

310 «Аллаһу Акбар», — деді де бата берді,
Әруаққа мал айтып атап еді.
Сойған малын тарқатып, нәзір жасап,
Таң атып, қосын тартып, ат ерттеді.

Ол жерден жүріп кетті елдей көшіп,
Батырдың самалы бар желдей есіп.
Арада бірқанша күн сапар шегіп,
Үліңгір көлге жетті екпіндесіп.

320 Қалмақтар сиқырменен жолды бөгеп,
Бір кемпір жебір⁶ қойған ернін тесіп.
Жарты бас, жарты санды кемпір сурет,
Бір нәрсе топқа шапты ербеңдесіп.

Айғайлап Жандос батыр қарсы шауып,
Тастады қылышпенен басын кесіп.
Кесілген бас қанынан шашыранды,
Жүгірді маймыл болып төбелесіп.

Батырлар бәрі бірдей бой тоқтатып,
Бір майдан соғыс қылды еркін кешіп.
Найза, шоқпар, қылышпенен қырғаннан соң,
Отындай албастының қалды өшіп.

330 Алғашқы жауын жеңіп, күшін байқап,
Отырды шүкір қылып сөйлеп бөсіп.

⁶ Жебір — көне түрік тілінде жауыздықтың пірі.

«Қорқынышты қиын жер осы екен ғой,
Мұны алдық қауіп жоқ», — деп күлімдесіп.

Жөнелді ертең тұра онан өтіп,
Шеңгелге қалың тоғай келді жетіп.
Ойылдың «он жолбарысы» деген бөгеу,
Жолықты жібермеске салаң етіп.

Жүгірді жолбарыстар қара көріп,
Қорқақтар қалар еді бекерге өліп.
Ақыры Жандос бастап қарсы шауып,
340 Бет-бетімен кетісті телім болып.

Олармен кешке дейін ұрыс қылды,
Бет жағын Құдай мұның бұрыс қылды.
Аттары, өздері де жараланып,
Әйтеуір жауын жеңіп, күліс қылды.
Жолбарыстың төртеуі қашып кетті,
Алтауын соғып алып жөн іс қылды.
Ол жерге демін алып, бір күн жатып,
Иен су, елсіз жерді тыныс қылды.

Талай күнде Сауырдай тауға келді,
350 Көрмеген жер саз-батпақ, қауға⁷ келді.
«Қиылдың қырық бөрісі» деген бөгеу,
Бір пәле тағы, міне, жауға келді.

Қырық бөрі жер қобықта құтырады,
Сілкініп тұс-тұсына жұтынады.
Бермесе Тәңір өзі оған жәрдем,
Нашарлар әлдеқашан тұтылады.

Арсылдап қасқыр шапты топқа таман,
Қарасаң бөрі түсі тым-ақ жаман.
Айғайлап Жандос оны найзалады,
360 Олар да жараланбай қалмады аман.

⁷ Қау — қалың деген мағынада.

Бұлардан екі ат өлді жараланып,
Қайратты ерлер түгел сары табан.
Бөрімен олар үш күн ұрыс салды,
Үдетті батырлығын Жандос ағаң.

Бөріні қырып-жойып әрең болды,
Қолтықтап, қолдап сүйеп Қызыр бабам.
Алысқа ұзай алмай үш күн жатты,
Ат арып, киім кірлеп тартты шабан.
Ат-көлігін тыңайтып мініп алып,
370 Асуға «Шаған оба» қойды қадам.

Бірқанша мәнзил жүрді Емілді асып,
Батысқа келе жатыр құлдай басып.
Тарбағатай бауыры Үржарда,
Бір жауға тағы соқты қаны тасып.

Бөктерлеп үлкен қара жолды көрді,
Алыстан шоғырланған норды⁸ көрді.
Ту алып, тұлпар мінген қара қалмақ,
Бірталай келе жатқан қолды көрді.
Олардан кісі шапты қара көріп,
380 Қалмақтың батыры көп жауға жерік.

Үржар сол қалмақтың мекені екен,
Уаң ханы сейіл құра кетеді екен.
Соғысып тауға қарап қазақ қашты,
Қаптады бұйрық алып қара шерік.

Бекінді олар қашып тауға барып,
Құғыншы басқын жетті найза салып.
Алысып қазақ, қалмақ төрт күн ұрысты,
Қылыштасып, кейбірі шоқпарласып.

Бірнешесі қалмақтың өліп кетті,
390 Көптігімен ақыры ол дендетті.

⁸ Нор — бір топ адам.

Бір Жандостан басқасы шыдай алмай,
Бәрі де қашатұғын халге жетті.

Соғыста Жандос қалды асып-сасып,
Басқалары шыдамай кетті қашып.
Қозы Көрпеш қасында екі кісі,
Үшеуін қалды шерік бір-ақ басып.

400 Қозыке мұңлы болды қолға түсіп,
Қауіптеніп келеді үрейі ұшып.
Уаң ханға байлауменен алып келді,
Өлгендердің туысы күйіп-пісіп.

Уаң хан жөн сұрады бастан-аяқ,
Мойнына жендеттері қылыш қадап.
«Сұрайтұғын сөзім көп, асықпа», — деп,
Ішінен Уаң отырды бұларды аяп.

Қозыке төре Уаңға шынын айтты,
Жасынан жетім қалған мұңын айтты.
Іздеген, жүрген жүріс қайын жұрты,
Баяндай Сарыбайдың қызын айтты.

410 Уаң қайтты ашудан көңіл бөліп,
Қозыкеге қарайды бәрі төніп.
Жетімдікті Уаң хан да көрген екен,
Екі жаста өзінің әкесі өліп.

Сол себептен аяды көңілі еріп.
Жалпы әскерді шақырды жарлық беріп:
— Қан ішкеннен еш нәрсе өне алмайды,
Халқым-ау, өкпелеме созып-керіп.

420 Біз құдық, «ағлаби» деп олар қашты,
Жеткен соң амал қанша араласты.
Тілдеспей кім жау, кім дос қайдан білсін?
Кек қуған енді бұған жарамас-ты.
Әуелгі өктемшілік бізден шығар,
Жан қорғау үшін бұлар сабаласты.

Бұлардың ерлігіне сүйінерлік,
Мұңлықты қолға түскен таламас-ты!
Қозыке еркін болып қалғаннан соң,
Қалмақтар «зоп-зоп» десіп шамаласты.

- Уаңға бас қояды түрегеліп,
Ығына ол сілтеген кетер желіп.
— Бір қалмақ, бір қазақты жіберелік,
430 Достасып, қас ойланбай анық сеніп.
Дос болам, Қозы Көрпеш, өзіңменен,
Не алып, не берсең де өзінде ерік.
Дүние бізге жолдас бола алмайды,
Кетпелік жолға тастап шапшаң жеріп.
Таудағы жолдасыңа хабар айтып,
Тынығып қонағым бол, бөрің келіп.
Деген соң пиғылына көзі жетті,
Үй тігіп, сойыс беріп еркіндетті.
Үстіне маңлық тон, күрме жауып,
440 Тел күрең тобышақ ат қайран⁹ етті.

Жандостар бекініпті тауға барып,
Халі кетіп жарадан ашып-арып.
Қозыкені адасып қалды ғой деп,
Дәмелене қарайды балын салып.

Құмалақта еш қатер көрінбейді,
«Бізге келген бұл дағы керім», — дейді.
Байтал түгіл бас қайғы болғаннан соң,
Сабыр етіп тосудан ерінбейді.

- Дел-сал болып жатқанда хабар келді,
450 Жағдайды келген жігіт айтып берді:
— Қозымен үшеуіміз қолға түсіп,
Уаң ханның жанына алып келді.

Ұлығы жөн сұрады бізді көріп,
Біз айттық оқиғаның бәрін теріп.

⁹ Қайран — бұл жерде тарту, сыйлау деген мағынада.

Өзі әділ хан, төре бір жан екен,
Есіркеп азат етті көңілі кеңіп.
Мына жігіт төренің өз уәкілі,
Жүріңдер, бәрің бірдей сөзге сеніп.

460 Тауасар, Жандос бастық бәрі жүрді,
Қорқатұғын жан емес, сегіз қырлы.
Уаң хан құрмет етіп отырғанда,
Үстіне қаруменен баса кірді.

Қалмақтар ер Жандостан кетті шошып,
Батырдан көргеннен соң мұндай түрді.
Уаң хан оң жағынан орын беріп,
Бәрімен ақылдасып, мәжіліс құрды.

470 Әуелде алды Уаңмен жамандасып,
Құдай ісін оңғарып, бағын ашып.
Міне, енді бірге отыр табандасып,
Дос болып, дос үстіне көңіл қосып.
Қалмақтар жүр тілеулес далаңдасып,
Жақсылыққа ізгі жан болар ғашық.

«Сарыбайдан Баянды аламыз», — деп,
Қазақ, қалмақ бірлесіп хабарласып.
Он күн жатып тынығып жүрмек болды,
Жолдан тоқтап қалмасқа шабандасып.

480 Қайтарында досына келмек болды,
Баянды алып келсе, көрмек болды.
Пұл аздық қып, күші жетіп ала алмаса,
Сарыбаймен шабысып өлмек болды.
Өзіне қарындас қып ұзатуға,
Не сұраса аямай бермек болды.

Біраз күн аялдады ойнап-күліп,
Арық атын тастады семіз мініп.
Өз елі, өз жеріндей өмір сүріп,
Қоштасып достарымен, кетті жүріп.

Өңкей тұлпар тұяғы тасты тіліп,
Барады танаптай қып жолды бүріп.

490 Қанша күндер арада жатып-тұрып,
Аякөзге жетіпті жалғыз түлік.
Ақсақ кемпір бар жерге дөп келген соң,
Сөлем беріп үйіне кетті сүңгіп.

Кемпірге Қозы Көрпеш амандасты:
— Шешеке, тамақ берші, қарным ашты.
Жоқ қуған жолаушы едік ізге түскен,
Мұңлықпыз мүсәпірлеу көзі жасты.

— Балам-ау, дәм жоқ менде беретұғын,
Кісі жоқ бағып-қағар сенетұғын.
Мүсәпір Құдай берген пақыр едім,
500 Ғайыптан ырыздығым келетұғын.

Жол болсын, балаларым, жүрсің қайдан,
Өтіп келген секілді өр Алтайдан.
Жақын жердің адамы емессің ғой,
Немене іздеп барасың, қандай жайдан?

— Шешеке, жолаушымыз аң аулаған,
Кезі келсе, батырмыз жау жаулаған.
Жоқ алдырып тағы да қуа жүрміз,
Әділ төре табылса, дау даулаған.

— Балалар, құдіреттің келер күші,
510 Ғайыпты анық болжап білмес кісі.
Жоғынды тауып бере қоймасам да,
Не нәрсе, неге сылтау, қандай түсі?

— Сары атан ерні жырық салпылдаған,
Құба інген буыны құрып қалтылдаған.
Құнажын нарша тайлақ оларға ерген,
Бұйдасы шынжыр күміс алтындаған.
Ұядан тоты құсымды ұры әкетті,
Жер болжап, көкке ұшып талпынбаған.

Би жоқта құл жүреді жоралыққа,
Жапалақ ие бопты жалпылдаған.
Шешетай, жөнін білсең айтып берші,
520 Жас едім талабым еш тартылмаған.

— Балам-ау, қалай жұмбақ айтқан сөзің,
Мағыналы байқап тұрсам жай мінезің.
Сары атан ерні жырық — Сарыбай ғой,
Құба інген — қыз шешесі Гүлжан тезің.
Нар тайлақ алтын бұйда — Баян Сұлу,
Мен білдім қуғаныңды асыл көзім.
Тоты құс ұядағы ұрыдан сау,
Жапалақ Қодар құлың — жасық жезің.
530 Қолынан ешбір нәрсе келер емес,
Қорқады өктем келсе, құрғыр езің.
Баянға астыртыннан хабар жеткіз,
Білінбе бір дұшпанға, балам, өзің.

Кемпір солай бұларға жауап берді,
Қозыкенің сымбатын сынап көрді.
«Бейшара ғұмыры қысқа көрінеді,
Шіркін-ай, елге тұтқа болар еді».

Кемпірге рахмет айтты дағы,
Ат басын Баян жаққа бұрып кетті.
Қисық-шадыр жер демей жүріс тездеп,
540 Жақындап ел шетіне кіріп кетті.

Бекінді ел шетіне тауға келіп,
Жерлер көп жан баспайтын тым-ақ берік.
Аржағынан келген жәй саудагер боп,
Кетелік ел ішіне іштей еніп.

Тауасар маңқа сөйлеп пұшық болып,
Бетіне жақты бояу қасын керіп.
Ежелгі ел танитын белгілі адам,
Жаңылды жолдасы да жүзін көріп.

Қозыкенің қасында екі жігіт,
550 Тәртеу болып жанында жүреді еріп.
Қара жолмен ауылға келе жатыр,
Хайлагер өнеріне әбден сеніп.

Тауекең осылайша қылды хайла,
Хайласы танымасқа берді пайда.
Не дұшпан, не достардың арасында,
Талай өнер көрсеткен осындайда.

Ауылына Сарыбайдың кетті саулап,
Түсірді қонақ үйге тіккен аулақ.
Бай да келіп отырды екі, үш күн,
560 Құс ұшырып, саят қып, аңын аулап.

Бір кезек қонағына амандасты,
Сұрасып амандықпен мал мен басты.
Тауекең жөн-жосығын білдіреді,
Сөзімен еріткендей қара тасты.

— Байеке, біз жолаушы жоқ іздеген,
Алдырдық отыз екі ат құла түзден.
Шала қазақ Байқожа кісісіміз,
Сұрау салып тауып бер еліңізден.
Не сүйінші десеңіз қол береміз,
570 Қарап-сұрап таппадық осы күзден.

Байеке, жоғымызды берсең тауып,
Сүйінші аз берер деп қылма қауіп.
Шығыны мен малымыз басын алып,
Артық нәрсе алмаймыз жала жауып.
Жайылған қала, қырға атағыңыз,
Табар деп әдейі келдім саңым ауып.
Қол артамын өзіңе таныс болып,
Дәулетіңді естідім осыншалық.

Сарыбай қонағына жауап берді,
580 «Болса болып қалар» деп ой жіберді.

Бар болса тауып беріп, сүйінші алып,
Таныс болып жүруді мақұл көрді.

— Жатыңдар, қонақтарым, жай-жадыра,
Зиянды білмеске айтқан сөз адыра.
Ойда ұры, таулы жер бөрі деген,
Ептілеу адамдар бар бес садыра¹⁰.

Бар болса іздетейін қарап-сұрап,
Сен дағы өтірік айтпа дауды құрап.
Егерде малың болып шыға қалса,
590 Көп құма артқы жағын керіп-бұрап.

— Байеке, айта көрме ондай сөзді,
Кітапта жалғаншыдан Тәңірім безді.
Арғымақты ат қылсаң еркі өзінде,
Мейлі, алтын қыл шіріген жаман жезді.

Сарыбай іздетпекші болды малын,
Шын іздер жолаушының соры қалың.
Бір, екі, үш күн жатқан соң, үйір болып,
Сырласып ішкіліктеп ұқты халін.

Ауылы Баян қыздың бөлек екен,
600 Қырланған тоты құстай зерек екен.
Ағасы Сағынбаймен бірге отырып,
Әкесін анда-санда көреді екен.

Айсұлу жеңгесімен тату-тәтті,
Тілеулес бір-біріне сенеді екен.
Кісі өлтірдің десе де шынын айтып,
Айбынды ақылдасы көнеді екен.

Бар екен бір ағасы Қоған деген,
Баянның ашуы бар оған деген.
Шарқая бала жастан Мысжан тентек,
610 Ер жетіп бойы өскенде соған келген.

¹⁰ Бес садыра — аз, санаулы

Ол Мысжан Қоған биді билейді екен,
Ынжық деп жас қайыстай илейді екен.
Жеті жастан шарқая атанған соң,
Сырын біліп ешбіреу тимейді екен.

Көңілдес Қодарменен, ынтымақтас,
Онан басқа кісіні сүймейді екен.
Көрінгенмен бір ұрысып қыңыратқып,
Кісі аузынан басқаға симейді екен.

620 Баян менен ауылды өсек етіп,
Обал, сауап дегенге күймейді екен.
Иығына не түссе іле салып,
Бай болып қымбат киім кимейді екен.

Өш екен Баянменен бекер босқа,
Қодарға бар дейді екен малғұн шошқа.
«Бике мұндай қылды» деп атақ тағып,
Жүреді жала жауып дұшпан-досқа.

630 Қодарға тамашалап көзі түсті,
Серейген бір нәрсе екен сойдақ тісті.
Қақпақтай жауырыны еңкірейген,
Құрғырың зор денелі, болар күшті.
Ақылы аз аңырайған көрінеді,
Аша бұт, қуыс кеуде, тораңғы іші.
Алты құлаш ала бие астында бар,
Көргендер қалпынан үрейі ұшты.
Аңғалсоқ, адыр-күдір мінезі бар,
Анықтап біле алмайтын құпия істі.

640 Бәрін де осылардың алды біліп,
Қозыке әрбіреуден сұрап жүріп.
Бір күні атшы бала сипатында
Үйіне Баян тұрған келді кіріп.

Айсұлу жеңгесімен отыр бірге,
Тани ма Қозыкені ауған ірге.

Сұраса, Қозы жауап айтқалы отыр,
Айтады онан басқа енді кімге.

Ақырын сыпайылап амандасты,
Білгізбей күдікпенен көңіл басты:
— Қандай жақтан келдіңдер, қарағым, — деп,
Айсұлу әңгіменің аузын ашты.

— Жеңеше, жүрмеген жер, ой-шұңқыр көп,
650 Баламыз аңғара алмай білмейтін еп.
Жоқ қуып ізге түскен жолаушы едік,
Үстіне жоғымыздың кез келдік дөп.

— Шырағым-ау, жоғыңның айтшы жөнін,
Білейік қандай нәрсе азды-көбін.
Үстінен түстім деген сұмдық сөз ғой,
Үстінен түскен кісің табар ебін.

— Жеңеше, жоғалтқаным сұқсыр үйрек,
Қайғымды ішке жұттым аузын түйреп.
Көбікті көлден ұшып кеткен екен,
660 Қабырғам білгеннен соң сынды күйреп.

Ақсұңқар баптаулы тұр сала алмадым,
Бір көріп ең болмаса қала алмадым.
Жетімдік жастықпенен шамам келмей,
Үйректі ұшыра алмай ала алмадым.
Ер жеттім, жөн-жосығын айтқан жан жоқ,
Сондықтан іздей алмай шабандадым.
Бөктергі үйрегімді қуалапты,
Байқаусыз іледі-ау деп алаңдадым.
Қорынып жар астында ол жатыр екен,
670 Үстінен түсіп, танып, барандадым.
Жапалақ, бұлбұлымды жеймін дейді,
Қоруға енді келіп қараңдадым.
Бұлбұлым қапастағы сайрамайды,
Дауысына ащы, зарлы қана алмадым.
Сұрасаң түрлі-түрлі әңгіме көп,
Сырымды көп ашпайын — сараң халім.

- Япырым-ай, мына сөзің қалай жұмбақ?
 Айт, жаным, ерінбей-ақ бізге бұлдап.
 Көрінді лебізіңіз бізге жылы,
 680 Кетуге сізге еріп сайды құлдап.
 Сөзіңе қарағанда, Қозыкемісің?
 Білгізші шыныңды айтып бізге ымдап.
 Ұқсатам түс-тұрқыңды Қарекене,
 Дауысың нақ белгілі көрсем тыңдап.
 Бикеш-ау, бері таман жақын келіп,
 Тартсаңшы құшағыңа қолың бұлғап.
 Күйеужан, шыныңды айт жай-жағдайың,
 Білгізбен байыма да Қодар тұрмақ.
 Сөзіңе бойым балқып бара жатыр,
 690 Шешуін жұмбағыңның болдым тыңдап.

Айсұлу Қозыкеден алды сүйіп,
 Баянның бара жатыр іші күйіп.
 Құшақтап мойынына асылса да,
 Құр сөзге басыла ма көңілі иіп.
 Қозыке «аһ» деді де естен танды,
 Қарады аздан кейін халін жиып.

- Қозыке бас көтеріп, көзін ашты,
 Пердесін жұлып алып мауқын басты.
 Бұралып қара айдары шыға келіп,
 700 Айсұлу анық танып көңілі тасты.

Құмартып қапалықпен жүрген Баян,
 Үш талып, үш жығылып төкті жасты.
 «Өңім бе, түсім бе әлде ұйқыдағы,
 Я, Құдай, рас па?!» деп арсаңдасты.
 Түнде түс, күндіз есте жүруші еді,
 Көрді енді Қозыкеден күн шалмасты.

- Жүрмісің аман-есен, жетімегім,
 Зорлықпен күн батысқа кетіп едім.
 Өлсек те енді бізде арман қалмас,
 710 Тәңірден сенен басқа не тіледім?
 — Бикеш-ау, көтер басты «а, Құдайлап»,

Тас жүрек білмейтін не етіп едің,
 Қодар құл «алам» дейтін мазағынан,
 Бикешке қадіретің¹¹ өтіп едің.
 Қарағым, арыстаным, ай жарығым,
 Кемелге қалай келіп жетіп едің!?

Баян да еңірейді өксіп жаман:
 — Жеңеше, қоя берші маған таман.
 Жолыңа жасым тұрмақ, жаным құрбан,
 720 Кетейін, жан Қозыке, боп садағаң.
 Құдайым алтын жүзін көрсеткен соң,
 Аяймын неменеге жетсе шамам.
 «Сырт жақтан бала-шаға көрмесін», — деп,
 Айсұлу жуытпады жанды адам.

— Ертіп кел Тауекеңді апақ-сапақ,
 Дос-дұшпан біліп қалса, қылар шатақ.
 Құдай оңдап, ол мұнда келе қалса,
 Жүкке тығып қоялық есік тақап.

Алайық ақыл қосып үйге тығып,
 730 Анау жатқан жырамен келсін бұғып.
 Таң атқанша кеңесті аяқтатып,
 Іс біткен соң кетерсің бұдан шығып.

Айсұлу үйретеді ақылдарын,
 Жүретін жол мен жосын мақұлдарын.
 Қозыке достарына айтып берді,
 Түнде сол сөйлейтұғын ақылдарын.

Тауасар «а, құдайлап» күлімдейді,
 Бұл сөзі бөтен жатқа білінбейді.
 Кешті әбден батқызып, тамақтанып,
 740 Жетеді уағыдаға ілінбейді.

Отауға мезгілінде келді жетіп,
 Сырт жанға біліне ме ондай тетік.

¹¹ Қадіретің — қадірің деген мағынада.

Қыз-келіншек жолын күтіп отыр екен,
Жабындап үйге кірді сылаң етіп.

Көрісіп құдағи мен құдаларша,
Құрысып буындары бұлаң етіп.
— Білініп қолдан алып кете алмаймыз,
Қашпасақ төуекел қып қылаң етіп.

— Бес күнде той жасайды Қасқарау бай,
750 Шақырады қыз ұзатып дәулеті сай.
Бірі қалмай ел болып тойға кетер,
Сол бір күні болады оңаша жай.

Сырқатпын деп мен қалам сол уақытта,
Қамданып сыйынайық әруаққа.
Бүрсігүн сіздер қайтып кеткен болып,
Соғыңдар тойға бәрі кеткен шақта.

Әкемнің Аққолтық ат кермедегі,
Ақсатып байқаусызда соны бапта.
Онан озар жүйрік жоқ бұл өңірде,
760 Жүгірсе, шалдыртпайды тұлпар атқа.

Түстік жол бұл арадан елсіз-күнсіз,
Белгіге Шоқтерек бар шығыс жақта.
Жиналып Жандос батыр бастығыңмен,
Сергек боп қарауылдап сонда сақта.

Менің бір торғайым бар тіл біледі,
Қатты кекеу-мұқауды зіл¹² біледі.
Сонда апарып көрсетіп қоя берсең,
Жатқан-тұрған жеріңді бір біледі.
770 Мысжан жеңгем, Қодар құл — бәрі дұшпан,
Адам жүріп сөйлесе, сыр біледі.
Қоя бер қанатына қағаз жазып,
Байқаусыз ұшқан құсты кім біледі?

¹² Зіл — кек деген мағынада.

Тауасар сөз байласып қайтып кетті,
Сөзіне Баян жанның қуаныш етті.
Еркінше Баянменен ойнап-күліп,
Қозыеке де орнына тағы жетті.

780 Ішкі сыры ішінде жатты бығып,
Тәңіріне төубе етіп көңіл жығып.
Тәуекең ертеңінде айналдырып,
Ақсатты Аққолтықты ине тығып.
Салақтап жүрмей қалды жануары,
Сарыбай қаратады атты мініп.
«Тізеден сайтан атқан екен ғой», — деп,
Ем-домын істеп жатыр оғып-бұғып.
Басқасын қосамыз деп баптап жатыр,
Аққолтықтан басқасын көңілі тынып.

790 Тауасар қайтпақ болды байдан сұрап,
Сөйлейді өтіріктің бәрін құрап.
— Ендігі айда айналып бір келеміз,
Еліңізге сауда ғып сонда бір-ақ.

Сарыбай «кетсе екен» деп қуанады,
Сөзіне алдап айтқан жұбанады.
Еңіретер саудагер егілдіріп,
Ондай ақымақ байларды дуалады.

Жолаушы «аман бол!» деп жүріп кетті,
Тазалап етек-жеңін түріп кетті.
Орындап ойлап келген мақсаттарын,
Төбеге Сарыбайды ұрып кетті.

800 Таудағы жолдасына келді жетіп,
Жол болып қуанышпен екпіндетіп.
Келе салып ай тұяқ айтып сойды,
«Тойдың алды осы» деп ырым етіп.

Ертеңінде Шоқтерек белге келді,
Торғайды уағда қылып қоя берді.

«Жолдасқа есен-аман қосылды», — деп,
Баянға айтып жатыр көргендерді.

Торғай жүр күнде ұшып хабар беріп,
Айсұлу бірге қамдап досы серік.
Торғайдың соншама көп ұшатынын,
810 Қу Мысжан дұшпан түйді көзі көріп.
Торғайды алдап-арбап ұстап алып,
Сұрады оңашада өзін берік.

— Сендерде бір сұмдық бар байқап тұрсам,
Ұшасың неге мұнша қанат керіп.
Шыныңды айт, жасырынған ұры бар ма?
Айтпасаң өлесің, сен, бикешке еріп.

Торғайдың қинаса да жүнін жұлып,
Анты бар айтпайтұғын сөзі берік.
Қып-қызыл болғанынша түк те айтпады,
820 Төбе жүнін ұстады шымшып тұрып.

«Ойбай, Баян, Шоқ», — деді тартқанында,
Онан басқа тіл қатпай кетті өліп.
Мысжан залым ойлайды ой жоталап,
«Шоқ» дегені Шоқтерек мұның келіп.
Қодарға «Шоқтеректі бір шал» дейді,
Менің айтқан сөзіме байғұс сеніп.

— Көзіңе не көрінді ақымақ қатын,
Мен барда ала алмайды жауым жеңіп.
Ырсылдап өзін-өзі зорға балап,
830 Ол сөзді тыңдамады құлақ беріп.

Баян іздеп торғайды таба алмады,
Күндегі уағдадан шабандады.
«Бағана Мысжан ұстап жүрген еді», — деп,
Бір баладан естіп хабар алды.

Жүгіріп Баян келді жеңгесіне,
Қарамай мойын бұрып өзгесіне.

Арадағы тілшіні ұстаған соң,
Түседі дұшпандығы сонда есіне.

— Жеңеше, айналайын, торғайым бер,
840 Әйел басың бірдей еді еркекке дер.
Жасынан бағып үйреніп қалып едім,
Болмасын оған еткен еңбегім сел.
Сендерге еркелеймін, наз қыламын,
Қайғыменен бір сорлық көңілі көр.
Бермесең торғайымды, ау, жеңеше,
Қолыңмен мен бейбақты өлтірші кел.

— Бикеш-ау, торғай құрғыр өліп қалды,
Жеңгеңіз сұмдығыңды көріп қалды.
Анау күнгі жоқшыдан сұмдық ойлап,
850 Қодар ағаң сөзіме сеніп қалды.

Жер түбіне қашсаң да құтылмайсың,
Ол саған қайратымен төніп қалды.
Төбе жүнін жұлғанда «Шоқ», — деп айтты,
Шоқтеректе жау бар деп сеніп қалды.

«Тозақы!» жамандарда ерік тұр ма,
Мақтасаң да пейілім кеңіп тұр ма?
Мен түскеннен жаулығың бір қалған жоқ,
Енді дос болады деп сеніп тұр ма?

Шоқтерекке бекінген Қозы Көрпеш,
860 Хабарын өзіңе де беріп тұр ма?
Ағаңның мұқаммалын бүлдірмекке,
Сайтаның қу салдақы керіп тұр ма?

Баянның сөзі:

— Қу Мысжан, жарық көрмей алақтарсың,
Албасты пішінің бар талақ қарсың.
Қайран ағам Қоғанды жады қылған,
Құмадан құлдың теңі жалап қарсың.
Қолы жетсе Қодарың ауырған жоқ,

Өсек қуып аңғырттап далақтарсың,
Кетсем кете берем өз жарыма,
870 Төрт көз итше артымнан салақтарсың.
Ой жоталап халыққа өсек тасып,
Өз-өзіңнен к...ді тарақтарсың.
Достық айтса доңызша қорс-қорс етіп,
Жөнге теріс сөйлейтін лағнаттарсың.

Айтқан сөзім кеуделі болады нық,
Сені Құдай жаратқан сайтанды қып.
Торғайымды бермесен тоңқиып қал,
Қодарыңмен екеуің к...ңе тық.

Баян солай деді де жүре берді,
880 Мысжан ол да артынан үре берді.
Мұны енді ел-жұртқа айтайын деп,
Орнынан жылдамырақ түрегелді.

Келіні жетіп келді Сарыбайға:
— Елдегі басшылардың бәрі қайда?
Жеті жоқшың ежелгі жауың екен,
Бір керемет келтірер қазір жайда.

Ата еке, бұл сөзімді ескере көр,
Өзіңе абыроймен дес бере көр.
Бармағыңды тістеме байқаусызда,
890 Нанбасаң не ерте, не кеш көре бер.

Сарыбай осы сөзге қарсы келді:
— Шырағым, ондай сөзді қойшы! — деді.
Баянмен дұшпандығын білетұғын,
Көп өсектің бірі деп ой жіберді.
Қозы Көрпеш бұл жаққа қалай келсін,
Сендер айтқан жорамал бекер, — деді.
Араның неше қиын жаулары бар,
Жетім-жесір тіліне кім ереді.
Баянға суық суды шашпай-ақ қой,
900 Өкпелесе, көңілі бізден сөнер, — деді.

Мысжан өрең тұрады мысы құрып,
Айтқан сөзі өтпеді Құдай ұрып.
— Бұл болмасаң, күл бол! — деп жыбыр қағып,
Атасы нанбағанға кетті жүріп.

Сарыбай дәл сол күні бір түс көрді.
Ғажайып қорқарлықтай көп іс көрді.
Асыраулы ақсұңқары қашқан екен,
Іздесе жолбарыстан тым күш көрді.

910 Жолдасы қасына ерткен Қодар екен,
Қаруы қолындағы томар екен.
Жеті бірдей жолбарыс қуып жетіп,
Қапталдап Қодарды олар соғады екен.

Сарыбай құтылды өрең, Қодар қалып,
Шошыды қуат таппай ажарланып.
Қолдары қызыл шие қан боп келді,
Кеткен-ді жалпақ дүние тұманданып.

920 Бай келсе ауылын тонап жау шауыпты,
Кісі аман, малын алып тарқалыпты...
Жүрегі Сарыбайдың лүпілдеді,
Тектен-тек болмады-ау деп бұл қауіпті.

Сол күні түс көріпті Қоған тағы,
Жаман ырым білініп оған дағы.
Жеті қасқыр құтырған кез келіпті,
Тұс-тұстан өрт қаптапты қоламталы.

Селкілдеп ол да түстен кетті қорқып,
Ақылсыз қатын жады байғұс қортық.
«Япырым-ай, өз басыма кәдік-ау» деп,
Ойлайды әр нәрсені ой жорытып.

930 Түсінде Қодар бөйгеге ат қосыпты,
Көтерме келер жерде жол тосыпты.
Сүйрелеп атын тартып келе жатып,
Жығылып басы-көзінен қан жосыпты.

Артынан қара бура аузын салып,
Халі кетіп қалтырап тым шошыпты.
Бір үлкен өрт қаптаған елге келсе,
Жанның бәрі үйінен ду босыпты...

Осылай үшеуі түс көрді жаман,
Жорыды жамандыққа бәрі тамам.
Тәңірдің салғанына лажы не,
940 Қобалжыды, қорықты болды алаң.

Қасқарау бай той қылды, үлкен жиын,
Байлықпен жасап жатты жұртқа сыйын.
Өмірінде бір көрген қызығы еді,
Тойлықтан аямады жалғыз тиын.

Кәрі-жас бірі қалмай тойға барды,
Той бірдей қазынасы бай мен жарлы.
«Өне бойым ауырып барады», — деп,
Айсұлуды алып Баян қыз үйде қалды.

Түсінен аян тапқан Қодар шошып,
950 Аңдытты Баянды әтей Мысжан қарды.
Тойшылар ауылдан тез ұзағанда,
Баян әтей жар-жарлап өнге салды.

Мысжан тыңдап мәз болып отырғанда,
Баян келіп қапыда байлап алды.
Жеткіз деп Қодар құлдай тамырыңа,
Мысжанды қинай тергеп әлек салды.

Сол сағат Қозыке де жетіп келіп,
Мысжанның қолын шешіп қоя берді.
— Ер болса, Шоқтерекке Қодар келсін,
960 Көрмеген тамашаны көрер, — деді.
Онша асығыс кетпеспіз асып-сасып,
Ер жігіт болса әйтеуір келер, — деді.
Батыр болса артымнан тезден жетсін,
Ер болса алып, кем болса өлер, — деді.

Атама үш мәртебе дұғай сәлем,
Ноғайға Қодар құнын төлер, — деді.

- Аққолтықты ерттетті инесін ап,
Ине сұққан белгілі түймесін ап.
Сарыбайдың садағын, ақ шитісін,
970 Қанжарын ап жол тартты қаруы шақ.
Қазынаның бәрі де өз қолында,
Алтын-күміс жүктеді жеңілден сап.
Мал емес, бұйым емес, қызыл алтын,
Шірімес жерде жатса мың-мың жылдап.
Бес атқа азық-түлік бұйым артып,
Жөнелді бір көш болып еркін шұбап.
Баянның еркіменен болды бәрі,
Жасау-жабдық, киіттің бәрі де нақ.
Айсұлумен жыласып айрылысты,
980 Айырылу Тәңірдің ісі деп нақ.
Кісендеп Айсұлуды байлап кетті,
Дұшпан көзі қылғалы елге атақ.
Ат басын алыс жаққа бұрды бұлар,
Жол жабдық, азықтарын түгел сайлап.

Мысжан сорлы ойбайлап тойға жетті,
(Өзі айтқан жорамалды ойға жетті.)
— Жау шапты да ауылды, қызды өкетті,
Қодар «күйеу» сені олар бойдақ етті.

- Қозыке жасырынып жатқан екен,
990 Оңашаны мөлшерлеп баққан екен.
Күні бұрын астыртын сөйлесіп ап,
Бикештің айласы әбден асқан екен.

Мені де байлап-матап қорлап кетті,
Құдайым алдырар күн атқан екен.
Түс қия кетті аттанып ауылыңнан,
Иесізде олжаға батқан екен!..

Аттан салды Сарыбай: — Атқа мін! — деп,
Күн шығысқа беттепті жылдам жүр, — деп.

Кейбіреулер күңкілмен табалайды,
1000 «Құдай дескен құдаңа айтпа бүй деп».

Қодар жүр күйген көмір таудай болып,
Таусылған сабыр күйі андай болып.
«Қалай маған білгізбей әкетті?» деп,
Көзіне жанның бәрі жаудай болып.

Қамшылап ала бедеу жөнеледі,
Батырсынып, бөлденіп өнегелі.
Кешегі көрген түсі есіне кеп,
Сескеніп топтан шықпай бөгеледі.

Күш-қуаты болғанмен әруағы жоқ,
1010 Шұнақ құл ермен қашан теңеледі?!
Оңғарса Алла жолын, Қозыекенің,
Жеткенмен жетесізге не береді?!

Қуғынға сайланады бір жүз кісі,
Қорқып жүр талайының құрып мысы.
«Өттең көзге көрінсе көрсетер ем, —
Деп жүрді кейбіреуі қайрап тісті.
Қос ат мініп қумасақ жету қиын,
Олар да соғыс салар жетсе күші».

Тауасар Баянды ертіп оза жүрді,
1020 Жүкті ат та оларға еріп соза жүрді.
Қозыке, Жандос бастап жеті батыр,
Артағы қуғыншыны тоса жүрді.
Сайланып сауыт-сайман, жау-жарағын,
Жаусырап, айбаттанып қоза жүрді.

Ертеңінде қуғыншы келді жетіп,
Аз шоғырды көзге ілсін олар нетіп.
Қаптап келіп қалпақтай түсірмек еді,
Селдіреді жеті ердің тізесі өгіп.

Жұмсамады қаруды найза, мылтық,
1030 Қамшы сілтеп сойылмен келеді түтіп.

Жұлқыласса жанына жуытпайды,
Тиіскенді құнығып ажал түртіп.

Сарыбай шал Жандосқа қарсы кеп еді,
Аттан жұлып түсірді мысын құртып.
Ақжалды аударды да мініп алды,
Күлтелі жал-құйрығы бүртік-бүртік.
Қоғанды қарсы ұмтылған жаралады,
Қылышпен қия шауып қолын қырқып.

- 1040 Қодар кеп Қозыкемен сайысады,
Найза сілтеп, қылышпен шабысады.
Ала бедеу ойқастап ырғығанда,
Бурыл да бұлтақ қағып қарысады.
Шоқпармен бірін-бірі көміп кетіп,
Айналып кеп айғайлап алысады.
Қылышпен Қозы ұмтыла шауып еді,
Қодардың шекесінен қаны тамды.
Қан жуып беті-басын кеткен кезде,
Аттан ауып есі де ауысады.
1050 Қодарға кеп сүрінген бурыл тұлпар,
Жер сүріп, сүріншектеп майысады.
Екпінімен құлаған ер Қозыке,
Жіліншігі шорт сынып, талып қалды.
Сәлден соң есін жиып, көзін ашса,
Тұр екен бурыл тұлпар — бұт артары.
Дөңкиіп орға құлап Қодар жатыр,
Құдыққа кептелгендей аю мәңгі.
Тіршілік байқалмайды тұлғасынан,
Мәңгіге күйрегендей қуат тауы.
1060 Сирағын Қозыке орап шылбырымен,
Бурылды мініп алды әйтеу тағы.
— Кетелік енді айланбай, Жандос, досым, —
Деп Қозыке Жандосқа жетіп барды.

Ақжалды батыр Жандос алған мініп,
Жауына оқтай зулап салды бүлік.
Тіресіп күш көрсетер қуат болмай,
Жау кетті қасқыр тиген қойдай ығып.

- Өлігіне, көлікке, қаруына
Қарай алмай қайырылып кетті бұғып.
Алпыс ат, қару-жарақ олжа алып,
1070 Жеті батыр жеңіспен кетті жүріп.
- Сол бетінде жүреді түніменен,
Шайқас қылған еді ғой күніменен.
Таңға жақын жолдасын жетті қуып,
Зарланған сұлу Баян үніменен.
Артынан қуар жаудан құтылған соң,
Бес күн жатып тынықты жүгіменен.
Кір жуып, ат-көлігін тынықтырып,
Емдеді жараларын шыныменен.
1080 Үзілген Қозыкөнің жіліншігін,
Тауасар, Жандос таңды қолыменен.
- Жасатып ат үстіне өбек төсек,
Алып жүрді көште оны соныменен.
Қашқан қыз байсал тартқан көштей болып,
Уаңға келіп жетті тобыменен.
- Алдынан Уаң шықты хабар алып,
Болмай ма адал достың беті жарық.
Бес үй тігіп қонағын күтіп алды,
Сый-құрметін көрсетіп, қылып сауық.
- 1090 Қуанып Уаң ұлықтар қылды тойды,
Қанша бие, қанша өгіз, көп қой сойды.
Тұлып-тұлып торсықпен арақ-шарап,
Тойшыларға ішуге әкеп қойды.
Моңғолша тоймен бірге ән-күй айтып,
Тауысты тартқан бейнет жапалы ойды.
Жазылып қол-аяғы бұрынғыдай,
Түзеді ер Қозыке енді бойды.
- Жаз шығып жүрмек болды үш ай жатып,
Сыйлады Уаң ұлықтар таңырқатып.
Екі отау, алты шатыр тігіп берді,
1100 Өзінен туған қыздай мұны ұзатып.

Неше түрлі моңғолша асыл бұйым,
Лайық хандығына тіпті ұласып.
Аталы хан тұқымы қайраны мол,
Берген жоқ міндет үшін пұлға сатып.
Ер-әйел боп төрт кісі қоса берді,
Саған қызмет етсін деп онда жатып.

1110 Баянға бір білезік, алтын сырға,
Бижіңнен әрең келген шықпас қырға.
Жүз жамбың бағасына жетпес еді,
Егерде алушы боп сатса пұлға.
Құт ұйып ұзағынан сүйіндірді,
Қалсын деп дәл осылай ұлы тұлға.

Уаңға Қозыке де қылды тарту,
Жолаушыға қиын ғой одан арту.
Аққолтық пен өзінің бурыл атын,
Ақ шиті Сарыбайдың садақ-сарпу.

1120 Болат қанжар, дүрбісін қоса берді,
Дүрбінің асылдығын Уаң көрді.
Сарыбай іштен келген бір мәнжуді,
Мас қылып, жүз ат беріп алып еді.

Сол екен тым бағалы асыл нәрсе,
Уаңның Қозыкеге мейірі өнді.
«Кісіге тауып достас болған екем,
Көрмеп ем мұндай бақты, мұндай ерді».
Қоштасып, құшақтасып қол қысысып,
Қонбаққа аттарына түрегелді.

1130 Жолдастыққа хан қосты қырық кісі,
Құрметі Қозыкенің ханның ісі.
— Дәл еліңе жеткізіп қайтсын бұлар,
Жолда жауға алдырмас жетсе күші.
Өзі де күндік жерге шығарып сап,
Айрылды екі жаққа сөз желісі.

Кеш қонып келе жатыр ерте көшіп,
Құдайдың бергеніне көңілі өсіп.
Аң ауласып, сап мерген сауық құрып,
Рахатпен жүреді әлде нешік.
Жауы жоқ, жар-досынан басқа бөтен,
Қам-қайғысыз жатады белін шешіп.
1140 Қар еріп, мал да төлдеп болып еді,
Неше өзен, неше қырлар бәрін кешіп.
Тауекең төрт кісіні қасына алып,
Алдымен сүйіншілеп кетті есіп.

Шапқылап екі күнде елге келді,
Мекені Бурыл-Шіңгіл белге келді.
Тоғыз күн ел көшкелі болған екен,
Жайлауға жаңа шыққан жерге келді.
Құшақтап қуанышын Тауасар бай,
Келгенде бүтін елі көзбен көрді.
1150 Тауекең айғай салып сүйіншілеп,
Ауылына Қарабайдың келген еді.

Көрісіп Тауасармен желбіреді,
Қайғы-уайым тарқалып селдіреді.
Сүйіншіге бір жүз қой, он бір түйе,
Бәйбіше Тауекеңе төгіп еді.
Келеміз Баянды алып ырғап-жырғап,
Деген соң Майлыбай ер семіреді.
Достары шаттанасып Қозыкенің,
Дұшпанның қабырғасы сөгіледі.
1160 Иемсініп, ие болып жүргендері,
Аһ ұрып бір жолата жеңіледі.

Ел болып бір күншілік жерге шықты,
Өлең, той, сауық десе бәрі мықты.
Шын ниетпен қуанса кейбіреуі,
Көре алмай кейбіреуі қайғы жұтты.

Көрісіп үлкен-кіші жатыр жылап,
Бұларды сөге алмайды ешкім сынап.

Он бірі бет-бетімен көріседі,
 Майда тіл тасты еріткен өңкей саңлақ.

Сонда алдымен Майлыбай бидің амандасып айтқаны:

— Саламат сақтап бір Құдай,
 1170 Келдіңдер ме аман, қарағым?
 Жеткізді ме мұратқа,
 Ойлап барған талабың?
 Намыс үшін жіберіп,
 Арғымақ аттай жарадым.

Түнде түсте, күнде есте,
 Телміріп жолға қарадым.
 Не болды деп күйзелдім,
 Жүрмегендей араным.
 Қозыке, аман келдің бе,

1180 Ордалы ата жанабым?
 Баянжан, балам кемел тап,
 Құтты болсын қадамың!
 Тауасар, досым, мың рахмет,
 Мың кісіге баладым!

Жандосым, қайда бері кел,
 Сағымға ілген садағым.
 Жолаушы барған топ жігіт,
 Намыс қуған көп жігіт.

Бәріңе болсам садаға,
 1190 Жарасқандай еп жігіт.
 Бәріңнің жасың ұзақ боп,
 Арттырсын Құдай талабың!

Жүрсін деп басшы қолын бұлғайды енді,
 Айғайға ат елегізіп тұрмайды енді.
 Қозыке, Жандоспенен екі мырза,
 Көрісіп қалың елге жырлайды енді.

Салады бұрап-бұрап сырнайға енді.
 Екпіні от арбаның зырылындай,
 Зботы электрдей зырлайды енді.

Жандос пен Қозыкенің ел мен жұрттың, жер-судың аман-дығын сұрағаны:

- 1200 — Сақта осында, Тәңірім,
 Аман ба екен елдерім?!
 Елімнің қонған тұрағы,
 Асқар тау, жазық белдерім.
 Шалғында өскен көп ойнап,
 Сағынған туған жерлерім.
 Құба тұз дала, сортаң тау,
 Тапқанша сая терледім.
 Бұғы, марал таудағы,
 Балықтарым аудағы,
- 1210 Бөрі тегіс аман ба,
 Сілеусін, ілбіс, шерлерім¹³?
 Қырандағы жануар,
 Неше түрлі аңы бар,
 Арқар-құлжа, таутеке,
 Ұзамай-ақ табылар.
 Құмдауытта жүретін,
 Түйе, киік керлерім.
 Тиін, сусар, жанаттар,
 Кәмшат, алтай құндызы.
- 1220 Жаздағы құны қарамор,
 Өңкей асыл пернелім.
 Балалар бақ-балапан,
 Сасық күзен, сартышқан,
 Ор қоян олжа теңдерім.
 Бүркіт пенен қаршыға
 Саятшы жүрер бар шыға.
 Лашын, түйғын, сұңқары —
 Ойнаған ұстап ермегім.
 Доғдуадақ, көлде аққу,
- 1230 Үйрек-қаз тамақ жемдерім.
 Соларды бағып өсірген
 Айдын-шалқар көлдерім.
 Мал өрістеп су ішкен

¹³ Шерлерім — «арыстандарым» деген мағынада.

- Өзен, су, бұлақ кеңдерім —
Жердің көркі аман ба?!
Терек, шетен, емен мен
Ерен мойыл салдары.
Жаңғақ, өрік, алма ағаш,
Бүлдірген тәтті балдары.
- 1240 Таңқурай мен тошала,
Өңкей жеміс аңғары.
Сондай жақсы мәуеде
Саялап жатқан шалдары.
Балалар ойнар сауық сап,
Өргенше баққан малдары.
Ер қанаты ат туған,
Жылқының күлте жалдары.
- Өріске барса өкірген,
Қораға келсе секірген,
1250 Балаларға сүт берген,
Есен бе сиыр сандары?
Жақсы-жаман аралас,
Бір қатары қаралас.
Айыр өркеш құл түйе,
Қомдық біткен нарлары.
Жазғытұрым құрлаған,
Тоқты шақтың енесі,
Жайқалған қой таңдары.
Қасқыр көрсе пысқырған,
- 1260 Құйрықты бұтқа қыстырған,
Тас қашаған тұяғы,
Ешкі деген жануар.
Сол қораны күзеткен,
Далада жатып сыз өткен,
Қыран тазы, қотаншы ит,
Малға жуық заңдары.
Неше түрлі ұлт бар,
Ақбас шыңда бұлт бар,
Бүгін бе жердің аңғары?!
- 1270 Халқын әділ басқарған,
Басшылар мен хандары.

- Палуан, батыр өктемдер,
Жауына күші жеткендер,
Бағлан мырза саңлағы.
Жеңге, келін, құрбылас,
Әйелдер бар тұрғылас.
Қалыптан бойы озбаған,
Үйдің көркі бойжеткен,
Сарала алма паңдары.
- 1280 Кәрі шешен, қарт ана,
Дұғагөйім аман ба,
Еңіс тартқан алдары?!
- Халқына болды сұрап амандасып,
Қадірлеп бөріменен саламдасып.
Ауылына Қарабайдың тура аттанды,
Бозбала, қыз-келіншек дараңдасып.
- Алыстан келін түсті елдей көшіп,
Мақтасты құрбы-құрдас желдей есіп.
Бұрын-соң құлақ естіп көз көрмеген,
1290 Сипаты мұндай сұлу көркем десіп.
- Аты да келісімді Баян екен,
Құдайдан шын тілесе аян екен.
Біз бұрын қатын алдық дегеніміз,
Малымыз оған берген шаян екен.
- Бейшара елімізге болсын құтты,
Әруақты келген шығар ойлап жұртты.
Адамзат бұдан артық қайтіп тусын,
Алмаса аспандағы нұр бұлтты.
- Көк қасқа ат айтып сойып, үйін тікті,
1300 Сымбалдап¹⁴ жасау-жабдық жиып жүкті.
Ат жетер жерге дейін хабар қылып,
Той жасап күтіп алмақ жалпылықты.

¹⁴ Сымбалдап — сөндеп, әшекейлеп деген мағынада.

Шақырып жігіттерге киіт берді,
Құрметпен қарсы алып Жандос ерді.
Майлыбайға түрлі-түрлі киім жауып,
Алдына үйіп асыл терілерді.
Өзіне лайықты сыйын алды,
Жаратпай нысапсыздық сол өнерді.

1310 Той қылды дәл жарым ай елін жиып,
Аямай дәулетінің бәрін қиып.
Тамаша жұрт көрмеген алуан-алуан,
Рухына бозбаланың тұрған сыйып.

Ат шапты, құнан шапты, тай да шапты,
Жүгіріп жаяу бөйге жайға шапты.
Ағашқа ақ жамбыны іліп қойып,
Мергендер арыстандай айға шапты.

1320 Кермеден жамбы аттырды оғын кезеп,
Садақшы дәлдеуіне барды тежеп.
Садағын сағымға ілген мергендер жүр,
Аяғы аттарының безек-безек.

Күнінде он атсаң да тіге беред,
Ақша, пұл жерге үйіліп қатар тізед.
Сол тойы Қозыкенің болған үлгі,
Өлмейтін адам болмас темір өзек.

Әр бөйге Қозыкеден жатыр шығып,
Асырмақ тойдың даңқын оғып-бұғып.
Шұңғылдау тегенеге қатық ұйтып,
Тістетті шалға жамбы басын тығып.

1330 Бұрын соң құлақ естіп, көз көрген жоқ,
Бәрінің көңілі шат, тамағы тоқ.
Қазыққа нар түйені байлап қойып,
Тоңқайып қатын шешті жалаңаш кеп.

Ел қайтты риза боп тойы тарқап,
Құттықтап алғыс айтты Баянды алқап.

Бұрынғы еліңді ойлап, жарыңды ойлап,
Алдыңнан келдің десіп ақ жарылқап.

Той тарқарда Тауасар шешеннің Баянға айтқан беташары:

- Айт, келін-ау, айт келін,
Атыңның басын тарт келін.
Жай жадырап жат, келін,
1340 Тәтті тамақ тат, келін.
Үлкенді сыйлап қадірлеп,
Жастардан жат қаш, келін.
Жақсы-жаман деместен,
Бәріне қояр ат, келін.
Арқан ессең, бос еспе,
Өкшеңменен жер теспе.
Үлгілі бол, шырағым,
Абысынмен тістеспе!
Сырттан ғайбат сөз қылып,
1350 Біреуменен кектеспе!
Әдепті сөйлеп күлімде,
Жаман атқа ілінбе!
Шылауышың тұштаңдап,
Ит үргенге жүгірме.
Ағайынмен араз боп,
Көрместей болып түңілме.
Қонақ кірсе үйіңе,
Құрметінен кідірме.
Қырын қарап төрге отыр,
1360 Алдың жаққа үңілме.

Атаңа бер сәлемің,
Ойыңда болсын әдебің.
Қайын аға, қайын көргенде,
Жеткіз сөздің мәнерін.

Сізге берер көрімдік,
Келінім, қылма керімдік.
Аямайды қызықтан,
Жолын білер кәденің.

Енеңіз сіздің елге құт,
1370 Сәлем қыл тұрып енеңе.
Қалауыңның атын айт,
Бермесіне немене?!

Түйе берсең сарыдан,
Төңіректі шарыған.
Өсерлісін таңдап бер,
Түсіне қызыр дарыған.

Жылқы берсең бөртеден,
Бұйра жалды келтеден.
Құлындарын байласын,
1380 Қымыз үшін ертеден.

Ешкі берсең семізден,
Лақ табар егізден.
Қой бастайтын көсемі,
Қайқы мүйіз серкеден.

Сиыр берсең қарадан,
Сүт кетпейтін шарадан.
Бала-шаға шарылдап,
Қаймақ пен май жалаған.
Бағушыға міндетсіз,
1390 Өзі келер даладан.

Қой берсеңіз қоңырдан,
Бөлек қонсын тобырдан.
Жалпақ құйрық қойдан бер,
Майы қайтар обырдан.

Келін келді, келіншек,
Келінім болғын көңілшек!
Үйге қонақ келгенде,
Тамаққа болма еріншек.

Иіліп сәлем жасап тұр,
1400 Анда-санда көрінсек.

Жаман адам келді деп,
Келінім болма жиреншек.

Келін келді, келінім,
Бұл келіннің керімін.
Елге үлгі болғандай,
Бой түзеткен селімім.

От басына ұл толсын,
Төсегіне қыз толсын.
Бағы ашылып бай болсын,
1410 Айырмасын Құдай серігін!

Үлкен аға, кіші іні,
Жегжат-жұрат дос шыны.
Бұл келіннің көрелік,
Көрімдігін беруін!

Беташарға бір түйе, бір ат берді,
Қарабайдың дәулетін әркім көрді.
Ел дулап, разы болып бәйбішеге,
Қош айтып, жөн-жөніне жүре берді.

Сарыбайдан хабар

1420 Кейінгі Сарыбайдан келеді сөз,
Қозыке тартып алды көзбе-көз.
Еліне қуғыншылар қайтқаннан соң,
Қодардан дау шығады тезінен-тез.

«Мен өзім ноғайлының бектері едім,
Атақты ел ағасы көптер едім.
Не сынды бай-манаптың қызын дағы
Жақтырмай көңіліме кеткен едім.

Баянды аламын деп келгенімде,
Тимеймін дегеніне өкпеледім.
Он жылға бір уағда тоқтам етіп,
1430 Мезгілі біткенінше шекте едім.

- Жер ұзақ еш алысқа кете алмас деп,
Қалжыңмен тиіп-қашып шеттер едім.
Жолымды тап, енді мені елге қайтар,
Намысты сонан бергі тексеремін.
«Ел болып етсек» деген жауабың бер,
Өйтпесе әскерімді жөткеремін!
Құл қылып азат басты атақ алдым,
Еліммен енді не деп бет көремің?!
Алты жыл болды менің жүргеніме,
1440 Қылыштан шамам жетсе өткеремін.
- Кесілді Баян үшін бастан құлақ,
Құлақтың ұшын алам кімнен сұрап?
Әр түрлі телім-бағыс толып жатыр,
Айтуға ұяламын санын құрап.
Баянды қатын қылып алмаған соң,
Болмайды сенің елің маған тұрақ.
- Мал таптым ойдан орып, қырдан қырып,
Сонымды, ей, Сарыеке, ойла бір-ақ.
Жолдас боп дәм-тұзыңды татсам дағы,
1450 Аламын енді сенің мойның бұрап!..»
- Қодекең осылайша қодаңдайды,
Сарыбай бұрынғыдай бола алмайды.
Бәрі шын оқиғаның бастан-аяқ,
Қодарға айып бермей оңалмайды.
Қодарды олай-бұлай алдаса да,
Баян жоқ, көңіліне қона алмайды.
- Кеңесті жұрты болып олай-бұлай,
Дөңкиіп Қодар батыр жатыр солай.
«Осыған мал бермесең, ел шабады,
1460 Ақыры тартуым», — деп берген қолай.
- Деп сөйлесіп Қодарға келіседі,
Қуалап өткен істі теріседі.
«Баянды қашан сенен аядық біз,
Ала алмаған өзің», — деп көріседі.

Ала алмаған кінәсі өз мойныңда,
Өйтеуір жоққа сылтау жеңіседі.
Тапқан мал, қылған еңбек ақыдай қып,
Жүз түйе, жүз ат сыйлық беріседі.

1470 Оны алып өз жайына Қодар кетті,
Құдайым Сарыбайды тентіретті.
«Өзімді-өзім бұзып кетіп едім,
Жетімше бүгін мені көтке тепті.
Қозыкеке мен Баянға амандаса,
Кейінгі ел-жұрттарға барсақ етті».

Бай кірді осылайша ақылына,
Бұл ақылын сынатты қатынына.
Баласы, бауырларын түгел жиып,
Ойлатты қалайша деп жақынына.

1480 Бөрі де дұрыс қой деп қостай берді,
— Болмайды барып көрмей ондай ерді.
Ақыры бізге сүйеу бола алады,
Тапқан ғой даналықпен осы жерді.

Шешесі Гүлжан өзі бармақ болды,
Еңіреп Баяным деп зарлап болды.
Ағасы Сағынбай мен Айсұлуды ап,
Жолдасқа қырық кісі арнап қойды.

1490 Ел көрмеген өрнекпен үй тұрғызып,
Баянға жасау-жабдық салмақ болды.
Ат-көлік, азық-түлік даяр қылып,
Бір айда жүреміз деп парлап болды.

Шыққанда ел жайлауға жүріп кетті,
Олар да басқан жерді дірілдетті.
Дәл үш ай тоқтамастан сапар тартып,
Еліне Қозыкекенің келіп жетті.

Шапқылап Қозыкекеге хабар берді,
Бүгін жетіп қонақтар төменгі елді.

Қозыке түні бойы хабар айтып,
Аймағын түгелімен жинай желді.

1500 Жүз жігіт, жүз келіншек, қыздан елу,
Алыстан сыйлы қонақ келеді керу.
Сағынып, сарғайысқан бейнесі бар,
Көрісіп қиын екен мұнда келу.

Ол күні жылап-сықтап болды көру,
Кеш батып сол арада болды еру.
Құда менен құдағидың құрметіне,
Қалайша сән құрсаң да емес жеру.
Болмайды бір кісіге бұдан артық,
Өмірінде осындай қызық көру.
Талай-талай әсемі айтылмады,
1510 Қағазға симайды екен бәрін теру.
«Алла тағала аққа жақ» деген мәтел,
Адал болса осылай тілеу беру.

Айсұлудың Баянға көріскенде айтқаны:

— Айналайын, жан бикеш,
Жүрмісің аман саламат.
Өз әкеңіз бай ата,
Айтты сәлем аманат.
Сағынып сізді сұрайды,
Туысқан жақын жамағат.
Түзуіне кетті деп,
1520 Байламады жаманат.
Қош ойлады қиыр жат,
Естіген ел бәрі де,
Үлкен-кіші кәрі де
Батасын берді сыртыңнан,
Болсын деп аман асыл зат.
Бір Қодардан басқаның,
Көңілінде емес дат.

Орнықты ма көңілің,
Құтты болсын тұрағың!

- 1530 Күйеужан, аман жүрмісің,
 Қырымнан көрген, қырағым?!
 Көк сұқсырды көргенде,
 Аспандап ілген қыраным.
 Тәңірі біледі пенденің
 Өмірі қанша тұрарын.
 Күндіз есте, түн түсте
 Амандық сізге сұрадым.
 Жазғытұрым самалда,
 Арқадан төккен шуағым.
- 1540 Көкейімнен кетпеді
 Бірге тұрған уағым.
 Келешек өмір сендерге,
 Төксін Алла шуағын!

Айсұлу осылайша сырын айтты,
 Сыр емес көңілдегі кірін айтты.
 Баян елін басқарып сұрағанша,
 Жеңгесі амандықтың түрін айтты.

- Сөйлесіп еститін бар, естімейтін,
 Өшкере білдіруге бұрын айтты.
- 1550 Елінен ауып алыс кеткеннен соң,
 Заманның басқа келген қырын айтты.

Көріскенде Баянның айтқаны:

- Жеңеше-ау, Аякөздей жер аман ба,
 Сарыарқа, екі-үш ауыл бел аман ба?
 Шын жібек Жиделі мен Үржардайын,
 Еміл су құятұғын көл аман ба?
 Бір шеті Тоқтабарлық, Тарбағатай,
 Жетісу, Шабыққайқаң кер аман ба?
 Сол жерде өсіп-өніп малын баққан,
 Аралас қалмақ-қазақ елі аман ба?
- 1560 Еліне басшы болған би мен төре,
 Сұраған жұртын билеп шені аман ба?
 Елдегі кемпір мен шал, бала-шаға,
 Палуан мен бағлан мырза, сері аман ба?

Далада салған егін, түрлі миуа,
 Шыққан шөп малға тамақ, кені аман ба?
 Туысқан, әке-шеше, бауырластар,
 Ер-әйел, үлкен кіші дін аман ба?
 Бірге өскен қыз-келіншек құрбыларым,
 Қаптаған бәрін бірдей пері аман ба?
 1570 Алыс-жақын аралық жегжат-жұрат,
 Құда, дос, сыйласымды дені аман ба?
 Бәрі де құдіретпен тұрған шығар,
 Ішінде көптің бірі, сен, аман ба?

Осылай амандасып болды бұлар,
 Бәрі де шешендік пен сөзге құмар.
 Сайратып бұлбұл құстай қызыл тілін,
 Баянның көп сағынған көңілі тынар.
 Көрісіп, мауқын басып елі-жұрттың,
 Ауылға ертіп жүрді ұмар-жұмар.

1580 Түсірді қонақтарын ауылына,
 Көніп тұр қазір елі қауылына.
 Отау-шатыр дегенді кере тігіп,
 Барлықпен көніп жатыр ауырына.
 Той және тағы-тағы таң тамаша
 Баспады еш олжаны бауырына.
 Жүз бие, елу сиыр бөліп берді,
 Күтетін меймандардың сауынына.
 Таңдатып жолаушыға ат мінгізді,
 Келіскен қарап-қарап сауырына.
 1590 Құдалар еш қайғысыз жата берді,
 Күз бен қыс төтеп беріп дауылына.

Құрметпен осылайша алды күтіп,
 Қыс кетті салтанатпен уақыт бітіп.
 Мал төлдеп, абыр-сабыр басылғанда,
 Қайтсақ деп Қозыкеге айтты сөйтіп.

— Күйеужан, қайтуға рұқсат келмек көңіл,
 Құдайым ұзынынан берсін өмір.

Не болды көрі кісі, ел-жұртымыз,
Жүруге жаз жадырап болды жеңіл.

- 1600 Шешесі, аға-жеңге қайтпақ болып,
Жылайды Баян Сұлу ағыл-тегіл.
— Қарағым, шаруаңа қаратпадық,
Жолаушы кісі аяй ма, болар жемір.

Қозыке биыл жайла деген болды,
Қимастық сөзін айтып оңды-солды.
Жолаушы жүрерге бел бұғаннан соң,
Не түрлі даярлайды тарту-жолды.

- 1610 Алтынды зер, маңлық тон бұйымдармен,
Кемпірді өлмесе де тірідей көмді.
Екі арғымақ, бір қоқан ер-тоқымды
Сарыбайға сәлемге лайық көрді.

Жеңгесіне он түйе, отыз жорға,
Сағынбайға жүз-жүзден сыйлық төнді.
Жолдастары екіден қос ат мініп,
Бәрі балқып, жоғының табысы өнді.
Айтұяқ жүрер күні айтып сойып,
Ықылас енесінен сұрап көрді.

- 1620 Енесі зар жылады бата беріп:
— Шырағым, біз қайтейік жата беріп.
Тірі болса шалымды қуантайын,
Бастан-аяқ сырыңның бәрін теріп.
Ісің теріс деп айтып жасытайын,
Жазғанға мен не дейін созып-көріп.
Ендігі күн, қарағым, сендердікі,
Біз боламыз, шырақтар, қанша серік.

Қозыке, — бар деп айтты, — Баянжанға,
Біз де қорықтық жасымыз таянғанда.
Ендігі жыл келіңдер, қарақтарым,
Еншілерің береміз аян заңға.

- 1630 Жер алыс, бармақ-келмек бізге қиын,
Қартайдық өлмейтұғын аял бар ма? —

Деп осылай шақырды балаларын,
Айтып арыз көңілдің қамаларын.
Қазір бірге санап жүр мал мен басын,
Құдайым айырмасын араларын.
«Ендігі жыл жайлауда барамыз», — деп,
Білгізді жүретұғын қарарларын.

- 1640 Азыққа отыз бие, жүз қой айдап,
Қозыке өзірледі бәрін жайлап.
«Жол алыс ұзақ жүріп шыдамайды,
Барсын, — деп, — көрі кісі қазы шайнап».

Бағыстан келген халық таң қалады,
Күйеудің жомарттығын көзі абайлап.
Қарабай Сарыбайдан он есе артық,
Жинаған мұнша дәулет түйе байлап.

Қозыке ержетерін білмеген ғой,
Қашты екен елден неге соры қайнап?!
Сарыбай өзі бастық бағыс елі,
Жығылар аяғына болып аймақ.

- 1650 Көп кісі бір күндікке шығарады,
Жұраттың қадірі енді сыналады.
— Қарағым, осы арадан қайтыңыздар
Жол тыныш, енді бізді кім алады.

Деген соң қайтпақ болды шығарып сап,
Баянмен көріседі бел құшақтап.
Қырық кісі көрісіп болғанынша,
Түс ауып, бесін болды уақыт тап.

- 1660 Сағынбай бастап жүрмек қалың қолды,
Жыласып, көрісіп ап көңілі толды.
Екі көрі құдағи айырылмады,
Бәрінен мына ісі қызық болды.

Айырылып жөн жолына кетеді енді,
Жол кірісі осы деп төтеледі.
Көп күндер дамыл алмай қатты жүріп,
Еліне аман-есен жетеді енді.

Сарыбай келгеніне қуанады,
Күйеудің ерлігіне жұбанады.
«Рақымет, қарағым, бағы ашылсын,
Баяным қызыл кірпіш бола алады.
1670 Қодар құл жарлау жердің жапалағы,
Жүн етіп табанында уалады». —

Деп ойлап, шүкір қылып жата берді,
Алтай таудың атағын атап еді,
Бір көрсем тірлігімде соларды деп,
Сағынып келмегені батады енді.
Жас болсын, кәрі болсын бастан өткен,
Түзетіп ойдан жуды қателерді.

Бір жылдай екі тарап тынығады,
Жолаушы барып-келіп шынығады.
1680 Дәулеті екі жақтың сай болған соң,
Олжаға алуан-алуан құнығады.

Қар кетіп, мамыр айы туып еді,
Жаз шығып дүние жүзі жылынады.
Қайнына жолаушылап ер Қозыке,
Жүруге дайындығын қылады енді.

Тағы алып Тауасарды қолбастыққа,
Отыздай жігіт жинап жолдастыққа.
Ат жайлап ертелі-кеш көшу-қону,
Басқалар жарамайды жөн-жосыққа.
1690 Қайынға қарай суыт жүріп кетті,
Ежелгі атақ-абырой жер күңіrentті.
Көрісіп Уаң досына аз күн тұрып,
Көп жетті бағыс елге аспа-төкті.

Танысып құда, күйеу, балдыз, жеңге,
Сауық сап неше күн мен түндер өтті.

Той жасап, бай Сарыбай күнде жайлап,
Ат шабыс алпыс түрлі ойынға айдап.
«Жеткізем атағымды жер түбіне,
Тұрғанда жаным тірі, көзім жайнап».
1700 — Бір жыл тұрып еліңе қайтыңдар, — деп,
Сөйлейді Сағынбай да жарлық айлап.

Жаз бітіп, қыс өтісін қалды күтіп,
Істейді сауқым сәнді жүндей түтіп.
Бір зауал естігендей кез болады,
Сәтсіз күн шыққан екен ажал түртіп.

Қодар құл бітім алып кеткен екен,
Еліне ол да аман жеткен екен.
Еліне оның қадірі бола алмапты,
Бұрын десі халқына өктем екен.
1710 «Қыз ала алмай қазаққа құл бопты», — деп,
Ноғайлының адамы өкпелі екен.
«Шіркін-ай! Жетең жоқ-ақ екенсің», — деп,
Әркім-ақ көзіне айтып сөккен екен.
Алты жылдай Баянға алданғаны,
Қорлық боп көкейіне жеткен екен.

Қодар құл тілеу тілеп жүрген жылап,
Қозыке келе ме деп елден сұрап.
«Бір кек алып сол мезет өліп кетсем,
Тырнақтай арман қалмас менде бірақ».
1720 Дүние ісі, дүниеге кетпеуші еді,
Баян үшін құлағым болды шұнақ.
Дариға-ай, армансыз-ақ болар едім,
Тістесем қолым жетіп мен де құлақ».

Кейде ойлап тілеу тілеп жүреді екен,
Кейде жылап, кейде арсыз күледі екен.
Күшпенен зорлық қылып алмаса да,
Амалдың болатынын біледі екен.

- Бар екен Шағатай деп достас жігіт,
Қодарға көңілі жақын қоштас жігіт.
1730 Қодарға сол құлақ боп жеткізіпті,
Келді деп Қозы — Баян қайыншылап.

Бұлайша Әбдіжаппар хабар алды,
Көңіліне естігенін жаман алды.
Бұрыннан ойлап жүрген хайласы бар,
Кешікпей Аякөзге бара қалды.

Үстіне диуанаша киді киім,
Бергеннен садақа деп алып бұйым.
Білгізбей Қозыкеге жетпек еді,
Болмаса керегі не жалғыз тиын.

- 1740 Дұшпаннан іс келмес деп ойланбаңдар,
Ақыры бұл хайланың болар қиын.
Өзі де сасық жыннан тым құр емес,
Азырақ сәуе сөйлеп жүрген жиын.

Бір диуана ел шетін ақтап жүрді,
Анада мынау бар деп қақсап жүрді.
Садақа, қайыр жиған нәрсені алып,
Қасында Шағатай ит жақтап жүрді.
«Ел еркін, ауыл иесіз болған кезде,
Барсам», — деп ақ отауға шақтап жүрді.

- 1750 Қозыке бір түс көрді ұйықтап жатқан:
Бір топ ноғай келіпті сауда сатқан.
Үш түрлі нәрсе алды беріп пұлын,
Қызыл-жасыл бір бұйым бояулатқан.

Бояу қолға жұғады кепкен емес,
Жұққан соң қырса дағы кеткен емес.
Жуа-жуа қолдары желім болып,
Жабысып қалды, бұл да тектен емес.

Жабысып қолдарынан айрылмады,
Оны көріп ешбірі қайғырмады.

1760 Саудагер аяқ-қолын байлап алып,
Жүріп кетті жолына қайрылмады.

Қозыке анда-санда бай-байлады,
Күш-көмек келе ме деп айғайлады.
Артынан ешкім қуып келмеген соң,
Бір жерге алып барып жайбарлады.

Саудагер Қозыкені уалады,
Дем салып басы-көзін дуалады.
Сиқырлап бір кептер қып ұшырғанда,
Қолынан құтылғанға қуанады.

1770 Кептер болып аспандап заулап ұшып,
Ішкен-жеген нәрсенің бәрін құсып.
Бір үлкен ала көлге кез боп қалып,
Қанаты талып соған кетті түсіп.

Далбырлап су бетінде малтап жүрді,
Толқында бір жүзеді, бір көмілді.
Шыға алмай әлектеніп жүргенінде,
Оянып түсі екенін өзі білді.

Бейшара көрген түстен кетті шошып,
Не көрсе көрген шығар Құдай қосып.
1780 Қорыққанынан жүрегі лүпілдеді,
Лажы жоқ бір жерге қашар босып.

Айтпады бір адамға көрген түсін,
Қуарып шошынғаннан қатты пішін.
«Арына салса тағдыр лажы жоқ», — деп,
Сақтады ерлікпенен келер ісін.

«Баянға айтсам ойлайды сары уайым,
Қапаланса болады өзі жазым.
Сыр берсем ешбіреуге қайрат емес,
Тоқталып күлкі ойыннан не қылайын.
1790 Тәңірім не салса да разымын,
Санаулы басымдағы күн мен айым».

Сол күні түс көреді Баян дағы,
 Құдірет аян берген оған дағы:
 Ақ ордасын күйретіп жел жығыпты,
 Салма, басқұр оған сеп бола алмады.

Жығылған үй өртенді отқа қаулап,
 Су сепсе бара жатыр майша лаулап.
 «Қайран дүние бұзылып кеттің бе?» — деп,
 Ер Қозыке жылайды отқа аунап.

1800 Бір кезде күйіп-жанып оттан қашты,
 Үйінің күйгеніне төкті жасты.
 Алдынан шыға келіп қабан-шошқа,
 Жалтаңдап алды-артына, тағы састы.

Баян барып көсеумен ұрып еді,
 Өлтірді тіл тартқызбай малғұн насты.
 Құтылып ол пәледен қалып еді,
 Баянды таудан құлап көшкін басты.

Баян қалды шыға алмай соныменен,
 Құтылатын жер таппай оңыменен.
 1810 Ол да шошып түсінен оянады,
 Жұлқынып сербеңдеген қолыменен.

Көрген түсін айтпады еш адамға,
 Қорқынышты қалай түс қалды таңға.
 «Шынымен қатты қауіп қылды енді,
 Бір қатер таялды-ау деп шыбын жанға.

Қозыкеге мұны айтсам тынышы кетер,
 Жасақты жау бұл емес қайран етер.
 Не салса басымызға разымыз,
 Қарсылық жаратқанға пенде не етер?
 1820 Арман жоқ жүз жылғыдай көрдік қызық,
 Екі жақ дәулетіне болдық сетер»¹⁵.

¹⁵ Сетер — қадірлі, қасиетті.

Не жазса маңдайыңа соны қарсы ал,
Уайымның босқа ойлаған бәрі бекер.

Күн жылып, ай ауысып өтіп жатыр,
Құдай күшті жаратқан пенде пақыр.
Алкеуде арамдықпен ғұмыр кешкен
Жетіп қалды жақындап Қодар көпір.

1830 Ауылға келіп түсті тура шауып,
Немене диуанадан егер қауіп.
«Садақа пәлекетті көтеред» деп,
Ат мінгізіп, бата алды шапан жауып.

Диуана құмалақ сап бал ашады,
Айтқан сәуе түсіне жанасады:
— Досың көп, дұшпаның аз жан екенсің,
Кешікпей біреу саған таласады.
Таласса арғы жағын біле алмадым,
Қорқытып біраз сапар қамасады.
Әйтеуір екі жаққа бірдей қиын,
Кім жеңілсе дүниеден адасады.

1840 Тыныштық, қауіп-қатер көрінбейді,
(Диуана көзге айтуға шегінбейді.)
Жазым болып бір нәрсең қолдан шықса,
Өзіңе екі айланып берілмейді.
Басыңда бір мұнар тұр арылмастай,
Қанатың бұрынғыдай керілмейді.
Дүниеден өткеніңше жүзің жарық,
Қызығы ешқашанда жерілмейді.

1850 Қарағым, біз жатамыз бүгін қонып,
Тағы да байқаймын ғой қорғап шолып.
Ғұмыр-жасың ұзақ қой, белгілі тұр,
Бұл дәулетің басыңда тұрар толып.»

Диуананы сыйлады тамақ беріп,
Тұлып-торсық ішкізді арақ беріп.
Арам шарап ішкен соң әулекі құл
Өз еркінше сөйледі қалап келіп.

Қодардың айғайлап жын шақырғаны:

— Ой бастаушы қара дарды,
Атқа міндім жасымнан.
Батырлық десе қайтқан жоқ,
Мына ғана басымнан.
1860 Қылған ерлік көп шығар
Басымдағы шашымнан.
Жігіт болмай жидиді,
Өз қайратын жасырған.

Маған дұшпан болғанды,
Көргенім жоқ оңғанды.
Неше түрлі айламен
Ерлігімді асырғам.
Өзім жоқта аулыма,
Өзі кірген бауырыма.
1870 Қапияда білмей қап,
Байлаулы сұңқар қашырғам.
Аһу, аһу, хақ!

Айғайламай қайтейін,
Қолға берді кезіме.
Бұраң, бүкір қисықты
Бір түзейтін тезіме.
Асыл-жасық не керек,
Аңқау да бар тым зерек.
Сарғайғанның бәрі алтын,
1880 Қоласы не, жезі не.
Іс бастасаң тез баста,
Қарап тұрма сөзіме.
Қанжар ұшы лайық,
Жаудыраған көзіне.
Орайың болса сенікі,
Күшім жетсе менікі.
Қырық кісі бата алмас
Бір диуана өзіме.
Аһу, аһу, хақ!

- 1890 Тантыды деп осылай диуанасы,
Салдырлап қолындағы қу ағашы.
Айсұлу даусын естіп, сұмдық ойлап,
Жүгірді күйеуіне — ұяласы.
- Ей, мырзам, біліп келем мен бір сұмдық,
Құрысын диуана емес қылған қулық,
Қодар ұқсайды айламен кеп отырған,
Дауысын болжап недәуір қарап тұрдық.
- Мас болуға таяды арақ ішіп,
Аузынан жібереді батпай құсып.
- 1900 Неше түрлі жұмбақтап сөзін айтып,
Қозыкеге қарайды осып-осып.
- Қозыке ол қулығын білмей отыр,
Бикеш те есі шығып түймей отыр.
Шапшаңырақ қам қылып оны байлат,
Мастықпен Құдай сақтап тимей отыр.
Құдай біледі, буынған қанжары бар,
Алаңсыз қып қапыда тигелі отыр.
Шала-пұла ішінен көріп қалдым,
Қылыштың ұшын жерге түйрей отыр. —
- 1910 Деп осылай мырзаға хабар берді,
Сағынбай бұл хабарды сұмдық көрді.
— Жау аяған жаралы қалар деген,
Құрғырың мұндай болса болар, — деді.
- Шақырып дайындады отыз жігіт,
— Ойладық диуанадан жаман күдік.
Қодар екен хайламен кеп отырған,
Қол-аяғын байлайық оның бүгін.
- Арқан, кісен іздесіп алаңдады,
Кейбірі сеніп сөзге нана алмады.
- 1920 Кейбіреуі байлауға қайраттанып,
Кейбірлері босаңсып салаңдады,

Шағатай Қодарға айтты мұны біліп:
— Сағынбай саған қазір салар бүлік,
Батпай тұрсаң қашалық, ұсталамыз,
Бекерге көп әулікпе мас боп күліп!

Қодар қылыш суырды малғұн жынды,
Қозыкесі оңаша, көңілі тынды.
— Сен де өлдің, мен де өлдім, ей, Қозыке,
Салып қап кеудесіне қарғыш мінді.

1930 Қанжары кеңірдектен кетті кіріп,
Ұстады жағасынан өлім бүріп.
Қозыке нашарланып құлап қалды,
Ақырет жастығына кетті жүріп.

Қан жауып шұрқылтайдан ақты жосып,
Отырған ел ойбайлап, қашты босып.
Баян тұрып қылышпен шауып еді,
Қодар барып жығылды ажал тосып.

Қозыке ер қапы қалды білмей құлап,
Қодар қуып өлімді алды сұрап.
1940 Баянды зорлық қылып аламын деп,
Жаһанам боп жөнелді малғұн бір-ақ.

Өзінің һалал жұпты жолында өлді,
Қозының жаны жәннат болсын тұрақ.
Сағымбай «бауырымдап» кіріп келіп,
Шағатайды ұстады сорлы шұнақ.

Үйдің іші шуылдап жатыр қирап,
Қозыкені құшақтап Баян ширақ.
Жыламай, иман салып отырды ол,
Келгенше ел шақырып бәрін жинап.

1950 Сарыбай жұлып жатыр сақал-мұртын,
— От боп жанып барады ішім-сыртым.
Қозыкемнің артынан мен де өлейін,
Халқым-ау, мен нетемін тірі жүріп?!

Дәл төбемнен кеткені Қодар ұрып,
 Бастан Құдай қорқытты Қодар қуып.
 Гүл дәуренін баламның көмір қылды-ау,
 Шағатай сұм Қодармен ішке кіріп.
 Бәрін де ұлы жасаған отыр біліп,
 Құдайдың құдіретін болмас бұрып.
 1960 Немене айтып-айтпай, уа, дариға-ай,
 Мойынға түскеннен соң ажал құрық.

Қозыке жұлдыз шыға жөнеледі,
 Шаһит болып жандары кенеледі.
 Қалғандарға қайғысы батса дағы,
 Өз өмірі мұнан артық не көреді.
 Жасынан жағаласып, жаулап келген
 Қодар құл кегін алып теңеледі.
 Баян сорлы егіліп жыламады,
 Көл қылып көз жасын да бұламады.
 1970 «Қайраттанып асылым отыр-ау», — деп,
 Көргендер ол байғұсты сынамады.

Бірі қалмай жиналып жанның бөрі,
 Ер-әйел, үлкен-кіші, жас пен кәрі.
 Ешбіреуге бермейді Қозыекені,
 Қатты қысып құшақтап Баян зарлы.

Ақсақалдар Баянға көңіл айтты,
 Сыпайы жорасымен көрім айтты.
 Дүниеден көз жұмып көшкеннен соң,
 Көметін қара жерге жөнін айтты.
 1980 — Жер біздің, ойла балам, анамыз ғой,
 Бәріміз бір-бір бастан табамыз ғой.
 Тумақ — сүннат пендеге, өлмек — парыз,
 Қаза келсе бәріміз барамыз ғой.

Қозыкеге етейік сауаптық іс,
 Бір Аллаға болмайды қарсылық күш.

Қарағым, Қозыкеңнен қолың босат,
 Қайғысы бәрімізге болды тосат.

Алдына иман, артына құт-береке,
Өлген соң бәрімізге болады осы-ақ!

- 1990 Баян сонда сөйледі тілін безеп:
— Арыз-арман айтамын келді кезек.
Өз жерінен топырақ бұйырмады,
Өлмейтін нәрсе болмас темір өзек.
Еріп кетіп жоғалды бір байталға,
Деп таба қылады ғой дұшпан кезеп.
Одан басқа арманы тіпті де жоқ,
Мың жасаса бір өлім ақыр жеңбек.

- Білемін, жұрт, өлікті алмағыңды,
Алып барып көріне салмағыңды.
2000 Қозыке енді қайда қашар дейсіз,
Тартсаңшы ана жатқан қалмағыңды!..

Қодар да жатыр еді сол жерде өліп,
Бетіне түкірісті барып көріп.
— Бүтіндей бұл малғұнды алмаңдар, — деп,
Сүйрелеп тастай салды төрт-бес бөліп.

Баянның құшағынан алып қойды,
Оң жаққа Қозыкені салып қойды.
Мықтылық өлімге қыл деген рас,
Босатпай бекітеді буын-бойды.

- 2010 — Қодардың мұндағы елде хақы жоқ-ты,
Басы берік қызды алар ақы жоқ-ты.
Зорлық қып көшкен елге күш көрсетер,
Жұғысқан бұл қазаққа таты жоқ-ты.
Құдандалы, некелі жарды өлтірер,
Болса да қаншама ынтық бәсі жоқ-ты.
Көз алдында жайратып сүйген жарын,
Енді сені сүйдім дер сәті жоқ-ты.
Жекпе-жек майдан болса тағы бір сөз,
Қапыда қастық қылмас заты текті.
2020 Шағатайдай сандалма бұралқының,
Айтағымен жумақ па қасіретті!?

Қос азғынға кектенген ел жиналып,
 Өлі-тірі екеуін текпілепті.
 Өлісіне тірісін таңып тастап,
 Екеуін де сол жерде отқа өртепті.
 Қалмасын қара жерде сұмнан белгі, —
 Деп ел-жұрт қайтарыпты кетпес кекті.

Шағатайды өртеді бірге байлап,
 Тірідей салды отқа азап сайлап.
 2030 Азырақ ойбайлады дым біткенше,
 Күйіп-жанып жоқ болды соры қайнап.
 Қодардың кегі үшін Қозыкенің,
 Келгендігін білгізген болып айғақ.
 Айғақтың екі беті қара дейтін,
 Осыдан тағылым алған бүкіл аймақ.
 Желге ұшырып жіберді жаққан күлін,
 Кек алмақ болды әйтеуір сүйтіп жайлап.

Баян жүрді сыр бермей ісін жайлап,
 Бісқат, құран, жаназа малын байлап.
 2040 Ғалымдар бұйрығынша іс қылады,
 Артық-кем істемеді жадағайлап.
 Ел күйзеліп жыласа да, бұласа да,
 Тілін тістеп жүрді ол, тісін қайрап.
 Жамбасы Қозыкенің жерге тиді,
 Бұлбұлдай Баян жылар енді сайрап.
 Баянның мұңлы дауыс айтқан сөзін,
 Жамағат, құлағың сал енді абайлап.

Баян мен Айсұлудың жоқтауы:

— Қозыке, сізді ұмытпас,
 Баян жылар аңырап.
 2050 Айсұлу жеңгең егілер,
 Ағытқан қойдай маңырап.
 Тауасар бастық, отыз ер,
 Табысар кімге жамырап.
 Бас саясы сіз кеттің,
 Амалсыздан ажырап.

Еліңізден бар жолдас,
Жан қиысқан жар жолдас.
Аягөзде қалдырып,
Қайтып кетер адырап.

2060 Қайын жұртың қайысып,
Қабырғасы майысып.
Сіз кеткенге күйініп,
Белдері қалды шадырап.
Күйінбеген жан қалмас,
Ажалы жетсе кім бармас.
Қазақ-қалмақ бөріне,
Атағың шықты дабырап.

Көрі шешең арманда,
Күйініп өтер жалғанда.
2070 Көрі жуық төрінен,
Ұйқы көрмей жадырап.
Күйзелер шын көңілден,
Майлыбай, Жандос аңырап.
Атамызға дос екен,
Сыйласымды қош екен.
Жетім-жесір күнінде,
Сая болған жапырақ.
Достарыңыз өгейсір
Дұшпаның көңілі мажырап.
2080 Асылық мақтау жарамас,
Мақтанды Құдай қаламас.
Мен мұңымды айтамын,
Өз бойыма шағырақ.

Сағатсыз шығып деміңмен,
Адамның жайы сезіммен.
Бурыл, Шіңгіл беліңнен,
Қоштаспай кеттің еліңмен.
Арманда емей немене,
Алыста қалды көлденең.
2090 Бурылтоғай жеріңнен
Дәмінді қайтып татпадың,

- Келгенде көзеп атпадың,
Бір ұрттам суы бұйырмай,
Үліңгір, Ертіс көліңнен.
Аягөз болды бұйрығың,
Жоқ еді жал-құйрығың.
Оқылмады жаназа,
Қалтай рулы еліңнен.
Ат терлетіп сабылтар,
2100 Ес аударып жаңылтар.
Аға-іні сізде жоқ,
Жанашыр жылап көрінген.
Иен малға бауыр көп,
Қорғайтұғын тәуір көп.
Бірінен-бірі қызғанып,
Көңілдері бөлінген.
Ит жемі болды жиғаның,
Шайқалмады төгілген.
Екі жақта қимасың,
2110 Қабырғасы сөгілген.
Сағынбай ағаң сағынар,
Көзінің жасы егілген.
Қоңсыларың қуарды,
Дәулетіңе семірген.
Ақ түйғыным талпынған,
Таразыға тартылған.
Уағында ұша алмай,
Қанаты сынып кетілген.
Демде көңіл жасыды,
2120 Бір уақытта тасыды.
Енді болды жігер құм,
Қорғасындай еріген.
Қолдағы ту жығылып,
Көзімнен кетті бұғынып.
Алтын айлы мұнарам,
Бір шегесін жемірген.
- Алладан әмір келген бе,
Қайғым бітпес тергенге.
Бір тырнағын қимаушы ем,

- 2130 Жер түгіл елге бергенге.
Туа жетім атанып,
Әке жүзін көрмедің.
Есейіп жігіт болған соң,
Бұлтқа қолды сермедің.
Батырлық, байлық, мырзалық,
Жайылды жұртқа өрнегің.
Аш-арық қалды аңырап,
Тартылып нәрлік бермегің.
Дүние жүзі көп болды,
- 2140 Таусылып рызық термегің.
Аз күн мұрсат ойлаймын,
Қосылмай мен де қоймаймын.
Өлім артық мұнан да,
Теріс қарап төнгенім.
Асау кердей алшаңдап,
Иіліп бір-ақ көнгенім.
Тіршілік маған не керек,
Көрген соң шырақ сөнгенін?!
Мойныма түсті бұршақ боп,
- 2150 Қайғының кидім шер бегін.
Құдай бағынды ашқанда,
Күннен-күнге өрледің.
Буырқанып, бұрқанып,
Мұздай темір құрсанып.
Қайратыңа мас болып,
Қарт бурадай терледің,
Ығыңа шайтан жоламай,
Кім батар маған деп едің.
Ақсұңқар едің аспанда
- 2160 Таңдаулы жемді жер ме едің!?
Бұлтқа айым кіргендей,
Мәуе ағаш сынды бүрленбей,
Таусылмас батыр шеңберің.
Төрт жыл бірге жүрсем де,
Қызығыңды көрсем де,
Бір сағаттық болмады,
Дидарыңа шөлдедім.
Артыңнан мен де кешікпен,

- Жанбаған соң еңбегім.
2170 Аңдысқан дұшпан арысқа,
Оғынды кезеп кермедің.
Диуана деп бос ойлап,
Мүсәпір деп қош ойлап,
Қайланы білмей қазаға,
Арам жауға сенгенің.
Ақыры болды Құдайдан,
Тасыған көңіл мұңайған.
Табандағы Қодардан,
Жер құшақтар ер ме едің!?
- 2180 Осылай Баян пақыр еңірет зар,
Күндейді келіскенді пейілі тар.
Ас-су ішпей жеті күн жатып алды,
Еш нәрсеге бермейді мойыны жар.
- Баян бір бекінеді ойға келіп,
Зиратын жасатбаққа көзбен көріп.
Бекініп, белін буып түрегеліп,
Сөйлесті әкесіне сәлемге еніп.
- Рұқсат болса, әкетай, бір сөзім бар,
Аз күнге бұл ойыма берсең ерік!
2190 Тілегім қиын емес, беруге оңай,
Өлтірді-ау, Қозыкемді ақымақ ноғай.
Дүниені арман қылып ойламас ем,
Артында бір тұяғы қалған жоқ-ай.
Айтарға тұяқ деген сылтау сөзім,
Иманы бір өзімен жолдас болғай!
Бір күмбез жасатқызсын мұнара қып,
Тілегім бай әкеме болса қолай.
Дүниеден ер Қозыке не көріпті,
Алты аршын бөз бұйырып жатыр сұлай.
- 2200 Біз зарлы Қозыкеден айрылғанда,
Сыңғырлап бір қуансын жатқан тоғай.
Бір ескерткіш арнаулы қалсын бізге,
Онан басқа нәрсенің келмес жөні-ай!

Сарыбай Сағынбайға біліндірді,
Баянжан тілек қылған шынын білді.
«Баянжан өз еркінше жасатсын», — деп,
Сарыекең рұқсат етіп ділін білді.

2210 Аймақтағы шебердің бәрін жиып,
Тас тасып, ағаш кесіп бүліндірді.
Тұс-тұстан тасын өртеп, кірпіш құйып,
Көп шығын Сарыбайға іліндірді.

Қырық күнде моланы болды жасап,
Сойыс, ақы көп пұлды кетіпті асап.
Сол заманда болмаған ондай күмбез,
Мақтау емес, расы жаза салсақ.

Баянның айтқанындай бейіт болды,
Өзіне әбден көрсетіп, көңілі толды.
«Қартайып өлсем дағы өз орным», — деп,
Көр қаздырып қойыпты оңды-солды.

2220 «Қозы Көрпеш — Баян» деп ат жаздырды,
Кейінгілер көрмекке хат жаздырды.
Қырқында ат шаптырып, нәзір берді,
Естіген ел жиылып түгел келді.

— Қозыке мен өз атын тұлдаттырып,
Құран оқып бағыштап сойсын, — деді.
Мен тірі болсам дағы атым барсын,
Көңілім ұнатады мұны, — деді.

2230 Әке-шеше бұған да риза болды,
Қарағым ашу бассын бұлайша енді.
Ел-жұртқа сый-сияпатын бергеннен соң,
Мезгілді уағында тарқайды енді.

Ел кетті жай-жайына мұнан тарқап,
Өлі әрі, тірі бері — дүние шалқақ.
«Япырым-ау, мынау аман қалыпты ғой», — деп,
Қарайды Баянжанға бәрі жалтақ.

Ол Баян өлгелі-ақ жүр, тірі жүрмей,
 Дүниенің қызығына көңіл бөлмей.
 Өлем деп ел көзіне айта ма ол,
 Қалсын деп өлгенімді бір-ақ көрмей.

- 2240 Ол Баян ойламайды дүние серді,
 Қабынып қос өкпесін өлім керді.
 Айрылып Қозыкеден жүргенінше,
 Артық көрді жатуға қара жерді.

Тауасарды ауаша шақырып ап,
 Сырының ішіндегі бәрін терді:
 — Енеме үш қайтара сәлем айтам,
 Ақ сүтін екеуімізден кешсін! — деді.

- 2250 Майлыекеме сүйеніп күн өткізсін,
 Онан жақын кісі жоқ бізге жөнді.
 Жар болған жаман күнде тиянағым
 Жандосқа мың мәртебе құлдық, — деді.
 Кемпірді өле-өлгенше жақсы бақсын,
 Дәулетін түгелімен соған берді.
 Елге сәлем, сізге тағзым, кіші ата, — деп,
 Қоштасып Тауасармен түрегелді.

Тауасар әр санамен толғанды ой:
 «Ақыл айтсам Баяным көнбеді ғой.
 Ғашық жар абыройын жатқа ұсынбас,
 Бүгін-ақ не болса да болады ғой.

- 2260 Баяным, рақмет иманды бол!
 Бұдан соңғы ғашыққа салдыңыз жол.
 Қозыкенің қасында қалғаны артық,
 Тірі жүрсе ғашықтық болмай ма қор.» —

Деп ойлап Тауасар да сабыр қылды,
 Өлсе өлсін, мен не дейін Баян мұңлы.
 Сезіндіріп еш жанға білдірмеді,
 Көпті көрген сары атан сегіз қырлы.

Ол Баян өз жолына қалды кетіп,
Белін бұған шып-ширақ көңілі тетік.
2270 «Ең болмаса бір көріп кетейін», — деп,
Әке-шеше қасына келді жетіп:

— Шешеке, ет астырып, қымыз құйшы,
Сорлыңды бір тойғызшы еркелетіп.
Берсеңші, әр түрлі етіп тәтті тамақ,
Бір үйге қараң қалған қоймай қамап.
Араным ашылып тұр тамақ тілеп,
Қарным ашты бүгіліп алап-жалап.

Сіздермен сөйлескем жоқ көптен бері,
Батады Қозыкенің төккен тері.
2280 Жылап-сықтап сіздерді босатпайын,
Жоқ екен жылағаннан өнер жері.

Соны ойлап әдейі іздеп келдім сізге,
Бақсыдай аудармалы жаңа пері.
Тұрамын өлгенімше қастарыңда,
Әуелгідей еркелеп болсам сері.

Дегенде ер Сарыбай егіледі,
Көл болып көзден жасы төгіледі.
Алдап айтқан қулығын қайдан білсін,
«Ақылмен тоқтады» деп кеңіп еді.

2290 Ет жеді, ата-анамен қымыз ішті,
«Қайтам» деп амандасып қолын қысты.
«Бұл не қылған ісі?» деп қауіпсініп,
Бейшара шал-кемпірдің зәресі ұшты.

Сонда күліп сөйледі шешесіне,
Түсіндіріп айта ма, кекесін бе?
— Аман тұрмай, жаман тұр деп айтам ба?
Маған еріп отауға кетесің бе?
Сақтығымен абайлап осылайша,
Сөз аяғын жіберді кекесінге.

- 2300 Шешесі әлгі сөзге қалды тоқтап,
«Өлемін деп жүрген жоқ мылтық оқтап.
Жаны кейіп қайғыдан айтқаны ғой,
Көз жетпесе айтамыз нені оттап» —
- Деді де бетін сүйіп қала берді,
Баян орғып жолымен сала берді.
Сағынбайдың ауылы жол-жөнекей,
Оған да қоштасуға барады енді.
- Үйіне ағасының келді кіріп,
Шаң ертпей етегіне алған түріп.
- 2310 — Қарағым, төрге отыр, бикешжан, — деп,
Жеңгесі құрмет етті зыр жүгіріп.
- Отырды ағасына сүйене кеп,
Келгенін ол ағасы көрмейді жек.
Бетінен сүйіп, «қалқам, жан саям, — деп, —
Отырды еркелетіп, — қарағым», — деп.
- Еркелеп мойынына асылады,
Балалық күнінен де асырады.
Сол күні көңілінде өлмек еді,
Ол сырын сездіре ме, жасырады.
- 2320 Азырақ шөлдедім деп қымыз ішіп,
Баруға өз үйіне асығады.
— Молдаға Құран сауап оқытам, — деп,
Бір сөзден түйе ме деп қашырады.
- Айсұлу шығарады бикеш салды,
Қолын қысып отауға ертіп барды.
Камзолын үстіндегі шешіп беріп,
«Жеңеше-ау, аман тұр», — деп естен танды.
Жеңгесі құшақтады басын барып,
Көзі алайып жығылды Баян ғаріп.
- 2330 Су бүркіп олай-бұлай қозғап еді,
Бір кезде түрегелді демін алып.
Айсұлу зар еңіреп жалынады:
— Көңілінде сұмдық болса айт! — деп анық.

Айтпады сұраса да жеңгесіне,
Басқаның Тауасардан өзгесіне.
— Жеңеше-ау, Қозыкемнің бар кезінде,
Бір мінезі ұмытпастай келді есіме.

Соны ойлап, сені көріп талып кеттім,
Сағынып Қозыкемді налып кеттім.
2340 Өлсем өліп кетпес пе ем ана кезде,
От болып іші-сыртым жанып кеттім, —

Деп осылай жеңгесін сендіреді,
Екеуі де жыласып мөлдіреді.
Анық сырын досына айтпаса да,
Мұқаумен амандасып төндіреді.

— Аман тұр жалғыз минут көрмесем де,
Абайлап қайғылыға сенбесең де.
«Өлім тең ұйқыменен» деген сөз бар,
Булығып қалмаймыз ба терлесең де.
2350 Қоштасқан көңіл қошы, теріс емес,
Мың жылдық ғұмыр көріп өлмесең де.
Қас кірпік қаққаныңша өлім келер,
Шақырып мені алшы деп келмесең де.

Жеңгесі аз отырып қайтып кетті,
Күн батып зауал кезі болып жетті.
Бұйда пышақ қойнына тығып алып,
Бейітіне Қозы Көрпеш келді епті.

«Екі жақта қайран ел, аман бол», — деп,
Қия алмай біразырақ аңырапты.
2360 Дәрет алып, екі ракағат намаз оқып,
Көрді ақтарып қойнына кіріп кетті.

Құшақтап ғашығының мойынынан,
Пышақтап өз жүрегін тіліп сөкті.
Білгенше тіліменен иман айтып,
Тағдырдың бұйрығына тәсілім етті.
Қалуенна аллаһи ражигун,
Шыбын-жанын қиып сертке жетті.

Ертеңінде ел көрді бәрі біліп,
Қауышты ғашығымен көрге кіріп.
2370 Жоғалған соң қауіпті содан тапты,
Баянды көп адамдар іздеп жүріп.

Сарыбайға тапқандар хабар берді,
Зар еңіреп бейітке жетіп келді.
Көр жыла, жер жыласа келе ала ма?
Даярлап бұрын қойған қазып көрді.

Қозыкенің қойнынан алып шығып,
Жуып-шайып әкелді Баян серді.
Ысқат, құран, жаназа намаз оқып,
Мекен қылып көмеді әлгі жерді.

2380 Ат шаптырып ас берді баласына,
Тағы қайғы түсірді санасына.
Қозыкенің қамалған жолдастары,
Қарашы Сарыбайдың данасына!

Олардың қайтуына рұқсат етті,
Азды-көпті қарамай шамасына.
Қозыке мен Баяннан қалғандарын,
Баршасын түгел берді анасына.

Жолаушылар қоштасып қайтпақ болды
Олжаларын иемденіп арасына.
2390 Қозы Көрпеш таусылды әңгімесі,
Өлімнің мінгеннен соң шанасына!

Жолдастар бейіт барды құран оқып,
Көңіліне уайым мен сана тоқып.
Зар еңіреп «бауырым» деп қия алмайды,
Жүруге көтерілді құйысқан лоқып.

Қош айтып, жылап-сықтап жүріп кетті,
Тазалап етек-жеңін түріп кетті.
Қыстығып бұрынғыдан қатты жүріп,
Еліне аман-есен әрең жетті.

2400 Тауасар естіртiптi елге барып,
Айтпады бұрынғыдай ашып-жарып.
Шешесi, естiген ел қайғы басып,
Шықпаған жаны қалды байғұс ғарiп.

Не керек айтып-айтпай дүние — жалған,
Басылды бiр жыл болмай шыққан зарық.
Жесiрдiң малы тәттi көрiнгенге,
Дәулетiн орталады әркiм алып.
Аяғы анасындай Жандос бақты,
Онан басқа жақын жоқ екi ғарiп.

2410 Жандос батыр сыйлайды анасындай,
Нарбике де көредi өз баласындай.
Асырап екi ененi тең бағады,
Тел емген екi енесi дарасындай.

Сөйтiп, бәрi дүниеден өтiп кеттi,
Әр пенде әр жолменен тентiрептi.
Барша мұрат басына жеткенi сол,
Бiтiрiп пақыр Дәуiт тамам еттi.

Өлгенде Қозы Көрпеш — Баян да өлiп,
Қалыпты қайран жастар гүлi солып.
2420 Жастығына сүм Қодар ала жатқан
Iсiне құдiреттiң болар көнiп.

Қодарды өртеп күл қылып ұшырса да,
Шығыпты арасына тiкен өнiп.
Екi ғашық ортасына ит мұрын боп,
Бүрленiп қабырында өскен төнiп.

Болса да Қодар дұшпан ғашық едi,
Баянның дидарына болған жерiк.
Сол үшiн шеңгел қылып шығарыпты
Қудiрет еңбегiне қылған серiк.
2430 Шуылдап бозторғайлар сайрап тұрар,
Секiлдi сол араға тұрған енiп.
Ғайыптан естiлер дейдi кейбiр жанға,

Еш адам байқамаған көзбен көріп.
Қозыке — Баян сорлы бозторғайын
Қодар мен бұл төртеуін жаздым теріп.

Сөз сөйлер білген адам қалай бұрып,
Осыған көңіл соқтым естіп көріп.
Ертегі қисыны жоқ қызықты емес,
Секілді қалған бастау суы құрып.
2440 Болса да өтірік-шын әңгімесі,
Айланбапты көп жылға тірі жүріп.
Намыс қуып барса да Қозы Көрпеш,
Қастықпен өлтіріпті Қодар бұғып.
Ең болмаса алыспай дұшпанымен
Қаскүнемдер қапыда кеткен жығып.
Бірқанша уақыт дерегін қарап-сұрап,
Ең аяқта осылай білдім тынып.

Құлжаға бір саудагер кірген шеттен,
Жаһанкеш ел аралап жүрген көптен.
2450 Тұрсынбайдың баласы Әбділ Ләтіп
Қиыр басып әр жерді көрген өктем,
Көне Тұрпан мекені, шала қазақ,
Пысық жігіт мал тапқыш даңқы кеткен.
Сол жігіт Тарым, Жоңғар аралапты,
Саудамен әр аймаққа қолы жеткен.

Сол жігіт Лобнорға барған екен,
Хотан дейтін шәріден арман екен.
Үндістанның жеріне таяуырақ,
Соған да сауда жолын салған екен.

2460 Еліне Қарабайдың кірген екен,
Сол елдің хал-жағдайын білген екен.
Сарт пен қазақ арасы қырғызға ұқсас,
Бөтенірек сөйлейтін тілден екен.

Жүздей-ақ ауғанында түтін екен,
Бұзылмаған шаруасы бүтін екен.
Қазақта естек деген елміз дейді,
Әйтеуір діні кетпей күтулі екен.

- Өлгенде жаназа бар, Құраны бар,
Тойында неке, құтпа мұралы бар.
- 2470 Тоқтасып береке қып бір-біріне
Билейтін өз ішінде сұрағы бар.
- Балаға сүндет тойды жасайды екен,
Белгілі Қалтай солпы ұраны бар.
Егін, шаруа, сауданы білмейді екен,
Қамыстан ат күрке тіккен тұрағы бар.
- Түлігі қой, сиыр, ешкі, түйе малы,
Білмейді олар танымас жылқы жалы.
Өнер-білім шамасы болмағаннан,
Бұл көрмей тері киім киген халі.
- 2480 Жиырма жыл шамасы жаңа бопты,
Онан бұрын еш сұрақ көрген жоқ-ты.
Хотаннан Шиангуан деген ұлық шығып,
Сол қаратып Бейжіңге хабар соқты.
- Қазір жұңго ханына болды табых,
Бір мыңдай түтін дейді елі жамиық.
Хотандық сартпен бірге араласып,
Қыз алып, қыз берісіп болды қанық.
- Онан жат бөтен елді көрмейді екен,
Бөтенге әсілі сыр бермейді екен.
- 2490 Ешбір жанға қарамай бостан болып,
Иен судың жағасын жерлейді екен.
- Жаңа тәртіп ел бопты сұрақ көріп,
Там соғып, мешіт салып дінге берік.
Мата-шекпен, кездеме киім киіп
Сауда сатып үйренді малдан безіп.
- Егін шашқан ауқатты енді үйреніп,
Жеріне аздап егін жатыр теріп.
Жұңғолық үкіметке қарап еді,
Патшалық баж-қаражға болды серік.

2500 Бұрын жылқыны ұмытқан бір ел екен,
Үй басы бірден, екі мініп керік.
Кемсеңдеп кейбіреуі жылап қояд,
Кетті деп басымыздан бұрынғы ерік.

Әбділ Ләтіп сол елді аралапты,
Жақсы-жаман пейілін саралапты.
Қарабайдың руы біз едік деп,
Білгендерден анығын даналапты.
Солардың ертеқ қылған ертеқ сөзін,
Қағазға жазып алып қаралапты.

2510 Қисыны келмегенін қайта сұрап,
Дәуіт те әңгіме үшін бағалапты.
Көнелік заң әдеті солай ғой деп
Әйтеуір болса екен деп шамалапты.

— Ескі жүрген ертекті,
Жаздым теріп жаңғыртып.
Өтірік-шынын білмедім
Бір ертеқке аңғыртып.
Әңгіме-ертеқ болсын деп,
Екі-үш ай басты қаңғыртып.

2520 Еті арыған құстай-ақ
Қойған екен салбыртып.
Қайта баптап көтердім,
Саятына далбыртып.
Жерде қалмас бір сөзім,
Жем табар түлкі алдыртып.
Оқып көрген бозбала,
Саралып көрсең сөз дана
Көңілді жықпас қалдыртып.
Бұрынғының қасында,

2530 Тұрған жоқ ешкім басында,
Көре сала өлді деп,
Қояды екен аңғыртып.
Аз болса да өмірі,
Қош болсын деп көңілі,
Асыра өнер жеткіздім.
Естігенім көрген түс,

Болса да болар мұндай іс.
Қозы Көрпеш — Баянның,
Өлтірдім мейірін қандыртып.

- 2540 Романды жазушы,
Дәуіт қызай қазағы.
Қисынсыз сөзді көргенде,
Оқыған қылар мазағы.
Ескі-құсқы ертектен,
Құрама сөз қып жазады.
Кәртеіп қалған әңгіме,
Кірлеп, тозып азады.
Жудым әбден сабындап,
Әңгіме үшін жабындап,
- 2550 Айтуға да көруге,
Осындай болса таза-ды.
Шариғат емес, қисса емес,
Обал дейтін азабы.
Көңіл ашу хикая,
Қарғыс емес назалы.
Өтірік-шын болса да,
Мінін алып жонса да,
Рас дейміз біз қазақ,
Кім барып түбін қазады!
- 2560 Оқып жүрсін жастарым,
Кітап қылдым қызыққа.
Жақсы-жаман міні бар,
Шығатын сөзден еш бықпа.
Жандаралов Дәуітті,
Жіберме ғайып қырттыққа.
Бейнет-дәулет Алладан,
Күн көреміз сызықта.
Теңгер Алла пендесін,
Мүйіз беріп мұжыққа.
Қамсыз паһим етейін,
- 2571 Тие бермей қыжыққа!

Қыз Жібек

Кешегі өткен заманда,
Қауым халық аманда
Сан-санақсыз өткен іс
Он сегіз мың ғаламда.
Батыр менен бай да өткен,
Жақсы менен жаман да.
Өлмес күнін ойлайды
Ақылды мен надан да.
Өз әлінше жүгірер
10 Жүйрік пенен шабан да.
Шешен шежіре біз емес,
Тұрпатым жұртқа аян да.
Бір әңгіме сөйлейін,
Берерсің баға маған да.
Ұрпақтан қалып ұрпаққа,
Мұра боп қалсын саған да.

Шалқып көңіл өркеші,
Қызыл тілге еріп көр.
Сағым болып ойнақтап,
20 Өмір жолын желіп көр.
Ояң тартқан ойлы көз,
Жол өрнегін беріп көр.
Құрышы қанған құлағым,
Естігенді теріп көр.
Жез таңдайым тақылдап,
Қисынын тауып өріп көр.

- Мір оғындай сөзі бар,
Жүйелі сөздің кезі бар.
Бір әңгіме қозғайын,
30 Тап шындықтың өзі бар.
Кіші жүздің ішінде
Жағалбайлы елі бар.
Мекен еткен елінің
Ақ теңіз деген көлі бар.
Қара теңіз жайлауы,
Ұланшамбыл белі бар.
Жағалбай атты елінде
Базарбай деген байы бар.
Байлығын оның сұрасаң,
40 Есеп жетпес жайы бар.
Ақтөбеден ақ орда,
Жеті жүз түйе жүгі бар.
Іші-сырты безелген
Кілем-кілше сәні бар.
Ділдәсы мен жамбысы,
Мың түйе жүк тағы бар.
Неше мың түйе керуен,
Қанты мен шайы бар.
Аяқты малда есеп жоқ,
50 Айдалып бағып жайылар.
Үш қатыннан тоғыз ұл,
Малына сай жаны бар.
Құдай артық жаратқан,
Қай жұртта мұның теңі бар.
Сән-салтанат өр алуан,
Таңырқарлық жөні бар.
Ауытқымалы дүние-ай,
Кеңі менен тары бар.
Арты қалай болар деп,
60 Ойлайтын да мәні бар.

Еліне оба деген кесел келді,
Күйзелтті қырғын тиіп қалың елді.
Істеген неше түрлі келмей емге,
Тоғыз ұл ажал жетіп бәрі де өлді.

Қалмады енді ұрпақ Базарбайда,
Тіріліп өлген адам келу қайда?!
Ашумен алты қатын тағы да алды,
Артынан өлгендердің өлу қайда?!

70 Базарбай сексен жасқа келген шағы,
Көзіне көрінбейді дүние малы.
Қан жұтып, қасірет шегіп жүргенінде,
Болыпты екі қабат кіші әйелі.

Көңіліне жарық түсті Базарбайдың,
Иесіз пайдасы не жиған малдың.
Жеткенде айы-күні бір ұл туды,
Дегенде қасірет шегіп өлдім-талдым.

80 Қойыпты Төлеген деп ұлдың атын,
Жаратқан Тәңірім асыл оның затын.
Ел жиып ұлан-асыр той жасады,
Көрсетіп ел-жұртына салтанатын.

Бейіштің шырағындай көзі нұрлы,
Бөгелді тең таба алмай қызыл тілді.
«Тіл тиіп, я болмаса көз түсер» деп,
Ешкімге көрсетпейді жалғыз ұлды.

Шешесі оны тапқан қырық төрт жаста,
Бала жоқ Базарбайда одан басқа.
«Жарайды дейді бұл да қанағатым,
Осы ие менен қалған мал мен басқа».

90 Базарбай баласына көңілі толды,
Қайғының ішіндегі бәрін жойды.
Шешесі оны тапқан Қамқа деген,
Артынан тоғыз жылда бір ұл туды.

Ат қойды Сансызбай деп бұл балаға,
Ғұмыр бер бұл балаға Хақ тағала.
«Дүниеде ай мен күнім осы екеуі,
Жолына жаным құрбан, мал садаға!» —

- Деді де Базар қарттың көңілі тынды,
Өткізді қуанышпен неше жылды.
Адамның жасы шекті, ғұмыры қысқа,
100 Кім білсін келешекте болар сырды.

Жүріпті екі ұлына қалың бермей,
Алаштың әр не деген сөзіне ермей.
«Тірі болса өздері бір алмай ма,
Өліп кетсе қайғысын тағы көрмей.

Дұшпанның әр не деген сөзі бекер,
Алғаны жаман болса мазам кетер.
Алмай ма өзі таңдап ер жеткенде,
Алса да патша қызын малым жетер».

- Соны ойлап жүреді екен Базарбай қарт,
110 Болса да өсек-аяң, әр сөзге тап.
Жолына мал мен басын құрбан қылып,
Күйсе де дүние малы шытпай қабақ.

Он алтыдан он жеті жасқа келді,
Төлеген оңды-солын түгел білді.
«Елден таңдап қалыңдық айттырам», — деп,
Ат жетер аралады бүкіл елді.

- Қыз іздеп ел аралап көп сандалды,
Көркіне, сымбатына жұрт таң қалды.
Табылса өзіне сай бір сұлу қыз,
120 Аямай берер еді қазына-малды.

Еліне келіпті екен бір саудагер,
Арзан ап, қымбат сатып пайда көрер.
Байлығын Базарбайдың тамашалап,
Сырласып Базар қартпен жақын жүрер.

Саудагер ел аралап жүреді екен,
Хал-жайын елден ұғып біледі екен.
Шораяқ көпті көрген қарт саудагер,
Базарбай «дүниеқор» деп күледі екен.

- 130 «Бұл малды бекер жиып керегі не,
Ұлының қалың бермей біреуіне.
Көзінің ағы менен қарасындай,
Артына мирас қалар иесіне».

Айтады сонда біреу оның жайын:
«Бақ-дәулет берген артық бір Құдайым.
Ел-жұрттан қыз жаратпай жүр Төлеген,
Жүрген жоқ малын аяп Базарбайдың».

- 140 Мұны естіп ой ойлайды қарт саудагер,
Айтады Төлегенге: — Сүйінші бер.
Табамын саған лайық бір сұлу қыз,
Сөзімнің шындығына сенсең егер.

Қыз жақпай өз елінде жүрсе саған,
(«Сүйінші» қалжың сөзім айта салған).
Бір ел бар Ақжайықта алты шекті,
Шетінен қызы сұлу барсаң соған.

- 150 Бұл сөзім жалған емес, сөздің шыны,
Сол елдің қызы сұлу, ізде соны.
Табылар тап лайық содан саған,
Болма сен мұнда жүріп малдың құлы.
Жігіттің алған жары жаман болса,
Қор болып көңілі жасып, кетер сыны.

Жайықта қызы сұлу артық ел бар,
Ерінбей қыз іздесең дәл соған бар.
Келгенше он жетіге қыз іздепсің,
Сол елден табылар бір лайық жар.

Төлеген мұны іздеуге көңілі кетті,
— Жолы бар неше күндік оның, — депті.
Саудагер «жүз күндік» деп жауап берді,
«Тәуекел, іздеймін» деп ойға кетті.

- 160 Төлеген он жетіге келген шағы,
Аз емес бір Алланың берген бағы.

— Төте жол жетпіс күннен артығырақ,
Шәлі бар қырық күндік оның тағы.

Онымен жүре алмайсың барғанменен,
Өлесің жолда шөлдеп арманменен.
Жүр, — дейді, — алыссынбай сулы жолмен,
«Әрқашан бардың ісі пәрменменен».

Жолмен жүр алыссынбай елді шеттей,
Қырындап күн шығысты ұстап беттей.
Жақын деп жалғыз жүрме шөлді кезіп,
170 Жүрегің қауласа да жанған өрттей.

Төлеген Ақжайыққа жүрмек болды,
Таңдады алыссынбай сулы жолды.
Сол қызға басшы болып барған жанға,
Жүз жамбы сүйіншіге бермек болды.

Жүз жігіт мықтысынан алды таңдап,
Жарайтын қиын іске өңшең саңлақ.
Өрі ақын, өрі шешен, өрі батыр,
Барғанша салтанатпен сайран салмақ.

Бұлардың бәрі көсем сайдың тасы,
180 Алаштан артып туған қара басы.
Өліні ырғап, тіріні сілейтетін,
Әр түрлі қисындасқан тамашасы.

Жаратты бір қаракөк тұлпар атты,
Жылқыда жануардың теңі жоқ-ты.
Арымас алты ай мінсе нәсілі тұлпар,
Тең жорға төрт аяғы мінсе мықты.

Шамшырақ тас орнатты жүген-ерге,
Жүз жігіт басшы-қосшы алды бірге.
Тоғыз нарға алтын менен күміс артып,
190 Бес жігіт белгіледі қызметкерге.

Ерлерге басшы болсын бір Құдайы,
Қырық түйе болды артқан қант-шайы.
Азық-түлік бәрін де қамдап алып,
Жөнелді туысымен наурыз айы.

Базарбайдың Төлеген,
Ерте туған көбеген.
Сексен жігіт қосшы алып,
Он бес жігіт басшы алып,
Ақжайыққа жөнелген.

200 Бүгін айдың нешесі,
Ай қараңғы кешесі.
Патшадан кем емес,
Ер Төлеген мүшесі.

Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Шыбын жанға жан айтып,
Артынан қуып келеді,
Өлгенде көрген шешесі.

210 Шешесі келіп сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Барма, — дейді, — қарағым!
Одан басқа не дейді.

Мінгендей аттың аласың,
Менен туған баласың.
Ел-жұртыңнан айрылып,
Ата-анаңды зарлатып,
Қайда кетіп барасың?
Адал бала тастай ма,
Атасы мен анасын?

220 Қал дегенде қаласың,
Айтқан тілді аласың.
Қал дегенде қалмасаң,
Айтқан тілді алмасаң,
Қор еттің анаң шарасын.

Өлгенде көрген жалғызым,
Ата-анаңды зарлатып,
Бір қыз үшін қаңғырып,
Қайда кетіп барасың?!

230 Анаң келді зарланып,
Атаң отыр сандалып.
Көре алмаған көп дұшпан,
Сырттан келер қамданып.

Сансызбай болса жас еді,
Кемпір-шал болар бір ғаріп.
Сен кеткен соң, қарағым,
Жүреміз кімге алданып?!

— Әй, шешеке-ау, жылама,
Көзіңнің жасын бұлама.
Бір сапарға аттандым,
240 Қайт деп мені зорлама.
Жиырмаға келгенше,
Маған қалың бермедің,
Қызығын өмір көрмедім.
Құм құйылсын көзіңе,
Осы екен сізге сыбаға.

— Келгін, балам қайтсаңшы,
Әкеңе сырынды айтсаңшы.
Патша қызын алсаң да,
Өз елінде жатсаңшы.

250 Біреудің тілі тимей ме,
Көртейген әкең Базарбай,
Сені ойлап күймей ме?
Ел ішінде тентек көп,
Жаһанды кезіп жүргенде,
«Тентіреген неме» деп,
Біреудің тілі тимей ме?
«Ата-анасын зарлатып,
Бір қыз үшін кетті» деп,

- 260 Дос-дұшпаның күлмей ме?
— Тай, құнан қалса қаңғырып,
Бұралқы болар қораға.
Бір сұлу алмай, шешеке-ау,
Сірә да, көңлім толар ма?
Талап қылған жолынан,
Ат басын ерлер бұра ма?
Жаман-жақсы десең де
Өз айтқаның бола ма?
«Тілімді алмай кетті» деп,
Қам көңіл болып жылама.
- 270 Мен Жайықтан келгенше,
Тапсырам ата-анамды,
Жаратқан бір Құдайға.
- Өзеннің көркі тал болар,
Жігіттің көркі мал болар.
Малың болса, қарағым,
Қара басың хан болар.
- Алуа асап, іштің бал,
Жая шайнап, жедің жал.
Кетер болсаң, қарағым,
280 Жылқыдан таңдап қырық жорға ал.
Сансызбай болса жас еді,
Сен кеткен соң, қарағым,
Сүйеніп кімге күнелтер,
Артыңда қалған кемпір-шал?!
- Мінгенде атым аламын,
Сенен бір туған баламын.
Көңіліме түсіп бір қиял,
Сапар шегіп барамын.
Алла нәсіп қылса егер,
290 Бір сұлуды аламын.
Алла нәсіп қылмаса,
Ендігі сөздің қысқасы,
Меккеге таман барамын.

Білді анасы түңіліп,
Төлегеннің қайтпасын.
Ниет қылған ісінен,
Атының басын тартпасын.
Шұбар жылан болса да,
Ішінен шыққан емес пе,
300 Қарғауға қайтіп қия алсын?

Жылап ана болмайды,
Жылама десе қоймайды.
Өлгенде көрген жалғызы,
Қарап көзі тоймайды.
Бір сұлу алмай Төлеген,
Дүниеге көзі тоймайды.
Лажын таппай анасы,
Батасын беріп қол жайды:

— Ah, дедім Құдайға
310 Дарғайыңа бас қойдым.
Сөздерімді сөзге ап кеп,
Күйгенімнен жапсырдым.
Кетер болсаң, қарағым,
Әуелі Құдайым сені,
Камал пірге тапсырдым.
Көл иесі Қамбар-ау,
Қарағыма көз сал-ау.
Жер шегіне бара ма,
Қатерден сақта жолында-ау.

320 Су иесі Сүлеймен,
Жер иесі, Сұлтан-ау,
Рақым қылсаң, бір Құдай,
Сенен өзге кім бар-ау?!
Ғашықтардың пірі едің,
Ләйлі — Мәжнүн сіз бар-ау!
Ғашықтардың зары едің,
Зылиқа-Жүсіп дем бер-ау!

Әйелдің пірі Бәтимә,
Баламды сізге тапсырдым.

- 330 Адасса жолға салып жүр,
Сүрінсе, қолдап алып жүр.
Жаһанды кезіп жүргенде
Пәледен сақтап — қағып жүр,
Қой-қозыңдай бағып жүр.
Бір ғашықтың дертінен
Қарағым менің нағып жүр.
Қазіреті Қали, ер Сұлтан,
Рақым қылып сіз тұрсаң,
Баба түкті шашты Әзиз,
- 340 Ғазиз пірім қолдасаң!..

- Жылап анам қалады,
Баласы кетіп барады.
Зор інгендей дауысы,
Жаңғыртып көкті жарады.
Ауылдан шығып Төлеген,
Бір жерге барып қонады.
Шешенің айтқан әр сөзі,
Көңіліне ой салады.
Жүрем деп үйден шыққан соң,
- 350 Ат басын неге бұрады.
«Жетектесем түйені,
Кірекеш мені демей ме.
Айдасам шығып артына,
Түйеші мені демей ме.
Жылқыдан қосып айдасам,
Жарасты сәні демей ме.
Екі жүз елу жорға алсам,
Әкемнің малы кеми ме?!»
- Екі жүз елу жорғаны,
- 360 Жылқыдан бөліп алады.
Арада қанша ай жол жүріп,
Аз ғана емес мол жүріп,
Ақжайыққа барады.
Шатырын тігіп төскейге,
Айдап барған жылқыны
Бір қойнауға жаяды.
Қыз таңдап елден айттырар —

- Хабарын елге салады.
Бір қыз көрсе бір жорға
370 Сүйіншіге беретін
Хабары елге тарады.
Талай қыз келіп көрініп,
Көрімдікке бір жорға ап,
Жарамай қайтып барады.
Бірнеше күннің ішінде-ақ
Көрімдік үшін берген мал
Екі жүз жорға болады.
Мұны көріп жолдастар,
Өзара кеңес құрады:
380 — Бүйте берсе Төлеген,
Жорғаның бәрін түгетіп,
Жалғыз атпен қалады.
Астымыздағы атты да
Бір күні бере салады.

- Сонда біз жаяу қаламыз,
Ер көтеріп, жүген ап,
Ат бер деп кімге барамыз.
Жаяу қалсақ қаңғырып,
Елге қайтіп барамыз?
390 Сексен жігіт ойланды:
«Бұған не ақыл табамыз?»

- Біреуі айтты: — Халайық,
Мен таптым ақыл лайық.
Мұнан кейін қыздарды
Алдымен біз көрейік.
Асқан сұлу қыз болса,
Сонан соң алып барайық.
Жақпаса бізге келген қыз,
Төлегенге көрсетпей,
400 Жасырып ұрлап қалайық.
Кейбіреуін өуелі,
Төлеген кетіп қалған деп,
Мазақ қылып қуайық.

«Ой, пәле, мұның ақыл» деп,
Құптады бәрі «мақұл» деп.
Назданып келіп көре алмай,
Талай қыз кетті опық жеп.
Жүзден бірін көрсетер,
Жарай ма мынау, көріңіз,
410 «Келген қыз, міне, осы» деп.

Төлегенге ой түсті
Күндердің бір күнінде:
«Мұндай қыздар көп еді
Өзімнің де елімде.
Жоқ екен ғой байқасам,
Елден елдің артығы.
Жері де маған жақпады,
Соры менен шалшығы.
Бәрі жалған боп шықты,
420 Ақжайықта шектінің,
Қызы сұлу — баптығы.
Саудагер сайқал дей салған,
Екен ғой бұл бір тантығы.
Сұлу қыз табам, — деп едім,
Азайды менің сәнім де.
Сену қиын екен ғой
Көз көрмесе тегінде.
Ойланармын бір сапар,
Кешікпей осы кезімде».

430 Алты шекті елінің
Сырлыбай деген ханы бар.
Қазына-мүлкі сонша көп,
Есепсіз малы тағы бар.
Тоғыз мың жылқы өзінде,
Алты ұлы бар, бір қызы,
Малға лайық жаны бар.
Ел қорғаған ерлікпен,
Ауыл, аймақ, ары бар.
Өзі ғадыл, бір қалып
440 Хандығының сәні бар.

- Қаршыға деген бір ері —
Ханның жақын уәзірі.
Өзі шежіре, өзі ақын,
Өзі батыр, бек еді.
Қиын іске жол тапқан
Ақылдың қайнар көзі еді.
Көндірмейтін адам жоқ,
Тіл-жақтының шешені.
Топтан озған суырылып,
450 Өз табының көсемі.
Мал-жанын қорғап ханының,
Сонымен дәурен сүреді.
Ерлігінің белгісі,
Тоғыз мың жылқы артында
Қысы-жазы жүреді.
- Отарда жатқан Қаршыға
«Елге бір мырза келді» деп,
Біреуден естіп біледі.
— Алыс жердің адамы,
460 Іздегені қыз, — деді.
Сөйлесейін барып деп,
Көңіліне бір ой келеді.
Қара бедеу биені
Жылқыдан ұстап мінеді.
Ойпаң жерден орғытып,
Еңіс жерден сырғытып,
Сексен жігіт елшіге
Абыржымай, асықпай,
Әдеппен сәлем береді:
- 470 — Ассалаумағалейкум, көп жігіттер,
Жиналған бөрің бірдей бек жігіттер!
Сайланып шығып қапсыз табыңыздан,
Сөйлей бер жөндеріңді, ей, жігіттер!
- Басыр, басыр, басырды,
Аққа құлпы жасылды.

Сексен жігіт бірлесіп,
Төлегенді жасырды.

— Келеміз алыс жерден біз жолаушы,
Жеріміз бет ап шыққан Көкбаяушы.
480 Үйірін қысырақтың жауға алдырып,
Келеміз сұрау салып біз сұраушы.
Әлей болсын, аға еке-ау, тілің майда,
Айта бер бұйымтайың жөн сұраушы.

— Асуда асу бел, — дейді,
Аса бір соққан жел, — дейді.
Сырлыбай ханның уәзірі,
Қаршыға жыршы мен, — дейді.
Іштеріңде, қарағым,
490 Базарбайдың баласы,
Төлеген мырза кім? — дейді.

— Мінгенде атың дөненді,
Көкке тойған көбеңді.
Біз білмейміз, Қаршеке-ау,
Төлеген мырза дегенді.

— Күн көріп жүруші едім өнерменен,
Жағалап келдім сізге кемерменен.
Көрдім де қараларың жандай шаптым,
Баласы Базарбайдың дегенменен.

— Келіпсің біздің шауып қарамызға,
500 Жауапқа жауап таппай қаламыз ба?
Бар еді естүіміз Базарбай шал,
Төлеген жоқ қой біздің арамызда.

— Әр жерден асып туған теңім, — деп ем,
Төлеген шын асыл зат бегім, — деп ем.
Осынша Төлегенді жасыратын,
Ол өзі әлдекімнің қақын жеген?!
Сұрасам жолаушыдан «бар» деп еді,
Жасырдың Төлегенді неге менен?

- 510 Төлеген ұққан екен сөздің жайын,
Сөзі өктем бұл кісінің айтқан сайын.
Атақты, абыройлы біреу екен,
Жүрмеген өз бетінше қарапайым.

Шатырдың іргесінен шыға келді,
Бір қадам жақындап кеп сәлем берді.
Дабыры көп жігіттің құлақ қағып,
Қаршыға сәлем даусын естімеді.

- Ассалаумағалейкум, ей, Қаршеке,
Ау-жайың көрінеді елге серке!
Арман ғып аламын деп көктегі айды,
520 Шығып ем сол себепті елден жеке,
Сәлемді неше берсем естімейсіз,
Сәлемім ұнамсыз ба, қылдың ба өкпе?

Мен едім Базарбайдың Төлегені,
Қозының ерте туған көбегені.
Қаршекем араз ба еді бұрын маған,
Құрметтеп сәлем берсем білмегені.
Сәлемді берсем дағы қарамайсың,
Бар еді Төлегеннің неден міні?

- Осы келген Қаршыға
530 Табынан асқан ер еді.
Шетте тұрған жерінен
Төлегенді көреді.
Жақындай кеп жанына
Күле сөйлей береді:

- Уағалайкум әссалам, жаным шырақ,
Естімей сәлеміңді қалды құлақ.
Тұрпатың падишадан төмен емес,
Өсірген қандай адам сылап-сипап?!
Естіп ем атағыңды, арманыңды,
540 Келіп ем бір себеппен іздеп сұрап.
Жолыңа мал мен басым болсын құрбан,
Көресің алдағы күн мені сынап.

Отардан келіп едім көрейін, — деп,
Болдырды қара бедеу желемін, — деп.
Келемін ат өксітіп алыс жолдан
Мырзаны Төлегендей көремін, — деп.

Асудай асу бел еді,
Аса бір көшкен ел еді.
Базарбайдың баласы
550 Төлеген мырза сен болсаң,
Іздегенің қыз болса,
Қасыма таман кел, — деді.
Нәсіліңе қарасам,
Патшаменен тең, — деді.
Мен жайымды айтайын:
Алты шекті елінде
Сырлыбай ханның уәзірі
Қаршыға жыршы мен, — деді.
Төлеген жаршы сен болсаң,
560 Кел соңымнан ер, — деді.
Елге берген олжаңнан
Білдірмей маған бер, — деді.
Мен бір сұлу табамын,
Патшамыздың жалғызы,
Аты — Жібек сұрасаң,
Кереметін көр, — деді.

Базарбайдың Төлеген
Қаршығаның бұл сөзін —
Енді мақұл көреді,
570 Алдыртып атын мінеді.
Айдап жүрген жорғадан
Екі жорға береді.
Сексен жігіт елшіден
Бес жігіт таңдап бөледі.
Өзгесін елге қайтарып,
«Біздерден сәлем бер!» — деді.
Қаршығаға өзі ілесіп,
Ақжайыққа жөнелді.

- 580 Ғашық болды Төлеген
«Жібек» деген атына.
Көңіл күйі үдеген
Патша қызы затына.
Бір көруге асығып,
Қамшы басты атына.
- Неше дүйім ел болып,
Оқпанды жер дөң болып.
Төлегеннің сөздері
Кейінгілерге жыр болып,
Табылды жұмбақ шешуі,
590 Шешілмей жүрген сыр болып.
- Ойнап балық шығады
Жазғы судың шетіне.
Адам қарап болмайды
Ер Төлеген бетіне.
Қамшы басты шу-шулеп
Көкжорға аттың кө...не.
Ерте жүріп, кеш қонып,
Дәл сегіз күн жол жүріп,
Аз ғана емес, мол жүріп
600 Сонда жеткен секілді,
Ақжайықтың шетіне.
- Құландай сағым қуышты
Алыс емес жуықты.
Жетеміз деп тұсынан,
Төтесінен жүріпті.
Неше қонып араға,
Жетемін деп зорықты.
Қыз іздеген Төлеген
Әуреге молықты.
610 Сөйтсе дағы көңілі
Келе жатыр орнықты.
Таң атып атқа қонғанда,
Сәске мезгіл болғанда,
Көшкен елге бір жолықты.

Мұны көріп Қаршыға:
«Көктеуден жылжып біздің ел,
Жайлауға енді көшіпті.
Көш жөнекей Жібекке
Кезігерміз» десіпті.

620 — Жай жүріп сендер кел, — деді,
Қосшыларына Төлеген.
Қаршығаға өзі ілесіп,
Көш алдына жөнеген.
Жайлауға көшкен қалың ел
Лек-легімен келеді.
Көкжорға атты көсілтіп,
Кейде жорға, кейде аяң,
Текіректетіп желеді.

630 Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Шытырман көйлек етінде,
Нұр сәулесі бетінде.
Өсемдіктің бәрі де
Көрініп тұр көркінде.
Жарқыратып маңдайын,
Айырып қойған кекіл де.
Жас құлындай мүшесі
Жарасып тұр көркіне.
Жайдары мінез, ақ жарқын,

640 Қарағың келед тесіле.
Он сегіз мың ғалам да
Бойсұнғандай еркіне.
Перінің қызы секілді,
Қарасаңыз тұрқына.
Осы екен деп Қыз Жібек,
Базарбайдың Төлеген
Жетіп келді қасына.
— Жібек емес бұл, — деді,
Артынан келіп Қаршыға.

650 Енді одан өтеді,
Және бір көшке жетеді.

- Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады,
Таң мезгілі болғанда,
Шолпанның туған жұлдызы.
Кигені атлас қырмызы,
Бейіштен шығып келмесе,
Бұл жалғанға хор қызы.
Осындай болып туар ма,
660 Адамзаттың бір қызы!
— Осы ма, — деп, — Қыз Жібек?
Қаршығадан сұрады.
«Жібек емес» деген соң,
Базарбайдың Төлеген
Атының басын бұрады.
- Қаршығаға ілесіп,
Төлеген көңілі түзелді.
«Жібекке қашан жетем?» — деп,
Қос көзі төрт боп сүзілді.
670 Бір көрмекке Жібекті
Асығып жүрді тез енді.
Мақсатына жетуге
Төлеген мырза кезенді.
Жетеміз деп тұсынан,
Жағалай салды өзенді.
- Сол уақыттар болғанда
Бір көш шықты түбектен.
Сарыны баяу жүрісі,
Отыз түйе тіркеткен.
680 Мұрындығы сары жез,
Бұйдасын ескен жібектен.
- Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Жанасалай сұлудың
Алдына шығып алады.
Қырыменен көзінің
Ұрланып қана қарады.

- Кіршігі сүйір қылыштай,
Айдай қасы иіліп,
690 Меңсіз бетте кірсіз тіс
Ақ меруерттей тізіліп.
Ақ күмістей қақтаған
Биік қабақ, кең маңдай.
Қасы-көзі қиылып,
Тура түскен қыр мұрын,
Бетінен нұры төгіліп.
Жез құмандай тамағы,
Жүзген қаздай иіліп.
Беліне түскен қос бұрым,
700 Қылдай белі үзіліп.
Толған айдай толықсып,
Ақ сазандай булықсып.
Бұралып кетіп барады,
Алуан түрлі ұлықсып.
- Оны көріп Төлеген,
Атының басын бұрады,
Өңгіме дүкен құрады.
Сездірмей ойын жас сұлу,
Жай ғана кетіп барады.
710 Сұлудан жауап алғанша,
Қаршыға келіп қалады.
— Осы ма, — деп, — Қыз Жібек?
Қаршығаға қарады.
Қаршыға жетіп келеді,
Өзіл айтып күледі.
— Бұл емес, — деп, — Қыз Жібек,
Тоқтамай өтіп жөнөді.
- Атына қамшы басады,
Тұлпардан туған Көкжорға ат
720 Аузынан көбік шашады.
Шапқан сайын еліріп,
Ауыздығын басады,
Жұлдыздай ағып асады.

Белестен асып келеді,
Ойға түсіп желеді.
Ө дегенше зымырап,
Және бір көшке келеді.

730 Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Тамашалап сәулетін,
Көрейін деп жанады.

Жанына ерген бұл қыздың
Нөкері он төрт қасында,
Өзі он бес жасында.
Ақ маңдайы жарқырап,
Танадай көзі жалтырап,
Алтынды шашбау басында.
Ажарына қарасаң,
Ағыны судай сарқырап,
740 Күрең жорға ат мінгені,
Алтынды тұрман жарқырап.
Қырық нарға жүк артқан,
Байлықпен өзін жұбатқан.
Қазына артқан қырық нарға,
Жібектен арқан тарттырған.
Қамқалы зерлі кілемді,
Жүк үстіне жаптырған.
Өсемдіктің бәрін де,
Бұл дүниеден арттырған.

750 Өлденеге тамсанып,
Дүрия бешпет жең салып,
Қиығымен көзінің
Төңірекке көз салып.
Бұралып кетіп барады,
Әб жыландай* толғанып.

* Әб жылан — су жыланы

Осы бір жас сұлуға,
Базарбайдың Төлеген
Аударып назар қарады.
Тіл қатқанша қайырылып,
760 Қаршыға келіп қалады.
— Осы ма, — деп, — Қыз Жібек? —
Қаршығадан сұрады.
Бұл емес, — деп, — Қыз Жібек,
Қаршыға күтіп тұрмады.
«Жібек емес» деген соң,
Базарбайдың Төлеген
Артына мойын бұрмады.

Талай көштің алдынан
Талай сұлу кезікті.
770 Көлденеңдеп жол алдын,
Қаршығаны тосыпты.
Төлегеннің мінезін
Қаршыға көріп күліпті.
Артынан келіп Қаршыға
«Жібек емес» деген соң,
Талай сұлу көрсе де,
Бәрінен өтіп кетіпті.

Тау басында қарағай,
Төлегеннің мінезі
780 Болып кетті баладай.
Осындай болып әр көштен,
Отыз қыз өтті сәулетпен,
Бәрі де қалды жарамай.

Тағы айқасты бір көшке,
Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Орта бойлы дембелше,
Асығар адам көргенше.
Лебізі тисе бетіңе,
790 Естен кетпес өлгенше.
Сипатына қарасаң,

Бұрынғы қыздан өзгеше.
Алтынды шыны кеседей
Екі көздің шарасы.
Бейіштен шыққан шам-шырақ
Көздің гауһар қарасы.
Туған айдай иілген
Екі қастың арасы.
Сымға тартқан күмістей
800 Он саусақтың саласы.
Осындай болып туар ма,
Адамзаттың баласы?!
Бағалауға жетер ме,
Қызыл тілдің шамасы?
Осындай сұлу кім көрген,
Жаһаннан асқан бағасы?!

— Осы ма, — деп, — Қыз Жібек?
Базарбайдың Төлеген
Алды-артына қарады.
810 Артынан келіп Қаршыға,
— Жібек емес мынау, — деп,
Жай ғана басын шайқады.

«Ондай болса, Қыз Жібек
Мұнан да сұлу екен» деп,
Бір көруге асықты,
«Жібекке қашан жетем» деп.

Атына қамшы басыпты,
Көңілі судай тасыпты.
Алдындағы қыраттан
820 Ойқастап келіп асыпты.

Көрінді бір көш қарасы,
Алыс емес арасы.
Сән-салтанат әр алуан,
Тамашасын қарашы.
Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады.

- Қара жорға мінгені,
Қара торқа кигені,
Екі көзі сүрмелі.
- 830 Қыз іздеген Төлеген,
Жоқ еді, сірә, көргені.
- Сексен түйе қомдаған,
Жібек арқан шомдаған.
Қалы кілем жаптырып,
Жібектен гүлін торлаған.
Сипатына қарасаң,
Ақ бетінде кіршік жоқ.
Айдынды көлдің қуындай,
Екі көзі жалтырап,
- 840 Батырдың алтын туындай.
Сөйлеген сөзі мазалы,
Аппақ зәмзәм суындай.
Аузынан шыққан лебізі
Сары алтынның буындай.
Бой сымбатын қарасаң,
Бедеуден туған құлындай.
Төгіліп тұр тал бойы,
Шебердің тіккен қынындай.
- Мұны көріп Төлеген,
850 «Осы ма?» — деп ойлады.
Артынан келіп Қаршыға,
— Бұ да емес Жібек, — деп,
Атының басын бұрмады.
Сөйлесуге тіл қатып,
Аял болып тұрмады.
- Осыменен Төлеген
Қырық қыз көрді сәулетті.
Бірінен-бірі асып тұр,
Көрікті, бәрі келбетті.
- 860 Төрт түлігі сайма-сай,
Елден асқан дәулетті.
Базарбайдың Төлеген

Сандалып елден қыз таңдап,
Осындай сұлу көрмепті.

Өзеннің бойы тал ма екен,
Түйесі артқан нар ма екен?
Осы бір көрген қырық қыз
Нұрға бөлеп жаһанды,
Осы бір жалған дүниеде
870 Олардан сұлу бар ма екен?
О да емес, бұ да емес,
Енді Жібек қайда екен?
Перінің қызы тең емес,
Аспандағы ай ма екен?!
Жібек десе, жібек-ау,
Бір кезіксем өзіне,
Екі аяқты пендеде
Бақытты мендей бар ма екен?!

— Айналайын, Қаршеке-ау,
880 Бір ғана менің тілегім,
Бар ма, жоқ па, шіркін-ау,
Енді қайда Жібегім?
Көргенде көңілім тынар ма,
Тоқтамайды жүрегім.
— Әй, шырағым, Төлеген,
Мінген атың жүреген.
Күн бойы шауып артыңнан,
Жете алмай әлі келемін.
Жетеміз әлі Жібекке,
890 Әр нәрсе ойлап жүдемең!

Ақжайық бойы бел еді,
Жағалай көшкен ел еді.
Алты шекті елінде,
Базарбайдың Төлеген
Қаршығаға сенеді.
Базарбайдың Төлеген
Ілгері және шабады.
Астындағы Көкжорға ат

Сымға тартқан төстіктей,
900 Сүмбедей болып жарады.
Аяғын топ-топ басады,
Қызып алған табаны.

Белге шыға келеді,
Бел асып көшкен ел еді.
Салтанатты, сәулетті
Және бір көшті көреді.
Көшке таман келіпті,
Көш сәулетін көріпті.
Өзіне біткен бір мінез,
910 Талай көштен өтсе де,
«Көш кімдікі?» демепті.

Көш алдына қарады,
Көш сәулеті жарады.
Бір бәйбіше нұр жүзді
Көшті тартып барады.

Алтын мен күміс жабдығы,
Екі жүз түйе қазына,
Сары алтыннан сандығы.
Ағажүніс перідей
920 Көркі раушандығы.
Жазығы қатын демесең,
Кәртейсе де ілгері,
Талай қыздан сәндігі.

Айдың өткен нешесі,
Ай қараңғы кешесі.
Бағанағы қыздардың
Бәрінен де артық тұр
Жарықтықтың мүшесі.
Асылдай болып киініп,
930 Толған айдай кесесі.
Көшті тартып келеді,
Жібектің тапқан шешесі.

Нұрдай болып шайқалып,
Сағымы жерде жайқалып,
Алтынды кебіс сартылдап,
Тебінгі, тоқым жарқылдап,
Сары ала қамшы қолында,
Маңызды, байсал бәйбіше
Кетіп барад найқалып.

- 940 Ертесі не, кеші не,
Берсе Тәңір несібе?
Ертеңгі күн бесінде
Сонда жеткен секілді
Қыз Жібектің көшіне.

Көш сәулетін қарасаң,
Аспаһанның гауһары.
Тамаша қылған адамның
Тояды көзінің жауһары.

- 950 Есебі жоқ дүниесін,
Есептейік несіне.
Келсе Жібек жоқ екен,
Бұл секілді көшінде.

Төлегенге бұл көштің
Сәулеті ұнап кетіпті.
Таңырқап келе жатқанда,
Қаршыға жетіп келіпті.

- Күйлімісіз, ханым? — деп,
Бәйбішеге сәлем қылыпты.
— Жібек қайда кеткен? — деп,
960 Бәйбішеден сұрапты.
Әйгілі болған Қаршыға,
Аузы қандай сөзге епті.

— Жібекжан ерте кеткен, — деп,
Болжаулы жерге жеткен, — деп,
Көшпен бірге жүргенде,

Бетіме тозаң тиед, — деп,
Көк пәуеске күймемен
Азаннан тұрып кеткен, — деп,
Берді жауап бәйбіше —
970 «Ибалы, әдеп ешпен» деп.

Көштен өтіп Төлеген,
Жол сорабын қарады.
Көш бастаушы үлкендер
Жер жайын айтып барады.
Көк шалғынды жапырған
Пәуеске ізін табады.

Найзасы аумай қолынан,
Жұлдызы туып оңынан.
Ер Төлеген жөнелді
980 Кеткен Жібек соңынан.

Асыл киім киінді,
Белін байлап түйінді.
«Бағымды Алла ашқай» деп,
Пірлеріне сиынды.

Атқа салды өкімді,
Ер Төлеген бесінде —
Қыз Жібектің ізімен
Келе жатқан секілді.

Желдікті жапты атына,
990 Түсіріп төмен санынан.
Ай мүйізді қошқардай
Бөрі тартқан таңынан.

Алмас қылыш сартылдап,
Алтынды жүген жарқылдап.
Көкжорға тұлпар қырланды,
Екі көзі жалтылдап.
Өмілдірік сом алтын
Омырауда алқылдап.

- Басқан сайын қара жер
1000 Тал көпірдей солқылдап.
Төрт аяғы тең жорға
Бауырына сартылдап.
Тасқа тиген тұяғы
Тарсылдайды қаршылдап.
Құйындай шаңы бұрқылдап,
Ұршықтай саны бұлтыңдап.
Төрт аяқтан шыққан от
Шақпақ тастай жылтылдап.
Құлақ салсаң дыбысы
1010 Тау суындай сыңқылдап.
Тоқымдықтан аққан тер
Тебінгіде шылқылдап.
Су төгілмес үстінен,
Жүрісі жайлы былқылдап.
Ауыздықпен алысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Тарта-тарта келеді,
Екі қолы қарысып.
Жер шетіне жетердей,
1020 Жүретін жолды тауысып.

- Алдыңғы жыл бесте еді,
Тай күнінен ерттеді.
Биік шоқтық, кең сауыр,
Күдірге шапса епті еді.
Ылди мен өрде ер тоқым
Ілгері-кейін кетпейді.
Қайшыланып құлағы,
Көзі шамның шырағы.
Жеті қырды асқанда,
1030 Қоңыраудың дауысын
Естіді Төкең құлағы.

Шапса балта өтер ме,
Шақырлаудың тасына?
Нелер келіп, не кетпес
Ер жігіттің басына?

Көкжорға атты көсілтiп,
Ә дегенше зымырап,
Жетiп келдi қасына.

1040 Ат басын тартып аяңдап,
Кiдiрдi бiраз аялдап.
Алды-артына қарады,
Алуға жауап амалдап.
Қаршыға кейiн қалыпты,
Болдырып аты шабандап.

Көшiр отыр алдында,
Делбе арқанын ұстаған.
Тесiлiп жолға қарайды,
Басқаға құлақ аспаған.

1050 Үйiрiп қояд бишiгiн,
Ұрмайды, босқа жасқаған.
Үш қара ат шегiп парлаған,
Саңлақ ағын жорғадан.
Жал-құйрығын үкiлеп,
Желдiгi қызыл торқадан.
Күйменiң жандық ағашын,
Алуан сырмен сырлаған.
Қызылды-жасыл манатты
Күйме үстiне жаптырған.
Оюлатып кестелеп,
1060 Меруертпен гүлiн торлаған.
Күймедегi әсемдiк
Бұл жаһанда болмаған.
Сыртында мұндай болғанда,
Iшiнде кемдiк қалмаған.
Базарбайдың Төлеген
Дүниеге назар сала ма,
Жiбектi ғана ойлаған.
«Кiмдiкi?» десе бұл күйме,
Арбакеш жауап қылмаған.

1070 Жабулы тұр күймесі,
Ілулі тұр түймесі.
Ашуы қиын сыртынан —
Қиюы келіп жабылып,
Ішінен ілген ілмесі.
— Кім бар? — деді, — күймеде,
Көзі түсіп түймеге.
Ызың еткен дыбыс жоқ,
Дегендей біреу «үндеме».

1080 Ақжайық бойы тұз еді,
Жүргенде қалар із еді.
— Қайда кетіп барасың,
Іздеп бір келген біз, — деді.

Намыстанды Қыз Жібек,
Сөйлеушіге «біз, біз» деп.
«Нағылған жан қаңғырған,
Жұмысы не бізді іздеп?»
Таңырқамас Қыз Жібек
«Іздеп келген бұл кім?» деп.

1090 Тоқтамай күйме барады,
Қоңырау сылдыр қағады.
Базарбайдың Төлеген
Үш қайтара шақырып,
Күймеден жауап ала алмай,
Жабырқап көңілі қалады.
Өз елінде ер еді,
Айтқан сөзі тең еді.

1100 Жат жерге келіп, жат елде,
Қыздан жауап ала алмай,
Ойсырап көңілі жүдеді.
Налынып кейіп тұрғанда,
Қаршыға жетіп келеді.

— Әй, шырағым, Төлеген,
Бұл іске бекер жүдемең.

- Жібектің сырын мен білем,
Бүгінгі күнге келгенше,
Ер сөзін естіп көрмеген.
Сөйлесейін мен өзім,
Білемін Жібек мінезін.
Жабырқама бір іске,
1110 Қасыма еріп жүр өзің.
Ондай сұлу елде жоқ,
Анықтап байқап көр өзің.
Алдымен саған көрсетіп,
Сонан соң саған берейін —
Сөйлейтін сөздің кезегін.
Бастамасы, міне, осы,
Әуелде менің дегенім.
- Сөйлесуге Жібекке,
Қаршыға келді жақындап.
1120 Тілі майда шежіре,
Таңдайы кетті тақылдап:
— Ұядан ұшқан балапан
Қанаттарын тарайды.
Асыл туған анадан
Әрбір іске жарайды.
Құрметіңе, қарағым,
Тігемін алтын сарайды.
Данышпан адам дүниенің
Парасатын санайды.
- 1130 Ақылмен қызмет қылғанды
Орынды іске балайды.
Көтер, Жібек, басыңды,
Ертіп келдім бір жігіт,
Дәл өзіңе ұнайды.
Ашылар бағың келді кез,
Жаратпап ең талайды.
Басыңды көтер, Жібекжан,
Қызметім саған жарайды.
- Есігіңді аш, қарағым,
1140 Сал құлағың сөзіме.

- Қасыңда тұр бұл жігіт,
Дәл лайық өзіңе.
Қаршыға сынды көкеңді
Қапа қылмай, қарағым,
Бір қарашы жүзіне.
Нұр гауһардай көзі бар,
Бал шекердей сөзі бар.
Еліңе теңдес елі бар,
Малыңа теңдес малы бар.
- 1150 Талай бекзат көріп ең,
Бөрінен де артық сәні бар.
Мыңын жисаң осының,
Жетпейді басқан ізіне
Ат арытып алыстан,
Іздеп келген жайы бар.
- Сонда Жібек сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
— Көке болмай құрып қал,
Әрі таман жүр, — дейді.
- 1160 Салмаймын құлақ сөзіңе,
Қаңғырып қайдан кез болдың,
Көш жөнекей көзіме.
«Бай тауып бер маған», — деп,
Қашан айттым өзіңе?
Жөндеп баққын малыңды,
Беталдыңа сандалмай,
Жолама менің ізіме.
Екі тайға ұялмай
Мені сатып сыртымнан,
- 1170 Көрінбе менің көзіме!
- Қаршыға сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
— Осы емес пе, Жібекжан,
Алдыңдағы бақытың,
Айтқанымды біл, — дейді.
Рас менің, Жібекжан,
Екі жорға алғаным.

- Неге айтайын сөзімнің
 Расын айтпай жалғанын.
 1180 Шыныменен, Жібекжан,
 Сөздің жөнін байқамай,
 Өтірік жала салғаның.
 Екі жорға мен алдым,
 Төлегенмен дос болып.
 Нан, қарағым, сөзіме,
 Көңілің маған қош болып.
 Жолыңа сенің басымды,
 Бәйгеге тіктім мен келіп.
 1190 Сегіз күндей жол жүріп,
 Ерте жүріп, кеш қонып.
 Басыңды көтер, Жібекжан,
 Қалайын мен хош болып.
 Нәсілің артық бала едің,
 Еңбегім кетпес еш болып!
- «Шежіре туған Қаршыға
 Тауып айтты Жібекке
 Асыл сөздің жүйесін.
 Жалынып тұр ғой Қаршекем,
 Дидарымды бір көрсін.
 1200 Алыстан келген бұл жігіт
 Өдепсіз қыз деп жүрмесін.
 Шашы ұзын әйелдің
 Ақылы қысқа демесін».
 Көтеріп басын сыланып,
 Жіберді ашып күймесін.
- Есігін ашты Қыз Жібек,
 Амандасты бас изеп.
 Ұялғандай қымсынды,
 Көз жанары мөлдіреп.
 1210 Қайран қалды Төлеген,
 «Хордың қызы ма екен?» — деп.
 Қатарласып келеді,
 «Сөйлесейін біраз», — деп.

- Қыз Жібектің құрметі, —
Жаһаннан асқан сәулеті.
Ләйлі-Мәжнүн болмаса,
Өзгеден артық келбеті.
Үш қыз отыр қасында,
Кәмшат бөркі басында.
- 1220 Бейне бір бүгін толған ай,
Өзі он төрт жасында.
Оймақ ауыз, құмай көз,
Көз мейірімі қанып тұр.
Жібекті көріп Төлеген,
Ақылынан танып тұр.
Танадай көзі жалтырап,
Ағын судай ағып тұр.
Ақ меруерттей отыз тіс,
Қызыл тілін бағып тұр.
- 1230 Жай оғындай жалтылдап,
Тал отындай жанып тұр.
Ақ маңдайға жарасып,
Айдай қасы сүзіліп,
Тал садақтай иіп тұр.
Кірпігі сүйрік қылыштай,
Жүзінен нұры тамып тұр.
Дүрия жауһар сырғасы
Көтере алмай құлағы,
Шашбауы желде шалқып тұр.
- 1240 Жез құмандай тамағы,
Ақ торғындай үлбіреп,
Иісі жұпар аңқып тұр.

Қыз Жібектің дидары —
Қоғалы көлдің құрағы.
Көз жанарын қарасаң,
Бейіштің жаққан шырағы.
Бой сымбатын қарасаң,
Бектердің мінген пырағы.

- Қыз Жібектің ақтығы —
1250 Наурыздың ақша қарындай.

- Ақ бетінің қызылы
Қар үстіне төгілген
Ақ тауықтың қанындай.
Екі беттің ажары
Жазғы түскен сағымдай.
Лебізі шарап аңқып тұр
Бейіште зәмзәм суындай.
Қос білегі жұп-жұмыр,
Ақ балтаның сабындай.
- 1260 Төсінде бар қос алма,
Нар бураның санындай.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Іздеген ерке табылды-ай.
- Көз жанары жарқылдап,
Түнді жарық еткендей,
Нұр тұқымын сепкендей.
Сүймесе де көрген жан,
Мұратына жеткендей.
Өзі түгіл Жібектің,
1270 Өлігіне адам қызығып,
Бетінен келіп өпкендей.
Қыз Жібекті Төлеген
Нәсілінен танып тұр,
Жалыны оттай шалып тұр.
Тал шыбықтай бұралып,
Белі үзіліп талып тұр.
Тартқан сымнан жіңішке,
Үзіліп кетпей нағып тұр.
Базарбайдың Төлеген
1280 Арманы осы іздеген.
Ай ма десе, ай емес,
Күн бе десе, күн емес.
Он жеті жасқа келгенше,
Осындай сұлу көрмеген.
- Тал бойынан Жібектің
Тарыдай мін таба алмай.
Салтанаттан, байлықтан

Кемі жоқ ауызға алардай.
Кесірің бар деп бойыңда,
1290 Сөйледі біраз арындай:
— Асылсың, Жібек, асылдай,
Асылға көңілім тасыды-ай.
Ай жүзіңді көргенде,
Көңілім менің ашылды-ай.
Жібектен жауап алуға,
Келеді жүріп жақындай.

— Басыр, басыр, басырдай,
Ақ пен қызыл, жасыл-ай.
Басыңды көтер, Жібекжан,
1300 Төлеген жүр қасыңда-ай.
Өзіңді, Жібек, алмасам,
Бақытым қалар ашылмай.

Жібектің көрдік күймесін,
Күймеге таққан түймесін.
Қыз басыңмен алшаңдап,
Кесірің елге тимесін.
Атағың жұртқа жайылып,
Дос-дұшпаның күлмесін.
1310 Елден-елге таралып,
Әдепсіз қыз демесін.

Қыз Жібек сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Ондай болса, Төлеген,
Мен жайымды айтайын,
Осыдан өзің біл, — дейді.

Ағыным судай ағады,
Халқым қойдай бағады.
Бойымдағы кесірім
Саған кесір болса да,
1320 Өзіме майдай жағады.
Жалғыз атты жолаушы,
Жақындамай аулақ жүр,

Үстімдегі кесірлер
Таясаң саған жұғады.

Ат байлаған шағыл тас,
Арқама біткен қолаң шаш.
Қайдан жүріп кез болдың,
Қаңғырып жүрген бір қу бас.
Кесірім соғып кетпесін,
1330 Аулақ қаш, менен аулақ қаш!

Төлеген сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
— Қыз іздеген Төлеген,
Мал беріп сені алады,
Бұл сөзімді біл, — дейді.

Көңіліңе келіп қалмасын,
Сөзімнің айтам расын.
Сені Төкең алмасын,
Ал қойнына салмасын,
1340 Ақ төсіңе мінбесін,
Ақ бетіңнен сүймесін.
Отыз күн жасап ойының,
Қырық күн жасап тойыңды,
Еліне алып жүрмесін.

— Жақсы айтасың, Төлеген,
Айтқан сөзің осы ма?
Талай жігіт айтқан серт,
Келе алмаған қасыма.
Келе алсаң, кел қасыма,
1350 Шағи мамық басыңа.
Алуа шекер берейін,
Ішіп-жейтін асыңа.
Сөзіңе жетсең, Төлеген,
Жатар едім қасыңа.
Жете алмасаң сертіңе,
Сарқырап судай тасыма, —
Бар, дамбалым басыңа!

- Сөйлей берсе кетеді,
Сөздің сәні төгіліп.
- 1360 Жеңген жерде сөйлесем,
Тұрмайын мұнда кідіріп.
Құдалыққа адам сап,
Айттырайын кешікпей,
Елшіге кісі жіберіп.
- Келсең кел, — деді Қыз Жібек,
Сөз аяғын тұжырып.
Қаршығамен кеңесті,
Араға жүр, — деп, — өзіңіз.
Сіз білмейтін ақыл жоқ,
- 1370 Жағымды елге тіліңіз.
Бұл істе сізге сенемін,
Қалғанын өзің біліңіз.
- Төлегеннің сөзіне
Қаршыға мақұл болғаны.
Құдалыққа жүруге
Бұрыннан еді арманы.
- Төлеген мырза көңілді,
Айттырмақ болып Жібекті.
Өлтіріге апарар,
- 1380 Жинады малды, керекті.
- Екі жүз елу жорға алды
Артып жүрген жамбыға.
Жақындатып айдады
Сырлыбай ханның аулына.
- Жұмбақтап жауап беріп Жібек кетті,
Күн сайын Төлегеннен сабыр кетті.
Хан қызын айдалада төлкек қылған,
Бұл хабар еміс-еміс ханға жетті.
- Қызымды көш жөнекей мазақ қылған,
1390 Бұлар кім қаңғып жүрген сұм ниетті.

Үлгісіз, көргенсіздей мұның өзі,
Хан тұрып қаһарланып көрін тікті.
— Айдап кел, кім болса да өлтірем, — деп,
Бірталай жасауылын жіберіпті.

— Алып кел Қаршығаны байлап тірі,
Осы екен жол көрсеткен сұмның бірі.
Опасыз екібеткей жан екен ғой,
Көмемін өз қолыммен оны тірі.
1400 Басқасын өлтіріңдер тапқан жерде,
Көрсетіп қылмыстарын қалың елге.
Жарандар, бұдан ғибрат алыңдар, — деп,
Тыйым сап өсек айтып жүргендерге.

Естіпті Қаршыға да мұның жайын,
Айтады Төлегенге сөз ыңғайын.
Қамданып қапылыста құтылайық,
Болмаса, ертеңгі күн жаза дайын.

Қаршыға деді: — Айтайын мен бір ақыл,
Қобалжып көңіліңе алмай, көрсен мақұл.
Әуелі хан алдына өзің барып,
1410 Болған істің мән-жайын баянат қыл.

Төлеген мақұл көрді тұрмай ойлап,
Кешіксе, істің арты қандай болмақ.
Түспекші хан ауылына өзі барып,
Келдім деп «өлтірі алып, қалың айдап».

Жөнелді хан ауылына малын айдап,
Асыл киіп, аттарын мінді сайлап.
Арттырып бес түйеге алтын-күміс,
Берем деп өлтіріге әтей арнап.

Түстік жер хан ауылына қалған кезде,
1420 Кеп жетті жасауылдар андағайлап:
— Ханымыз қатуланып қалған екен,
Сендерді әкел деді қолын байлап.

— Естіп ек кеше біз де бұл хабарды,
Кешірім келеміз біз ханнан сұрап.
Төлеген жасауылмен бірге келді,
Мал айдап, жүгін артып, ұбап-шұбап.

- Ордасы Сырлыбай ханның сегіз қанат,
Жарасқан хандығына көп салтанат.
Ауылының сыртында бір төбеде
1430 Отырған кәрі-жасы өңкей манап.
Олардың ортасында Сырлыбай хан,
Бергендей жамағатқа ақыл санап.
Олардан ауыл жөнін сұрамаққа,
Төлеген қарсы жүрді жанасалап.
Олар да жалт қарады таңырқау боп,
Қарасты алды-артына қадағалап.
«Бұлар бір алыс жердің адамы ғой,
Жүр екен мұнша жылқы неге айдап?»
Қаптатып бір беткейге жылқыларын,
1440 Төлеген сәлем берді қарсы барып:

— Ассалаумағалейкум ақсақалға,
Отырған үлкен-кіші барлық жанға.
Баласы Базарбайдың Төлегенмін,
Келемін алыс жолдан батып шаңға.
Теңім тауып қалыңдық айттырам, — деп,
Көп жылқы айдап жүрмін қалың малға.
Бес түйе алтын-күміс өлтірім бар,
Беремін бұл аз болса мен тағы да.

- Уағаләйкум әссәлам, жаным балам,
1450 Жүріпсің ат жаратып бәрің тамам.
Алыс жерден келіпсің ат арытып,
Сөйлей бер жұмысыңды құлақ салам.

— Ойлаймын келе жатып ақыл-айла,
Таба алсам орынды ақыл жанға пайда.
Ат өксітіп келемін соның үшін,
Жібек сұлу дегеннің ауылы қайда?!

- Бөріңіз бірден бедеу мініпсіңіз,
Тамаша ойын-күлкі жүріпсіңіз.
Жібек сұлу дегеннің ауылы жақын,
1460 Бар еді әлдеқандай жұмысыңыз?
- Көріп ем Жібек қыздың бұрын түсін,
Бітпеген еш пендеге мұндай мүсін.
Қаршекем арамызға жүрмек болған,
Келемін ат жаратып соның үшін.
- Тіккені саудагердің қосы ма екен,
Жақынынан айырар досым ба екен?
Кешегі Төлегенді жамандаған,
Көп дұшпан көре алмаған қасым ба екен?
1470 Жібегім тисе тисін, өз теңі екен,
Кешегі айтқан Төлеген осы ма екен?
Жібекжан Төлегенді жаратыпты,
Жібегім енді өлмесін білген екен.
Патшаның шаһизада баласындай,
Төлеген Жібегіме теп-тең екен.
Ризамын, жарайды, Қаршығаға,
Бағалап өз теңіне берген екен.
Татиды Жібегіме сенің бағаң,
Саған да көңілім толды-ау, жаным балам.
1480 Ақсақал ақ самайлы, ұрпақты бол,
Алдыңда бақ, аузыңда болсын тағам.
Қызықтым көп жылқының өң-түсіне,
Бересің қалың мал қып бәрін маған.
Той қылам неше күндей ұлан-асыр,
Көңіліңе кір келтіріп болма алаң.
- Сонымен құдалықтың сөзі бітті,
Арнаулы тойға деген үйін тікті.
Ел-жұртты жиып алып неше күндей,
Сырлыбай хан өлтірі тойын қыпты.
Төлеген бір жотаның тасасына,
1490 Шатырын оңашалау жерге тікті.
Өнерпаз жігіттерді жиып алып,

Өр күні салтанатпен сауық қыпты.
Баталы ақ сарбасты тойға сойып,
Төлеген Қыз Жібекті айттырыпты.
Кетті деп айтқан сөздер салауатқа,
Басына Қыз Жібектің ноқта іліпті.
Өлтірі беріп жата ма өлі күйеу,
Келер деп жеңгелердің жолын күтті?!

1500 Қызықпенен талай күн өтіп тұрды,
Төлеген күнде сауық құрып тұрды.
«Жібекке жеңге болып ап келем» деп,
Өр күні талай қатын келіп тұрды.

Көрсетіп жомарттығын келгендерге,
Бөріне бірден жорға беріп тұрды.
Қырық жорға алыпты қырық қатын,
Қуанып шеттерінен күліп тұрды.
«Шынында мырза екен ғой Төлеген», — деп,
Өңгіме ел ішінде болып тұрды.
Жібекті олар қолға түсіре алмай,
1510 Мыстары бірден-бірге құрып тұрды.

Бір сыр бар бұл арада сөзді бұзған,
Азырақ мәнісі бар көңілге ерген.
Көп жігіт ғашық екен Қыз Жібекке,
Төрт бөліп түн ұйқысын үһілеген.

Бұлардың саны алпыстан артығырақ,
Алам деп Қыз Жібекті дәмеленген.
Қалыңдық айттырмаған сол себептен,
Жібектен күдер үзбей көңілденген.
Бұлар да өз елінің серкесі еді,
1520 Басы артық топ ішінде мен-мен деген.

Басшысы осылардың — Бекежан қу,
Жиып ап көп жігітті көтерген ду.
Айлакер, сайқал еді елден шыққан,
Қатыгез, діні қатты, тілі бір у.

Жүреді батырсынып елден артып,
 Дандайсып, мергенмін дейт қару артып.
 Жиып ап нөкерлерін кеңес етті:
 — Мен бір ақыл табам, — деп айтты шалқып.

Ол айтты:

— Ей, жігіттер, қара маған,
 1530 Ойланып мен бір ақыл даярлағам.
 Өлтірсек Төлегенді бітті жұмыс,
 Кім шығар істің артын қуғындаған.

Төлеген соныменен жоғалады,
 Ісіміз одан кейін оңалады.
 Өрқайсың өз аузыңа берік болсаң,
 Көрмесе, құр күмәнмен не қылады?

Жанашыр жақыны жоқ бір жолаушы,
 Көнеріп күн ұзарса, іс тынады.
 Толған айдай перизат Қыз Жібекті
 1540 Бағы жанған біреуіміз қолға алады.

Жайықтың ай мен күні, нұр жұлдызы,
 Еркесі еліміздің, сұлу қызы.
 Намысы елдің, ердің қозғалады,
 Жолаушы алып кетсе жалғыз ізді.

Шектіде жігіттердің серкесіміз,
 Бәріміз бір-бір байдың еркесіміз.
 Төлеген Қыз Жібекті алып кетсе,
 Жақсы ғой тіріліктен өлгеніміз.

Өлтіру қиын болар күндіз оны,
 1550 Жанында нөкері көп күндіз-түні.
 Отауда Жібекпенен отырғанда,
 Оңаша өлтірейік бір күн түні.
 Елге келер, я кетерде жолдан тосып,
 Өлтірсек айдалада білмес мұны...

Осылай кеңесіпті алпыс жігіт,
Бәсеке, бақ таласқан өңкей мүрит.
«Бәрібір Жібек маған тимейді» деп,
Жоқ емес жүргендер де үзіп үміт.

1560 Жата ма жаман хабар жар астында,
Айтысар сыбайластар оны сыр қып.
Естіген бірен-саран жай жүргендер,
Айтыпты Төлегенге құпия қып.

Төлеген білді бұл сырды-ай,
Сенеді кімге бұл күнде-ай.
«Жат жер, жат ел жүргенім,
Басар ма ажал бір күн-ай?
Қаршығаны шақырып,
Айтайын мұң-зарымды-ай.
1570 Алпыс жігіт мені аңдып,
Өлтірем деп жүріпті-ай».
Жүдеп-жадап сарғайып,
Мұңын айтып күрсінді-ай.

Қаршыға сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Сағың неге сыныңқы,
Айтшы, жаным, сен, — дейді.

Көлге біткен құрағым,
Суырылып озған пырағым.
Естідің бе жат хабар,
1580 Айтшы маған, шырағым?!

Ақ орда болды кіргенің,
Қызық дәурен сүргенің.
Ешбір пенде көрген жоқ,
Бұл күнде сенің көргенің.

Біреудің тілі тиді ме,
Суықтан тұмау тиді ме?

«Қаңғырып жүрген неме» деп,
Мазақ қып біреу күлді ме?

1590 Айтшы, жаным, сырыңды,
Білейін мен шыныңды.
Неге сонша мұңайдың,
Қорқып қалдым, Төлеген,
Көргенде сенің түрінді.
Ертелі-кеш, таңертең
Жад етемін пірімді.
Айтшы, жаным Төлеген,
Көңілдегі кіріңді?

Сөйлейді сонда Төлеген:
— Мұндай іс бұрын көрмегем.
Жігіттері еліңнің,
1600 Көңілі жаман не деген?!
Жібекке ғашық көп екен,
Іштері толған у екен.
Қыз Жібектей сұлуды
Аламын деп жүр екен.
Төлегендей мырзанды
Өлтірем деп жүр екен.

Жалғыз жатқан жерімде,
Алады олар кегін де.
Жолаушымын, жалғызбын,
1616 Олар мықты елінде.
Жанашыр, жақын менде жоқ,
Қалмай тұр менде сенім де.
Басыма іс түсіп тұр,
Есіңде болсын тегінде.

— Асуда-асу бел, — дейді,
Аса бір соққан жел, — дейді.
Өлтіретін кім екен,
Кереметін көр, — дейді.
Мен тұрғанда бұл жерде,
1620 Амандыққа сен, — дейді.

Шатырда жатпай, Төлеген,
Қасыма менің ер, — дейді.
Ауылға сені апарып,
Жатқызайын мен, — дейді.
Қасыңа келсе бұл иттер,
Сазайын берем мен, — дейді.

1630 Қаршығаның бұл сөзін
Төкең мақұл көреді.
Алдыртып атын мінеді,
Алты шекті елінде
Қаршығаға сенеді.
Талма түстің кезінде
Шатырдан шығып Төлеген
Қаршығаға ереді.
Іркілместен екеуі
Ауылға жетіп келеді.

1640 Сырлыбай ханның алты ұлы,
Алтауы да бек еді.
Ең кішісі — Жиренбай,
Артықша туған ер еді.
Биыл түскен отауы,
Соған таман жүреді,
Жаңа түскен отауға
Әдеппенен кіреді.

«Ерте жатып, кеш қон» деп,
Жеңгесіне құрметтеп,
Қайтпақшы болды Қаршыға,
Төлегенге «қош тұр» деп.

1650 — Өзен судың шеті жар,
Қысаңды жердің жолы тар.
Айналайын, Қаршеке-ау,
Тағы бір меңде тілек бар.
Етегін ұстай түрегеп,
Қаршығаға қылды зар:

— Мінгенде атың кер, — дейді,
Шапқанда шығар тер, — дейді.
Анықтап бір күн көрейін,
Жібекті әкеп бер, — дейді.

1660 Өткенде бердім қос жорға,
Берейін бүгін үш жорға.
Бесеу қылып мін, — дейді,
Тірі жүрсең жалғанда.

1670 Төлегеннің тілегін
Қаршыға мақұл көреді.
Күдіктенбей, іркілмей,
Жібекке жетіп келеді.
Бұраң етіп, жалт етіп,
Қаршығаны көреді.
Қуаныш бар жүзінде,
Қаршыға дереу сезеді.
Тілі өткір майталман,
Келіп сөйлей береді:

1680 — Айналайын, Жібегім,
Шыныдан аппақ сүйегің.
Осы емес пе еді, қарағым,
Құдайдан сенің тілегің?
Дидарыңды көргенде,
Қуанды менің жүрегім.
Бір сырым бар айтайын,
Бер қарашы, Жібегім.

Асылсың, Жібек, асылдай,
Асылға әркім бас ұрды-ай.
Қуаныш сезіп жүзіңнен,
Көңілім сондай ашылды-ай.

Байыпты болар ақылды,
Ақылды сөзі татымды.
Шеттегі отау ішінде
Биыл түскен жеңешең
Қарағым, сені шақырды.

1690 Жарасар асыл киім-ай,
Белінді байлап түйін-ай.
Шақырғанда бармасаң,
Енді маған қиын-ай.
Той болар ертең басыңа,
Болады ұлы жиын-ай.
Затың әйел, қарағым,
Ата-анаңның мұрасы —
Алдыңда тұр ғой сыйың-ай.

Қыз Жібек сонда сөйледі,
1700 Сөйлегенде бүй дейді:
— Жеңешем мені шақырса,
Өзі неге келмейді?
Өзің шешен, батырсың,
Қиын іске ақылсың.
Қылды қылға жалғаған,
Не деген ұста көпірсің!
Өткенде алдың қос жорға,
Бүгін алдың үш жорға.
Аларға амал табуда,

1710 Сенен асар жан бар ма?
Қалауын тауып қар жағып,
Алудың жөнін тапқанда.
Мінген атың қарагер,
Барайын, өзің бара бер.
Шақырғанда бармасам,
Қаршекем тілін алмасам, —
Ақыры бір күн болармын
Сол жігітке қызметкер.

Асыл киім киінді,
1720 Белін байлап түйінді.
«Шақыртып тұр ол жігіт,
Бармасам болмас тиімді.
Жалынып тұр ғой Қаршекем,
Бармай қалсам қиын-ды.
Абиыр алсын Қаршекем,
Айтқан сөзі сиымды».

- Күндізгі шаңқай түс еді,
Бармаса болмас іс еді.
Кереуеттей алтын тақ,
1730 Тиндей ырғып түседі.
Қаршығадан басқаның
Жібектен жауап алмағы —
Қиын-қыстаң іс еді.
Асып туған анадан
Шаһизада¹ кісі еді.
- Ақ маңдайы жарқырап,
Танадай көзі жалтырап.
Үйден шықты Қыз Жібек,
Алтынды кебіс сартылдап.
- 1740 Кермаралдай керіліп,
Сары майдай еріліп,
Тәңір берген екі аяқ,
Бір басуға ерініп.
- Құнан қойдай бой тастап,
Жүйрік аттай ойқастап.
Қалмайын деп ұялып,
Жан-жағын қарап байқастап.
- Қылаң етіп қылт етіп,
Сылаң етіп сылт етіп,
1750 Көре алмас күндес елде көп,
Жүрмесін деп күлкі етіп.
- Атқан оқтай жылысып,
Ор қояндай ығысып.
Еркіне ердің түскенін,
Ішінен сезіп, білісіп.
- Көрінген көзге дүниенің
Баршасынан безініп,

¹ Шаһизада — хан баласы.

- Мықындары былқылдап,
Буындары сылқылдап.
1760 Әсем басып келеді,
Тау суындай сылдырап.
Омырауда алтын теңгелер,
Сүмбіледей жылтылдап.
- Нұр шетінен пішкендей,
Сағымы жерге түскендей.
Қыз Жібектің екпіні,
Бейіштен самал ескендей.
Бір көрген адам дидарын,
Шыбын жаннан кешкендей.
- 1770 Нұр есігін ашқандай,
Іңірде шайтан қашқандай.
Ат көтермес сәулетін,
Бес түйеге артқандай.
- Ғашық жарын көрмекке,
Қызмет етіп бермекке.
Бұрала басып келеді,
Бөленіп қанша сәулетке.
- Ауыл алды бел еді,
Жүріп жатқан ел еді.
1780 Келе жатқан Жібекті
Жеңгесі шығып көреді:
- Әй, күйеужан, күйеужан,
Келе жатыр Бикешжан.
Қай жағыңа отырар —
Бүгіннен бастап саған тән?!
- Алдынан шықты жеңгесі,
Сылдырап алтын теңгесі.
Жетелеп ап жөнелді,
Көрмесін деп өзгесі.

1790 Ұялып кілт тұрыпты,
Езу тартып күліпті.
Талма түсте Қыз Жібек,
Төлегенмен кезікті.

Падишадай айбынды,
Қас батырдай айдынды.
Отыр еді Төлеген,
Нұр шашып үйге сағымды.

Молдалар басы қосылса,
Мәселе кітап оқиды.
1800 Насихат айтып жақсылар,
Ақылмен өнер тоқиды.
Асыл туған Қыз Жібек
Төлегеннің мойнына
Асыла келіп отырды.

— Келдің бе, Жібек, қасыма,
Отыра кеттің асыла.
Кешегі сәлдең қай жақта,
Той болды салсаң басыма.
Жеңдің бе, сен, жеңілдің,
1810 Жеңген жерім осы ма?

— Қынама мешпет қынадым,
Өзіл айтып сынадым.
Әлі ұмытпай жүрмісің,
Төлеген мырза, шырағым?!
Есімде менің қалмапты,
Құйма екен сенің құлағың.

Екі ғашық қосылса,
Ел тамаша қылады,
Өңгіме дүкен құрады.
1820 Екеуінің түріне,
Елі қайран қалады.

Жеңгелер жүр сызылып,
Қызметін қып үзіліп.

Қыз-бозбала жездесін
Көреміз деп анталап,
Қарайды сырттан сүзіліп,
«Бәрекемді, пар!» десіп,
Таңырқап бәрі қызығып.

1830 Ақ отауда Төлеген
Сырласып отыр Жібекпен.
Күйеуге төсек салуға
Жеңгелер жүр күзеткен.

Күн ұяға кірген соң,
Қараңғылық ілген соң.
Төсек салды жеңгелер,
Жатар уақыт болған соң.

1840 Көңілі іштей ұғады,
Жеңгесі үйден шығады.
Асыл туған Қыз Жібек,
Жездеміздің қойнына
Назданып барып құлады.

Әзіл айтып күледі,
Құшырланып сүйеді.
Өлтірісін берген соң,
Өлі күйеу жатар ма,
Мұны Жібек біледі...

1850 Шілденің таңы қысқа таң,
Соншама тез атар ма?
Жаздың ұзақ күндері,
Зарықтырмай батар ма?
Үш ай ойнап қалыңдық,
Ойланды бір күн қайтарға.

«Көктемде келдім бұл жерге,
Айналды, міне, жаз-күзге.
Сағындым ата-анамды,
Қайтайын беттеп енді елге».

Базарбайдың Төлеген,
Ата-анасын сағынып,
Еліне қайтпақ болады.
1860 «Көктемде тағы келем», — деп,
Қайтпаққа сапар қылады.

Ішінен тынып Қыз Жібек,
Сағы біраз сынады.
Айтайын деп оңаша,
Көңілінде бір іс тұрады.

Басылмаған құмары,
Көзінен қайтып қияды.
Шақырып алып жеңгесін,
Өңгіме дүкен құрады:

1870 — Өзің бір жақын жеңгемсің,
Омырауда алтын теңгемсің.
Бір сырым бар айтайын,
Көңіліңе қаяу келмесін.
Ұйқыдан шошып ояндым,
Қайтейін айтып өңгесін.
(Сырласып тұрған жеріне
Келтірмейді өзгесін).
Төлегенге барып айт,
Қапыда қалдым демесін.
1880 Тілімді алса Төлеген,
Биыл қыста жүрмесін.

Өзің сұрап біліп кел,
Ата-анасы бар ма екен?
Жал-құйрық жоқ артында,
Қаңғырып өскен жан ба екен?

Саясы жоқ бәйтерек,
Сазға біткен тал ма екен?
Қай елден келді, қайсы ру,
Баратын жері қай мекен?
1890 Үш ай көрген қызығым,
Көрген түспен тең бе екен?

Бүгін түнде түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Төлеген мінген Көкжорға ат
Ер-тоқымсыз бос көрдім.
Қайсы бірін айтайын,
Көргенде түсті қос көрдім.

Ауылым қонған Ақжайық,
Жағалай біткен бидайық.
1900 Алдымда жанған шырақты
Біреу үрлеп өшірді, —
Көзімнен болды сол ғайып.
Қолымдағы түйғынның,
Заулап көктен қарақұс
Желкесін қиды бір қағып.
Пендем десең, Құдай-ай,
Бұл түс емес еді ғой,
Көруге маған лайық.

Төлегеннің мен білдім,
1910 Бұл кеткеннен келмесін.
Жарық дүние — опасыз,
Білдім көзге ілмесін.
Төлегенге барып айт,
Биыл қыста жүрмесін.
Төлегеннің мен білдім,
Бұл жерді қайтып көрмесін.
Мұндай қорлық жеңеше-ау,
Тірі күнде Құдайым,
Еш пендеге бермесін!

1920 Жеңгесі кетті бұралып,
Асықпай басып бір қалып.
Сылдырап алтын теңгесі,
Қасына барды ырғалып.

Базарбайдың Төлеген,
Атын ерттеп жүр екен.

Жеңгесі барса қасына,
«Неғып жүрсің?» демеген.

Жеңгесі сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
1930 — Қайсы бір ру, қай жерден,
Ата-анаңыз кім? — дейді.
Жанашыр, жақын жал-құйрық,
Артыңда бар ма, кім? — дейді.
Сабыр қылып тыңдасаң,
Айтайын мен бір сыр, — дейді.

Бикешжан бүгін түс көрді,
Түсінде жаман іс көрді.
Астыңдағы Көкжорға ат,
Ер-тоқымсыз бос көрді.
1940 Айтарым бар тағы да,
Көргенде түсті қос көрді.

Ауылым қонған Ақжайық,
Жағалай біткен бидайық.
Алдында жанған шырағын
Біреулер үрлеп өшірді,
Болмапты қайтып ол жарық.
Қолындағы тұйғынның
Желкесін қиған бір ғайып.
Тілімді алсаң кетпегін,
1950 Құдайға біз де жылайық.
Ойнап-күліп сауық қып,
Бір қыс бірге тұрайық.
Мал мен басты жолыңа,
Құрбандыққа қияйық.
Қайтпа биыл еліңе,
Тілегіміз лайық!

— Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
Мінезің сенің өзгеше-ау.
«Түс түлкінің боғы» дер,
1960 Әр нәрсе ойлап, демеші-ау.

Жаратқан мені бір Құдай,
Өлім десе көңілім жай.
Ажалдан адам құтылмас,
Тәңірі жазса осылай.
Кіші жүз деген жерім бар,
Жағалбай атты елім бар.
Атам атын айтайын —
Халықтан асқан Базарбай.

1970 Қой ішінде марқа еді-ай,
Омырауы толған алқа еді-ай.
Шешем атын айтайын —
Алпыс жаста Қамқа еді-ай.
Сансызбай атты інім бар,
Жібегім неден қорқады-ай?

Жаман-жақсы дабыры,
Алланың болар әмірі.
Жалғыз ағаш кесілсе,
Қурап қалар тамыры.
Сегіз жаста інім бар,
1980 Кетпесін Жібек сабыры.
Үйде де болса өлемін,
Ажалдың жетсе тағдыры.

Қараша болып, жауды қар,
Дұшпандардың пейілі тар.
Сәлем де, Жібек қорықпасын,
Артымда құйрық-жалым бар.

Тәңірім тілек береді,
Енді қыс боп келеді.
Елімде Шеге ақын бар,
1990 Ақылға біткен кен еді.
Өзі көсем, өзі ер —
Жоқ еді елде теңі енді.
Олай-бұлай боп кетсем,
Сансызбайға басшы боп,
Еліңізге келеді.

Қособа деген үлкен көл,
Арғы жағы — құмды шөл.
Барып келем осымен,
Маған лайық төте жол.

2000 Қар жаумайды жеріне,
Мұз қатпайды көліне.
Үйрек пенен қаз қыстар,
Күнгейлі қоңыр беліне.

Құстар қайтып барады,
Аспанда қиқу салады.
Көктемде қайта оралып,
Жаз жайлауын табады.

2010 Құспен бірге кетемін,
Төте жолмен жетемін.
Ұмытпайды құс тағы
Өзінің қыстар мекенін.

Сонда бірге келемін,
Одан басқа не дейін.
Ажал жетсе өлемін,
Бейнетім болса көремін.
Уағдам сол айтатын —
Көктемнен қалмай келемін.

2020 Тірі болса жанымыз,
Бұзылмаса өмір сәніміз.
Көрісейік көктемде,
Үлкен-кіші бәріміз.
Үмітсіз — сайтан ісі ғой,
Тартсын тұз бен дәміңіз!

Атына мінді «жүрем», — деп,
Жеңгесіне «сау бол», — деп.
— Жібекке сәлем айта бар,
Көктемнен қалмай келед, — деп.

- Қайтып келді жеңгесі,
Сылдырап алтын теңгесі.
2030 — Мынау болды, шырағым,
Төлегеннің кеңесі:
«Түс түлкінің боғы» деп,
Табылды оңай теңесі.
Түс деген әр қыл болады,
Бикешжан, түске ермеші.
Бұдан кейін, жаным-ау,
Осындай түсті көрмеші!
- Күрсінді ауыр Қыз Жібек,
Жауап қатпай «пәлен» деп.
2040 Жадырамай мұңайып,
Ішінен жүрді ол жүдеп.
- Төлеген жетті еліне,
Туып-өскен жеріне.
Ата-анасы қуанды,
Хан мен қара, бегі де.
Ұлан-асыр той жасап,
Ел жиналды төріне.
- Әкесі сұрар сөз ашып:
— Алысқа бардың тау асып.
2050 Не көрдің, балам, не білдің?
Айтып бер жұртқа тауысып.
Құрышы қансын құлақтың,
Отырмыз саған қарасып.
- Ел сұрайды көргенін,
Қайда барып келгенін.
Жат жерге барып, жат елде,
Не істеп, не білгенін.
- Тыңдады жұрт құлақ сап,
Отырды жақын жуықтап.
2060 «Е, қарағым, жарайт», — деп,
Отырды бәрі ұқыптап.

Сансызбай болса сегізде,
Отырар сөзді ол тыңдап.

Төлеген айтты жүргенін,
Жақсы-жаман көргенін.
Айттырып асқан бір сұлу,
Қалың беріп келгенін.

2070 Ұлы жүз деген¹ жер екен,
Алты шекті елі екен.
Осы бір елді билеген,
Сырлыбай деген хан екен.
Осы ханның кенжесін
Жібек сұлу дейді екен.

Аты Жібек сұрасаң,
Қалың бердім осыған.
Бір жыл жүріп сол жақта,
Сонымен болды тамашам.

2080 Келіннің аты осы екен,
Көргеннің көңілі хош екен.
Шарласам да жер жүзін,
Мұндай сұлу жоқ екен.

Тыңдап отыр әкесі,
Сөзінің жоқ қатесі.
— Айттырғаның, қарағым,
Ханның қызы, еркесі.
Құтты болсын! — деді қарт,
Ұзын сөздің келтесі.
— Әкелесің қашан? — деп,
Сұрай қалды шешесі.

2090 Әкенің көңілі шарықтап,
Әр нәрсе ойлап қалықтап.

¹ «Кіші жүз» болуы керек. Мәтінде осылай. Шежіре бойынша алты шекті — Кіші жүз Әлім бірлестігіне жататын ірі тайпаның аты.

Қайныңа қашан барасың,
Әкелесің қашан? — деп,
Сұрай қалды анықтап.

— Көктемде қайта жүремін,
Қабыл болса тілегім.
Жаз ортасы той жасап,
Келініңді алып келемін.
2100 Кеңесіп кетер кезімде,
Уәде осы дегемін.
Орынсыз іс дегеміз,
Басқаның пәлен дегенін.

— Жүргенің алыс жол екен,
Көргенің, балам, көп екен.
Ғашық болып Жібекке,
Жүрген жігіт жоқ па екен?
Саны қанша көп пе екен?
Ақыл айтар ішінде,
Жөн білері жоқ па екен?

2110 — Жібекке ғашық көп болып,
Түн ұйқысын төрт бөліп.
Алпыс жігіт бар екен,
Күйіп-жанған өрт болып.
Сөйлесерге сөз жетпей,
Айттыруға қол жетпей,
Алпыс жігіт жүріпті,
Төңіректеп түлектей.

2120 Бекежан деген бастығы,
Жақынға жоқ достығы.
Айлакер екен қаскүнем,
Жаннан артқан қастығы.

Қасында көп нөкер бар,
Жібекке ғашық болған зар.
Маған да қастық қылам деп,
Қыла алмай қалған жері бар.

Ғашық болып Жібекке,
Алпыс жігіт аңсаған.
Жолы алыс, елі жат,
Дұшпаным көп досымнан.
2130 Айналайын, жан әке-ау,
Әр нәрсе ойлап жасымаң.

Ұғып отыр Базарбай,
Сөздің артқы тиегін.
Ойға батып ол шұңқыр,
Кемсеңдетіп иегін.

Төлегенге қарайды:
— Жарайды алған Жібегің.
Бақытты істің артында,
Бақытсыз іс те жүреді,
2140 Есіңде болсын, қарағым.
Біліп тұр менің жүрегім,
Берер болсаң айтайын,
Бар менің сенен тілегім.
Ой түсіріп айтайын,
Бұл қалай іс демегін.

— Есіктің алды көк жота,
Ойнақтайды жас бота.
Тілегің сенің не болды,
Айтып берші, жан ата?
2150 Тілегіңді берейін,
Бере гөр маған шын бата!

— Өзеннің бойы жар, — дейді,
Жайылған қаптап мал, — дейді.
Келер жыл барма қайныңа,
Келесі жылы бар, — дейді.

Екі жыл өтсін арада,
Дұшпанды оңай санама.
Күн өткен сайын торығып,
Күдерін үзсін олар да.

- 2160 Көп ойланды Төлеген:
«Іс болды бұл не деген?
Арсыз адам болмай ма
Уағдаға көңіл бөлмеген.
Қыз Жібектің уағдасы —
«Көктемнен қалмай кел» деген.
Жеңгесінің алдында
«Көктемде келем мен» дегем.
Елі-жұрты күлмей ме,
«Уағдасыз жас деп не деген?!».
- 2170 Өтірік айтса бола ма,
Тірі жүрсе адам өлмеген?
«Асқан сұлу Жібек» деп,
Қалың мал беріп келген ем.
Алпыс жігіт ғашық, — деп,
Айтыппын бар деп үнілеген.
Айтпасам сөздің расын,
Болар ед әкем білмеген.
Аңғал басым аңқылдап,
Беріппін тілегін тілеген.
- 2180 Өзіме-өзім тұсау сап,
Жолымды өзім күрмегем.
Жібекке өтірік айтуға,
Көңілім, сірә, көнбеген.
Атама өтірік айтайын,
Жолымды тосып бөгеген».
- Айналайын, жан ата,
Сөзіме құлақ сал, ата.
Он екі ай көрмей жүзінді,
Келіп едім сағынып,
- 2190 Шекерден тәтті, бал ата.
Теңдесі жоқ дүниеде,
Мейірімің тәтті, сен ата.
Алтын қазық артымда,
Тірегімсің, ей ата.
- 2200 Бәйтеректей мәуелі,
Көлеңкең маған сая, ата.

Бір өтірік айттым мен,
Кешіре гөр, жан ата!

Көк ат міндім тағалап,
Жолсыз жер жүрдім жағалап.
«Бір сұлу қыз алам» деп,
Көп ел кездім аралап.
Қабыл болмай тілегім,
Қайтып келдім сағалап.

2210 Барып едім шығысқа,
Елден шығып алысқа.
Қызы сұлу деген соң,
Ұзақтан келген дабысқа.

Елімнен артық елі жоқ,
Жерімнен артық жері жоқ.
Адамға өтірік айтқызған,
Баянсыз өмір дүние боқ!
Ақтарсам да жер бетін,
Сізге лайық келін жоқ.

2220 Мұңлық пен Зарлық қайдағы,
Дүрия тұр ғой шағи жоқ.
Келініңіз Жібек, — деп,
Өлтірі, қалың бердім, — деп.
Ұялғаннан айтып ем,
Қызық дәурен сүрдік, — деп.

Айтқан сөзім — өтірік,
Өтірік түбі — есірік.
Өтірікті көп айттым,
Қызыл тілім шешіліп.

2230 Алтын-күміс апарғам,
Керегіме ұстағам.
Қалағанға қарызсыз,
Сұрағанға сұраусыз,
Беріп бәрін тарқатқам,
Болсын деп өмір садағам.

Айдап барған малымды,
Алдымдағы барымды.
Тілеу қылып жұрт жидым,
Сындырмады Алла сағымды.

- 2240 Жаз өтті, қыс, күзімен,
Қайтып келдім ізіммен.
Айттырам енді қалыңдық,
Елімнің сұлу қызымен.

Ашуланды Базар қарт:
— Сөзіңді өтірік аулақ тарт!
Теріс бата беремін,
Тәуекел Алла қылдым шарт.
Тұз сеуіп, бата беремін,
Жолыңды тоссын кесапат.

- 2250 Жуа шықсын жолыңнан,
Дұшпаның шықсын оңыңнан.
Айдалада атың арып,
Түк келмесін қолыңнан.
Сұраусыз кеткен малдарым,
Шаян боп шақсын жоныңнан.
Алтын мен күміс апарған,
Оқ боп тисін солыңнан.

- 2260 Бұл барғаннан келмесін,
Қызық дүние көрмесін.
Көмусіз қалып далада,
Қарға, құзғын жем қылсын.
Тоғыз ұлдан да айрылғам,
Одан да артық сенбісің?!

Бұл барғаннан келме, — деп,
Қызық дүние көрме, — деп.
Шығарды жарлық еліне,
Төлегеннің жанына
Ешбір пенде ерме, — деп.
Ерген адам тегінде,

1270 Менен жақсылық көрме, — деп.
Қашқанын көрсең далада,
Ұстап әкеп бергін! — деп.

Есіктің алды белес пе,
Белеске түскен елес пе.
«Ашуланды көрі әке,
Онымен енді егеспе.
Жазғаны болар Алланың,
Пендемен қылар кеңес пе?
Көктемнен қалмай барамын,

2280 Уағдамыз осы емес пе.
Жібекке өтірік айтқаннан,
Өлгенім жақсы емес пе?

Әке көңілі — алтын жаз,
Бүгін болды сары аяз.
Мұз қатырды көңілге,
Пайдасыз енді қылса наз.

Қарғаса әке оқпен тең,
Қарғаса шеше жоқпен тең.
Әкенің тілін алмаған,
2290 Өлік болар дертпен тең.
Ғашықтың дерті жаман дерт,
Жүректі шалған өртпен тең.
Уағдаға жетпеген,
Табанға басқан шоқпен тең.

Айналайын, Жібегім,
Шыныдан аппақ сүйегің.
Көктемнен қалмай кел деген,
Осы еді сенің тілегің.
Дидарыңды көргенше,
2300 Сарғайып әбден жүдедім».

Қыс өтсе, көктем келеді,
Алла ризық береді.
Қару-жарақ, ат-азық,

Даярлап бұрын жүреді.
Алтын мен күміс қоржындап,
Тірі жанға сездірмей,
Белгілі жерге көмеді.
Жалғыз бауыры Сансызбай
Еркелеп ойнап жүреді.

- 2310 Жібегін ойлап тасиды,
Әкені ойлап жасиды.
Көктемнің күтіп күндерін,
Өткізді сөйтіп неше айды.

Күндер өтті арада,
Жүреді ойнап далада.
Көктемнің желі дымқыл жел,
Қыбыладан соқты жанама.
Қаңқылдаған қаз дауысы,
Естілді көктем жағада.

- 2320 Есіне түсті бауыры,
Мүмкін емес қалуы.
Жөн көрмеді бұл істі,
Басқаға ақыл салуды.

Орынсыз іс о дағы-ай —
Әкенің тілін алмауы.
Қаһарынан қорқып әкенің,
Еліне ақыл салмауы.
Арманы сол, айтары,
Қайтқан қаздан қалмауы.

- 2330 Осы бір қайтқан қаздардың,
Қособа деген жайлауы.
Осымен бірге кетейін,
Қособадан өтейін.
Алты қаз менің серігім,
Бұлардан қалып нетейін?
Байлады белін түйініп,
Асынып қару қиініп.
Тығып қойған жерінен,

2340 Қоржынды алды жиынып,
Жолдас ертпей салт атпен,
Жүрмек болды түйіліп.

Қособа деген төте жол,
Жері күдір, жолы шөл.
Мәдет берсе бір Құдай,
Пендесіне ризық мол.
«Көктемнен қалмай келем» деп,
Жібекке қылған уағда сол.
«Көзіме елес көрініп,
Көңілімде де аян тұр —
2350 Қайтпаймын тірі осы жол».

Жағалбайлы халқынан,
Жасырынып жұртынан.
Жабдықтап атын мінеді,
Гауһарланған алтыннан.
Жалғыз өзі жөнелді,
Жолдас ермей артынан.
Тоқтар емес қайырылып,
Бір ғашықтың зарпынан.

2360 Сабыр қылып тұрмады,
Дүниеге бетін бұрмады.
Жалғыз бауыры Сансызбай
Артынан еріп жылады.

Рақым түсіп осыға,
Бауыр деген осы ма.
Қу бауырды қия алмай,
Қайрылып келді қасына.
Іші-бауыры елжіреп,
Пәруана болды басына.

2370 Сансызбай келді жүгіріп,
Аш күзендей бүгіліп.
Төлеген тұр қия алмай,
Көзінен жасы төгіліп.

Көзінен ақты мөлдір жас,
Қандай қиын бауырлас.
Бауыр етің — бауыр ғой,
Кімнің көңілі ауырмас?

2380 Төлеген тұр егіліп,
Көзінің жасы төгіліп.
Көтеріп алды алдына,
Қабырғасы сөгіліп.
Бауырына басады,
Бордай болып үгіліп.

2390 Сансызбай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Жыламайын, көкежан,
Өзің дағы жылама.
Көзіңнің жасын тый, — дейді.
Жылап отыр ата-анаң,
Сапарыңды қи, — дейді.
Көп жолдаспен барсаңшы,
Ел-жұртыңды жи, — дейді.
Жалғыз қайтіп барасың?
Жалғыздың ісі қиын-ды.
Танымаймын ешкімді,
Болармын кімге сиымды.
Жылап отыр кемпір-шал,
Айтсаңшы бәрін жөніңді.
Қайғыменен қан жұтып,
Дүниеден олар безінді.
2400 Келмей қалсаң, көкежан,
Қобыз алып қолыма,
Тартамын зарлы күйімді.

Төлеген сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Айтайын саған шынымды,
Өзің ғана біл, — дейді.
Айналайын, қарағым,
Жауға шапсам жарағым.

Сөзім екі болады,
2410 Уағдадан неге танамын.
Қыз Жібек сұлу жеңгенді,
Әкелгелі барамын.

Қабырғамда қанатым,
Жетегімде жан атым.
Жібек атты жеңгенді,
Осы жолы алып келуге,
Жұмысым сол баратын.
Пендесін Құдай қарғаса,
Қабыл болмас тәубасы.
2420 Басыма менің түсіп тұр,
Ғашықтықтың саудасы.
Айтып келген Жібекке,
Жақын қалды уағдасы.
Үйде де болса өлермін,
Ажалдан қайтіп құтылар,
Басы жұмыр пендесі.
Қүдіретіне Алланың,
Пенденің жоқ қой шарасы.
Қайсы іске талап қылмайды,
2430 Жер бесікке кіргенше,
Адамзаттың баласы?!

Айналайын, Сансызбай,
Қолғанатым — құйрығым.
Судан шыққан сүйірігім,
Суырылып озған жүйірігім.
Тірі пенде жоймайды,
Жаратқан бір Алланың
Тағдырда жазған бұйрығын.

Тірі болсам, қарағым,
2440 Жеті айда бір келемін.
Ажал жетсе Алладан,
Үйде де болса өлемін.
«Амандық бер, — деп, — жолына»,
Құдайдан сен де тілегін.

«Тілімді алмай кетті», — деп,
Қам көңіл болып жүдедің.

«Тілімді алмай кеттің», — деп,
Бермеді әкем батасын.
Мен кеткен соң, қарағым,
2450 Кемпір-шалға сен ие,
Қасында өзің қаласың.
Ғибадат тілеп Құдайдан,
Бітіріп істің шаласын.
Медет тілеп пірлерден,
Ақыл-айла табасың.
Өзіңде дәрмен болмаса,
Көзіңді кімге сатасың?

Білмегенді біліске,
Талаппаз бол әр іске.
2460 Тең құрбыңнан артылсаң,
Қолың жетер әр іске.

«Тілімді алмай кеттің», — деп,
Разылық әкем бермеді.
Әкемнен қорқып елімнен,
Қасыма жолдас ермеді.

Сөзімді тыңда, қарағым,
Сапарға ұзын барамын.
«Тілімді алмай кетті», — деп,
Сынбасын сенің қабағың.

2470 Сенің айтқан сөзіңнен,
Иілді менің садағым.
Көктегі құс жолдасым,
Келгенде бірге келгемін,
Қайтқанда бірге барамын,
Ажалым жетсе арада,
Жете алмай жолда қалармын.
Жете алмай қалсам Жібекке,
Дертінен күйіп жанармын.

2480 Өзің бір жас баласың,
Сөйлейсің сөздің данасын.
Қыз Жібектің дертінен,
Көремін деп барамын,
Бейнетті жолдың жапасын.
Олай-бұлай боп кетсем,
Жібектей асыл жеңгеңді,
Өзің бір барып аласың.

2490 Жылқыда көк бурыл-ай,
Былыр құлын, биыл тай.
Өзіңе арнап ен салғам,
Шырағым, саған сайма-сай.
Соны ат қып мінерсің,
Жеткізсе сені бір Құдай.

2500 Алтынды балдақ ақ семсер,
Сермеген жерге ол жетер.
Желкесі құрыш, жүзі алмас,
Талғаусыз жерден дәл кесер.
Саған арнап соқтырып,
Салып қойдым қынапқа,
Аш беліңе келісер.
Алтынды сауыт кебені,
Қозы жауырын жебені,
Саған арнап құйып ем,
Болар деп бір керегі.

2510 Бадана көзді кіреуке,
Өлшемі жоқ теңеуге.
Қабаты тоғыз ақ сауыт,
Саған арнап соқтырып,
Будырып қойдым кілемге.
Ер қаруы — бес қару,
Даяр тұр бәрі ілгенге.

Үстіңе баса кигейсің,
Айтқанымды білгейсің.
Талап қылған әр іске,

«Тәуекел Алла» дегейсің,
Олай-бұлай боп кетсем,
Жібектей асыл жеңгенді,
Өзің бір алып сүйгейсің.

Айтқаны болмас адамның,
Алланың болар дегені.
2520 Жолдасын жауға бермейтін,
Басшы қылып ертіп ал,
Ақын, батыр Шегені.

Сансызбайдың бетінен,
Үш қайтара сүйеді.
Қол ұстасып қоштасып,
Жерге қойып інісін,
Шығысқа қарап қиялап,
«Хош, Алла» деп жөнелді.

Базарбайдың Төлеген,
2530 Алладан пәрмен тілеген.
Жайық пен теңіз арасы,
Үш айшылық жол екен.
Қырық бес күндік арада,
Айналасы шөл екен.
Шөл-жазира ішінде,
Қособа деген көл екен.

Базарбайдың Төлеген,
Байланды белін түйініп.
Туысқанға күйініп.
2540 Есіне Жібек түскенде,
Тоқтар емес кідіріп.
Қособаның көліне,
Жетемін деп келеді.
Жауатын күндей түнеріп.
Астындағы Көкжорға ат,
Қаншырдай қатқан иіліп.
Төбедегі қос құлақ,
Салпайып төмен тігіліп.

- Кекілін кеткен тер басып,
2550 Екі көзі жұмылып.
Тозаң басқан танауы,
Еріні төмен түріліп.
Жүрісі баяу буынсыз,
Кете жаздап сүрініп.
Қырық күн жүріп шөл кезіп,
Шөлдеумен әбден зорығып.
Базарбайдың Төлеген,
Келе жатқан сияқты,
Қамшымен атын жүргізіп.
- 2560 Кебіріп кеткен қос ерін,
Шөлдегені білініп.
Жалғыз аты серігі,
Сырласар кімге жүгініп.
Шөлдеген ұзақ көзденіп,
Алысқа қарап тігіліп.
«Түс ауа бесін болғанда,
Қособаға жеткенде,
Алармын біраз тынығып».
- Мінгендей атың сұр қасқа,
2570 Шаба алмаса ұр басқа.
Батырлық, байлық кімде жоқ,
Ғашықтық жолы бір басқа.
- Қособа деген көл екен,
Қырық күндік шөл екен.
Ұры, кезеп, қарақшы
Мекен еткен жер екен.
Шаршап, шалдығып келгенде,
Жау жататын жер екен.
Төлеген сынды мырзаның
- 2580 Судай тасып келгенде
Соғып бір өтер жолы екен.
Атаңа лағынет Бекежан
Қыз Жібектің сыртынан
Көп ғашықтың бірі екен.
Алпыс жігіт қасында,

Төлегенді келед деп,
Жолын тосып жүр екен.
Жүретінін бұл жолмен
Кімнен ұғып білді екен?!
2590 Құс қайтқанда келерін
Қайсы дүр айтып қойды екен.
Келмесе егер сол күні,
Азықтары таусылып,
Қайтып бір кетер күні екен.

Құланнан атып қодықты,
Көлден тартып борықты.
Келе ме деп Төлеген,
Әлденеше қоныпты.
Төлеген мінген Көкжорға ат
2600 Қырық бес күндік жол жүріп,
Жол жүргенде мол жүріп,
Шөлдеуменен зорықты.
Шөлдеген соң Төлеген,
Атынан көңілі торықты.
Жақындап суға келгенде,
Бесін намаз болғанда,
Базарбайдың Төлеген
Шуалған шаңға жолықты.

Шаңға таман шабады,
2610 Қасына таман барады.
Ұтылап шығып алпыс жау,
Төлегенді қамады.
Базарбайдың Төлеген
Алды-артына қарады.
Бесінде жаумен айқасып,
Алдырмай кетіп барады.
Еркімен аты жеткен соң,
Жау ортаға алады,
Жамандатқыр Көкжорға ат,
2620 Шөлдеуменен зорыққан,
Басын жерге салады.
Ауыздыққа күш бермей,

Бұра тартып барады.
Суды көріп шөлікпей,
Көлді бір-ақ ішердей.
Соғысуға қарманды,
Атқа ашуын келтірмей.

— Батар күнмен батайын,
Өзінен бұрын атайын.
2630 Мұсылман болса бұл жаулар,
Жақындап жауап қатайын.
Тым болмаса, Құдай-ау,
Бекежанды өлтіріп,
Жастығымды ала жатайын.

Жүгірмек өлім қылмаққа,
Он сегіз жаста алмаққа,
Жазып па ең, Жаратқан Тәңірім,
Осы бір күйге салмаққа.

Атым шаршап арсиды,
2640 Қайратым менің жасыды.
От болып жанған көңілім
Су сепкендей басылды.
Құдіреті күшті, Құдай-ау,
Алыстан жарға ғашық қып,
Әуреге салдың басымды.

Мұны айтып Төлеген,
Қорамсаққа қол салды.
Бір салғанда мол салды.
Толықсыған күшімен,
2650 Толқып тартып қалады.
Кірештен оғы өтеді,
Топ арғынға жетеді.
Селдіреген шетінен,
Жетеуінен өтеді.

Енді оғын алғанша,
Қорамсаққа қол салғанша,

Анталап жаулар келеді,
Қарманып қайта алғанша.

2660 Атаңа лағынет Бекежан,
Арғыннан асқан қу екен.
Әңгіме болған сұм екен.
Төлегеннің артынан
Алпыс қадам жағалап,
Бір қурайды паналап,
Атқалы келіп тұр екен.

Мылтыққа білте басады,
Абыройы қудың асады.
Төлеген сынды мырзаның
Қанын судай шашады.

2670 Қой боғындай қорғасын
Ажал болып жабысты.
Атаңа лағынет Бекежан,
Жібермеді намысты.

Базарбайдың Төлеген
Толықсып атта тұрғанда,
Қолтығынан сүйейтін,
Таба алмады танысты.

2680 Бекежан атқан жалғыз оқ,
Маңдайынан өтеді.
Ат үстінен Төлеген
Толықсып құлап кетеді.
Жалғыздық түсіп басына,
Қамығып сонда жылады.

— Жанын өзі үзсін, — деп,
Қорлықпенен өлсін, — деп,
Атаңа лағынат алпыс ит
Қасында қарап тұрады.

- Пұл жібердім қалаға,
Шығып ем жалғыз далаға.
2690 Бейсауат күні жолықтым,
Бұл секілді қазаға.
Қарға-құзғын жемесін,
Жасыра кет көзімді,
Замандас едің, жақсы аға!
- Пұл жібердім бақшаға,
Қызыл тіл, енді қақсама.
Қарға, құзғын жемесін,
Жасыра кет жүзімді,
Айтатын зарым баршаға.
2700 Мұсылманның баласы ек,
Көмусіз қалсам бола ма?!
- Төлегеннің тілдері
Осы сөзге келеді.
Атаңа лағынат алпыс ит,
Не дейсің, сірә, демеді.
Бір баланың олжасы
Алпыс итті бөгеді.
«Мал опасыз» деген сол —
Тұлпардан туған Көкжорға ат
2710 Су ішіп әбден қанған соң,
Бір қарақшы астында
Ойнақтай басып жөнелді.
- Базарбайдың Төлеген
Оқ тиіп танды есінен,
Көзін ашып қараса,
Киім-кешек, ат-тонын
Қарақшы тонап жөнелген.
- Шыққанда елден Төлеген,
Алты қаз ұшқан төбеден.
2720 Қособа екен қонары,
Су ішерде шөлдеген.

Есін жиып қараса,
Дауысынан үркіп мылтықтың,
Қона алмай жерге жүр екен.
Мұңын шағып қаздарға,
Сондағы айтқан сөзі екен:

— Келіп ең бірге, алты қаз,
Жерге түсіп көбейсең.
Сендер тірі, мен өлі
2730 Жатырсың неге демейсің.
Қасірет-қайғы халімді,
Неге келіп білмейсің?!
Тілсіз, мақұлық жануар,
Қасыма неге келмейсің?

Сендер көкте, мен жерде,
Жазық жоқ сенде, менде де.
Сендер жануар, мен адам,
Көзімді жұмып барамын,
Жарық дүниеден мүлде.
2740 Хайуан да болсаң жолдас ең,
Зарымды айтам сендерге.
Көк еркесі жануар,
Айта бар сәлем, елге де.

Әуеден ұшқан алты қаз,
Етің — шекер, сорпаң — бал.
Дәрменім жоқ атарға,
Атайын десем оғым аз.
Қонар болсаң, жануар,
Міне — майдан, міне — саз.
2750 Өлмеген құлға Құдай-ау,
Бопты екен ғой, міне, жаз.
Әкемді айтып қайтейін,
Шешемді айтып қайтейін,
Мен кеткен соң Сансызбай,
Еркелеп кімге қылар наз!

- Бұдан былай кеткенде,
Ауылға таман жеткенде,
Төбеге шықса «белім» деп,
Көртейген әкем Базарбай:
2760 «Қарағым менің Төлеген
Көрдің бе?» десе, не дейсің?
- Тағы айтайын зарымды,
Шекер десем бал берген,
Жая десем жал берген,
Майға қосып нан берген,
Өр алуан дәм берген,
Алақандап өсірген,
Еркелесем кешірген,
2770 Алдыңнан шығып, жануар,
«Құлыным менің Төлеген
Көрдің бе?» — десе, не дейсің?
- Онан арман өткенде,
Малға таман жеткенде,
Қарға жүнді қаттасым,
Үйрек жүнді оттасым,
Таласып емшек еміскен,
Тай-құнандай тебіскен,
Бір төсекке жатысқан,
2780 Асық ойнап алысқан,
Тайға мініп жарысқан,
Көп қызыққа батысқан,
«Өлгенде аға көре алмай,
Қолымнан сусын бере алмай,
Арыздаспай, қоштаспай,
Ажалың жетті-ау алыста-ай» —
Деп алдыңнан шығады-ау,
Жалғыз інім Сансызбай.
Қанатымда қияғым,
2790 Табанымда тұяғым.
Жазылмас жерден ауырдым,
Емшіні қайдан табамын.

- Жалғыз бауырым Сансызбай:
«Көкешім менің Төлеген,
Көрдің бе?» — десе, не дейсің?
«Сауыттың көзі тітіліп,
Септелмей кетті», — дегейсің.
«Баратұғын жеріне,
Жетпей-де кетті», — дегейсің.
- 2800 «Өлі екенін білмеймін,
Тірі екенін білмеймін,
Жылай-жылай бір жалғыз,
Дүниеден өтті», — дегейсің!
«Қособаның көлінде,
Құсада кетті», — дегейсің!
«Ақ маңдайдан аққан қан,
Жосадай кетті», — дегейсің!
«Алтынды жабдық Көкжорға ат
Бір қарақшы астында,
- 2810 Босқа да кетті», — дегейсің!

- Төлегеннің тілдері,
Осы сөзге келіпті.
Жұлдыз шыға Төлеген,
Ақыретке сапар шегіпті.
Желкеден тиген жалғыз оқ,
Маңдайынан өтіпті.
Алланың салған пәрмені,
Ажалы бүгін жетіпті.
Айтып-айтпай немене,
- 2820 Төлеген деген сол мырза
Кебіні жоқ, көрі жоқ —
Ит пен құсқа жем болып,
Дүниеден өтіпті.
Анталаған алпыс жау
«Мұратқа енді жеттік», — деп,
Олжасын алып кетіпті.

Көктемнің өтті күндері,
Жаз айы жетті шілделі.

Күз бен қыс та тоқтамай,
2830 Өтті күн мен түндері.

Төлегеннен хабар жоқ,
Кеткелі неше жыл болды.
Өлі-тірі екенін,
Хабарын болмас білгелі.

Күн өткен сайын сарғайып,
Қыз Жібек те жүдеді.
«Көрген түсім келді», — деп,
Ішінен тынып жүреді.

Көп жігіт сырттай боп ғашық,
2840 Келе алмай жақын бір басып.
«Қайсымызға қарайт», — деп,
Мұңаяд кейде сырласып.

Алпыс жігіт жағалап,
Жүреді өзін бағалап.
Жібектен жауап ала алмай,
Тың тыңдап, елді аралап.

Көре алмай жүзін Жібектің,
Жүрсе де күнде сығалап.
Күдерін үзді кейбіреу,
2850 Бірін-бірі табалап.

Бекежан жүр сандалып,
Алды-артын байқап аңғарып.
Төлеген кетті келмеске,
Ауыл-аймақ елінен
Кім шығар енді қарманып.

«Өзім батыр, өзім бай,
Япыр-ай, Жібек сұлу-ай.
Ақжайықта, Қыз Жібек,
Бір өзіңе тең келер
2860 Менен артық кім бар-ай?

- Күдерінді үз алыстан,
Бетінді бұр бер қарай.
Асылсың, Жібек, асылдай,
Асылға әркім бас ұрды-ай.
Тілдесе алмай өзіңе,
Көңілім жүр менің басылмай.
Төлеген кетті ғайып боп,
Оны ойлап енді жасыма-ай.
Дидарыңды көрген жан,
2870 Қалмайды толқып тасымай.
Жүресің бе тұнжырап,
Қабағың бір ашылмай.
Төлегенді өлтірдім,
Қан жастық жастап басына-ай.
Мініп жүрмін Көкжорға ат,
Көңілім судай тасыды-ай.
Разымын Қыз Жібек,
Сен үшін өлсем осылай.
Құрбаның сенің болайын,
2880 Кесілсе менің басым-ай.
Қошқарды таудан түсед деп,
Өлмейін аштан қасқырдай.
Орайын тауып ой жұмсап,
Барайын енді қасыңа-ай».

— Өлгенін естімесе маған тимес,
Өзгені күдер үзбей, сірә, сүймес.
Білген соң анық менің ерлігімді,
Өзі де Төлегенге қатты күймес.

- Бұған мен басқа жерде сездірмейін,
2890 Шошытып бір-ақ айтып жібермейін.
Бір тойда айтысумен біліп қалсын,
Адамға соған дейін білдірмейін.

Көкжорға ат мініп жүрген алтын жабдық,
Көп жігіт күдер үзіп кеткен қаңғып.
Бекежан түн болған соң айтысуға,
Қасына Қыз Жібектің келген аңдып.

Көңілінде әр алуан той қылады,
Жібекті аламын деп ой қылады.
Жүгіріп «бұқа буға, азбан дуға»,
2900 Өзінше дәмеленіп тор құрады.
Салдыртып Көкжорға атпен жетіп келіп,
Тұсынан кеп Жібектен сөз сұрады:

— Айтайын айт дегенде, арма, Жібек,
Түйедей ботасы өлген зарла, Жібек.
Кеткелі жаман жарың көп жыл болды,
Хабары сол жездемнің бар ма, Жібек?
Сайда сан, құмда ізі жоқ жолаушыны,
Енді ойлап не қыласың жадап-жүдеп?

— Арасы екі ауылдың бүрген шығар,
2910 Етегін түнде жүрген түрген шығар.
Артымда жеткіншегім жас деуші еді,
Айналып сұм дүниемен жүрген шығар.

— Қыз Жібек, тарылтармын заманыңды,
Айрылып білмей жүрсің қалғаныңды.
Ат ізін сегіз жылдай бір салмаған,
Келед деп күте берме жаманыңды.

— Елімнің несін алып, не бермеймін,
Дүниеде тірі жүрсем, не көрмеймін?
Арғында алты шекті алпыс мырза,
2920 Ізіне Төлегеннің теңгермеймін.

— Айтайын, айт дегенде, әуелім жар,
Қыз Жібек, әлі-ақ болар заманың тар.
Неменді өліп қалған мақтай берме,
Көкжорға ат астымдағы құдай жайнар.

— Көп екен, сұм Бекежан, ақыл-айлаң,
Сұмдықпен атағыңды жұртқа жайған.
Атаңа лағынат, қарақшы, ей, Бекежан,
Көкжорға ат астыңдағы алдың қайдан?

- Жол тосып Қособада жатып алдым,
2930 Біреуді мергендікпен атып алдым.
Болған соң өзім батыр кімді аяйын,
Өлтіріп Төлегеннің атын алдым.

Жолыңа Төлегенді қылдым құрбан,
Бұл ісім бір ерлігім өзім қылған.
Жаратып Көкжорға атты мініп жүрмін,
Келіп ем естірткелі өтей саған.

- Төлеген өліп кеткен әлде бұрын,
Кезеулі бір оғыма келіп қырын.
Отырмай бағың байлап, бері қара,
2940 Отырмын сөйлескелі айтсам шынын.
Ғашық ем көптен бері көңілі азап,
Сен тыңда, бұл айтқаным жүрек сырым.

Бекежанның бұл сөзі
Сұмдық болды бір өзі.
Мұңды болған Жібектің
Өртеніп күйді өзегі.

- Өксіп-өксіп жылады,
Жыламай қайтіп тұрады.
Ғашық болсаң, сондай бол,
2950 Басқа не амал қылады?
«Аһ, дариға, Құдай», — деп,
Керегені құшақтап,
Етбетінен құлады.
Керегенің көктері
Жібектің бетін жырады.
Төскейден аққан бұлақтай
Қара көзден аққан жас
Омырауын жуады.
Лажын таппай Қыз Жібек,
2960 Ішінен судай тынады.

— Адыра қалғыр, Бекежан,
Көрме дүние, жарық таң.

Екі көзің қызарып,
Ішіңсің иттей қызыл қан.
Айтпа маған сөзіңді,
Көрсетпе маған жүзіңді.
Жаныңнан жұда қылдырып,
Құдайым берсін сыйыңды.

2970 Көрмеймін сенің түсіңді,
Бітіріпсің ісіңді.
Қайтіп қиып өлтірдің,
Сол сияқты мүсінді?!

Тәңірім сені қарғасын,
Әбі жылан арбасын.
Тәңірім мені жаратса,
Қатын, балаң зарласын!
Басыңа қиын іс түсіп,
Қасыңа адам бармасын.
2980 Дүниеден көрген қызығың
Ажалыңа арналсын.
Жамандық алып жағаңнан,
Алды-артыңды қармасын.
Жиған-терген дүниең
Шаян боп шағып қинасын.
Туыспай кеткір, алты ағам,
Бармысың тойда, қайдасың!

Сырлыбайдың алты ұлы
Тату-тәтті бір сыры.
Жібектің туған ағасы
2990 Бәрі батыр оң-солы.
Алтауы да бөрідей,
Жүреді жауын жегелі.
Ең кенжесі Жиренбай,
Бәрінен асқан көк долы:
— Мұнша неге мұңайдың,
Апырау, Жібек, не болды? —
Деп жүгіріп келеді.

- Бекежан деген қу екен,
Іші толған у екен.
- 3000 Төлегенді өлтіріп,
Алтынды жабдық Көкжорға ат
Астында мініп жүр екен.
Бақытым кеткен желге ұшып,
Дүниеде сорлы мен екем!
— Ей, Бекежан, антұрған,
Осы іс пе еді сен қылған?
Иманыңды айта бер,
Тап болды ажал алдыңнан,
Қылмысың асып басыңнан.
- 3010 Бекежанды қамады,
Мойнына арқан тағады.
Өрлі-қырлы сүйретіп,
Төлегеннің жолына
Құрбандыққа шалады.
Бекежандай залымның
Дүниеден көңілі суынып,
Сонымен тыныс тынады.
Сан Бекежан өлсе де,
Базарбайдың Төлеген
- 3020 Орны қайдан толады?!

Қаралы Жібек, қаралы,
Қаралы басы жаралы.
Жүрек-бауыры езілді,
Емшіні қайдан табады?
- Нұры қашып көзінің,
Тіл дария ағады.
Өшірілген шырағы
Енді қайдан жанады?
- 3030 Мойны үзілген түйғыны
Қанатын қайдан қағады?
Ертоқымсыз Көкжорға ат
Иесін қайдан табады?

Шешілді жұмбақ сыр болып,
Көрген түсі баяғы.
Осыменен тынар ма,
Өмірдің тартқан табағы?
Сегіз жыл өтті сонымен,
Ашылмай ешбір қабағы.

3040 Жылайды Жібек жер құшып:
— Кетті, — деп, — бағым желге ұшып.
Затым әйел, жолым тар,
Жаратқан Тәңірім қор қылып.
Сөз ілесіп жүргенде,
Шөп ілесер отырсам,
Мұңдасам кімге жүгініп?
Еркек болсам кетер ем,
Етек-жеңді түрініп.
«Жеткіншек інім бар», — деп ед,
Келмеді-ау хабар білініп.

3050 Арада сегіз жыл өтті,
Ат тұяғын тай басып,
Жарлы байып, жас жетті.
Кебін киген құрыпты,
Кебенек киген жүріпті.
Аспаннан бірақ түсер жоқ,
Біреудікі біреуге
Аударылып келіпті.
Дәмеленіп кейбіреу,
Өз түбіне өзі жетіпті.

3060 Кезекті бұл дүние,
Кезбелі екен несібе.
Түстік өмірің бар болса,
Жетерлік дән жи кешіңе.

Түлкідей бұлтақ жалғанға,
Өкінерсің несіне ұялмай?
Баяғы бай Базарбай
Мал-мүлкін қалды жия алмай.

- Қарғап жұтты баласын,
Жеті басты тажалдай.
3070 Төлегеннің дертінен
Болған халі мынадай:
- Сақал-шашы қуарып,
Екі жағы суалып.
Екі көзі көр бопты,
Жас орнына су ағып.
- Қақпандай белі иіліп,
Отыра алмай бүгіліп.
Құр терісі қаудырап,
Тарамысқа ілініп,
3080 Әрең тұрған салдырап.
- Тұрайын десе тұра алмай,
Жүрейін десе жүре алмай,
Шөке түсіп жатады,
Аяқ-қолын жия алмай.
- Байлықпен жиған мұкамал,
Еш қызығын көре алмай,
Шашылып жатқан мал-жаннан,
Бір сабақ жіп жия алмай.
- Алқалы Қамқа бөйбіше,
3090 Бұрынғыдан өзгеше.
Қуарған аппақ томардай,
Өлейін деп өле алмай.
- Ажал жетіп келмесе,
Сарғайып өлер санамен,
Төлегеннен бір ауыз,
Хабар-ошар келмесе.
Көз жасын төкті шұбалтып,
Екі көзін суалтып.
Төлегеннің дерті ғой,
3100 Бұларды кеткен қуартып.

- Тірі кеткен емес пе,
«Тірі келіп қалар», — деп,
Бірін-бірі жұбатып,
Келмесе егер бұл жылы,
Келер жылға ұзартып.
Ол жыл өтсе тағы да,
Кейінгі жылға ұнатып,
Сегіз жыл өтті сонымен,
Бұлдырап үміті шұбартып.
- 3110 Төлеген кеткен жағына
Қараған мойнын ұзартып.
«Үмітсіз — сайтан ісі», — деп,
Қарайды тағы құмартып.
Бейнесі көзге елестеп,
Көңілге алқау тұр артып.
Сансызбай өсіп-ержетіп,
Он жетіге жетіпті.
Алып дене сымбатты,
Сырт бейнесін қарасаң,
- 3120 Шынардай сұлу көрікті.
Ақылына күші сай,
Құрбысынан үздікті,
Ақылдыдан ақыл ап,
Өнерліге еріпті.
Молдадан оқып аз ғана,
Кәләм шәріп біліпті.
Той-ойында жүлдені ап,
Қатарынан озыпты.
Сегіз қырлы, бір сырлы,
- 3130 Байыпты жігіт болыпты.
Аң аулайды ол кейде,
Қолына қыран құс алып,
Жоқ іздеген адамдай,
Тау-тасты кезер сандалып.
Сейілге бірде шығады,
Қару алып қамданып.
Сонда да көңілі толмайды,
Қайтады үйге жұбанып.
«Ботаң ғой, ата, келген», — деп,

- 3140 Дауыстайды ап-анық,
Жайдары-жарқын мінезбен,
Кемпір-шалды қуантып.
- Тұнжырап кейде Сансызбай,
Қайғысы баста сансыздай.
Көп дүние, көп малға
Қарайды көңілі салқындай.
Құрбылар кейде сұрайды,
— Не болды? — деп япырым-ай.
Бір қыз үшін көкешім,
- 3150 Кеткен деуден жасырды-ай.
Төлегенге дүниенің
Баршасын жүр парсынбай.
Көкешім кеткен келмеді,
Жыл өтті, міне, алыстай.
Іздейін енді мен оны,
Жетіп те қалды жасым-ай.
Тірі-өлісін біле алмай,
Көңілім жүр менің ашылмай.
Кетер кезде деп еді,
- 3160 «Өзің бір іздеп барасың», —
Деген сөз әлі есімде-ай.
Іздеп бір оны барайын,
Жол қарап күнде жасымай.
Атамнан рұқсат алайын,
Ойымды айтып осылай.
Атам берсе батасын,
Жүрейін енді тосылмай.
- Көңілін әбден бекемдеп,
Үйіне келді «кетем» деп.
- 3170 От басында шешесі,
Отыр екен бүкеңдеп.
Баласына бір қарап,
Шәугім асты еңкеңдеп.
Асыға бала сұрады:
— Атам ояу ма екен? — деп.

- Атаң жатыр орнында,
Тұра алған жоқ тағы да.
Көзін жұмып жатқанмен,
Көкірегі ояу да.
- 3180 Көз шырын алмай жатады,
Көрген осы сар таңда.
Өзің барып қарашы,
Жатыр екен не халда?
- Баласы келді қасына,
Қарады аяқ-басына.
— Сен бе едің, ботам, келген? — деп,
Бетін бұрды асыға.
- Айналайын, жан ата,
Сөзіме құлақ сал, ата.
- 3190 Арызға келді балаңыз,
Рұқсат, бата бер, ата!
- Мінген атым көк ала,
Өзіңнен туған мен бала.
Көкешім кеткен келмеді,
Іздеусіз кетсе бола ма?!
- Тірі болса көрейін,
Өлі болса білейін.
Тірі кеткен емес пе,
Күдерімді үзбейін.
- 3200 Бір хабарын білгенше,
Жер шарасын кезейін.
Разылық берсең, жан ата,
Ешкімге көзім сүзбейін.
- Айналайын, жан ата,
Мен — балаңмын, сен — ата.
Көкешімді іздейін,
Бір сапарға пейіліңді,
Қайтсең дағы бер, ата.

- Баруға көңіл бөлінді,
3210 Қайтарма, ата, тебінді.
Жиған-терген қазынаң,
Пайдасыздай білінді.
- Іше алмадым асымды,
Көтере алмай басымды.
Менен басқа кімің бар,
Жан ашитын жақынды.
- Аты арып қалды ма,
Тоны тозып қалды ма?
Сұм дүниеге айналып,
3220 Қайта алмай елге қалды ма?
- Көтер, ата, басыңды,
Жеткізді Құдай жасымды.
Көкешімді сағынып,
Көңілім сонша жасыды.
Бір сапарға жүруге,
Қайратым менің тасыды.
- Айналайын, ақ ботам,
Асқар белім, сен жотам.
Тұрыпсың даяр жүруге,
3230 Барма деп саған не айтам!
- Сәтті болсын сапарың,
Жақсымен болсын қатарың.
Қызыр, Илияс пайғамбар,
Жолдасың болсын, Сақаным.
- Айналайын, құлыным,
Бас арқамда жұлыным.
Осы күнде, қарағым,
Қайғыда қалды күн-түнім.
Кешігіп кетсең, қарағым,
3240 Түгейді менің бұл күнім.

Екі көзім көр болды,
Көңілім қара жер болды.
Төлегеннен айрылып,
Ішім толған шер болды.

Тегінде алтын тұғырдай,
Қуардым қазір томардай.
Ойлаймын соны күн-түні,
Ұйқыға көзім жұмылмай.

3250 Қалыңға түстім қағылып,
Қанатым қалды шағылып.
Тасқа тиіп табаным,
Тұяғым қалды қайрылып.

Тірі өліктей отырмын,
Төлегеннен айрылып.
Олай-бұлай ой құрып,
Жатырмын, міне, сарылып.

3260 Бас аман болса қайғы жоқ,
Қайғысыздың көңілі тоқ.
Бұйрықтан қашып құтылар,
Жер бетінде пенде жоқ.
Мұндай күйге түстім мен —
Бір Аллаға күнәкар
Ақырында өзім боп.

Аузым болды дуалы,
Сөзім болды уәлі.
Тап боларға бұл іске,
Өзім болдым күнәлі.

3270 Бітті менің жұмысым,
Тарылды менің тынысым.
Құдайдан сені тілеймін,
Басқа бар менің не ісім?!

Қайғы-қасірет қаптады,
Қара жер қып таптады.
Осы бір күйге түсуге,
Құдіреті күшті Құдайға,
Не «қылмысым» жақпады.

Аз емес берген садақам,
Көп еді малым арнаған.
Кімнен көрем шіркін-ай,
3280 Бұл ісімді жасаған!

Қарап көзім тоймаған,
Шығуға үйден қимағам.
«Көзімнен алыс кеттің», — деп,
Тұз салып теріс қарғағам.

Оқ боп тиді қарғысым,
Ажалыңа арнаған.
Тікен шығып тіліме,
Күрмеліп неге қалмаған.
Тасқа тиіп қарғысым,
3290 Майырылып неге қалмаған.

Баратын жерге бара алмай,
Алатын жарын ала алмай,
Із-түзі жоқ дүниеде,
Тұрмын хабар ала алмай.

Мен жатырмын жығылып,
Барам деп келдің жүгіріп.
Айтар сөзім бар еді,
Көңілімде тұр тығылып.
Көңілге келіп қалмасын,
3300 Арманда болып сүрініп.

Барып кел, балам, барып кел,
Тоқтамас көңілің суынып.
Аллаға сені тапсырдым,
Бір Құдайға сиынып.

Батасын берді балаға:
— Тапсырдым, — деп, — Аллаға.
Екінші сені тапсырдым
Шарапатты өткен бабама!
Көп жолдас ертпе қасыңа,
3310 Дүбірің жетер қасыңа.
Қолға байлау болады,
Іс түсіріп басыңа.
Жақсы жолдас — шарапат,
Жаман жолдас — кесапат.
Жолдасың жақсы болғанда,
Ақыл табар қат-қабат.

Жақсы жолдас ғанибет,
Кір келтірмейт жаманат.
Екі аяқты, бір басты,
3320 Тік жүретін пендеде,
Нелер сыр бар ғаламат.
Барғын, балам, қайтейін,
Бір Аллаға аманат.

Су жағалап жүре гөр,
Жол жайын елден біле гөр.
Хабарын білсең, қарағым,
Көп кешікпей келе гөр.

Атасы рұқсат беріпті,
Баласы жүрмек болыпты.
3330 Төлеген айтқан көк бұрыл
Он жасар ат боп толыпты.
Жүрсе жарап, жатса ұйықтап,
Кемеліне келіпті.
Күн шалдырмай арқасын,
Баптап бағып жүріпті.

Күн тимеген бауыры,
Жел тимеген сауыры,
Табаны қызып шапқанда,
Шалмайды боран дауылы.

- 3340 Жеміне сұлы жегізіп,
Сусынға саумал бергізіп.
Жал-құйрығын тарайды,
Үкілетіп, өргізіп.
- Қарға адым кетпей қасынан,
Құс ұшырмай басынан.
Өзіне арнап ен салып,
Баққан малы жасынан.
Дөңгелек тұяқ жылқының,
Артығы жоқ осыдан.
- 3350 Жел жетпейді шабысы,
Су төкпейді жүрісі.
Төлегенді іздеуге
Арнап жүрген осы аты.
Беренменен белдіктеп,
Шұғаменен желдіктеп,
Айылын баптап тартады,
Мақпалменен терліктеп.
Ер-тұрманы алтыннан,
Орнатып гауһар көздіктеп.
- 3360 Бес қаруын бойына
Іліп алды беріктеп.
Шегені іздеп барыпты,
— Жүріңіз маған еріп, — деп.
- Батыр Шеге — қолбасы,
Жайшылықта ел басы.
Өзі батыр, өзі ақын,
Мыңға татыр бір басы.
Көпті көрген, көп білед,
Ақылдының мың басы.
- 3370 Төлеген айтқан ер Шеге,
Сол адам, міне, тап осы.
Осы бір ұзын сапарға,
Ертіп барар жолдасы.

— Мінген атым көк еді,
Көргеніңіз көп еді,
Ақыл-айлаң, Шеге аға-ау,
Патшаменен тең еді.
Көкешімді іздейік,
Маған еріп жүр, — деді.

3380 Ақжайыққа барамыз,
Жақын емес арамыз.
Көкешім өлі-тірі ме,
Бір хабарын аламыз.
Барып-келу арада,
Биыл жазды аламыз.

— Келіпсің маған, қарағым,
Жүр десең бірге барайын.
Ел намысын сақтауға,
Ер намысты балаймын.

3390 Асыл туған баласың,
Көңіліңнің айттың жарасын.
Ақжайық — ұзын сапарға
Жалғыз қайтіп барасың?

Болады, бірге барайын,
Дертіңе дауа табайын.
Ағаңды бірге іздесіп,
Жараңды сенің жазайын.

Ақжайыққа жорыққа
Жүрмек болды ертеңі.
3400 Екеуара үш тұлпар,
Қосарда бір ат жетегі.
Даярланып артылды,
Азық-түлік керегі.

Ақжайыққа жорықты
Сәрсенбі күн жүріпті.

- Аз бергенге түстеніп,
Көп бергенге қоныпты.
Арада қанша жол жүріп,
Ақжайыққа жетіпті.
- 3410 Алты шекті елінде —
Сырлыбай ханның ауылын
Әркімнен сұрап біліпті.
- Шеге менен Сансызбай
Кезіккен елге жолшыбай,
— Қанша жер, — деп сұрайды, —
Ханның ауылы Сырлыбай?
- Ақжайықтың басында,
Жүре бер, — дейді, — осылай.
Жайық бойы көп арал,
3420 Жағалай біткен көкше тал.
Көз жетпейтін жазықта
Көрінді жатқан қалың мал.
- Малға таман жетіпті,
Белеске шыға келіпті.
Қатар-қатар отырған
Қалың ауыл көріпті.
Ақ төбедей ақ боз үй,
Рет-ретімен тігіпті.
Сырт бейнесін қарасаң,
3430 Бірінен-бірі көрікті.
Керме тартып байлаған,
Сансыз атты көріпті.
Атты жаяу сабылған,
Қалың адам жүріпті.
Не керемет екенін
Біле алмай бұлар тұрыпты.
Осынша көп адамдар
Ойын-сауық құрыпты.
Ауыл ара балалар
3440 Тай шаптырып жүріпті.

Көкпар тартып сірескен,
Палуандары күрескен.
Қыз қуып жатыр және де,
Қыз-бозбала күліскен.
Ат шабат деп бәйгеге,
Жүйріктерін тізіскен.

Шеге менен Сансызбай
Қарап тұр бұған таңырқай.
«Той қылған ба, ас берген?»
3450 Мәнісін тұр біле алмай.

«Төте барсақ ауылға,
Бұлар кім? — деп қарар ма.
Алыстан келген жат адам,
Неғып жүр? — деп қалар ма.
Өркім ойлап әр күмән,
Сары ізге шөп салар ма?»

Тоқтады біраз аялдап,
Алды-артына қарайлап.
Қалың қой жатыр төскейде,
3460 Ауылға беттеп маңайлап.
Таяқ ұстап қойшы жүр,
Қой артын жиып «құрғайлап».

Малшыға таман бұрылды,
Ел жөнін сұрап білуді.
Жасы алқыған жан екен,
— Бұлар кім? — деп үңілді.
Амандасты жалбақтап,
Таныстай көне көңілді.
Салтанатты, сәулетті
3470 Бұларға қойшы сүйінді.

Шеге ақын айтты жүргенін,
Алыс жерден келгенін,
Құда, таныс-тамыры

- Осы жақта екенін.
— Бұл елді қайсы ел дейміз?
Бұл ауылды не дейміз?
Қалың топыр немене?
Қайран қалып келеміз.
Айтып берші, қойшы аға,
3480 Біліп кете береміз.
- Ақжайық деген жер осы,
Алты шекті ел — осы.
Сырлыбай деген ханымыз,
Ауылы, міне, дәл осы.
Қыз ұзатып, той қылып,
Жатқан кезі тап осы.
Жиылған топыр — тойшылар,
Білгенім менің, міне, осы.
- Төлеген айтқан Сырлыбай,
3490 Есінде еді бұрында-ай.
— Қыздың аты кім екен?
Кім алады екен, — деп,
Сұрай қалды Сансызбай.
- Жібек еді қыз аты,
Асыл туған бекзаты.
Үлкендердің сөзінде,
«Отырған қыз орын табад», — деп,
Айта сапты қылжақты.
Кезіктірді Құдай ақыры,
3500 Хорен деген қалмақты!
- Шеге тұр сөзді аңғарып,
Сөйлеп тұр қойшы ырғалып.
«Қазақ қызын қалмаққа,
Берді екен неге сандалып.
Қыз алысып жүр ме екен,
Қалмақпенен тегіннен,
Ақжайықта бұл халық?!

- 3510 Әкесі хан Сырлыбай,
Даңқы бар елге бірталай.
Бере ме қызын қалмаққа,
Қазақтан біреу табылмай.
- Естімеген елде көп,
Естігенді көз көред.
Ырымы басқа ел-елдің
Деген сөз, міне, осы, — деп.
Арып-шаршап жүрсем де,
Намысым келді құса боп.
Күйеу алмай отырған,
Қыз ба екен әлде қартейіп.
- 3520 Болса да қалмақ тиейін,
Болып тұр деп жөні кеп».
— Қайдан келген қалмақ? — деп
Сұрай қалды білмек боп.
- Сөйледі қойшы біртіндеп,
Мұңайғанда күңкілдеп.
Насыбай шақша қолына ап,
Құмарта атты иіскеп.
— Құмарыңыз бар ма? — деп,
Шегеге қарай икемдеп.
- 3530 — Қалмақ деген бұл халық,
Шығыстан кепті құралып.
Хорен деген ханы бар,
Он тоғыз мың қол алып.
Үш жыл болды жатқалы,
Қайтар емес қозғалып.
- Хорен деген хан екен,
Өзі батыр жан екен.
Зорлықпенен бұл жерді,
Қылып тұр қазір ол мекен.
- 3540 Сырлыбай ханға кеп жүрген,
Аралап елді ол жүрген.

— Сендерді жаудан қорғауға,
Патшамыз, — дейді, — жіберген.

Дандайсып сөйтіп жүріпті,
Шығара алмай бүлікті.
Хан ордаға кеп жүріп,
Қыз Жібекті көріпті.
«Бұл не деген сұлу?» — деп,
Өмешегін үзіпті.

3550 Сипатына таң қалып,
Көзі иттің төніпті.

Қазақ пенен қалмақта,
Жоқ сұлу мұндай таппаққа.
Мұндай сұлу жерде жоқ,
Болмаса аспан аумақта.

Көріп көзі сенбепті,
Жер бетінен көрмепті.
«Адамзатқа айналған
Перінің қызы бұл», — депті.

3560 Бір көріп есі кетіпті,
Жүрегіне өрт кетіпті.
«Алмасам сені, бөлем», — деп.
Ар-ұяттан безіпті,
«Қатыным болса Қыз Жібек,
Хан тағым болар көрікті.
Бір түн жатсам жанына,
Мың күнге татыр бұл, — депті».

Амал іздеп әр түрлі,
Түнімен ойын ойлапты.
3570 Масаттанып өзінше,
Көңілінде той қылыпты.
«Хан қызын маған берсін», — деп,
Жібермек елші болыпты.
Ертеңі келді елші іздеп,
— Сырлыбай хан сіз бе? — деп,

Батыр ханымыз жіберді,
Қызын маған берсін, — деп.

Ханның қызын хан алса,
Жарасар қызық тамаша.
3580 Қалмақ-қазақ бұрыннан,
Келеміз біз жанаса.
Бұғысымыз бір таудың,
Қалмақ деп шетке қақпаса.
Май ағызар тілінен,
Басын айтса жақсылар,
Өзі-ақ кетер жақтаса.

Сырлыбай айтты турасын:
— Мұсылманды бұзбасын.
Хорен ханға сәлем айт,
3590 Қыздан дәме қылмасын.

Бұл біреудің жесірі,
Бұған қолқа салмасын.
Мұсылманның бір қызын,
Жаһаннамға бұрмасын.
Діннен шығып бәріміз,
Тартамыз ортақ күнәсін.

Біз — қазақпыз, ол — қалмақ,
Айырған Құдай бұрын нақ.
Нәсіліміз қосылса,
3600 Бір Құдайға шет болмақ.
Онда тірі мұсылман
Бізге нәлет оқымақ.
Ұқсамайды дініміз,
Ұқсас емес сынымыз.
Жәннат пенен жаһаннам,
Өлгенде барар жеріміз.

Басқасына шыдайық,
Бұл емес бізге лайық.
Хорен ханға айта бар,
3610 Сый болса басқа қылайық.

Нәсіліміз басқа, — деп,
Құдай қабыл көрмейт, — деп,
Сырлыбай хан айтады:
«Бұған өкпе қылма», — деп.

Елші кетті елігіп,
Айтқан сөзге желігіп.
Хан Хореннің алдында
Айтып отыр емініп.

3620 Мұны естіген хан Хорен,
Сыбаныпты білегін:
— Қызын маған бермесе,
Шабамын, — деп, — мен елін.

Қызын қатын қыламын,
Ұлын жетім қыламын.
Маған өкпе артпасын,
Айтқанымды қыламын.

3630 Ойран қылам елдерін,
Құм қыламын белдерін.
Елін түгел қырғызып,
Қан қыламын көлдерін.

Нәсіл сөзін айтпасын,
Құдай сөзін қатпасын.
Жауап берер уақыты
Екі күннен аспасын.

Жіберді тағы адамын,
Батырып сөзбен зардабын.
«Хан Хорен деген, міне, мен,
Айтпасын көп қалжағын.

3640 Берсең дағы бересің,
Бермесең де бересің.
Келесін ойла еліңнің,
Өзің де хан төресің.

Жеті атамнан хан едім,
Маған бермей қызыңды,
Енді кімге бересің?!

Ғаскерім тұр сайлаулы,
Қылышым тұр қайраулы.
Шығатын болса майданға,
Күнін айтсын байлаулы».

- 3650 Хан басына іс түсті,
Ел басына күш түсті.
Елін жиып Сырлыбай,
Кеңесіпті бұл істі:
— Жасауылы қалмақтың,
Қайрап тұр бізге қылышты.

Сайлауыт батыр бізде жоқ,
Қалмақтың саны өте көп.
Ақыры алмай қоймайды,
Қырылу босқа керек жоқ.

- 3660 Бермек болды қалмаққа,
Шыдамай ауыр салмаққа.
Жаннан қорқып қылған іс
Болса да бұрыс шарифатқа.
Жаратқан Құдай өзің біл,
Елде амал қалмады,
Айырып бұдан алмаққа.

- Естіп Жібек жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
Нәсілі бөтен қалмаққа
3670 Қайтіп көңілі ұнайды.

«Амал жоқ енді көнейін,
Ел-жұртым саған не дейін.
Ел тартатын азапты
Жалғыз өзім көрейін.

Босағасын қалмақтың
Аттаған күні өлейін.

Айтарым бар еліме,
Тілегімді бере ме.
Шіріген мен бір жұмыртқа,
3680 Ұяда қалдым көміле.

Той істесін қырық күн,
Ойын ойнап отыз күн.
Алты жасар бала мен
Алпыстағы шалды да
Шақырсын тойға осы күн.
Жабырқаған көңілім
Көтерілсін осымен».

Тілегін мақұл көріпті,
Ат шауып, елін жиыпты.
3690 Алты жасар бала мен
Алпыстағы шалды да
Шақырып тойға келіпті.

Той қылды сол күн ертесі,
Қалмақтың жоқ некесі.
Отыз күн ойын басталды,
Тойы түгеп кешесі.

— Анау қалың жүргендер,
Сол ойынға келгендер.
Қара құрым қалың ел —
3700 Той тамаша көргендер.

Қалмақтың қалың жасағы,
Ол да жүр бірге білсеңдер.
«Домалар қубас той десе»,
Сіздер де барып көріңдер.
Дәм-тұз татып кетуге,
Үйге де біздің келіңдер.

- Жылқышы едім тегінде,
Жастау сері кезімде.
Лайық деп қой бақтым,
3710 Орта жастан өткенде.
- Сырлыбай ханның қойы бұл,
Болып жатқан тойы бұл.
Анау шетте біздің үй,
Барам десең өзің біл.
- Сансызбай тұр Шеге мен,
Сұмдық деп бұл не деген:
— Мұсылманға бұл қызды,
Бұрын неге бермеген?!
- Қыз Жібек сұлу бұл елде,
3720 Қаласың қайран көргенде.
Сұлулықта баға жоқ,
Атағы кеткен жер-жерге.
Өлтірі тойын жүргізген
Төлеген деген біреуге.
Еліне қайтып кетіпті,
Жарым жыл жүріп осы елде.
- Қайта келер кезінде,
Қособаның көлінде,
Бекежан деген қарақшы
3730 Жолдан тосып өлтірген —
Жоғалған, сөйтіп, ол мүлде.
- Оны Жібек ұғады,
Қара салып жылады.
Жібектің алты ағасы,
Бұл істің мәнін сұрады.
- Бекежанды табады,
Мойнына арқан салады.
Атқа тағып сүйретіп,
Өлтіріп кегін алады.

3740 Сөзім емес өтірік,
Айтпадым артық көпіріп.
Сегіз жыл болды осыған,
Шықпады Жібек серпіліп.
Күйеуге тимей Қыз Жібек,
Қалған үйде отырып.

Талай жігіт ғашық боп,
Көруге түрін асық боп.

Жібектен жауап ала-алмай,
Басылған судай тасып боп.
3750 Кеткелі қор боп бүгін тұр,
Қалмаққа тән нәсіп боп.

«Әңгіме бұзау емізер,
Бұзау таяқ жегізер», —
Деді де қойшы жөнелді:
— Қой жамырап, қозы емер!

Қойшы кетті қырды асып,
Сөзі берді сырды ашып.
Сансызбай мен ер Шеге
Қайғыда қалды мұң басып.

3760 Қойшы айтыпты көргенін,
Елден естіп білгенін.
Сансызбай, Шеге енді ұқты,
Төлегеннің өлгенін.

Сансызбай сонда жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
«Ағаң өлді», — деген соң,
Қандай мықты болса да,
Қайтіп шыдап тұрады.
Жалын құшып атының,
3770 Егіліп барып құлады.
Түсе қалып ер Шеге,
Маңдайынан сылады:

— Екеуіміз бірдей жыласақ,
 Жұбататын кім бар, — деп,
 Шеге ақын сабыр қылады.
 Мінәжат қылып Аллаға,
 Құбылаға бетін бұрады.
 — Сабыр қыл, жаным, сабыр, — деп,
 Сәждеге басын ұрады:

3780 — Көкешім, менің кетіпсің,
 Бұл дүниеден өтіпсің,
 Бізді тастап қайғыға,
 Шын дүниеге жетіпсің.
 Мүсәпір қылып ініңді,
 Қасіретіңді көміпсің.

Жер шетіне барыпсыз,
 Қыз Жібекті тауыпсыз.
 Құмарыңды баса алмай,
 Отына күйіп-жаныпсыз.
 3790 Кебінің жоқ, көрің жоқ,
 Жапанда жалғыз қалыпсыз.
 Ит пен құсқа жем болып,
 Көмусіз шөлде қалыпсыз.

Шаппадың жауға ту алып,
 Тұрмадым қарап қуанып.
 Жекпе-жек жаумен алысып,
 Өлмедің ерлік мұра қып.
 «Көкешім, сені табам», — деп,
 Мініп ем атқа қуанып.
 3800 Ақжайыққа келгенде,
 Дария шалқар көлдерім,
 Жер боп қалды-ақ суалып.
 Кешегі жүрген, көкешім,
 Қособаның көлінде,
 Көмусіз қапсың қуарып.

Айналайын, көкешім,
 Қорлықпенен өткенсің.

Дүниеден қызық көре алмай,
Өмірдің көрдің келтесін.

- 3810 Қайғым кетті қалыңдап,
Жүрегім кетті жалындап.
«Көкешім, сені табам», — деп,
Келіп едім арындап.

Болмады қабыл тілегім,
Езілді менің жүрегім.
Үйге қайтып барғанда,
Ата-анама не деймін?!

- Жапанда қалып жан бердің,
Бұл дүниеден не көрдің?
3820 Сенің көрген күндерің
Басына, сірә, келмесін
Екі аяқты пенденің!

- Атыңның басын бұрмадың,
Сапарыңды қимадың.
Атам менен анамның
Маңдайына симадың.
Өлгеніңді естіп, көкешім,
Көзімнің жасын тыймадым.
Асылық қылмай сөйлейін,
3830 Төлеген атты пенденің
Рақымы күшті Құдай-ау,
Жолдас қылғын иманын.

Алдымдағы шырағым,
Астымдағы пырағым.
Кетеріңде, көкешім,
Артыңнан еріп жыладым.
Алтыңды сүйек көкешім,
Ұжмақтан болсын тұрағың!..

- Ер Шеге басын сүйеп тұр,
3840 Қабырғасы күйреп тұр.

Сансызбайды құшақтап,
Көзінен жасын төгіп тұр.
«Торқа болсын топырағы», —
Деп медеуін беріп тұр.
«Айдалада жыласақ,
Мына ел не деп қалар?» — деп,
Оған да көңіл бөліп тұр:

— Айналайын, Сансызбай,
Жыладың мауқың басылмай.
3850 Ағаңды іздеп келіп ең,
Жоқ болып шықты табылмай.
Қуанып үйден шығып ең,
Қабағың қалды-ау ашылмай.

Көлге біткен құрағым,
Суырылып озған пырағым.
Жасын тыйшы көзіңнің,
Жыламағын, шырағым.
Рас болса өлгені,
Төлеген сынды ағаңның
3860 Ұжмақтан жазсын тұрағын.
Ноқталы басқа бір өлім,
Өкініш қылма өлімге,
Өз тілеуің сұрағын!

Өлмей тірі кім қалар,
Көнбесе болмас пенделер.
Өлімге разы болмаған,
Жаратқан бір Алланың
Рақыметінен құр қалар.
Отыз үш мың сахаба,
3870 Жүз жиырма төрт пайғамбар.
Ата менен анамыз —
Өлмесе қайда ол жандар?
Өлімге қатты налынбас,
Мұны білген адамдар.

Шайтанға, сірә, өлім жоқ,
Жақсылық оған көру жоқ.
Қанша мықты болсаң да,
Дәм таусылса жүру жоқ.
Өлмесе қайда кетті екен,
3880 Бұрынғы жаннан бірі жоқ?!
Күні біткен күнінде,
Айы біткен айында.
Ағаш бесік, жер бесік
Есіңде болсын тегінде,
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Қанаты бүтін сұңқар жоқ.
Тумақ — сүннет, өлмек — парыз
Мың жасаған адам жоқ!

Айналайын, Сансызбай,
3890 Жылай берме жасымай.
Дәм-тұзы түгеп осы жерде,
Ажалы бопты осылай.
Хор қызы болып серігі,
Жәннаттан тисін бір сарай.
Кеткен кісі келе ме,
Алғанын Тәңір бере ме?
Топырағы осы жерден
Бұйырыпты өзіне.
Иманды болсын ағаңыз,
3900 Ұжмақтың шығып төріне.
Мүсәпір жолда біз жүрміз,
Қуат берсін өзіңе.

Тоқтатты Шеге қой десіп,
Қайғыны іштен жоқ десіп.
Біреу көрсе мына елден,
Таңырқар мынау кім десіп.

— Елге қайтсақ аманда,
Айтармыз жоқтау барғанда.
Сарғайып олар күтпесін,
3910 Жоғалды деп тағы да.

Өлгелі сегіз жыл бопты,
Сүйегі қурап күл бопты.
Іздегенмен табылмас,
Қайталық елге біз, — депті.

Күшіміз жетпес қалмаққа,
Айырып қызды алмаққа,
Алауыз салсақ араға,
Мына ел қалар азапқа.

3920 Сансызбай айтты: — Жүрмелік,
Қыз Жібекті көрейік.
Егер жүрсе бізге еріп,
Алып бірге кетейік.
Жүрмесе ол бізге еріп,
Бір көрініп кетейік.

3930 Мен барып әуел келейін,
Тобына таман кірейін.
«Кімсің?» деп біреу сұраса,
Деймін ойын көрейін.
Аужайын байқап әуелі,
Көп айланбай келейін.
Сансызбай кетті жаяулап,
Аралап елді аялдап.
Ақ боз үлкен бір үйден,
Таяу өтті жағалап.
Ән шығады тыңдаса,
Зарлаған дауыс баяулап.

3940 Жақындап барып тыңдады,
Сөз мәнісін ұғады.
Бір әйел мұңлы дауыспен
Айтып жатыр мынаны:

— Жайықтың суы лай-ау,
Суалды көзім жылай-ау.
Төлеген сынды мырзадан,
Айырды мені Құдай-ау!

Көрген түстен шошып ем,
Тап сол күннің өзінде-ау.
Оңдамаған екенсің,
Қадыр Алла, өзің де-ау!

3950 Жайықтан көшкен көп шекті,
Қонар жері Көкпекті.
Төлегенді іздеп артынан,
Келетін жандар көксетті,
Келер деп біреу көп күтсем,
Хабар-ошар жоқ бопты.

Ойлансам іздеп бармаққа,
Ілініп қалдым қармаққа.
Жаратқан Алла Жаппар-ау,
Шынымен нәсіп қылдың ба,
Діні басқа қалмаққа?!

3960 — Зарлаған даусы тым текті,
Осы әйел, бөлкім, Жібек-ті.
Естідім өн осындай,
Сансызбай қайтып тез жетті.
«Тілегім бар, аға», — деп,
Шегеге кеп ендікті:
— Ей, Шеге аға, Шеге аға,
Ақылың асқан сен дана.
Бір жұмысқа жұмсайын,
Мен айтайын, сен тыңда.
3970 Өнеу үйге барып кел,
Дауысты естіп біліп кел.
Шамаң жетсе сөйлесіп,
Болмаса барып көріп кел.

Бір сапарда тілімді ал,
Ақылың — алтын, сөзің — бал.
Қыз Жібек сынды жеңгемнен,
Бар да, жауап алып ал.

Балалық деп ойлама,
Қайтудың ісін қозғама.

3980 Қыз Жібек сынды жеңгемді
Бір көрмей кетсем бола ма?

Жалғыз ауыз сөзім бар,
Өзіңізге қылам зар.
Айналайын, Шеге аға-ау,
Қиысын келер бір іс бар.

Жау жағадан алыпты,
Бөрі етектен қауыпты.
Іздеп келдік алыстан,
Кетейік біліп анықты.

3990 Ел-жұрт пен кемпір-шалымыз,
Сұрайды-ау бізден бұл жайтты.

Өзің барып білсеңші,
Өз көзіңмен көрсеңші.
Жақсы-жаман не көрсең,
Жасырмай айтып келсеңші.

Бармақ болды ер Шеге,
Тартынады ол неге?
Астындағы тұлпарды
Қаңтара салып тізгінге.

4000 Ауылға таман жөнелді,
Той тобына енеді.
Өлең айтқан ақ үйдің
Тұсына жетіп келеді.

Алысқанмен алысып,
Жұлысқанмен жұлысып.
Көңілге алған жеріне
Келе жатыр ығысып.

Тойдың ішін аралап,
Өте алмаса жағалап.

4010 Қалмақтың қалың жасағын
Ұқты көзбен сығалап.

Жол бермейді адам мыңдаған,
Қысылып үйге сыймаған.
Қыз Жібектің зарынан,
Мынаны ғана тыңдаған:

- Бас қосқаным әуелде-ай,
Еді менің Жағалбай.
Көптігінен жылқысын,
Жүр деуші еді баға алмай.
- 4020 Өліп кетті Төлеген,
Өмірі ұзын бола алмай!
Қойды екен Құдайым,
Қыз Жібекті неге алмай!
- Әуелгі ерім жағалбай,
Мекені алыс жағада-ай!
Көбейіп кетіп жылқысы,
Жүріпті ен сала алмай!
- Ер кезекті елінде,
Жоқ па екен жігіті, я Алла-ай?!
- 4030 Бар болса неге келмейді,
Жесірін жүр ме таба алмай?
Тостырып қойды-ау сарғайтып,
Біреуі келіп ала алмай!
Алыста елі жағалбай,
Жылқысы жүрер саналмай.
Жігіттері сол елдің
Жүр ме екен жол таба алмай!
Жігіттері жас па екен,
Атына мініп шаба алмай?!
- 4040 Өзім іздеп кетер ем,
Жіңішке жолы әйелдің,
Қаңғырам ғой таба алмай!
«Жалғыз інім бар», — деп ед,
Аты есімде — Сансызбай.
«Ертіп келед, — деп еді,
Батыр Шеге ақынды-ай!
Олай-бұлай боп кетсем,

Келеді деп ед Төлеген»,
Келмеді оған нағылды-ай?!.

- 4050 Ер Шеге естіп өлеңді,
Жібек екенін біледі.
Барайын деп қасына,
Алладан пәрмен тіледі.
Ұмтыла басып ер Шеге,
Жібекке таман келеді.
Ән естіген қалың қол
Шегені қайдан біледі.
Арық қойдай тырысып,
Кейбіреумен жұлысып,
4060 Бір адым басу мұң болды,
Итерісіп, тұрысып.

Алты айрықтан тер кетті,
Қаны кеуіп шөлдепті.
Өлдім-талдым дегенде,
Дәл тұсына кеп жетті.

- Отыр Жібек ол қырын,
Көре алмай жүр ел түрін.
Шега ақын келіп отырды,
Бір жағына боп түйін.
4070 Өлең айтып таныспақ,
Білмекші боп қыз сырын:

— Айтысайын деп келдім,
Өзіңмен, Жібек, мен бүгін.
Әкелді тартып алыстан,
Құлаққа жеткен мұңлы үнің.

- Келіп ем үміт мен жүктеп,
Сені көріп көңілім тоқ.
Сонша зарлы өлеңің,
Отырсың неге қайғы жеп?
4080 Тойың болып жатқанда,
Жылайсың неге мұңлы боп?

Бір азырақ өлең айт,
Тыңдайын мен де сыйлы боп!

Естиді елі Жібекті,
Сөйлеспей ермен күн өтті.
Санаменен сарғайып,
Ернін жиып күлмепті.
Бұл сырды білмей Шеге ақын,
Айтысам деп өрлепті.

4090 Шеге байқап сөз тегін,
Ұқпақшы өз керегін.
— Тыңдап отыр болмаса,
Айтайын бастап мен өзім.

— Хор қызындай бар сымбат,
Көрдім сіздей бір қымбат.
Асылмен сіздей айтысу
Маған бір зор ғанибет.

— Ауылым қонған Қайыңды,
Білмейсің менің зарымды.
4100 Өлең адыра қалған-ды,
Кетіріп менің сәнімді.
Кім боласыз өзіңіз,
Білмейтін менің жайымды?

— Көтердім көріп көңілді,
Келбетіңе толымды.
Тапқандай боп қуандым,
Бейіште сарай жолымды.
Осы үйде деп естіп ем,
Әрең таптым өзіңді.
4110 Осынша зарлы екенсің,
Неден көңілің бұзылды?

— Дауысың құлақ тұр жарып,
Сұрайсың, аға, сөз салып.
Ел-жұртынан айырылып,

- Болғалы тұрмын мен ғаріп.
Көрмеген жан екенсіз,
Тұрмын сізге таң қалып.
Нәсілің алыс жердікі,
Байқасам мен зер салып.
- 4120 Қай жерден келіп, қай жаққа,
Жүрсің неге сандалып?
- Хор қызындай көрікті,
Құдайым саған беріпті.
Айтқан сөзің, шырағым,
Сүйегімді ерітті.
Қалайша түстің сен торға,
Мәнісін мен білейін,
Әрбір іс болар себепті?
- Алла үкіміне мен көніп,
Жүрмін, міне, сенделіп.
Көзімнің жасы суалды,
Шырағым жаққан ол сөніп.
Құдайым мені айырды,
Қосағымнан тез бөліп.
Қалмаққа, міне, отырмын,
Байлаулы пенде мен болып.
- Сары ағаш жонса, қын болар,
Адам азса, сұм болар.
Заман ауып жыл сайын,
4140 Адамға қатал күн болар,
Қайын атаң атын сұрайын,
Күйеуің тегі кім болар?
- Жақсыдан үлгі сөз қалар,
Тіл-жағынан бал тамар.
Ажалдың қармағы ілінсе,
Кім қашып одан құтылар?
- Алдында қызмет қылмадым,
Атауды қайтып ойлайын.

- Көрмей ме теріс аруақтар,
4150 Алыста болса сыйлайын.
- Жаман жетпес жақсыға,
Қуса да ұдай асыға.
Зәрулікпен сұрадым,
Қажатман болып осыға.
Атай салсаң, шырағым,
Ештеме етпес бір жолға.
- Руы екен жағалбай,
Қайын атам аты — Базарбай.
Күйеуім болған Төлеген —
4160 Нәсілі артық патшадай.
«Жалғыз інім бар, — деп ед,
Жал-құйрығым — Сансызбай».
Төлегеннен айырылып,
Сегіз жыл өтті зар жылай.
- «Қой ішінде марқа, — деп,
Омырауы толған алқа», — деп.
Қайын енем атын айтып ед,
«Алпыс жаста Қамқа», — деп.
Қуанам ба Құдай-ау,
4170 Қабағым бүгін тартты кеп.
Біздей ғаріп пендені,
Тірі болса Сансызбай,
Болып ет табар уақыты кеп.
Кешегі өткен Төлеген,
Кетерінде бүй деген:
«Елімнің ақын көсемі —
Батыр Шеге бар», — деген.
- Қайтейін-ау, қайтейін,
Қайсы бірін айтайын.
4180 Қайғыға қайғы жамалды,
Қайсының дертін тартайын.
Зейінсіз қып қойды ма,
Сансызбай ерді Құдайым!

- Сонда Шеге сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Мойныңды бұр, Жібекжан,
Айтайын бір сыр мен, — деді.
Тірі жанға ауыз ашпа,
Бұл сөзіме сен, — деді.
- 4190 Сансызбайға басшы боп,
Келгенім іздеп сен, — деді.
Төлеген айтқан, шырағым,
Ақын Шегең мен, — деді.
- Зәтте болған Қыз Жібек,
«Алдап жүр ме мені», — деп.
Ойда-жоқта кез болды,
Бұған қалай сенем деп.
Сегіз жылдай хабарсыз,
Тап болды бүгін неден? — деп.
- 4200 Қобалжыды ойланып,
«Біреу ме алдап жүрген», — деп.
- Жарқыным, саған не айтам,
Өтірікке тіл қайқаң.
Сену-сенбеу өзіңде,
Асығып тұрмын, мен қайтам.
- Мұсылманды қас көрсең,
Жау қалмақты дос көрсең,
Расымды айттым, Қыз Жібек,
Көңіліңе жағып қош көрсең.
- 4210 Сансызбай тұр ат ұстап,
Шақырайын сен көрсең.
- Қайғыдан қайғы зілдейін,
Ақылдан тандым, білмеймін.
Атыңыз ұқсас болғанмен,
Көргенім жоқ, сенбеймін,
Сансызбай қайда, ағаке-ау?
Төлегенге ұқсаса,
Сонда сөзің шын, — деймін.

- Жан-жақты ойлар ақылды,
4220 Ақылдан өтсе мақұлды,
Қыз Жібектің айтқаны
Ер Шегеге татымды.
- «Төбем көкке жеткендей,
Келтірді Құдай сәтіңді,
Атын айтсам, басқалар
Біліп қалар ма екен», — деп,
«Атқосшы бала, бер кел!» — деп,
Жай дауыспен шақырды.
- Сансызбай үнді біледі,
4230 «Алла» деп атқа мінеді.
Екі тұлпар жетегі,
Ер Шегенің қасына
Іркілместен келеді.
«Жалғыз қайның келді», — деп,
Жібекке хабар береді.
- Жалт етіп Жібек қарады,
Қарап көзі талады.
Төлегеннің терісін,
Сойып қаптап қойғандай —
4240 Сегіз жылдан бұрынғы
Төлеген деп қалады.
- Алтыннан қалған сынығым,
Күмістен қалған жұғыным.
Неғып бір Құдай ұқсатқан
Төлегенге сиығын.
- Тұлпардан қалған тұяғым,
Бірге туған пырағым.
Жаратқан Алла жар болып,
Жанды ма сөнген шырағым?!
4250 Күн нұры түсіп көзіме,
Бойымды жылытты шуағың.

Қанатын қақты түйғыным,
Ерттеулі келді жүйрігім.
Өлгенім келді тіріліп,
Жарылсаңшы жүрегім!
Жаратқан Алла жар болып,
Қабыл болды тілегім.

Естіп едім атыңды,
Асыл деуші ем затыңды.
4260 Тіріде бір келер, — деп,
Сегіз жыл күттім артыңды.
Көкешіңе ұқсатып,
Жаратыпты қалпыңды.
Төлегендей ағаңның,
Орны болып жәннаттан,
Қайырлы қылсын артыңды!

Тосып едім өзіңді,
Ер жетіп өсер кезіңді.
Неғып Құдай ұқсатқан,
4270 Сөйлейтін де сөзіңді.
Сынайтұғын кезең бұл,
Алтын менен жезіңді.

Көңілім кетті толықсып,
Сені көріп ылықсып.
Қайғым іштей жойылды,
Қуанышпен жуысып.
Дұшпаным көп арада,
Бұл не дер ме күлісіп.
Кезіксең әуел кең жерде,
4280 Төгер едім шерімді,
Бір күн, бір түн көрісіп.

Көріп көзі тояды,
Амандасып қояды.
Сегіз жылдық қайғысын
Бір мезгілде жояды.

Жай ғана амандасыпты,
Көңілі судай тасыпты,
Төлегенді сағынып,
Біраз көңіл айтыпты.

- 4290 Ешкім жоқ оны байқаған,
Бұлар кім деп шайқаған.
Өзімен өзі боп отыр,
Әр көңілде біреу бар,
Өзіне лайық сайлаған.

Сансызбай айтты: — Жеңеше-ау,
Кезіктік бүгін біз депші-ау.
Жібек деп қойған атыңа,
Сай екен затың өзгеше-ау.

- 4300 Көкешім менің Төлеген
Дүниеге көңіл бөлмеген.
Лайық іздеп өзіне,
Дидарыңа шөлдеген.
«Осы бір сапар жолымда
Олай-бұлай боп кетсем,
Іздеп бір өзің кел», — деген.

- Көкешімнің сөзімен,
Іздеп келдім ізімен.
Күтіпсің көп жыл сарғайып,
Жем болғалы құзғынға,
4310 Тұр екенсің жеңеше-ау,
Көрдім, міне, көзіммен.

Көкешім жоқ жалғанда,
Бізді тастап арманға.
Көнбесіне шара жоқ,
Алладан келген парманға.
Торқа болсын топырағы,
Разы боп біздер қалғанға.

- Көз көрмесе көңіл жат,
Еске түсер аманат.
4320 Өзіңді көріп, жеңеше-ау,
Қуандық біз көңіл шат.
Қайтамыз біз кешікпей,
Тұжырым сөзді өзің айт.
Шеге тұр сөзді ол тыңдап,
Айтайын деді бір жұмбақ:
- «Жеңге — мұра» деген сөз,
Айтылған екен бұрын-ақ.
Шешімі қалай болады,
Шеш екеуің нақпа-нақ.
- 4330 Шегені Жібек ағалап,
Сансызбайды бағалап.
Құрметтейді екеуін,
Асты-үстін жағалап.
Алдына табақ ас қойды,
Талданған тамақ саралап.
- Тамақ жеп, сусын ішіп ал,
Аттарыңа мініп ал,
Іздеріңмен қайта қайт.
Жер мөлшерін біліп ал,
4340 Қара ағаштың кезеңі —
Ертең түсте жетемін,
Мені сонда тосып ал.
- Мені алғалы тұр қалмақ,
Қайғыға қайғы жамалмақ.
Екі тұлпар аты бар,
Екеуі де тең ардақ.
Ертең ауыл көшед, — деп,
Түңлік бауын шешед, — деп,
Сұраймын бірін тұлпардың,
4350 Мінуге көшкен есептеп.
Шыға алмадым далаға,
Ойын-тойда жетектеп.

Жарысып ойнап қыздармен,
Көтерем көңіл тепектеп.

Мінем деп бірін зорлаймын,
Бермесіне қоймаймын.
Ертең түсте жетемін,
Қара ағашта тұр дайын.
Шырағым мені, Сансызбай,
4360 Қайда апарсаң өзің біл.
Боламын сенің торғайың,
Сегіз жыл күттім келед, — деп,
Басқа жоқ менің күнайым.

Жайды ұқты Шеге, Сансызбай,
Тоғысып алды ақылды-ай.
Аттарына мінді де,
Жөнелді қас батырдай.

Ертесі ел көшіпті,
Түңілік бауын шешіпті.
4370 Жеңгесін Жібек шақырып,
Былай бір ақыл кесіпті:

— Қу Хоренге барып кел,
Бір тұлпарын алып кел,
Жібек көкеш мінед, — деп.
Тілің майда, жеңешем,
Барып бабын тауып кел.
Бермейтұғын сараң жоқ,
Қалауын тауып жағып кел.
Көшке бір күн мінед де,
4380 Қыздармен ойнап-күлед де.
Көтеріп көңілін бір көште,
Кешке өзіңе беред де.

Хоренге кетті жеңгесі,
Ортада елші жүрмекші.
Қосына тура кіргенде,
Жатқан-ды Хорен дөңбекше.

- Көтерді ол басын керіліп,
Найынын тартқан ерініп:
— Амансың ба, жеңеше-ау,
4390 Келдің бүгін неғылып?
Бұйымтайын сұрады,
Қабандайын керіліп.
- Өтей келдім арнаулы,
Бұйымтайым болжаулы.
Ертең ауыл көшеді,
Жұрт жаңалап қонғалы.
Бикешжан барып кел, — деді,
Бір атын алып кел, — деді.
Тойға келген қыздармен,
4400 Жарыса ойнап күледі,
Бұйымтайым, міне, осы,
Бір атыңды бер, — деді.
- Күйеу боп барсам қырланып,
Қашасың үйден шұбалып.
Қалыңдықты ертіп кел десем,
Тілді алмайсың шырғалып.
- «Тимеймін», — дейді ол маған,
Бұл сыр анық дәл саған.
Өзім жаман, ат жақсы,
4410 Бұл іс, сірә, болмаған.
- Тимеймін дейді өзіме,
Түсіп пе атым көзіне?
Қайран қалдым, жеңеше-ау,
Ат сұратқан сөзіне.
- Құры қайттым деп жасыма,
Келген жұмыс осы ма?
Қолқа салып ат сұрап,
Келмегін жеңге қасыма.
Жібекке сәлем айта бар,

4420 Орынсыз қолқа — ойға олақ,
Көз тікпесін атыма.

— Ей, күйеужан, күйеужан,
Еркелеп өскен Жібекжан.
Тиемін деп қыз айтпас,
Ұят іс болар өйткен жан.
Жібектің сырын білмейсің,
Ел айтқан сөзді шын дейсің.
Біле тұрып дұшпанның,
Сөзін неге жөн дейсің?

4430 Бір күн көшке мінеді,
Көксандалды бергейсің.
Ел орынға отыра,
Ақ отауға кіргейсің.
Ойын-күлкі тамаша,
Көп қызықты көргейсің.

Сонда Хорен сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
— Шын сөзімді айтайын,
Сөз төркінін біл, — дейді.

4440 Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
Мінезің бүгін өзгеше-ау.
Ат сұраған әйелге
Ат беретін қалмақ жоқ,
Бұл сөзді қайтып демеші-ау.

Мінген атың құла ма,
Алтыннан жүзік бұрама.
Біреу жарлы, біреу бай —
Бәрін де Құдай қыла ма?
Тимесе, Жібек тимесін,

4450 Көк сандалды сұрама.
Ер мінетін тұлпарды
Әйел мінсе бола ма?
«Асамай жатып құлдық», — деп,
Құр сөзбен берме сыбаға.

Қалмақ атын бермеді,
Айтқан сөзге ермеді.
Өкпесін айтып қу қалмақ,
Алдауына сенбеді.

4460 Барғанына арланды,
«Қу қалмақ!» деп қарғады.
Жібітем деп тас көңілін,
Айтпаған сөзі қалмады.

— Атың қалсын адыра,
Өзің кет көзден тағы да.
Шамдансаң да өзің біл,
От түсіп сенің шабыңа.
Талағы түссін атыңның,
Құдайдай көрген табына.
Бірін қойып екеуі,
4470 Бірдей өлсін қағына!

Қайтып келді ізімен,
Жас ағып жылап көзінен.
Көңілі қатты тасбауыр,
Біледі қалмақ тегінен.
— Жасыма, — деді Қыз Жібек,
Өзім барып сол иттің,
Сөйлесейін өзімен.

Ат бермеген қалмаққа,
Өзі кетті бармаққа.
4480 Он бес нөкер қасына ап,
Сиынып көне аруаққа.

Қыздарға айтты: — Біліңдер,
Жезде деп ойнап-күліңдер.
Би билесіп, ән айтып,
Қалмақтың көңілін іліңдер.
Қалжың айтып әр түрлі,
Әңгіме-дүкен құрыңдар.

Қалжың айтып қандырып,
Ақыл-естен тандырып,
4490 Жібітіңдер тас көңілін,
Ойыннан от жандырып.
Тасырайып томсиып,
Қоймаңдар көңілін қалдырып.

Айтқанға бәрі көнеді,
Хоренді іздеп келеді.
Қалмақтың қалың жағасы
Қыз Жібекті көреді.
«Адамнан мұндай тумас», — деп,
Перизатқа теңеді.

4500 Қалың жасақ Жібекті
Көріп естері кетті.
Хандарының алдына
Ертіп кірді құрметті.

Хорен көріп таң қалды,
Есі кетіп сандалды.
Қыларға қылық таба алмай,
Қара көңілі жанданды.
— Қыз Жібектің жолына,
Құрбан қылсам көп емес, —
4510 Деді, — біткен мал-жанды.

Бойы балқып терлепті,
Жібекті көріп сәулетті.
Осыған дейін Жібекті ол,
Анықтап әлі көрмепті.
«Нәсіліне сай көрікті,
Бір Құдай оған беріпті.
Кезсем дағы жер шарын,
Табылмас мұндай келбетті.
Қатыным болса Қыз Жібек,
4520 Хан тағым болар көрнекті.
Разымын, Қыз Жібек,
Бір сен үшін шіркін-ай,

Өлсем де көріп бейнетті...»
Қиял сүріп хан Хорен,
Өз көңілін өзі семіртті.
Ертіп барған қыздары,
Ән мен күйді өрлетті.
Жездеміз деп Хореннің,
Балқытып көңілін тебіrentті.

4530 Бір уақыттар болғанда,
Хореннің көңілі толғанда
Жұмысым бар деп азырақ,
Жібек айтты ол ханға:

— Келіп ем сізді көргелі,
Бір сөйлесіп білгелі.
Той болып жатыр, басыма
Ноқтаңды тұрсың ілгелі.
Келе ме деп тосып ем,
Көрмедім өзің келгелі.

4540 Жеңгеме барып кел, — дедім,
Күйеуді барып көр, — дедім.
Екі тұлпар атының
Біреуін алып кел, — дедім.
Бермеген соң атыңды,
Өзім сұрап кеп едім.

Ертең ауыл көшеді,
Тұңлік бауын шешеді.
Бір көште мінсем не бопты,
Атыңның несі кетеді?

4550 Жарысып ойнап қыздармен,
Көтерсем көңіл не етеді?

Қалмақ кетті дал ұрып,
Ес-ақылдан айрылып.
Дидарына Жібектің
Қайран қалды аңырып.
«Көксандалды берем», — деп,

- Далаға шықты қағынып,
Жарап жүрген бапталып,
Шабуды тұрған сағынып.
- 4560 Ер-тоқымын өзіне,
Бөлек қойған айырып.
Алтын жабдық ер-тоқым,
Жарқырап тұр малынып.
- Ерттетті атты жайлатып,
Қыз Жібекке арнатып.
Тебінгі, көпшік, үзеңгі,
Лайықтатып байлатып.
- Екіндіде әкеп бер,
Суытамын шықса тер.
- 4570 Басқа біреу мінбесін,
Шығарып бекер арам тер.
Көз айырмай Жібекке,
Хорен нақтап сөйлеп тұр.
- Қыз Жібек іштей күліп тұр,
Не қыларын біліп тұр.
Төсегінің басынан,
Көк семсерді көріп тұр.
Алайын деп ойлады,
Істетер жері анық тұр,
- 4580 «Ебіне келсе өзіңе,
Қысылған жерде өзіме,
Осы екінің бірісі,
Жетемін айтқан сөзіме.
Он бес құлаш семсерін,
Хореннің бас кесерін.
Не қыласың десе ол,
Көңілінде тоқып не дерін.
- Біліп алды ішінен,
Жайбарақат пішінімен.
- 4590 Келтірсе Құдай кезегін,

Кесілер басың осымен.
Осыдан жолым болмаса,
Тірі жүрем несіне...»

Атты алдырды жетелеп,
Мініп алды Қыз Жібек.
Қасындағы қыздарға
«Үйлеріңе қайтқын», — деп.

4600 Көксандалға Қыз Жібек,
Мініп алды «шүкір» деп.
Анадай жерге барған соң,
Масқаралап Хоренді,
Өлең айтты былай деп:

— Атаңа нәлет, хан Хорен,
Хандығың сенің бір сорың.
Біліп алғын, хан Хорен,
Ажалың жақын — көр, орың.

4610 Болмаймын пенде өзіңе,
Жетемін айтқан сөзіме.
Бұл күніңе зар қылам,
Өз қылғаның өзіңе.

Алдауға бердің атыңды,
Түсірдің хандық нарқыңды.
Өз көріңе өзің түсетін
Келтірер Құдай сәтінді.

4620 Көрсетсем алдап жүзімді,
Келтірдім оңдап кезімді.
Атаңа нәлет, хан Хорен,
Ұғып тұрғын сөзімді.
Ұлықсынып тұрыпсың,
Осы күнде өзіңді.
Апса Тәңірім бағымды,
Қарға менен құзғынға,
Шоқытармын көзіңді.

Адырайып келдің қасыма,
Аламын деп басында,
Адыра қалғыр, хан Хорен,
Тұрмаймын сенің қасыңа.

Тәуба қылдым Құдайға,
Тілектің жеткіз бағына.
4630 Жаратқан Ием, мың шүкір,
Қор қылма мені тағы да.

Тілекті Құдай бергенін,
Сандалкөкті мінгенім.
Білмей қалдың, сұм Хорен,
Ажалыңның келгенін.

Бұғаудан бүгін шешілдім,
Тұлпар мініп көсілдім.
Кешіргін, Алла, күнәмді,
Сұм Хореннен құтылып,
4640 Шырағын жанған өшірдім.

Жетем бе бүгін сөзіме,
Уағыда қылған кезіме.
Не қылсаң да өзің біл,
Тәуекел, Алла, өзіңе.

Өрі шапты Қыз Жібек,
Бері шапты Қыз Жібек,
Қамшылап басын тартады,
«Тұлпардың бүйірі қызсын», — деп.

Хорен де келді жуықтап,
4650 Бесті айғырдай иықтап.
— Басы қатты Көксандал
Жығып кетіп жүрмесін,
Байқа, Жібек, бұрып тарт!

Әйелге семсер не керек?
Өзіме берші қайта! — деп.

Қазмойын қара тұлпармен,
Еріп келед артынан:
— Тоқта, Жібек, тоқта! — деп.

4660 Қыз Жібек шауып барады,
Хорен таяп қалады.
Көңілі толған сүм Хорен,
Мынадай өнге салады:

— Япырым-ай, Жібек, япырым,
Келеді еріп батырың.
Қыз Жібектің астында
Көксандал қандай шабады?!
Ақырын шап, ақырын,
Қыз Жібек — менің қатыным.

4670 Басы қатты Көксандал,
Ұялы құйрық, майда жал.
Күдірлеу жерде, Қыз Жібек,
Басын мықтап тартып ал.
Ақырын шап, ақырын,
Иен қалды шатырым.

Көксандалым жараса,
Шаба бер көңілің қаласа.
Көксандалды жүгірткен
Қыз Жібек қандай тамаша!

4680 Ақырын шап, ақырын,
Кетіп тұр менің сабырым.
Көксандалды мінгені,
Дүрия көйлек кигені,
Менің арқам емес пе,
Құбылып бүйтіп жүргені?
Ақырын шап, ақырын,
Басылмай жүр қарқыным.

Көксандалым шауып бер,
Болсаң да бүгін арам тер.

Көңіліңді әбден көтеріп,
4690 Шатырға кеште қайтып кел.
Ақырын шап, ақырын,
Боларсың кешке қатыным.

Қарамаңдар, бозбала,
Қыз Жібекке таң қала,
Тарылып ішім күйеді,
Жоламаңдар, жолама.
Ақырын шап, ақырын,
Барады түгеп тақылым.
Ар таман жүр, бозбала,
4700 Айтарым сол бір ғана.
Көксандалға мінгіздім,
Басы бос деп санама.
Ақырын шап, ақырын,
Айтатын бар ақылым».

Хоренді Жібек көреді,
«Бір іспен, — деді, — келеді.
Ойлаған ойын ұмыттырып,
Қалжың айтып күледі.
Көңілі ауып Жібекке,
4710 Ойдағысын демеді.
Бұрын Жібек сөз бастап,
Аштырмай аузын бөгеді:

— Тақсыр-ау, сізден сұрайтын,
Бір сырым менің бар еді?
Өзіңіз бе хан болған,
Неше атаңыз хан еді?

Хорен айтты: — Жібекжан,
Жеті атамнан бері хан.
Мақтан емес бұл сөзім,
4720 Рас айттым, сен соған.
Сен білмесең, ел білер,
Айып емес сұраған.

- Хан болсаң жетер ақылың,
Мен болдым сенің қатының.
Құл, қойшыға ұқсамай,
Бүркейін басын атыңның.
Қыз, күйеу бірге жүрмейді —
Әдеті қазақ салтының.
Ел мазақ қып күледі,
4730 Ұялып кейін тартының.
Хан басымен хан Хорен,
Артынан ерді демей ме,
Алмаған әлі қатынның.
- Бұл жерде тұрмай кетіңіз,
Шатырға барып жетіңіз.
Қосты жайлап тіктіріп,
Ел орынға отыра,
Шатырда мені күтіңіз.
- Ат мінбеген хан емес,
4740 Жығылатын бала емес,
Хан басыңмен, тақсыр-ау,
Бұл қылғаның сән емес.
- Жібектің сөзі жағады,
Хан Хорен жымың қағады:
— Жығылмайды екенсің,
Көксаңдал жатық шабады.
Семсерімді алып кетсем, — деп,
Күлімсіреп қарады.
- Ей, Хорен, ел көрсін, — деп,
4750 Тәртіпке ойын бөлсін, — деп.
Сескентем елді семсермен,
Жұртынан тез көшсін, — деп.
Құр қол жүрсем, ақырсам,
Сескенбейді әйелсің, — деп.
Мен асайын бірер күн,
Мазақ қылма, тақсыр-ау,
Сұрайсың оны несін кеп?

- Өз қылығыңмен істедің,
Кейбір істі үстедің.
4760 Атыңмен бірге берейін,
Оны несін тектедің?!
- Ондай болса, өзің біл,
Шын сөзің болса айтқын бұл.
Кетейін мен ілгері,
Көз көрсе, сөйлер қызыл тіл.
Семсерменен тұлпарды,
Екіндіде әкеп бол.
Жұлдыз шыға қасыма,
Адам ертпей өзің кел.
- 4770 Қалмақ кетіп барады,
Жібектің көңілі жанады.
Арт жағына қараса,
Жібектің кіші жеңгесі
Іздеп келіп қалады.
- Жеңгесі қандай сүйікті,
Жібекті көріп күліпті.
Сәукелесін Жібектің,
Жарқыратып киіпті.
- 4780 Қыздың көзі қызылда,
Жібек көріп қызыпты.
Кімді аздырмай қояды,
Дүние, шіркін, қызықты.
- Асуда-асу бел, — дейді,
Асып көшкен ел, — дейді.
Бір сырым бар айтайын,
Жеңеше-ау, бері кел, — дейді.
Мен бір хабар айтайын,
Жеңеше-ау, соған сен, — дейді.
Сәукелеңді басыңнан,
4790 Алып маған бер, — дейді.

Ақыр ертең киемін,
Бүгін киіп көрейін.
Жараса ма екен, жеңеше-ау,
Өз көзіңмен көр, — дейді.

Жеңгесі мақұл көріпті,
Сәукелесін беріпті.
Басына киіп Қыз Жібек,
Жарасқанын біліпті.
— Дәл келді, — деп, — өзіңе,
4800 Жеңгесі күліп кетіпті.

Басынан қайта алады,
Жеңгесі қайран қалады.
Асыл гауһар тастарын,
Сытырлатып жұлып ап,
Жан қалтаға салады.

Алысырақ тұрады,
Атының басын бұрады.
Айтуға келмей ауызы,
Сонда Жібек жылады:

4810 — Айналайын, жеңеше-ау,
Мінезің сенің өзгеше-ау!
Сапар тарттым алысқа,
Барасың қайда демеші-ау!

Мені тұр қалмақ алғалы,
Дінсіз тәнін таңғалы.
Қалың қолы қамап тұр,
Қит етсе жанжал салғалы.
Қару-жарақ байланып,
Дайын тұр қанға малғалы.
4820 Ел-жұртқа сөлем өзің айт,
Сапарға тұрмын барғалы.
Жеңеше-ау, өзің аман бол,
Арамыз тұр алыс болғалы.

Жеңгесі сұрар не екенін,
Білмесе болмас екенін.
— Бағыңды ашсын бір Алла,
Барма деп мен не дейін.
Қалай талап қылсаң да,
Ерік өзінде көнейін.

4830 Кәпірдің көңілі басылсын,
Байланған бағың ашылсын.
Мұсылманның біреуі
Жолыңнан сенің табылсын.

Ертелі-кеш Құдайдан
Тілеймін сені құр ойдан.
Сұраймыз сені қалмақтың
Құтқарсын деп торынан.

Қайғыңа ортақ жылайын,
Зарығып мен де сұрайын.
4840 Маған шыныңды айта кет,
Барасың қайда, шырағым?

— Астымда тұлпар мінгенім,
Беліме семсер ілгенім.
Тұлпардың қалған тұяғы,
Сансызбай іздеп кепті екен,
Қабыл болып тілегім.

Кетейін бірге деп тұрмын,
Қосылайын деп тұрмын.
«Әуелде Құдай жазды ма,
4850 Ниетім ауып?» — деп тұрмын.
Көнейін қайтіп қалмаққа,
Шатырына бармаққа.
Арандай аузын ашып тұр,
Арсыз төнін артпаққа.
Осылай қиял қылдым мен,
Басымды жолға салмаққа.
Өлігім де оған ұнамас,

Жаһаннамға бармаққа.
Тұлпар мініп жол тарттым,
4860 Мұсылманға ілесіп,
Ұжымаққа бармаққа.

Ақ сүтін берген анамыз,
Разы болсын атамыз.
Бәріне сәлем айта бар,
Бүгін кеш сапар тартамыз.

Ел-жұртқа дағы сәлем айт,
Бәрі болсын саламат.
Өзің бір жақын жеңгем ең,
Құдайға сен аманат!

4870 Бұдан кейін Қыз Жібек
Атының басын бұрды да,
Изеді басын «қош-ау» деп,
Сөз айтқан жоқ пәлен деп.
«Уәде қылған қара ағаш»,
Мөлшері соның осы-ау деп.

Жеңгесі қалды егіліп,
Көзінің жасы төгіліп.
«Көрем бе қайта сені?» — деп,
Қайғыға батты шегіліп.

4880 — Жылайды көзім, көңілім шат,
Аллаға сен аманат.
Ата-ана, туған-туысқан,
Ел-жұрт, ауыл-аймақтан
Сансызбайға сәлем айт!
Қош аман бол, Бикешжан,
Іс болды деп бір ғаламат.

Қайратқа келген секілді,
Қайырып түйген кекілді.
Астындағы Көксандал
4890 Бапқа келген секілді.

Жөнөді Жібек, жөнөді,
Ұшқан құспен тең еді,
Сансызбай мен ер Шеге,
Басына шығып ағаштың,
Қарауылдап тұр еді.
Көзін салса алысқа,
Қара жоқ, шаң көреді.
Ә дегенше құйындап,
Келгенін Жібек көреді.

- 4900 Табан жолмен тарысып,
Ауыздықпен алысып.
Озып келген сияқты,
Ұшқан құспен жарысып.
Сүзе тартып көк тұлпар,
Екі қолы қарысып.
Қара ағаштың түбіне,
Келіп қалды қағысып.

- Аттан түсті Қыз Жібек,
«Бұрынғы жолы осы, — деп.
4910 Жомарттықпен бас қосқан,
Бір Алланың досы», — деп.
Сәлем етті үш рет,
«Құрметім, аға, осы», — деп.

— Ашылсын бағың, балам! — деп,
— Тәңір болсын, панаң! — деп.
Ер Шеге бата береді,
Келген соң атын жаяулап.

- Жетелеп атын жаяулап,
Маймаңдап қаздай баяулап.
4920 Қыз Жібектің жанына.
Сансызбай келді таяулап.

Бірін-бірі көреді,
Көңілі тасып желеді.
Екеу еді, үшеу боп,

Атқа қонып ұшыртып,
Елге таман жөнөді —
Өңкей тұлпар мінгені.

Шапқанда Жібек озады,
Ат басы жерді соғады.
4930 Тарта алмай Жібек тізгінін,
Алақаны тозады.
— Бапқа келген Көксандал,
Мынаған мінсең қайтед? — деп,
Сансызбайдан сұрады:

— Алыстан келдің жол жүріп,
Қалыпты атың болдырып,
Көксандалға мініп ал,
Жасымай-ақ ар көріп.

— Міне бер, Жібек, міне бер,
4940 Өз атыңмен жүре бер.
Нәсіп қылса Құдайым,
Күн туады мінгізер.

Екінді өтіп, ақшамда,
Хорен найын тартқанда.
Жібек те жоқ, ат та жоқ,
Жіберді кісі сасқанда.

— Ат қайда? — деді, — қазаққа
Ат бергенім мазақ па.
Екіндіден қалдырмай,
4950 Бер деп едім бұл жаққа.

Сырлыбайдың ауылына,
Кісі келді жаулыға:
— Атты неге бермейді,
Тұрмадың деп уағдада!

— Біз бер атты демедік,
Ат мінгенін көрмедік.

Атқа мініп жүр деп ед,
Ат кімдікі демедік.
Өзі де жоқ Жібектің,
4960 Қайда кетті білмедік.
Ат пен қызды жабыла,
Бөріміз де іздедік.
Таба алмадық еш жерден,
Бұл ғайыпқа не дейік!

Хореннің айтты өзіне:
— Түсінбейміз тегіне,
Тұлпарға қызды мінгізіп,
Жіберді дейміз еліне.
Қас қылар деп қазақты,
4970 Байлапсың семсер беліне.

Болмаса қайда кетеді,
Расын айтса не етеді?
Жіберсе де өшкере,
Бұған кім ара түседі?

Жасырсақ қыз сияды,
Ат қайда сиып тұрады?
Бізді өуре қылмасын,
Хан Хорен өзі ұғады.

Мұны естіді хан Хорен,
4980 Ашуланды құн-перен.
Жасағын жиып әкепті,
Ішкені болды ел керен.

Хан Хорен келіп ақырды:
— Тапсыр тез, — деп, — атымды.
Атымды да табасың,
Жібекті де бересің —
Хорен сөйтіп шатылды.
Қаһарланып сұм Хорен,
Айғай салып шақырды.

4990 Хорен келіп тұрады,
Жасағын шепке құрады.
Қатын-бала, ел-жұрт боп,
Қаһарынан қорқып қалмақтың,
Үрейі ұшып жылады.

Әскер тұр елді қамалап,
Қылыш-найза қолында-ай.
Сөйлесуге қалмақпен,
Намыстанды Сырлыбай.
— Сен бітір, — деп, — осы істі,
5000 Қаршығаны шақырды-ай.
Қауіп төніп ел-жұртқа,
Жаман болды-ау, япырым-ай!

Қаршығаға хан сенеді,
Тіл-жақты шешен ер еді.
Сол баяғы Қаршекем
Аман-есен жүр еді.
Қиын істе жол табар,
Ерлігін ел біледі.
Тілін кезеп қалмаққа,
5010 Жан батпаған Хоренге
Сөзбен жауап береді:

— Хан Хорен, мұндай қылмаңыз,
Жанжалға мойын бұрмаңыз.
Мен айтайын бір жауап,
Сөзімді тақсыр тыңдаңыз!
Әйтеуір күшім жетед, — деп,
Қисынсыз қаһар қылмаңыз.
Жасырған болсақ Жібекті,
Содан кейін шындаңыз.
5020 Ашуыңызды басыңыз,
Қосыңа барып түсіңіз.

Тұлпарыңыз жоғалмас,
Бүгін түнде табылмас.
Қапа болсаң да айтайын,

Шығасыға иесі
Болады екен өзі бас.

Жібектің заты ұрғашы,
Тұлпардың болмас жуасы.
Біле тұрып әйелге
5030 Мінгізіпсіз тұлпарды,
Кім кінәлі, жалашы?

Тұлпардың сырын білесің,
Өзің неге бересің?
Қатты айтуға батпаймын,
Ел билеген төресің.
Өз мініңді ойламай,
Тентектік қылып, күйеужан,
Алмашы елдің зәресін!

Сөйледі Хорен былай деп:
5040 — Білмеген у ішед, — деп.
«Мінгізіп өз атыңды,
Елге өзің жіберіп, —
Дедіңдер бізден көрдің», — деп.
Шыдамай мұндай қорлыққа,
Ашуым келген керемет.
Бар болса ертең табамын,
Бүгін барып жатамын.
Сендер қайтып кетіңдер,
Жер шолып өзім қараймын.

5050 Ізіне түссем табылар,
Кім кінәға шалынар.
Көксандалым шапқанда,
Төрт аяғы тиген жер,
Жер ошақтай ойылар.
Ізін өзім танимын,
Қайда кетіп жоғалар?!

Қызың өлсе керек жоқ,
Атыма көңілім талығар.

- Он қызға да бермеймін,
5060 Ондай ат қайдан табылар?!
- Хорен қайтты қосына,
Елге айтты: — Бүгін шошыма.
Кереметті ертең көресің,
Күн туар қандай басыңа.
Жасағым қамап тұрады,
Кетпейді тарқап тұсына.
Ерте тұрып таңертең,
Із қарайсың жосыла!
Ертең ерте із қарап,
5070 Көп жасақтар жүр тарап.
Жұрттан барып із тапты,
Тіміскіп Хорен сығалап.
Жер ошақтай ойылып,
Қара ағаш жаққа із барад.
Қара ағаштан төрт із боп,
Кетіпті шауып қиялап.
Айпарадай болыпты,
Бәрі де анық көріпті.
Алды-артын орап үш аттың,
5080 Көксандалы жүріпті.
Басқан жерін тұяғы,
Жер ошақтай ойыпты.
Қашты Жібек біреумен,
Көрген жерден жорыпты.
Иттігі ұстап Хореннің,
Көп жасағын жиыпты.
«Кетсең де жын боп табам», — деп,
Асыр салып жінікті.
Он тоғыз мың жасақтың,
5090 Елге екі мың қалдырып,
Бастайтын болды жорықты.
«Жасақ бер» деп қазаққа,
Қуыс деп бірге келіпті.
Қаршығаны бастық қып,
Жиырма батыр еріпті.

- Алты күн қуды артынан,
Қашқандар жолды қамтыған.
«Тез жүрмедің сендер», — деп,
Жасағын боқтап тантиған.
- 5100 Қанша күн жүрер шабыспен,
Ере алмай жасақ артынан.
- «Жеткізбей бізге кетед», — деп,
Хорен кетті безектеп.
Апшысы айдай қуырылды,
Әскеріне тепектеп.
Жетіп алса еліне,
«Есе бермей кетед», — деп.
- Артына Хорен қарады,
Ашумен айғай салады.
- 5110 «Тез жүрмедің сендер», — деп,
Дабылын тағы қағады.
- Сендер де кел тез жетіп,
Қуайын жалғыз мен кетіп.
Түсірсем қайта оралам,
Болмаса қуам індетіп.
- Қаршығаны шақырды,
Мұнда кел, — деп бақырды.
Мына жер ошақ ат ізбен,
Барасың бастап ақыры.
- 5120 — Мынау қазақ батыры,
Таны! — деп көпке ақырды.
Барасың деп бұған еріп,
Бересің деп бұған ерік.
Тез жетіндер артымнан,
Жүріп алмай сенделіп.
Жалғыз барам мен кетіп,
Келіңдер сендер тез жетіп.
Тоспасам жетіп оларды,
Кетер олар елге еніп.

5130 Осал емес жауларым,
Бере ме онда бізге ерік.
Жөнелдім, міне, жөнелдім,
Тұруға болмас кідіріп.

Жөнелді, қалмақ жөнелді,
Ерен жүйрік мінгені.
Қаз мойын, қара тұлпары
Ұшқан құспен тең еді.

Жан өтпейтін жар тастан
Көлденең ырғып өтеді.
5140 Дария, өзен-сулардан
Талғамай өткел кешеді.

Қалмақ келед қартылдап,
Тебінгісі сартылдап.
Аузынан көбік шығады,
Көк қабыландай арсылдап.
Қаз мойын қара тұлпарды,
Сауырға сипай қамшылап.
Тоқымдықтан аққан тер,
Пұшпақтан түсіп тамшылап.
5150 Шу десе қалмақ дауысы,
Түлек құстай шаңқылдап.
Мұнарадай дулыға,
Білектей айдар шалпылдап.
Асып алған бес қару,
Сауыт-сайман жарқылдап.

Шөлдегені есте жоқ,
Су іздеуге мұрса жоқ.
Тамағы кеткен қарлығып,
Не болды деп сұрауға,
5160 Жолында тірі пенде жоқ.

Хорен қалмақ жөнелді,
Қаһарланып келеді.
Дәл он бір күн болғанда,

Сансызбайдың қарасын
Хорен қалмақ көреді.
Қуып жеткен қалмақты,
Олар дағы көреді.

- Қалмақ Хорен кепті, — деп,
Бізді қуып жетті, — деп.
5170 Қайғыда қалды Қыз Жібек:
«Басымнан дәурен өтті», — деп.

Толғана мойын бұрады,
Алладан пәрмен сұрады.
Жібек пенен Шегені
Сансызбай алға жіберіп,
Қалмақты тосып тұрады.

- Өзі ілгері барған соң,
Сансызбай кейін қалған соң.
Жібек тағы мұңайды,
5180 Мұндай іске қалған соң.

Бір төбеге барады,
Құбыла жаққа қарады.
Көксандалдың шылбырын
Мойнына орап салады.
Мінәжат қылып Құдайға,
Қыз Жібек сонда жылады:

- Басымнан кетті дәулетім,
Бойымнан кетті сәулетім.
Сақтаған Құдай көп екен,
5190 Маған деген бейнетің.
Ажалым жақын таянып,
Жетті ме жейтін жеңдетің.

Әуелде бір ұтылдым,
Ойлап ем кеше құтылдым.
Басыма түсіп тар заман,
Бүгін және қысылдым.

Қолға түссем қайтадан,
Не болар менің сиқымым.
Құртамсың, Құдай-ау,
5200 Бейшара жанның тұқымын.

Не пиғылым жақпады,
Өзіңе сенің, Құдіретім,
Аузын ашып тағы тұр,
Мына көпір жендетің.
Қайғым кетті қалыңдап,
Шілдеде ыстық ерімейтін.
Пендем десең, Құдай-ау,
Көрсет бұған кереметің!
Күн берсеңші, шіркін-ау,
5210 Адам боп мен бір теңелетін!
Маған деген бақытың,
Ақты ма селге келмейтін?!
Ақырғы күнім жетті ме,
Болдым ба енді түгейтін.
Шама да менде қалмады,
Сарғайып тағы жүдейтін.
Өлгеннен басқа Құдай-ау,
Не қалды менде тілейтін?!

Сансызбай болса жас еді,
5220 Жау көргені осы еді.
Жауыз деген қалмақтың,
Аптығын қайтіп басады.
Арындаған ит Хорен —
Көңілі қатты тас еді.

Соны айтып болғанша,
Аузын жиып алғанша,
Хорен келіп қалады,
Іс басталар қалайша?!

Қалмақ келді қарақтап,
5230 Қару-жарақ салақтап,

Басын тартты атының,
Жан-жағына алақтап.

- Көңілі иттің тарып тұр,
Көзі шатынап жанып тұр.
«Жеттім бе?», — деп, — қуалап,
Өзіне-өзі нанып тұр.
Боқтық айтып иянат,
Аузынан жынын шашып тұр.
Түксиген сұры сұрланған,
5240 Тісін қайрап жанып тұр.
Бар қаруы түгел сай,
Зор денеге жағып тұр.
Мұнарадай денесі —
Шойын қара алып тұр.
Дулығасы күмбездей,
Бойы қырдан асып тұр.
«Тірі қалар жан жоқ», — деп,
Көңілімен бәрін алып тұр.
Астында қара тұлпары,
5250 Ауыздығын басып тұр.
Жұла тартып кеткелі,
Аяғы жерді шалып тұр.
Суға малып алғандай,
Тер моншақтап ағып тұр.
Ұдайы шапқан он бір күн,
Табаны қызып жанып тұр.

- Хорен сөйтіп келеді,
Келіп сөйлей береді:
— Менің атым — хан Хорен,
5260 Жөнімді айттым біл, — деді.
Қаһарым қатты батырмын,
Жаныңнан күдер үз, — деді.

Өзің жап-жас баласың,
Оттай қаулап жанасың.
Жасағым келед саны жоқ,
Неден үміт қыласың?

Мен жайымды сөйлесем,
Ақылыңнан танасың.
Жібек — менің қатыным,
5270 Қайда алып барасың?
Оны ілгері жіберіп,
Неге кейін қаласың?
Соғысатын кісідей,
Көлденең тартып тұрасың.
Соғысар болсаң жөніңді айт,
Неғып жүрген баласың?

Соғыспаймын сенімен,
Соғысам мен теңіммен.
Қайтіп соғысам дейсің сен,
5280 Мына тұрған кейпіңмен?
Битке пышақ суырып,
Не қылам мына түріммен?!

Қарт батырмын азулы,
Көрің таяр қазулы.
Ажалың ғой айдаған,
Күнің жетіп жазулы.

Қатынды қайтар атымен,
Кете бер өзің жөніңмен.
Қудым сені он бір күн,
5290 Ақы етпеймін оны мен.

— Сансызбай деген мен едім,
Мен де сендей ер едім.
Жібектей асыл жеңгемді,
Алыстан іздеп кеп едім.
Басыбайлы жесірім,
Ап қайтам, — деп кеп едім.
Артымнан еріп келгенге,
Кім екен? — деп түр едім.
Неғып жүрген жан екен,
5300 Білейінші, — деп едім.
Мұсылман болсаң саған мен,

Болайын жолдас, — деп едім.
Қастандық ойлап келсең сен,
Намысымды бермеймін.
Нәсілің жаман жау болсаң,
Өлтірейін, — деп едім.
Жаһаннамға жаныңды
Жіберейін, — деп едім.

5310 Мен айтайын бір ақыл,
Сөз сөйлеймін мен батыл.
Ізіңменен қайтып кет,
Қаласың өліп сен қапыл.

Қарама сен жасыма,
Түседі қайғы басыңа.
Өсиетіңді айтып кет,
Елі-жұртың, артыңа.

Өлеріңді білмейсің,
Мені көзге ілмейсің.
Соғысар болсаң келе бер,
5320 Енді маған не дейсің?!

Қатын деп айтпа тағы да,
Атым деп алма аузыңа.
Аманыңда, хан Хорен,
Қайтсаң есен — жан сауға.
Жаныңды сенің алуға,
Көлденең тұрмын алдыңда.

Мүйіз сұрап келіпсің,
Құлағыңды да бересің.
Бала деме, ей, Хорен,
5330 Кереметті көресің.
Жұлдызым туса оңымнан,
Қаз мойын қара тұлпарды
Тағы маған бересің.
Маған қазған көріңе
Бүгін өзің кіресің.

Екпінді сөз есіп тұр,
Хоренді сөзбен кесіп тұр.
Долданып Хорен шыдамай,
Деді: — Маған кезек бер.
5340 Кім кезек әуел алады,
Білмеймісің, жолды бер.
Біле алмасаң жосынды,
Бабаңнан ұғып сұрап көр!

— Кезек мұндай болады,
Әуелі қалмақ алады.
Бұрыннан келген жол осы,
Ата-бабаң ұғады.

Затым қалмақ білесің,
Жасым үлкен көресің.
5350 Қалай кезек алсам да,
Ерік өзімде, не дейсің?!

Әуелгі кезек менікі,
Кейінгі кезек сенікі,
Садақ тартам қарбайып,
Өлмей қалсаң сенікі.

Одан кейін найза бар,
Оны да кезек салысар.
Үшіншісін айтайын,
Аттан түсіп алысар.
5360 Жеңіспесең онда да,
Қаптаған соғыс болысар.
Кім жеңілсе сол қашып,
Елін ойран қылысар.

— Ей, Хорен, кезек ала бер,
Большың қуып арамтер.
Өзіңнің жобаң бойынша,
Қапыл қалмай шаба кел!

- Қойды екен неғып Хорен, — деп,
Соны да айттың сөзім, — деп.
5370 Қалай соқсаң өзің біл,
Әйтеуір тұрсың кеп.
- Қалмақ алды садағын,
Көтеріп биік қабағын.
Шойын оқ салды әуелі,
«Тартам, — деп, — сый табағын».
Тайынбай тұрды Сансызбай,
«Болад, — деп, — қандай заманым».
- Толқып тартты күшімен,
«Өлед» деп ойлап ішінен.
5380 Тоғыз қабат сауыттың
Өтпей оғы бірінен —
Қапыл қалған секілді,
Байқалды қалмақ түрінен.
- Жыртыла жаздап жағасы,
Үзіліп неше танасы.
Тоқтады барып шойын оқ,
Серпіні жетпей шамасы.
- Оғы өтпей тоқтады,
Хорен өзін боқтады.
5390 Не дегенін кім білсін,
Өз тілімен оттады.
- Оғым қалса майырылып,
Найзам бар деп мақтады.
Қоразданып, қампайып,
Сауытын түзеп баптады.
- Он бір қабат сауытым,
Беріктеп соққан Дәуітім.
Атар болсаң, тез қарман,
Тұрмайтын тосып әдетім.

- 5400 Үрейі қалмақ ұшып тұр,
Иығы төмен түсіп тұр.
Шойын оғы өтпей қап,
Ашуы кернеп қысып тұр.
- Уағда сол бастағы,
Кезекті күтіп тосып тұр.
Сыртқа сырын білдірмей,
Қампайтып жүнін ісіп тұр.
- 5410 Өңі қашып сұрланды,
Өзіне-өзі қорланды.
Талай кезек алыста,
Көрмедім деп мұндайды.
- Сансызбай кезек алады,
Санап оғын салады.
Маңызды бейне пішінмен,
Жан-жағына қарады.
- «Батар күнмен батпайын,
Кезеулі оғым дап-дайын.
Ит Хоренді өлтіріп,
Табаныммен таптайын.
- 5420 Кешіре гөр, бір Алла,
Артық-кем болса айтқаным!»
- Садағын алды қолына,
Жұлдызы шықсын оңына.
Жасыл түссін қалмақтың,
Жаусыраған жолына.
- Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды.
Қапылыста қалмауға
Салмақтап оғын толғанды.
- 5430 Шойын оқ әуел салыпты,
Күші де оның қалыпты.

Дәл жүректің тұсынан,
Сығалап тартты байыпты.

Көкірек қысқан көбеден,
Қозы жауырын жебеден.
Өте шықты қылт етіп,
Есіктей үлкен кеудеден.
Зымырап оқ жетеді,
Қылт етіп ары кетеді.
5440 Серпіні қатты шойын оқ,
Жылт етіп өтіп кетеді.

Зырқырап ары кетіпті,
Бір төбеге жетіпті.
Аударды ма, төңкерді,
Әйтеуір шаң бұрқ етті.
Тағы нені бүлдірді,
Кім оны енді күзетті.
Оқ тоқтайтын мезгілде,
Толықсып Хорен тұрыпты.
5450 Сермейді қолын не дейді?
Жаны неткен берік-ті.
Әне-міне дегенше,
Төңкеріліп кетіпті.

Хорен аттан құлайды,
Құламай қайтіп шыдайды.
Кеудеден тиген шойын оқ,
Ту сыртынан шығады.
«Ләй-ләй ләмәлоды» деп,
Жаһаннамға сапар қылады.

5460 Хорен қанға бұланды,
Жерде туы шұбалды.
Қару-жарақ сайланған
Істетілмей құр қалды.

Төбедей болып жатыпты,
Белінен қанға батыпты.

Еріксіз айдап ажалы,
Батар күнмен батыпты.

Қасына жетіп келеді,
Көзіне найза шенеді.
5470 Денесінен жұрдай қып,
Басын кесіп бөледі.
Әуелде өзі ұнаған,
Садақпен кезек сұраған.
«Найзамен кезек сұраса,
Жетпес ед күшім мынаған.

Үшінші кезек жаяуға,
Келсе мынау таяуға.
Теректей дене, алып қол,
Бір қармаса қоя ма?!

5480 Төртінші кезек қаптама,
Жасағы жүр баптама.
Қарулы жасақ бізде жоқ,
Амал жоқ бұған нақ қана.

Ажалы ғой айдаған,
Әуелі садақ сайлаған.
Тұқымымды құртпақ ең,
Болмады-ау ісің ойлаған.
Тәніңді арам ит жесін,
Қарға-құзғын қаптаған.

5490 Қаз мойын қара тұлпарды,
Іліп алды шылбырдан,
Шабыста үрдіс он бір күн,
Бір қалыптан танбаған.
Әуелде сені, жануар,
Бір Құдай маған арнаған!».

Сөйтіп Хорен өліпті,
Шығарып сан бүлікті.
Қанын жүктеп талайдың,

- Дүниеден өтіпті.
5500 Бұйрықсызға қол созып,
Өз түбіне өзі жетіпті.
Қызықтырған қыз шіркін,
Талай жанды сүрінтті.
Біреудікін біреуге
Қилы-қилы жолменен
Аударып әкеп беріпті.
Қаз мойын қара тұлпарды
Жетегіне іліпті.
Шеге менен Жібекке,
5510 Желе жортып келіпті.
Жолды тастап төтелеп,
Қараларын көріпті.
Жібек пенен Шеге ақын
Көңілі тасып күліпті.
«Тәңір берген бақытты,
Біреу алмас» деген сөз
Міне, осыдан келіпті.
- Қыз Жібекке Сансызбай
Мына бір сөзді айтыпты:
5520 — Тоқта, Жібек, тоқта, — деп,
Менен көңілің жоқ па? — деп.
Жасыл түсті Хоренге,
Енді қорқар жоқ па? — деп.
Еншіңе тидім мен сенің,
Маған көңілің тоқ па? — деп.
Көңілім түсті өзіңе,
Бұл мінезім боп па? — деп.
- Жымыып Жібек күледі,
Іштей сезіп біледі.
5530 Ауызда сырын айта алмай,
Көңілі күліп тұр еді.
Қалжыңдасты екеуі:
«Бұл сөздің жоқ бөтені».
Қаз мойын қара тұлпарды,
— Сауғам болсын, аға, — деп,

Ер Шегеге береді.
Қыз Жібек пен Сандалкөк —
Менің олжам, жетеді!

5540 Үш адам болды бес атты,
Бір қыз, екі ат олжа апты.
Қонбай, түспей шөл кезіп,
Елге таман жол тартты.

Қарасар артқа қарайлап,
Жау бар ма деп абайлап.
Хореннің қалың әскері
Жете ме деп айғайлап.

5550 Кетті олар жүріп жол,
Жетер жер жолы тағы мол.
Шаршағанын сездірмей,
Айтысар қалжың оңды-сол.
Жол қысқарад дейді екен,
Пайдасы қалжың өне сол.
Алдына қарап қуанса,
Қайғырды артқа тағы да ол.

5560 «Қалмақтың өлді бір ханы,
Иен қалды хан тағы.
Он тоғыз мың әскері
Белгісіз қайда қалғаны.
Арттан қуып келе ме,
Мәлім де емес ол жағы.
Ұтылап ұстап ала ма,
Түсе ме қайта қақпаны?
Қырып-жойып жатыр ма,
Кейінгі елді ол тағы.

Басымды алып мен қаштым,
Бақытты іздеп алдағы.
Бұрынғы өшкен шырағым,
Осы, — деп, — қайта жанғаны».

Қайғы мен бұл қуаныш,
5570 Жібекті тағы қамады.

Қалған бір сөз айтылмай,
Айтайын қайта тартынбай.
Әйтеу бір бастап айтқан соң,
Берейін айтып бар шынды-ай.

Хорен шауып кеткенде,
Ілестік оған өткенде.
Не қиғылық салар деп,
Жібекті қуып жеткенде.
Не қылғанын айттым мен,
5780 Хорен қуып жеткенде.

Әне, сол менің білгенім,
Айттым тілім келгенін.
Енді айтайын азырақ,
Хореннің қалың әскері
Не қылып, қайда жүргенін.

Хорен кеткен айғайлап,
Қамшымен атын борбайлап.
Он жеті мың әскерге,
Бол десе бол деп байбайлап.
5790 Бол дегенге бола ма,
Жеткені сол тырбандап.
Алты күн шапқан тынбастан,
Жетеміз деп жалбаңдап.

Жете алмаған болдырып,
Ат-көліктері зорығып.
Хорен өзі жөнелген,
Әскерден көңілі торығып.

Жаңылма деп ізімнен,
Шықпаңдар деп сөзімнен.
5800 Қаршығаны шақырып,
Кеңескен екі уәзірмен:

— Жол бастау саған аманат,
Осы екеуі қолқанат.
Осы ізден айырылмай,
Түгеген жерде мені тап.

Сол күннен бастап Қаршыға,
Сайланған еді жаршыға.
Әскерін бастап келеді,
Әр ойды ойлап шашыла.

5810 Келеді бұлар із қуып,
Із кетер кейде бұзылып.
Жаңбыр жауып, жел соғып,
Қалады кейде үзіліп.
Кейде тауып, кейде жоқ,
Он бес күн жүрді созылып.
Жел өті болған жалтаң жер
Бүгіндей кеткен түзеліп.

Жол бастайтын Қаршыға
Ойлайды амал асыға.
5820 Хореннің қалың әскерін
Апарды құмның басына.
Хореннің екі уәзірін
Шақырып алды қасына.

— Көрінген өнеу құм төбе,
Бір жол бар онда тым төте.
Бес аттың ізі кетіпті,
Байқасам ізді мен ерте.
Кіргенде құмға адастым,
Соғыпты боран желдете.

5830 Осымен төте жүреміз,
Бұйырғанды көреміз.
Екі күн жүрсек күн-түні,
Ар жаққа шығып ала алсақ,
Сол ізді бойлап кетеміз.

Біреуің жүр алдында,
Біреуің жүр артында.
Сен алды бол, сен арты,
Ханның айтқан салтында.

5840 Тоқтатпай алдын тастайсың,
Сен артын жиып жасқайсың.
Екі күн жүрсең күн-түні,
Көк майсаға шығасың.
Су мен шөптің бәрі бар,
Ат оттатып тұрасың.
Түстік күнді бетіңе ал,
Аял болма біліп ал.
«Тез жүріңдер» дегенін
Хан Хореннің есіңе ал.

5850 Түсірсе жауды жеңіп ап,
Тосады бізді демін ап.
Не болса да сол жерде,
Тосамын деген сөзі нақ.
Кешігуге болмайды,
Аял болмай шапшаң-ақ.
Қайтса егер жауын ап,
Кезігер өзі алдан-ақ.
Кезікпесе тоқтама,
Қалсаң да атсыз жаяулап.

5860 Айтып кеткен шарт осы,
Беріп кеткен серт осы.
Түстік күннен айырылма,
Жүретұғын жол осы.

Тоқтамастан жүре бер,
Алдыңнан су кезігер.
Артыңа қарап қайырылсаң,
Боласың бекер арам тер.
Хан естісе оныңды,
Қылады сені айыпкер.

Ат шөлдеп арып қалса егер,
5870 Аял болмай жүре бер.
Атты жиып апарар,
Артыңнан сенің жүргендер.

Шөлге, құмға кезіксең,
Аттан болар адам ер.
Ат қайда барад дейсің,
Артыңнан барад бәрібір.

Есінде ме айтқаным,
Көңіліңде не жаттадың?
Он жеті мың әскерді,
5880 Бүгін өзің бастадың.

Әскерді баста тоқтатпа,
Ат-азық деп жоқтатпа.
Адасып жолда қалады,
Бұларды түнде ұйықтатпа.

Мыңбасы, жүзбасы, он басы,
Қасыңда жүрсін айырма.
Су бар жерді таба алсаң,
Аял болып көп жатпа.

Мен айтқандай жүресің,
5890 Ар жағына шығасың.
Жарым жолдан қайтарсаң,
Хан ашуын ұғасың.

Өзің ханның уәзірісің,
Хореннің сырын білесің.
Хан басына күн туды,
Шабандау екен жүрісің.
Кешігіп қалсаң Хорен хан
Ренжісе өз ісің.
Онда мен ара түспеймін,
5900 Қандай болар келесің.

Болды деп бұлар жүріпті,
Қалың құмға кіріпті.
Басқа жан бұдан не білер,
Қаршыға өзі біліпті.

Және бірін шақырып,
Оған да айтты батырып:
— Ханның ізі құмменен,
Кеткен екен сапырылып.
Ханнан бұйрық келіпті,
5910 «Тез келсін» деп шақырып.

Әскерді айдап тоқтатпа,
Ханды бекер сақтатпа.
Ханның сол қол уәзірісің,
Жете алмай қалсаң жақсы ат па?!
Қаһары ханның тиеді,
Оны жолда қақсатпа.

Тірісін айда сабалап,
Өлгені қалсын домалап.
Бытырап кетсе көп әскер,
5920 Адасып кетіп жоғалад.

Қап қалмасын сытылып,
Артын айда сыпырып.
Тез жетпесең болмайды,
Жау кетеді құтылып.

Оны да сөйтіп тұқыртты,
Әскерін айдап сыпыртты.
Ілгері-кейін болса да,
Он жеті мың әскері
Қалың құмға кіріпті.
5930 Не болғанын кім білсін,
Әйтеу бір құмға сіңіпті.
Айлакер болған Қаршекең,
Осы бір істі қылыпты.

Өзінің жиырма батырын,
Қасына ертіп жақынын.
Оларға да айтқан жоқ,
Осындай тапқан ақылын.

Оларды бөліп алыпты,
Жасырын жерде қалыпты.
5940 Арасына бір таудың,
Өзі бастап барыпты.

— Осы жерде сендер қаласың,
Аттарыңды бағасың.
Аң мен құстың мекені,
Аң аулап қорек табасың.
Шығып кетсең бұл сайдан,
Адасып құмда қаласың.
Шөл-жазира қалың құм,
Қырылып шөлден қаласың.
5950 Өлім іздеп бармасаң,
Одан не аласың.
Тырп етпеңдер осыдан,
Бұл ақылды аласың.
Мені тосып осында,
Алланың тілеп панасын.

Мен оларға барайын,
Жолдың жайын ұғайын.
Қайтқанда бірге олармен,
Сендерді ертіп алайын.
5960 Соны айтты да Қаршыға,
Атын бұрды асыға.
Барар жері белгісіз,
Барады қайда тағы да?

Кеткенін қайда кім білді,
Аты жүрдек жылдам-ды.
Түлкі қаққан кісідей,
Сай-саланы қыдырды.

Қалай кетті, не болды,
Қарасы ақыры үзілді.

- 5970 Сол кеткеннен кетіпті,
Бір жерлерге жетіпті.
Жер ошақтай ат ізі,
Және алдына кезікті.

Сол ізбенен кетіпті,
Төрт күн, төрт түн өтіпті.
Төрт атты бір ат өкшелеп,
Алдыңғы ізді бұзыпты.
Алтыншы із боп Қаршыға,
О да тынбай жүріпті.

- 5980 Сан ойлар кеп басына,
Көңілін тағы бөліпті.
Осы ойлардың ішінде
Мына төрт ой ең мықты.

«Мені Хорен ап шыққан,
Жол бастайсың деп шыққан.
Өзі алдыға кеткенде,
Әскерді маған тапсырған.

- Әскерін құмға бастадым,
Өлімге бәрін жұмсадым.
5990 Бүгін алты күн болды,
Қырылып шөлде жусадың.
Шөл-жазира қалың құм,
Тілсіз жау боп ұстадың.

Хорен кеткен қатулы,
Қару-жарақ артулы.
Жауды жеңіп түсірсем,
Қайтамын деген айтулы.

Ойлаған ойға ол жетіп,
Келе жатса желдетіп,

6000 «Әскер қайда?» деп қалса,
Не деймін оған көлбетіп?

Егер олай болмаса,
Жауын жеңіп алмаса.
Бірін-бірі жеңе алмай,
Соғысып тұрса арбаса.
Онда қалай етемін,
Қай жағына өтемін?!

Ол да болмай, бұл болмай,
Аты қалып шаба алмай,
6010 «Артымнан әскер келед», — деп,
Тосып тұрса қарайлай.

Қараса артқа көз салып,
Барып қалсам мен шауып.
«Әскер қайда?», — деп қалса,
Не деймін оған жал тауып?!

Жеткізбей кетсе жаулары,
Еліне жетсе даулары.
Ол елді мен білмеймін,
Қандай болар халдары?!

6020 Жетер ол айтқан сертіне,
Барып тосса ел шетіне.
«Әскер қайда?» — деп қалса,
Не деймін оның бетіне?!

Айтқанымға көнбегі,
Қиын маған сенбегі.
«Жау болды мынау маған», — деп,
Өлтірмей ме ол мені!

Өлтіре салар мені ол,
Құмға барып көрер ол.
6030 «Берін қылған қазақ», — деп,
Елге қарай шабар ол.

Елде тұр әскер сақтаулы,
Қылышын алып баптаулы.
Елді қырғын қыла ма,
Болып тұр ол нақ даулы.

Ол да емес, бұл да емес,
Келе жатып жолда емес.
Мықты келсе жаулары,
Өлмейтін темір ол емес.

6040 Елдегі оның әскері,
Даярлап қойған ғаскері.
Қылышын қайрап даяр тұр,
Қит етсе елді шапқалы.

Ханның білсе өлгенін,
Әскерін құмның жегенін.
Екі бірдей кек үшін,
Қылады олар дегенін.

Олар тұр бізді қапқалы,
Дайын тұр жала жапқалы.
6050 Не қылса күші жетеді,
Амал жоқ бізде тапқалы.

Мен айтқан сөзге көне ме,
Жүр десем құмға жүре ме.
Алдап-арбап көрер ем,
Қолымда жоқ дәнеме.

Ханнан жарлық келмесе,
Уәзір әмір бермесе,
Бұйрыққа басқа көнбейді,
Бәрі қырылып өлсе де.

6060 Хореннің жауы қандай жау,
Көрмеген ешкім япырым-ау.
Бұрынырақ келсе егер,
Болмаушы еді мұндай дау.

Жібекті алып қашыпты,
Көңіліме болды бір ақау».

Ойлаған ойы бек ауыр,
Ойламаған ең тәуір.
Ой соқтысы болмай-ақ,
Келе жатыр өйтеуір.

6070 Бұл ойлары бір жұмбақ,
Шешіле ме нақпа-нақ.
Шешілуін табады,
Тап алдында ісі нақ.
Қаршығаның әдеті —
Тап болғанда жол таппақ.

Ізді бойлап келеді,
Кейде шауып желеді.
Жақын барып көрмесе,
Алысты кім біледі.

6080 Талай күндер өтіпті,
Бір ізбен жүре беріпті.
Дәл жеті күн дегенде,
Арты қайқаң, алды еңіс
Бір жазыққа келіпті.
Атының белін босатып,
Біраз аял болыпты.

Жан-жағына көз салып,
«Жүрейін» деп ойға алып.
Көреді бір құс алыстан,
6090 Айналып жүрген мамырлап.

Ат ізі солай кетіпті,
Сол мөлшерден өтіпті.
Және біраз жүргенде,
Бір қонып, бір ұшқан
Қарақұсты көріпті.

- Жемтік бар ма бұл жерде,
Бұлар неғып жүр шөлде?
Жемтік көрсе жиылар,
Қарға мен құзғын тегінде.
- 6100 Болмаса бұлар не қылад,
Иен дала бұл шөлде?

Келе жатыр жақындап,
Тebініп атын тақымдап.
Көп шалықты көзіне,
Қарға-құзғын қаңқылдап.

Жемтік бар деп ойлады,
Жемтік деп бұл қайдағы.
Келе жатса бір нәрсе,
Әудем жерде қарайды.

- 6110 Жемтік ойлап басына,
Жетіп келді қасына.
Өліп жатқан хан Хорен,
Сескеніп қалды шошына.

Теректей болып құлапты,
Бір жағына сұлапты.
Айналасын қараса,
Алыс-жақын, жырақты.

- Көп топыр жоқ маңында,
Сауыт-сайман бабында.
- 6120 Жалғыз ғана аты жоқ,
Қалған нәрсе жанында.

Кеудеден оқ өтіпті,
Арт жағын бір-ақ жұлыпты.
Басы жатыр домалап,
Мойнынан кесіп бөліпті.
Дулығасы бір жерде,
Шар айнасы сыныпты.

- Бес-алты күн болғандай,
Денесі сасып, жібіпті.
6130 Киімдері сол беті,
Қан боялып сіңіпті.
- Қаршыға қайран қалыпты,
Өлгені Хорен анық-ты.
«Жан бар ма?» деп маңайда,
Жан-жаққа көзін салыпты.
Ат ізін байқап қарауға,
Әртаман шауып барыпты.
- Білмек болып бұл сырды,
Аял боп біраз кідірді.
6140 Жайбарақат ат ізі,
Аял болған төрізді.
Екі ат, үш ат қосылып,
Сүрдектеп жол түзілді.
Тоқтайтын жер онда жоқ,
Дыбыс ошар маңда жоқ.
Әлдеқашан кеткендей,
Сағым да жоқ, шаң да жоқ.
- «Қайтайын енді ізіммен,
Не қылам қуып оны мен.
6150 Кейінгі істі бітіріп,
Бармаймын ба жолыммен.
- Хореннің жауы жаман жау,
Келтіріп соққан япырым-ау.
Алыптай артық іс қыпты,
Кім шығып бұған қылар дау.
Арт жаққа тез қайтайық,
Көп істер шала боп қалды-ау.
Жоғалыпты ит Хорен,
Осы жерде тауып өз сорын».
6160 Қалтасын ішкі ақтарып,
Алып алды хан мөрін.

Өлігі қалды орнында,
Киімі қалды бойында.
Бүлінген жаудан бүлдірге
Алмайтын ол бұрын да.

Қайта жүрді артына,
Ақыл ойлар артында.
Қонбай-түспей отырып,
Жетті барып баяғы —
6170 Жиырма жатқан батырға.

Амандасып көрісті,
Айтпайды көрген бұл істі.
«Қаршыға аға келді», — деп,
Олар да жайрап күлісті.
Ат оттатып, тынығып,
Бір жұма бірге жүрісті.

Жүрмек болды Қаршыға,
Барады ол жаршыға.
Әскері кеткен Хореннің,
6180 Баяғы құмның басына.

Баяғы құмға келіпті,
Құм жағалап жүріпті.
Түстік жүріп ішкерілеп,
Құмның сырын біліпті.

Алай-дүлей көп боран,
Арада неше соғыпты.
Өзі де қатты боранға,
Неше дүркін жолықты.

Құм іші болар бұрама,
6190 Борансыз күні бола ма?
Бір күн шықса оңынан,
Және бір күн солында.
Тына қалса күн қайнап,
Төбеңнен өтер шыжыма.

Қалмақтың қалың әскері,
Кеткен құмға ішкері.
Қанша жер жүріп кетті екен,
Болмас оны білгелі.

6200 Бір жерлерге барғанда,
Әуе қайнап жатқанда.
Өліп жатқан топ-топ боп,
Кезікті қалың адамға.
Өлген аттар аз емес,
Жалықпай санап алғанға.
«Бұл арты» деп ойлапты,
Бірталай көріп жүріпті.
Хореннің сол қол уәзірі,
Ол да шөлде өліпті.
6210 Оның уәзірлік белгісін,
Сыпырып бәрін алыпты.
Суырып алды тағы да,
Қолында мөрлі жүзікті.

Талай құмды жағалап,
Қайтадан қайтты сағалап.
Еліне тура қайтыпты,
Бір хайланы ол ойлап.

Бірнеше күн жүріпті,
Еліне аман жетіпті.
Қаршығаның келгенін,
6220 Кейбіреулер көріпті.

Сұрағанға Қаршыға:
— Жүрмін, — деді, — асыға.
Қыран-кескі соғыс боп,
Күн туды әскер басына.
Елге де күн туатын,
Ауырлық келіп басына.

Хорен хан мені жіберді,
«Елге хабар бер, — деді.

Әскерімді екі мың,
6230 Тезден ертіп кел, — деді.
Мың әскер жиып қазақтан,
Даяр тұрсын тез, — деді.

Сырлыбай хан, өзіңіз,
Әскер жиып беріңіз.
Хорен ханның әмірі,
Мөр тасын, міне, көріңіз.

Айтқан тілін алмасақ,
Қайтып келсе өлмей сақ,
«Алмадың» деп тілімді,
6240 Қырады бізді ол бір-ақ.

Әскер жиып Сырлыбай,
Бермек болды жан төтті-ай.
— Басқа ісіңді өзің біл, —
Деді, — маған тапсыр-ай!

Екі мың Хорен әскері,
Қалдырып кеткен ғаскері.
Өр күні елге қоқилап,
Аз емес қылған істері.

— Мың басы мен жүз басын,
6250 Бір жерге бәрін жинасын.
Хорен ханның әмірін, —
Деді, — айтамын тыңдасын!

Қаршекең сөз табады,
Тілінен май ағады.
Хан әмірі деген соң,
Олар не амал қылады?

— Жеттік біз жауды қуалап,
Жібермей алыс шырғалап.
Адамы көп, күші артық,
6260 Алдырмай жатыр абалап.

Адам шаршап, ат арып,
Болып қалдық біз ғаріп.
«Сендерді бастап әкел», — деп,
Айдады мені қуалап.

Бір уәзірін ап тастап,
Мені қойды ол саптап.
Уәзірдің бар шенін,
Маған берді мадақтап.

6270 Көріңдер, міне, сенбесең,
Алып жүрмін мен сақтап.
Жүзігі, міне, қолымда
Көріп ал бәрің анықтап.

Ертеңнен қалмай жүресің,
Хан бұйрығын білесің.
Көрсетейін сенбесең,
Хан берген, міне, мөр белгісін.

6280 Кел дегенде бармасаң,
Ханнан жаза көресің.
Әмірін ханның күтпесең,
Онда сен оған не дейсің.
Хан өмірі — уәжіп,
Орындайды оны жұрт.
Ертең ерте жүреміз,
Болыңдар даяр жиынып,
Басы артық нәрсе алмайсың,
Қойыңдар мұнда тас түйіп.

6290 Бірден атқа мінесің,
Он күндік азық аласың.
Жаудан түскен көп мал бар,
Барғанда азық қыласың.
Азық-түлік артпайсың,
Бір түсіріп, бір артып.
Жете алмай кеш қаласың».

Екі мыңбасы ойласты:
«Бармайтын болса болмас-ты».
Дабылын шалып даңғырлап,
Әскерін жиып қозғасты.

«Хан жатса онда соғысып,
Жатамыз ба бұғысып?
6300 Қару-жарақ, ат-көлік,
Даярлар, — деді, — жиысып».

Ертең ерте аттанбақ,
Қару-жарақ саптанбақ.
Өзі кеткен жолымен,
Қаршыға болды ап бармақ.

Даяр болды жүрмекке,
Қаршығаға ермекке.
Басы артық нәрсе алмады,
«Ауыр, — деп, — мінген көлікке».

6310 Қазақтан мыңын жиғызып,
Қару-жарақ ілгізіп.
Қорғауға елді қалдырды,
Сол арада тұрғызып.
«Ханнан өмір келгенде
Әкетем, — деп, — өзім жүргізіп».

Қалмақтың екі мың әскерін,
Даярлатып тас түйіп.
Бастап алып жөнелді,
Біледі өзі жол сырын.

6320 Серке болды Қаршыға,
Бастады тез асыға.
Қонбай-түспей келеді,
Қаратқан жоқ артына.

Бәрі оған бағынад,
Тағылар деп жаманат.

Қолында ханның мөрі бар,
Қорқады бәрі жорғалап.
«Кешікті» деп айтад, — деп,
Келеді тынбай сабалап.

- 6330 Дәл он бір күн жүріпті,
Баяғы құмға келіпті.
Жосылған қалың ат ізін,
Бұларға тауып беріпті.
Олар да көріп әр белгі,
«Осы екен жол», — десіпті.

Мыңбасыларды шақырды,
Әскерге «бол» деп бақырды.
— Жүретін жол, міне, осы,
Баста, — деп, — бірің ақылды!

- 6340 Осы жолмен жүресің,
Қалың құм бұл білесің.
Дәл екі күн жүргенде,
Қарасын елдің көресің.

Қалсаңдар егер кешігіп,
Соғады боран есіріп.
Жол бітеліп қалады,
Құм ізді кетер көшіріп.

- Таба алмай жолды қаласың,
Лағып қайда барасың.
6350 Мөлшерлі күн хан айтқан,
Кешігіп бекер қаласың.
Кешпейтін ауыр жазаға,
Хан алдында қаласың.

Айтқанымды есіңе ал,
Түстік күнді бетіңе ал.
Екі күндік осы жол,
Қонбай, түспей жетіп ал.

Бұл жолдан су іздеме,
Бұл жерде болсын су неге?
6360 Екі күн жүрсең осылай,
Жетесің үлкен өзенге.

Соғысып жатыр жауменен,
Барлық әскер сол жерде.
Тұрған шығар хан күтіп,
Екі көзі сендерде.

Бара алсаңдар тез жетіп,
Разы болар сендерге.
Алды-артыңа қарама,
Бұл жолды оңай санама.

6370 Бір-біріңе қарайлап,
Кешігіп қалсаң бола ма?
Бірен-саран кешіккен,
Алады өзі бара да.

Мыңбасылар бастайды,
Жүзбасылар қостайды.
Қайсысың бұрын бара алсаң,
Хорен соны мақтайды.

Ал жүріңдер тоқтатпай,
Арт жағына бұлтартпай.
6380 Қазақтың мың батырын
Ертіп келем сақтатпай.

Олар кетті құмға еніп,
Қаршыға айтқан сөзге еріп.
Тілі майда Қаршыға
Қисынын айтты төндіріп.

Өтіріктің сенбе өзіне,
Сен дейді келсе ебіне.
Хореннің қалың әскерін,
Алдап құмға кіргізді —

- 6390 Ебіне келмей немене!
Ой құрала ақыл ғой,
Ақыл табар ақылгөй.
- Күн-түні тұр боран боп,
Қалың құмда суы жоқ.
Қайнаған ыстық шіліңгір,
Әр күні тұрар жұтты боп.
Хореннің қалың әскері,
Арт-артынан құмға еніп,
Түгеді деп ойлаймын,
- 6400 Адасып шөлдеп құм болып.
Із-тозы жоқ жоғалды,
Хабары жоқ тындым боп.
- Кезбелі дүние деген сол,
Шегі жоқ бұл ұзын жол.
Қылмаған ісі қалмап ед,
Басып-жаншып қалың қол.
- Он тоғыз мың әскері,
Хореннің ерткен ғаскері.
Қайғыда қалған қалың ел,
- 6410 Сарғайтқан ауыр дерт деді.
- Байдың малын малып жеп,
Жарлының малын алып жеп,
Күндіз-түні ел тонап,
Түгетпек еді бәрін жеп.
- Талай қызды қатын қып,
Талай ұлды отын қып.
Басқа елді біз білмейміз,
Зарланған еді осы жұрт.
- 6420 Талай кемпір қарғаған,
Талай қатын зарлаған.
Бәрін қылған сол дейді,
Хорен деген оңбаған.

Өлді Хорен далада,
Күші жетпей балаға.
Шіріп-сасып жем болды,
Құзғын менен қарғаға.
Қарғыс атқан деген сол,
Ұзақ жерге бара ма?!

6430 Өскері кетті құм кешіп,
Шөл даланы жол десіп.
Топ-тобымен өліпті,
Қалың құмда шөлдесіп.
Бірен-саран болмаса,
Жұтты бәрін құм жесіп.

Жауы сөйтіп төгеді,
Бұған көңілі үдеді.
Көңілінде тағы бір жұмбақ,
Шешілмей әлі жүреді:

6440 «Жібекті кетті кім алып,
Хоренді кетті кім жарып?!»
Шарласа да жер бетін,
Іздеме болды жер шалып.

Жиырма батыр баяғы,
Жатқан сонда тағы әлі.
Қаршекең жетіп барғанда,
Ашылды бірден қабағы.

6450 Бірнеше күн жайланды,
Азық-түлік сайланды.
— Өмірі ханның осылай,
Жүрейік, — деп айланды, —
Түгеткенше із жүреміз.
Із кімдікі білеміз,
Тоқтаған жерде кезігіп,
Кім болса да көреміз.
Алыс-жақын екенін,
Барғанда бірақ сенеміз.

- Бұл Хореннің айтқаны,
Болмайды бұдан қайтқалы.
Істемесең айтқанын,
6460 Даяр тұр бізге қақпаны.
- Айтады олар: — Қаршеке,
Бізде бар ортақ береке.
Қалай баста, өзің біл,
Тартынамыз біз неге.
- Ондай болса, жүріңдер,
Ренжімей еріңдер.
Қиын-қыстақ кезеңде,
Айтқаныма көніңдер.
- 6470 Ізге түсті қайырылып,
«Қалмайық, — деп, — айырылып».
Жеті күн жүріп із бойлап,
Келе жатыр сарылып.
- Қайтқан аттың бір ізі,
Қалады көзге шалынып.
Қаршығадан сұраса,
— Білмеймін, — деді аңырып.
- 6480 Келе жатыр дүрілдеп,
Ат ізі қалды боп сүрдек.
Қарға-құзғын жеп жатқан,
Жемтікке қалды кезігіп.
Хайуан ба, әлде адам ба,
Бұл жерде өлген неғылып?!
Адамдай үлкен қарақұс,
Кеудеге мінген жүгініп.
Бірі қонып, бірі ұшқан,
Қарға-құзғын дүрлігіп.
Біреуі келді тебініп,
Айнала қарап үңіліп,
6490 «Астапыралла, Құдай-ау,
Хорендікі ғой, — деп, — бұл өлік»,

Селт етіп бәрі қарады,
Хорен деп бәрі санады,
«Осы бір күйге салуға,
Ажалың сені айдады.

Хорен екен бұл жатқан,
Кім екен мұны жайратқан.
Кім де болсаң жарайсың,
Келістіріп сұлатқан».
Рақымет айтып ішінен,
6500 Ерлігін бәрі ұнатқан.

Киім-кешек ретімен,
Қару-жарақ бетімен.
Ештеңесін алмапты,
Жеңсе де жауы еркімен.
Жалғыз ішкі қалтасы,
Ақтарылған бұл неден?!

Не бар мұнда екен деп,
Ешкім жоқ мұны іздеген.
Басқалардың сөзімен,
6510 Қаршекең боп тұр сезбеген.

Бұл іске бұлар боп қайран,
Кім екен салған бұл ойран.
Білгісі келіп бөрінің,
Іздеуді де ойланған.

— Өліпті Хорен дал болып,
Айналасы қан болып.
Білмей тұрмыз, Қаршеке-ау,
Бұл істі кеткен кім қылып?

Жиренбай айтты: — Ағалар,
6520 Бөрің де ақыл даналар.
Барып, сірә, көрейік,
Кім екен, қандай адамдар?

— Қаршекең бізді бастасын,
Жиренбай мырза қостасын.
Жер шарын кезсе де,
Осы істің артын жоқтасын.

Бұлар кетті із қуып,
Айланбай жолға тез жүріп.
Қыз Жібектен сөйлесін,
6530 Алдыңғы жақтан созылып.

Жібекті ертіп Сансызбай,
Тез кеткен артқа қарамай.
Еліне есен жетті олар,
Жүрсе де жолда көп талай.

Шеге ақын былай айтады:
— Мен бұрын барсам қайтеді.
Кемпір-шалды қуантып,
Сүйінші алсам қайтеді.

Алдыменен қайғыртып,
6540 Артынан тағы қуантып.
Бір ауыз сөзбен бәрін де,
Алмаймын ба жұбатып?!

Шеге ақын кетті шапқылап,
Жетіп барды жарқылдап.
От басында кемпір-шал
Отыр екен қалтылдап.

— Сәлем, — деді, — ақсақал,
Тұйықсыз айтқан сөз қатал
Ақжайыққа барып ем,
6550 Келгенім қайтып осы дәл.

Сұңқарың ұшқан аспандап,
Қонышты жерге жарқылдап.
Тағы да бір ұшқанда,
Соғылып тасқа бір қыспақ.

Сусып бір шөлге түсіпті,
Ақыры оның не болмақ?!

Қалыңға соққан қайырылып,
Қанаты қалған майырылып.
Төлеген деген балаңнан,
6560 Қалыпсың, шалым, айырылып.

Торқасы болсын топырақтан,
Орны болсын жәннаттан.
Жылама, шалым, жылама,
Тәңірім сөйтіп ұнатқан.

Алдымен қойдым жылатып,
Қояйын енді қуантып.
Қуаныш, қайғы аралас,
Сөз сөйледім шұбалтып.

Тұйғының ұшқан көкке өрлеп,
6570 Құдайдан тілеп «жол бер» деп.
Қалыңнан соғып қарсақты,
Келе жатыр көлбеңдеп.
Сүйінші бер, ей, ата,
Айтамын саған не бер, — деп.

Қыз Жібекті ап келді,
Бір-біріне тап болды.
Түрегел, ата, түрегел,
Міне, ауылға нақ келді.

Атынан түсіп Қыз Жібек,
6580 Келе жатыр жетелеп.
Төлегеннің шешесі,
Алдынан шықты еңіреп.
Кемпірді құшақтап Қыз Жібек,
Көрісті сонда былай деп:

— Барып еді ұшып бір сұңқар,
Ұшқан жері қия-жар.

Ұша алмай қалып жоғары,
Болыпты үлкен қансонар.

6590 Қалып ем бағым байланып,
Заманым тарға айналып.
Қанатым жоқ ұшарға,
Отырып ем зарығып.

Көп отырдым зарығып,
Жығыла жаздап тарығып.
Омырауым көл болды,
Көзімнен жас ағылып.

6600 Қайғының міндім атына,
Қашсам да болмай алқына.
Төлегеннің мен күйдім,
Лапылдап жанған отына.

Қыраным қақты қанатын,
Шырағым болды жанатын.
Алыстан аңсап келдім мен,
Болайын деп қанатың.

6610 Хан, қарасы келіпті,
Қыз Жібекті көріпті.
Мұндай сұлу бұл жақтан
Ешбір адам көрмепті.
«Адамзаттан тумаған,
Перінің қызы бұл, — депті,
Бұл жалғанда адамзат
Мұндай да сұлу болыпты!»

Базарбай шал тұрыпты,
Жүруге халі келіпті.
Ат жететін жердегі
Елінің бөрін жиыпты.
Құран оқып, бата қып,
Төлегенге ас беріпті.
Қайғы, жара жазылып,

- 6620 Қуаныш орнын алыпты.
Тұра салып ертеңі,
Қырық күн той қылыпты.
Ақ отауды кестелеп,
Жібекке арнап тігіпті.
Тойға келген көп елге
Сый-құрметін қылыпты.
- Сол күндерде Қыз Жібек,
Ойлайды бір іс елеңдеп:
«Хореннің қалып әскері,
6630 Не сұмдық қылды елге?, — деп, —
Басымды алып мен кеттім,
Ішінде қалдың бейнеттің.
Қарғар ма ел, Жібек, — деп,
От қойып бізге сен кеттің.
Жыланның басып құйрығын,
Қалмақтың кегін өрлеттім.
Қайда барсам, япырым-ау,
Қайғы мені меңдеттің.
Хоренді кеттің өлтіріп,
6640 Сазайын бердің келтіріп.
Артында қалың әскері,
Кеп жетер ме дүрлігіп.
Өлігін көрсе ханының,
Жоқтар бөрі егіліп.
Бұл жаққа тағы келе ме,
Ат ізі жатыр жосылып.
- «Ханды, — деп, — кім өлтірді?
Қызды кім мұнда келтірді.
Тауып бер», — деп ойран сап,
6650 Сала ма пәле не қилы.
- Ханды өлтірген қара бас,
Тауып бер деп ұнамас.
Қысым келсе басына,
Бұл ел де мені аямас.

Екі елді бірдей бүлдірген,
Жан қалмас мені қарғамас.

Жібек деп мені мақтаған,
Іс түссе, болар боқтаған.
Мынау бір сайқал дер ме екен,
6660 Елден-елге аттаған».

Осы ойлар қамап Жібекті,
Жегідей жеп қақтаған.
«Ұшты деген түйғыным,
Жанды деген шырағым.
Алдады ма тағы да,
Не болар менің күндерім?!»

Ең жаманы мынау іс
Екі елге түссе қиын іс.
Сарғайып сөйтіп жүргенде,
6670 Бір түні Жібек көрген түс.
Ұйқыда жатып көрген түс,
Көргені ылғи лашын құс.
— Алдында жүрген біреуі,
Қанаты оның құбылыс.

Жиырмадан бірі артық,
Біреуі алда жүр шалқып.
Қанаты оның шүп-шұбар,
Құбылады көз тартып.

Бір жерден алтын жалт етіп,
6680 Бір жерден күміс жарқ етіп.
Бір жерден гауһар көрінер,
Тағы бір жерден жылт етіп.

Қайран қалдым бұл құсқа,
Құстағы болған құбылысқа.
Қарап тұрғың келеді,
Ерекше осы бір құсқа.

Жайбарақат келеді,
Отауға келіп кіреді.
Түсі жылы бұлардың,
6690 Өздері де көңілді.

Қатар-қатар тізіліп,
Отырды бөрі сүзіліп.
Аузынан ақ меруерт,
Төгеді маған ұсынып.

Қарадым бөрін абайлап,
Бердім тамақ даярлап.
Бірі кіріп, бірі шығар,
Қанатын жайып мамырлап.

Көрдім де түсті ояндым,
6700 Бұл не түс деп ойландым.
Жақсылық па жамандық,
Білмей қалдым Құдайым.

Міне, осындай түс көріп,
Түсінде ылғи құс көріп,
Сансызбайға бұл түсті,
Айтып берді жорытып.

— Құлағың сал жан-жаққа,
Хабар алып әр уақытта.
Елден біреу келе ме,
6710 Бізді іздеп бұл жаққа?

Бұрын бір түс көріп ем,
Түстен де зәтте болып ем.
Түс көрдім деп осындай,
Кімге айтайын оны мен.

Елі жатыр той тойлап,
Жібек отыр ой ойлап.
Қуаныш бар көңілінде,
Түстің арты не болмақ?

- Біреу келді шапқылап,
6720 — Келед, — деп, — адам бейсауат.
Алыс жердің адамы,
Бұл елде жоқ ондай салт.
Біреуі алда келеді,
Тізгендей бәрі шұбалад.
Ә дегенше ауылға,
Келіп қалды аралап.
Шыға келіп Қыз Жібек,
Таныды бәрін саралап.
Өзіне-өзі сене алмай,
6730 Қояды көзін уқалап.

Бұл жаққа бұрын келмеген,
Елден сұрап білмеген.
Ат ізімен келіпті,
Баяғы өзі іздеген.

Тоқтай қалды кермеге,
Із тоқтаған сол жерге.
— Мына ауыл, — деді, — кімдікі? —
Ат ұстаған біреуге.

- Базарбайдың ауылы,
6740 Осы елдің бай-тәуірі.
Келіні келіп алыстан,
Той боп жатыр әуелі.

Ат байлатты кермеге,
Жат болса да бұл елге.
— Жібектің үйі қайсы? — деп,
Баста, — деді біреуге.
— Анау ғой біздің Жібек, — деп,
Жиренбай мырза көреді.

- Ел жиналды айнала,
6750 Батырларға таңғала.
Бұл елде мұндай адам жоқ,
Басқа бір жұрттан бола ма?

Бәрі батыр әлуетті,
Бізде жоқ мұндай сәулетті.
Бірі мыңға барабар,
Алып дене келбетті.

Ажары асқақ аршындап,
Сауыт-сайман жарқылдап.
Айдынынан бұлардың
6760 Біреулер қорқып қалтылдап.

Аз емес көрген істері,
Түн қатып қашқан түстері.
Жол азабын көп көріп,
Ашаң тартқан жүздері.

Қаршығадан бір адам:
— Кімдер дейміз сіздерді?
— Біз — Жібектің ағасы,
Іздеп келдік біз, — деді.

Естіді Жібек ап-анық,
6770 Көне даусы қап-қанық.
Өзіне-өзі сене алмай,
Тұрған еді таңырқап.

Көзі сеніп тұрса да,
Көңілі сеніп жалтайып.
Жүгіріп барып бас салды:
— Жиренбай аға, — дей салып.

— Айналайын, ағекем,
Бірге туған сен, тетем.
Сағынып едім сендерді,
6780 Көзімнің жасын селдетем.

Сарғайып бір күн өлер ем,
Өзің іздеп келмесең.
Жегенім болар запыран,
Елден хабар білмесем.

Хореннің қалың әскері
Қырған ба екен мен десем.

Жібек тағы зарлады,
Айтпаған зары қалмады.
Сегіз жылдай байланған
6790 Тарқатып шерін шығарды:

— Ақсарбас сойған баталы,
Жиналып ел-жұрт аталы.
Әуелде көңілім қосылған,
Басқаны қайдан тартады.
Шыққаннан қашып бармадым,
Шақырды, міне, қалмадым.
Әуелде ноқта ілген соң,
Басқаға көңіл салмадым.

Белдеуден кеттім шешіліп,
6800 Алысқа кеттім көсіліп.
Әуелде Құдай қосқан соң,
Іздеп келдім бет бұрып.
Қалмайын деп ойладым,
Аруаққа шет болып.

Қаршыға келді алшаңдап:
— Жылама, Жібек, қалқам, — деп.
Сені аялап, қарағым,
Дүниені кездім сарсаң боп.

Әуелде көңілім хош еді,
6810 Ойлаған ойым осы еді.
Жеткізіпті бір Құдай,
Келесің маған түс еді».

Өмірдің көрдің аласын,
Жаппақ боп әркім жаласын.
Қарша ағаң бәрін оңдады,
Бітіріп істің шаласын.

- Хореннің көрдім өлгенін,
Өлтіріп елдің келгенін.
Қадірлеп ұста, қарағым,
6820 Құдайдың саған бергенін.
Он тоғыз мың әскерді,
Қара құмға көмгемін.
Осыдан біл, қарағым,
Ел-жұртың аман екенін.
- Айналайын, Қаршеке-ау,
Ақылың елден бір жеке-ау.
Түс көріп едім жақында,
Өзіңізге бір теңеу.
6830 Түсімде құс боп ұшыпсыз,
Отауға келіп түсіпсіз.
Алтын-күміс моншақтап,
Гауһарды тағы іліпсіз.
- Жиырма құс жаныңда,
Өзіңіз оның алдында.
«Көп ақ меруерт маған», — деп,
Бердіңіз әйні қалпында.
- Айналайын, Қаршекем,
Ақылың — дария, сөзің — жем.
Патша, ханның ақылы
6840 Бір өзіңе келмес тең.
- Ақыл деген ой көзі,
Шешеннің алтын әр сөзі.
Осы келген Қаршыға
Қырық жылдан бері қарай
Сырлыбай ханның уәзірі.
- Қарақұрым қалың ел
Жібектің тыңдап зарын мол.
Жыламаған жан қалмай,
Омырауы болды сел.

6850 Шеге ақын шығып айырып:
«Болды, балам, болды!» дер.

Ел жиылып қойғызды,
Тоқтау айтып тыйғызды.
Кім екенін зары білгізді.
Алты қанат отауға
Оларды бастап кіргізді.

Неше түркім мал сойып,
Өр алуан дән қойып.
Аунап-қунап жатты олар,
6860 Қайғыны бәрі тең жойып.

Қосылып ақыл теңесті,
Айтысып бұлар көп істі.
Көтеріп еңсе Базарбай,
Құдалармен кеңесті.
Өткен-кеткен істердің
Бәрін сұрап білісті.
Қайғының бәрін ол жойып,
Шүкірлік қылып тынысты.

Той үстіне той болды,
6870 Ақсарбастар сойылды.
Жағалбайлы елінің
Хан-қарасы жиылды.
Қазына-малды аямай,
Елге құрмет қылынды.

Қырық күн тойын қылыпты,
Отыз күн ойын қылыпты.
Сән-салтанат тамаша,
Алуан түрлі қызықты.

Жібекке желек жабылды,
6880 Үкілеп моншақ тағылды.
Бұрынғының салты деп,
Үлкеннен дұға оқылды.

Жібектің асты сәулеті,
Түгеп көрген бейнеті.
Жібек десе Жібек-ау,
Жаннан асқан келбеті.
Сұлулығы Жібектің
Елден-елге тарапты.

6890 Сансызбай да ер екен,
Қыз Жібекке тең екен.
Ұлан шәмбіл елінде,
Бұларға теңдес жоқ екен.

Той да өтті, ойын да,
Өр істер өз жайында.
Қонақтар қайтпақ болады,
Уақытты бабында.
Жібекті ертіп Сансызбай,
Келер жылы бармақ боп,
Осы бір мезгіл шағында.

6900 Базарбай қарт әндетіп,
Кеткендей болды халденіп.
Қалбырақтап байғұс шал,
Рақымет айтты емініп.

Екі жүз жорға айдатты,
Отыз түйе байлатты.
Алтын-күміс, қант-шай,
Кілем-кілше, торқадан
Он түйе жүк жайлапты.

6910 Ортаға салып мал-жанды,
— Алғаныңша ал, — деді, —
Құдаларға көп сәлем,
Айта бар бізден мол, — деді.

Ел-жұрт аман тұрсын, — деп,
Бізге де дұға қылсын, — деп.

Жібек пенен Сансызбай,
Келер жылы барсын, — деп.

Елі-жұрт та жиылып,
Құрмет қылды иіліп.
Неше күндік алысқа
6920 Шығарып салды бірігіп.

Жүріп кетті жол тартып,
Келген ізбен көш артып.
Арада қанша жол жүріп,
Елін-жұртын қуантып.

Көргендерін сөйледі,
Білгендерін күйледі.
Тұқымы құрып Хореннің,
Тыныш бопты елдері.

Қаршекеңнің айла-ақылы,
6930 Жібектің сабыр тақылы,
«Сабыр түбі — сары алтын»,
Мұратқа жетті ақыры.

Жан білмеген ақылды,
Жан таппаған тәсілді.
Болып келді Қаршекең,
Әрбір іске батылды.

Білетін болсаң ақыл көп,
Істете алсаң батыл боп.
Елу бес жыл Қаршекең,
6940 Сырлыбай ханға уәзір боп.

Түгемес ақыл азығы —
Ханның алтын қазығы.
Қаршекең қамал бұзады
Тәсілменен әр қилы.

Ізсіз жерден із болды,
Бара-бара жол болды.
Құда, таныс, тамырлар
Келіп-кеткен мол болды.
Қиссасынан Жібектің,
Білгендерім сол болды.

Ол кезде мен жоқ екем,
Әйні іс қандай болды екен?
Бұрынғылардың жазғаны,
6954 Бізге қалған мұра екен.

Дандан мен Нәркес

Бастадық біз осылай жазып хатты,
Береді Тәңір өзі бақ пен тақты.
Қосады оңы келсе тағдыр өзі,
Көріспей ғашық болған асыл затты.

Дүниенің бұл туралы мысалы көп,
Мен мұнда жел сөз айтып тұрғаным жоқ.
Нәркес пен батыр Дандан оқиғасы
Келеді өрнек болып осыған дөп.

Өтіпті тым ертеде Дандан — Нәркес,
10 Халайық, тыңдап көрсең бұл бір кеңес.
Кез бопты олар көптеп қауіп-қатерге,
Мұндағы айтылғаны кейбір елес.

Мекені бұл Данданның Шын-машын дер,
Ол өзі жасынан-ақ боп туған — ер.
Әкесі падишалық құрған екен,
«Елінен шыққан, — дейді, — көп саудагер».

Аты екен әкесінің Ибраһим,
Ол өзі әділдікпен ел сұрайтын.
Шаһарын саудаменен төлежітіп,
20 Өркімнің өнеріне жол қоятын.

Болыпты бір саудагер бұл шаһарда,
Жері жоқ ол бармаған бұл жаһанда.
Ол өзі Ибраһимнің досы еді,
Келетін сәлем беріп анда-санда.

Талайдан көрінбес сол саудагер,
Ақылды шешен еді, әрі шебер.
«Ол досым қайда кетті хабары жоқ,
Болып еді уақыты да мұнда келер?» —

30 Дөп досын патша да есіне алған,
Өйткені одан көптеп несіп алған.
Жаһан кезіп ол айтқан хабарлармен,
Таңғалтып талайлардың есін алған.

Қиялмен патша үйінде отыр еді,
Саудагер сәлем беріп жетіп келді.
Екі дос жөн сұрасып көп отырды,
Саудагер таныстырған барған жерді.

40 Саудагер көп шаһарын аралапты,
Өзіне қажет малын саралапты.
Бұл жерден жүзді алса, онда барып,
Пайдасы мың түмендеп балалапты.

Саудагер шығып тысқа және келді,
Қолына бір сандығын ала келді.
Бұл шақта атасына еркелеген,
Жүгіріп жас жеткіншек бала келді.

Осы еді Дандан деген бала батыр,
Көзінен көрінеді аспан жалтыр.
Қасына атасының келді дағы,
Көтерген сандығына қарады ақыр.

50 Саудагер ол сандығын берді ханға,
Басылған көп жеріне түрлі таңба.
— Алыстан ала келген аз тартуым,
Көз сүрінер мұндағы асыл жанға, —

Дөп саудагер сандығының айтты сырын,
Естіртпей баласына өте ақырын.
Падиша көрмек боп асығып ед,
— Көрсетпе балаңызға, — деді, — ақылым.

Патша:

— Шығып тұршы, балам, — деді,
Бала да бір іс сезіп алаң еді.

60 «Шық деген соң шықпасам жарамас», — деп,
Тысқары шықты басып қадам енді.

Саудагер сонан сандық аузын ашты,
Ораулы қағаз жұпар иісін шашты.
Патша тұр елегізіп, «бұл не екен» деп,
Тесілтiп қос жанарын, керiп қасты.

Қағаздан қыз суретi көрiндi ерен,
Қалам қас, оймақ ауыз, күлiмдеген.
Көрген жан ғашық болмай қалар емес,
Нұр төгiп көрген көздi сүрiндiрген.

70 Мұндай сұлу болмайды жан баласы,
Сәулесi сағым шашқан айналасы.
Бұл қызды бiр патшаға берсең егер,
Түп-тура басқа патша болар қасы.

— Суретшi қыз мүсiнiн алған тартып,
Дәулетi Бағдатында өскен шалқып.
Жасаған суретiнiң бiр паршасын,
Берiп ед мың дiлдәға маған сатып.

80 Жеткiздiм сол қаладан өзiм алып,
Iшiне алтын сандық берiк салып.
Я, тақсыр, бiр асыл зат болғандықтан,
Тарту қып әкеп тұрмын сiзге алып.

Сондықтан қауiптендiм ұғылыңыздан,
Бұл сурет талай жастың шырқын бұзған.
Егерде бұл суреттi көрiп қалса,
Ғашық болып кетедi ол ырқыңыздан.

Ибраһим дейдi: — Рас осы сөзiң,
Суреттiң ғашық болар көрсе жүзiн.
Ұғылым тұр ғой бiр сөт те сабырым қалмай,
Ғашық бола жаздадым менiң өзiм.

Ойпырмай, хор қызы ма, пері қыз ба,
90 Әлемде төңдесі жоқ сері қыз ба?
Суретші де керемет келтіріпті,
Көрген жан жолыққандай тірі қызға.

— Оның рас, суретші тым-ақ шебер,
Қолынан кереметтің бәрі келер.
Бұл қызды аудармастан тартқан екен,
Кім көрсе, көрермін деп оған ерер.

Суретті сандығымен мықтап сақта,
Балаңа көрсетуші болма әсте.
Егерде ойламаған істер туса,
100 Тек қана жалынасыз жалғыз Хаққа. —

Деп саудагер қоштасып шығып кетті,
Патша оны ұзатып қайтып кепті.
«Апырым-ау, сандықтағы не нәрсе?» — деп,
Жас жігіт Дандан терең ойға кетті.

«Бар екен бұл сандықта қандай тылсым,
Далаға шығарды екен мені не үшін?
Көрейін ебін тауып не де болса,
Ашып ап оңашада сандық ішін».

Бір күні кірді Дандан қоймасына,
110 Сандықты көрмек болған о да асыға.
Қазынадан тінтіп жүріп ақыр тапты,
Сандықты іліп қойған дорбасына.

Сандықтың шағып аузын ашып қалды,
Ораулы топ қағазға қолын салды.
Суретін сұлу қыздың көрген кезде,
Аңырып қатты дағы, естен танды.

Қарады бір уақытта есін жиып,
Өртенді ғашықтықтан іші күйіп.
Қойынға қыз суретін салды дағы,
120 Шығып кетті сандықты тығып қойып.

Өзінің хұжырасына келді Дандан,
Суретті «тірі қыз» деп әбден нанған.
Қараса қайта-қайта ол суретке,
Нұр өтіп улатқандай естен танған.

Сарғайды ол күн-түн сайын ғашық зардан,
Ұйқы-тамақ, мал-мүлік шықты ойдан.
Есінен жатса-тұрса бір кетпейді,
«Табам деп ғашығымды қай шаһардан?»

130 Бар еді бір уәзір Хакім атты,
Көрсетер қысылғанда кереметті,
Данышпан, өзі ақылды, терең ойлы,
Патшаға жаққан істеп ғаламатты.

Жас Дандан сол Хакіммен жақын еді,
Өзіне айтқан сөзі ақыл еді.
Бір күні Хакім кеп хал сұрағанда,
Ер Дандан «іште қайғы бәрін» деді:

— Хакім ата, не дауа бұл дертіме?
Бір қыздың ғашық болдым келбетіне.
Ойым бар сол сұлуды алсам деген,
140 Болса егер, жүрсе тірі жер бетінде.

Хакім айтты: — Суретті алып келші,
Көрейін қызғанбашы, маған берші.
Бар болса жер бетінде іздеп тауып,
Жеткізем талабыңа, маған сенші.

Шаһзада Дандан барып алып келді,
Суретті бар зейінмен Хакім көрді.
— Жаңа тартқан екен бұл қыз суреті,
Сахибің* дүниеде бар, шын, — деді.

150 Сұрайын саудагерден қыздың жайын,
Қылмаңыз табылмас деп сіз уайым.

* Сахиб — ару, сұлу, жар деген мағынада.

Ғашығыңды қайтсек те іздеп тауып,
Өкелеміз жол берсе бір Құдайым.

Боламын қызметінде өзім бірге,
Бір Алла әл-қуатын берсін сізге.
Саудагерден қыз жайын өзім ұғып,
Хабарын жеткізейін сіздің үйге.

Сөйтті де саудагерге кетті Хакім,
Ұқпақ боп қыз мекенін, жөнін, атын.
Барса әлгі саудагер өліп қапты,
160 Кезікті туысына қазған ақым.

Уәзір санын соғып қайтып келді,
Естіген, білгендерін айтып келді.
Балық жеп, қылтанағы тұрып қалып,
Өліпті деп іркілмей тартып келді.

Уәзір айтты: — Сөз тыңда, шаһизадам,
Айтайын мен бір амал енді саған.
Екеуміз тез арада сапар шықсақ,
Мұнымыз мен ойласам болмас жаман.

Қайтсек те үш күннен соң жүрейік жол,
170 Бұйырса Жаппар Құдай береді жол.
Алтын ал қазынадан жиырма мың,
Екеумізге жол азық болады сол.

Жүреміз қайықпенен теңіз кешіп,
Жол берсе бұл сапарға Тәңірім несіп.
Түн жамылып шығамыз ел көрместе,
Жүрмесін әлдебіреу жолды тосып.

Дандан да бұл кеңеске мақұл болды,
Айтқаны уәзірдің ақыл болды.
Қазынадан жетерліктей алтын алып,
180 Әйгіленген ақ жарқын батыл болды.

Киімді де киінді неше түрден,
Кең қолтық, кейбірінің белін бүрген.
Әр елдің өзіне тән салтанаты,
Осыған да ұмытпай көңіл бөлген.

Қамданып дайындығын толық қылды,
Теңізге төртінші күн төніп кірді.
Ұрланып ел-жұртына білдірместен,
Кемеге екеу ғана болып кірді.

190 Сонымен тәуекелге бұрып бетті,
Екеуі сұлуды іздеп жүріп кетті.
Көрем деп сахибімнің нұр дидарын,
Қуанып Дандан ерің күліп кетті.

Патша іздеді ұлын қапаланып,
Хакімге айтпақ болды іздеп барып.
Барса онда уәзір де жоқ боп шықты,
Соққандай болды жүрек кеуде жарып.

200 Суретті іздеді ол қоймасынан,
Көмескі жерге қойған дорбасынан.
Сандық тұр, суреті жоқ болғаннан соң,
Қайғысы түсті ауыр қорғасыннан.

Іздеді патша досы саудагерін,
Әйтсе де тапты оның тек көмген жерін.
Сонымен қалай кеткен із таба алмай,
Падиша қала берді тістеп ернін.

Падиша қайран қалды қапылынан,
Көрмеген қашанда опа жақынынан.
Бір медеу тапқандай-ақ болар еді,
Тек қана Хакімнің кең ақылынан.

210 Дандандар он күн жүрді океанда,
Келеді жүзіп кеме өтіп алда.
Көрінді бір құрлық таяу маңнан,
Төңірекке көзді тастап отырғанда.

Кемені сол құрғаққа келді айдап,
Қуанды жер көргенге көзі жайнап.
Талапқа жететұғын күн болар ма?
Келеді екеуі тең соны ойлап.

Құрғаққа кеп кемені жайғастырды,
Киімдерін үстіге алмастырды.
Жағадан жаңа тағам жесіп алып,
220 Ендігі барар жерін қарастырды.

Таяуда бір бау-бақша көрініпті,
Екеуі сол бақшаға көзін тікті.
Дандан: — Соған бар да сұра, — деді, —
Көрсетіп адам болса бұл суретті.

Қылышын шаһизада алды қолға,
«Бір Алла бергін осы жолда», —
Деп сиынып бақшаға жетіп барды,
Бір адам отыр екен сол арада.

— Ассалаумағалейкум, ей, ағайым,
230 Өзіңе медет берсін бір Құдайым.
Бір ісім бар келгенім сапар шегіп,
Рұқсат па, сол жөнін мен сұрайын?

— Мен жүрген тазалықшы қызметкер,
Уақытың мұнда тұрсаң бекер кетер.
Сұрағың, ісің болса қожайыннан,
Болса да қандай шаруа солар білер.

Суретті сонда Дандан алып шықты,
— Жетпейді айтсам тілім ғашықтықты.
Табылып осы сұлу бұл дүниеден,
240 Болар ма дертіме бір шипалықты?!

Өлгі шал суретті алып көзін тікті,
Сөз айтты Дандан ерге бір үмітті.
— Жаңа сурет екен ғой ғашығыңыз,
Шырағым, бетіңе ал күншығысты.

Ешнәрсе бұйым емес зерделі ерге,
Шырағым, көп тоқталма әрбір жерге.
Бір қызға ғашықтықтан дертті болған,
Он жетіде алпысқа шықтым, міне.

250 Ғашықтық кәртеймеді, мен кәртейдім,
Бұл сөзім ғибрат болсын, ғашық ерім.
Ғұмырың тоқтай берсең өте берер,
Мақсатқа жеткін, ерім, сол тілегім.

Хакімге шаһизада келді қайтып,
Шайыхтың айтқан сөзін түгел айтып.
Қайыққа мініп тағы жүріп кетті,
Сапары күншығысты бетке алып.

260 Теңізге сол дария кірді барып,
Теңізбен жүзді олар бір ай ағып.
Көрінді осы кезде бір құрғақтық,
Бет бұрып осы жерге шықты барып.

Тұр екен бір жас жігіт балық аулап,
Ауымен балықтарды көптеп қармап.
— Сонша көп не себепті ұстайсыз? — деп,
Жігіттен ұқпақ болды Хакім сұрап.

— Білмейсіз бұл шаһарда меймандар көп,
Барады жұртымызда азық түгеп.
Бір балық бір алтыннан ақша болар,
Сондықтан да болып тұр бұл характер.

270 Айтайын шаһардағы мейман жайын,
Жолаушым, сіздерден мен жасырмайын.
Патшамызда бір сұлу ханша бар,
Жол қалар сұлулықта туған айың.

Қанша патша баласы соған ғашық,
Неше мың ләшкерменен жатыр басып.
Бір балық бір алтыннан сауда болып,
Болып тұр осы күнде маған кәсіп.

- Суретті алып шықты сонда Дандан,
— Қараңыз көз тоқтатып, дос, мынаған.
Осы қыз ба, емес пе, айтыңызшы?
280 Барады ішім күйіп ғашықтықтан.
- Суреті осы, — деді жігіт танып,
Осының заһирі екен дейді анық.
Безгек болып ауырып жатқан кезде,
Суретші бұл суретті алған тартып.
- Хакім айтты: — Бізді апар хұжыраңызға,
Жетерлік алтын алғын хақыңызға.
Тыныстап біз де жатып демалайық,
Кез боппыз Құдай айдап шаһарыңызға.
- Мақұлдап жігіт ертті Хакімдерді,
290 Сарай іші бір құжыра пәтер берді.
Қыз жайын сұрастырып ұғып жатыр,
Сонымен аралықта төрт күн қонды.
- Ғашықтық шаһизадаға қатты батқан,
Сарғайып күннен-күнге семіп қатқан.
— Ғашықтар ертең келсін сәнәм баққа, —
Деп жаршы айғай салды көше жақтан.
- Таңертең Дандан кетті бақша жаққа,
Жиылған нелер жігіт осы баққа.
Талай патша баласы, байдың ұлы,
300 Нәркестей ғашық болған асыл затқа.
- Дүние жігіттерге бекер еді,
Бұл Нөркес суретімен жетеледі.
Нәркесті бір көрмесе барлығы да,
Дүниеден диуана боп кетер еді.
- Бақша іші қатар қойған орындықтар,
Сая боп гүл-гүл жайнап толқиды тал.
«Нөркес шықса көрсек», — деп, кірпік қақпай,
Тағатсыз жас жігіттер болған құмар.

310 Самал жел соқты, баяу гүлдер толқып,
Еседі жұпар лебі майса шұлғып.
Нәркес те осы кезде келіп жетті,
Бұлттан жаңа шыққан күндей балқып.

Нәркестің бөлек екен жаралғаны,
Болмаған мұндай сұлу адамда әлі.
Өмірде мұратты боп өтер еді,
Әркімнің сондай болса алған жары.

Жығылды көргендердің есі кетіп,
Бір жан жоқ қыбыр еткен тұяқ серпіп.
Бәрін де маңғаздардың жансыз етіп,
320 Ордаға Нәркес сұлу қалды кетіп.

Кетсе де Данданға көз салып кетті,
Өзі баяу, көңілі талып кетті.
Ғашықтық Нәркесті де билеп алып,
Орнына өзі тұрған әрең жетті.

Жігіттер өліктей боп қырылыпты,
Тәуіптер ұшықтасып су бүрікті.
Сескеніп бәрі дағы есін жиып,
Орнынан сенделісіп тұрысыпты.

330 Хакімге келіп айтты: — Көрдім қызды,
Бір Алла аяр ма екен пақырыңызды.
Әкетіп басқа біреу біз зор кеп,
Өксітіп кетер ме екен өмірімізді.

— Батыр туған Данданым,
Орындар арманың.
Уайым етпе, жарқыным,
Нәсіп болса аларсың.

Бүгін жатпа жайланып,
Қалмасын бағың байланып.
Қарауылшы қорыммен,
340 Қылыш ал алмас сайланып.

Аяғың мен қолыңа,
Таймастай етіп жолыңа.
Болаттан тырнақ кигізем,
Түсерсің бірер садынга*.

Күзетші берік ордада,
Жақын барып жамбылға.
Қақпадан кіру саған жоқ,
Жамбылдан ас жабыса.

Шаһизада Нөркес жаққа жүріп кетті,
350 Сәнәмнің бақшасына барып жетті.
Көрінбей қарауылшы лашкерлерге,
Жамбылдың қалтқысына кіріп кетті.

Мысықтай асып түсті қыз бағына,
Ұқсайды Дандан бейне қанаттыға.
Түр екен бір көнизак палау басып,
Қыз үйінің қиыстау ар жағында.

Бір кезде сол көнизак кетіп қалды,
Дандан да қазан жаққа жетіп барды.
Есінен тандыратын дәрі салып,
360 Қалқада қайта келіп тұра қалды.

Жиылып көнизактар жеді палау,
Ойлайды мұндай жерде қайдағы жау.
Сылқиды тойған кезде бәрі дағы,
Жемеген Нөркес ғана отырды сау.

Бұл жайды ақылды қыз аңғарады,
Қолына қылыш алып жабданады.
Жігіт боп жақтырмайтын келсе егер,
Тастауға басын шауып сайланады.

Жантаяды ұйықтаған боп төсегіне,
370 Ғашығы бақшадағы түр есінде.

* Садын — қорған мағынасында

Ол егер келген жігіт болмай қалса,
Өлтіреді мойынын кеседі де.

Сол кезде шаһизада келді кіріп,
Ғашығын көрген жерде мың құбылып.
Қарсы алды Нәркес дағы құшақ жая,
Бағана көрген жерден жазбай біліп.

Мұратқа жетер пенде етсе талап,
Ғашықтар құшақтасты етпей тағат.
Жақындап таң атарға қалған кезде,
380 Шығарды қыз жігітті сыртқа қарап.

Данданды Нәркес тамнан асырады,
«Кеш қалмай кел, жаным», деп асығады.
Көрмесе екі ғашық тұра алмайтын,
Болысып кеш батуға асығады.

Тірілтті кәнизактің бәрін келіп,
Тұрыпты су бүріккен соң тітіркеніп.
Білмейді не болғанын олар дағы,
Қалыпты таң ағарып, жұлдыз сөніп.

Таң атты, маужырай күн де шықты.
390 Бақшада бұлбұл әнді сан құбылтты.
Шомылып ғұсыл-дәрет алмақ үшін,
Бір көлге Нәркес сұлу келіп түсті.

Бір кезде отырды шашын тарап,
Нұр шашқан алтын күнге тамашалап.
Қарап тұр дидарына кәнизактар,
Нұрланған бүгін тіпті Нәркес ғажап.

Сол кезде бір бұлт шықты көк аспанда,
Құдиып жетіп келді қас қаққанша.
Жерге кеп қыздар тұрған тұманданып,
400 Нәркесті алып ұшты тік аспанға.

Нәркестен қыздар қалды тірі айрылып,
Көрген бе адам пенде мұндай қылық?!
Патшаға жүгірісіп хабар берді,
— Нәркесті ап кетті, — деп, — бір бұлт келіп.

Падиша қапаланды, назаланды,
Бұл не бір хикмет деп аң-таң қалды.
«Құдайым өзі беріп, өзі алды», — деп,
Қызына іші күйіп зар жылады.

Тәуіпші бұл шаһарда бір зада* бар,
410 Падиша әр кезекте бал аштырар.
Аты Зәһира шарапатты адам еді,
Сөзіне бұл шайыхтың жұрты нанар.

Ауырлап ішіндегі қайғы-зары,
Алдырды патша ортаға Зәһираны.
— Ей, шайхы, бал салып көр, қызым қайда?
Бір хабар болар ма екен істің жайы.

Зәһира балын шашып күбірледі,
Кейде ренжіп, кей кезде күлімдеді.
— Мәртебелі патшамыз, Аллаға сен,
420 Бір жігіт қызыңызды әкеледі.

Бар екен Қап тауында бір топ дию,
Оларды оңай емес күшпен жеңу.
Ежелден қызыңызға ғашық екен,
Солардың бір мықтысы Қаққа дию.

Диюлар сұлуларға болар ғашық,
Адаммен өте алмайды жамандасып.
Апарған қызды салып алақанға,
Қарайды неше рет мауқын басып.

Қызыңды Қаққа алып ұшып кеткен,
430 Іздейміз енді оны зеңгір көктен.

* Зада — (парсы) бала.

Беремін бір көгершін қолыңызға,
Құс еді шарапатты баққан көптен.

Жиыңыз ды бар патшаның балаларын,
Қызыңа ғашық болған сардарларын.
Айт дағы Нәркес жайын жігіттерге,
Ұшырып көгершінді аралатқын.

Көгершін кімге қонса сол әкелер,
Басқаның іздегені құр арам тер.
Патша, сол жігітке бұйрық қылғын,
440 Шақырт та ордаңызға батаң бергін.

Патша шақырыпты жігіттерді,
Бәрі де маңғазданып түгел келді.
Нәркесті бұлт әкеткен айтқан шақта,
Жігіттер қаны қайнап тітіренді.

— Жиырма патша баласы келгендерің,
Қызымды болды кеше көргендерің.
Нәркесті біреуіңе берсем егер,
Он тоғызың маған жау болар едің.

Ұшырам әзір бір құс бақтарыңа,
450 Қонады біреуіңнің бастарыңа.
Бұйрығы кімге болар, азаматтар,
Мен кәрі қапаланба шалдарыңа.

Көгершін кімге қонса, іздейді сол,
Қап тауы ешкімге бермейді жол.
Қаққа деген диюдың басын кесіп,
Қызымды батырлықпен әкелер сол.

Дегенде: «Разымыз», — деді олар,
Бұйырса бақыт құсы келіп қонар.
Неше шара бөрімізге бұйырмаса,
460 Нәркесті ақ бұлттан алып қалар.

Ұшырды патша сонда көгершінді,
Көгершін айналып жүр әр-әркімді.
Тіленіп «қонса екен» деп басын төсеп,
Қаз-қатар барлығы да тыныш тұрды.

Жүрегі жігіттердің алып-ұшқан,
Қуаныш па, қайғы ма төніп тұрған.
Басынан бөрінің де қалқып өтіп,
Данданға барып қонды шетте тұрған.

Көгершін сонда айтты Дандан ерге:
470 — Ұқсайсың, ей, жігітім, перілерге.
Диюлармен соғысып Қап тауында,
Шыдармысың дәуменен жекпе-жекке.

Басқалар бұл сөзді естіп тарап кетті,
Дандан да Хакіміне келіп жетті.
Баяндап Нөркес жайын берген кезде,
Шақырып патшадан да елші кепті.

Падиша, Хакім менен бата берді,
— Я, Құдай, сақтай гөр, — деп жас селдеді.
Данданның мейірлене басын сипап,
480 — Жолың болсын, — деп олар қалады енді.

Хакім мен Дандан жолға шығып кетті,
Қайықпен көк мұхитқа кіріп кетті.
Барады толқынменен бірге толқып,
Сан рет дауыл тұрып қатер жетті.

Екеуі сол теңізбен талай жүрді,
Тауыса алмай шалқып жатқан алып суды.
Жиырма күн дегенде жол жүргелі,
Аман-есен бір құрғаққа ілінді.

Теңізден шыққан жерде бір ағаш тұр,
490 Жауышты бар денесін жапырақ-бұр.
Шұлғиды көк шыбығы мәуеленген,
Жапырақта шарапатты жазулар тұр.

Дұғаның оқып көрді күдіретін,
Көрген жан бұл ғажапқа таңқалатын.
«Бір сүйкесе жазылар деп жазыпты,
Сынған, күйген, жұлынған құс қанатын».

Тағы да шыбықтары былай деген:
«Ап алсын бұл шыбықтан керек еткен.
Дию, жын, пері соққан кісі болса,
500 Бір атса шыбықпенен жазар», — деген.

Жапырақ пен шыбықтан алып алды,
Су менен құрғақтықты сағалады.
Біраз жер осы арадан жүрген кезде,
Ұша алмай жатқан құсты көзі шалды.

Құс айтты тілі шығып: — Ей, адамзат,
Сіздерден болар ма екен бір мархабат?
Көңілге алған жерге жеткізер ем,
Шапағат Алла тағала берсе қанат.

Жапырақпен сүйкеді құс қанатын,
510 Жай күн емес ойланып-толғанатын.
Не көрсе соған байлап тағдырларын,
Алатын Нәркес үшін жан салатын.

Сілкіді сонда әлгі құс қанатын,
Мһтшам, ей, адамзат, менің атым.
Баламды бір айдаһар жылда жұтар,
Ұшарға қанат бітіп болса жақын.

Ойсоқты боп ұшыппын байқамастан,
Көрінбей көз алдымда жер мен аспан.
Соғылып бір ағашқа топшым сынып,
520 Кезім ед қозғала алмай мына жатқан.

Мықты жер ұя салар іздеп едім,
Таба алмай бұл жаһанды талай кездім.
Ұшуға балапаным жақын қалған,
Ұмытпас айдаһар да жейтін кезін.

Хакім де өз жайларын түгел айтты,
Қалт етпей құс тыңдады бұл жәйтті.
«Мұқтажбыз бәріміз де көмек үшін,
Қаққаға апарам», — деп сертін айтты.

— Шығындар, екеуінді арқалайын,
530 Ұшамыз үш күн, үш түн бір Құдайым.
Ұяма менің салған барып түсіп,
Данданды содан әрі ап ұшайын.

Екеуі шықты құстың арқасына,
Жатты олар көкке қарап шалқасына.
Жел гулеп, боран соғып кеткендей боп,
Тоңған соң кірді ұлпа қалқасына.

Қуарып келеді құс алып-ұшып,
Кей жерде су ішеді жерге түсіп.
Қайтадан көкке шығып ұшқан кезде,
540 Еш нәрсе көрінбейді көзге түсіп.

Екпіні неткен қатты алып құстың,
Барады оқтай жарып көктің үстін.
— Көрмегеніміз көп екен, — деді Хакім,
Легіндей бір келеміз көрген түстің.

Осы кезде көрінді жердің үсті,
Құстың қанат екпіні сондай күшті.
Көрінді айдаладан алып терек,
Шулады балапандар көріп құсты.

Мһтшам ұясына келіп түсті,
550 Орнынан балапандар ұмтылысты.
Жерге әкеп адамдарды қойды дағы,
Баласын қанатымен қатты қысты.

Дандан мен Хакім отыр кеңес құрып:
— Берелік айдаһарды біз өлтіріп.
Мһтшам сені апарсын Қап тауына,
Кетпесін, мен қалайын, жүк көп болып.

- Бұл сөзді мен — Мһтшам мақұлдадым,
Бауырымда балапаным талпынарым.
Өлтіріп айдаһарды берсеңіздер,
560 Құлмын, — деп, — өле-өлгенше бас ұрармын.

Сол кезде қатты ысқырған дыбыс шықты,
Қорыққан балапандар қатты бұқты.
Дандан айтты Мһтшамға:
— Хакімді өкет,
Көрейін айдаһарды қанша мықты.

Бір биік шынар еді ұя салған,
Көлденең неше жерде бұтақ жарған.
Қаруын алмас қылыш алды дағы,
Отырды бір бұтақта батыр Дандан.

- 570 Аяғын орнықтырып мықтап басып,
Қайраты тұла бойға сыймай тасып.
Тұрғанда дәу айдаһар ирең қағып,
Келеді ауызынан заһар шашып.

Жиырылып олай-бұлай бұлқынады,
Маңына аузын ашып жұлқынады.
Заһарын алыс жерге шашыратып,
Жұтқандай дүниені қылқынады.

- Дандан да қарап отыр көзін жазбай,
Қарайды бұл жауызға өші бардай.
580 Қолында алмас қылыш жалтылдайды,
Ол, сірә, қанбас басын кесіп алмай.

Айдаһар ұмтылады жалмаң қағып,
Әр жерден аяқтары тарбаң қағып.
Қарайды алып терек бұтағына,
«Жұтсам, — деп, — балапанды жалмап алып».

Астынан келіп өтті бұл мақұлық,
Жұтпаққа балапанды мойын бұрып.

Бас көтере бергенде ұрды Дандан,
Басы бөлек мойнынан кетті үзіліп.

- 590 Өкіріп ширатылып шықты жаны,
Жаудың өзен болды аққан қаны.
Мағұрып-машұрықтың арасында,
Дыбысын естімеген жан қалмады.

Айдаһар балапанға азық болды,
Құс қуанып шалқыды шат көңілді.
Қалдырып Хакім қартты осы жерге,
Ертеңі көк аспанға көтерілді.

- Жеті күн тоқтамастан көкте ұшты,
Құшақтап Дандан отыр Самұрықты.
600 Сегізінші сөткеде алдарынан,
Соғысқан екі биік тау жолықты.

Жол ол арадан өте алмады,
Тым биік асып одан кете алмады.
Өтуге ортасынан мүмкін емес,
Соғылса қандай шапшаң құтқармайды.

Баяғы қасиетті шыбықты алды,
Қорамсақтан садаққа оқ қып салды.
Ортасын екі таудың көздеп тұрып,
Шірене садақпенен тартып қалды.

- 610 Тау шөкті екі жаққа жапырылып,
Мһтшам бір қуанды қатты күліп.
— Алла берген, Дандар ер, саған қуат,
Ашылды бағым саған мен кезігіп.

Мһтшам тағы кетті ұшып заулап,
Алты қабат аспанда алыс самғап.
Бір жеті күн өткенде тағы алдан,
Көрінді жанған бір от таудай лаулап.

- Бір құс тұр ортасында шыр айналған,
Белгісі сиқырменен ол байланған.
620 Қасиетті шыбықты алды дағы,
Тағы да садақпенен тартты Дандан.
- Оқ тиді, құстар өлді, от та сөнді,
Мһтшам бұл арадан ұшып өтті.
Таяуда бір мағыра* көрінеді,
Мһтшам: — Бұл Қаққаның жұрты, — деді.
- Құс қонды мағыраға жақын барып,
— Бар, — деді, — Дандан ерге қаруланып.
Мынаны керек болса күйдір, — деді,
Бір талын қанатының жұлып алып.
- 630 Бір үйге келді Дандан қадам басып,
Ешкімге қорықпайды асып-сасып.
Үйіне сол диюдың кіріп барды,
Таныс бір адамындай есік ашып.
- Қараса бір қыз отыр күн мен айдай,
Көрген жан қалар емес ғашық болмай.
Ол қыздың тізесіне басын қойып,
Бір дию ұйықтап жатыр қарағайдай.
- Мөлдіреп қыз көзінен жас тамшылап,
Сағынған адамзатқа отыр қарап.
640 Данданды жүгіріп кеп құшақтауға,
Отыр ғой қазандай бас алдына сап.
- Қыз айтты: — Бұлар дию, қаны харам,
Бұл жерге қалай келдің, шаһизадам?
Мыналар көріп қалса өлтіреді,
Қор болдың осыларға сен бейшарам.
- Қылышын Дандан сонда қолына алды,
Диюдың мойынына салып қалды.

* Мағыра — қала.

Жерінен ұйықтап жатқан қозғалмастан,
Әпіләс* сол арада дүние салды.

- 650 Данданға жалғыз Алла болды ғой жар,
Жарандар, бұл сөзіме құлағың сал.
— Ай, шаһим, маған рақым қыла көр, — деп,
Аяғын қыз құшақтап жылады зар.

— Сөзімді менің айтқан тыңдағын сен,
Рақым қылып мені құтқар залымдардан.
Машұрық тарапында Бекен шаһар,
Моғұл деген патшаның қызы едім мен.

- Бй, жігіт, Мәлике бану менің атым,
Жеті жыл болды елден айрылғаным.
660 Қайтсаңыз елге бірге ала қайтшы,
Өлсем разы болсын әруағым.

— Мәлике, жұмысым бар іздеп келген,
Нәркес қайда екенін білдің бе сен?
Бірге ала кетермін, сен тұра тұр,
Таба алсам ғашығымды аман-есен.

Ағылтты Мәлике бану көзінен жас,
— Шаһзада, мына жақтан бір есік аш.
Нәркес Қаққа екеуі осы үйде,
Күш жиып, ей, батырым, қаруыңды ас.

- 670 Бұл үйге Дандан тағы жетіп барды,
Нәркес те қуанғаннан біраз талды.
Тізесіне оның да басын қойып,
Бір дию қорылдаған ұйықтап қапты.

Диюдың басын жерге түсірді еппен,
Сарғайып Нәркес сұлу жүдеп кеткен.
Жүгіріп кеп Данданды құшақтапты,
Бір сөтке құтылғандай қайғы-дерттен.

* Әпіләс — диюдың аты.

Қорылдап ұйықтап жатыр дию көпір,
Жылайды: — Өлесің, — деп, Нәркес пақыр.
680 Қылыштың ұшын шаншып аяғына,
Диюды оятады Дандан батыр.

Қаққа да орнынан тұрды үгіліп,
— Нәркесті іздеп келдің қайдан біліп?
Нәркеске ошағыма от жақтырып,
Етіңді жеймін, — дейді, — көуәп қылып.

Дандан да осы кезде қылыш алды,
Қаққаны қылышпенен шауып қалды.
Данданның бір ұрғанын көтере алмай,
Ол дағы сол арада дүние салды.

690 Тапсырып жаһаннамға Қаққа жанын,
Дандан ер құтылдырды Нәркес жарын.
Екеуі бір сөт сонда құшақтасты,
Тұрса да көмескі жау төгіп көрін.

Қалдырып Дандан мұнда Нәркес жарды,
Бануды ап келуге кетіп қалды.
Қайта айналып келгенше Нәркесі жоқ,
Бұл іске Дандан дағы таңырқады.

Ойлады ол: «Бұл диюдың қылған ісі,
Мерт болар мұнда қарап тұрған кісі.
700 Онан да Мһтшамды шақырайын,
Келеді ол қанатының шықса ысы».

Шақырып сонда Дадан Мһтшамды,
Күйдіріп қанатының ысын салды.
Сол сәтте жетіп келіп Мһтшам да,
Данданның маңына кеп қона қалды.

Айтты Дандан себебін шақырғанның,
(Күші қайтар бостан-бос ақырғанның).
— Нәркес жарым лезде жоқ боп кетті,
Білмедім қандай жаудың қас қылғанын?

- 710 Құс айтты: — Бұл диюлар көп болады,
Бірі өлсе, біреуі жоқ болады.
Қаққа, Әпіләс, Арзақ деп бір тұратын,
Бұл мекенде олар бір топ болады.

Көмескі үйлері бар бәрін ізде,
Боламын мен көмекші қазір сізге.
Екеуі өлсе Арзақ бар, шешесі бар —
Салады ол хайланың бәрін бізге.

- Нөркесті Арзақ ұрлап тығып алған,
Шешесі Хисылаға ол хабар салған.
720 «Екі ағамды өлтірді бір адам кеп»,
Дегендіктен кемпір де қаһарланған.

Мһтшам дию жайын айтып жатыр,
Тыңдап тұр қалт жібермей Дандан батыр.
Бір кемпір осы кезде анадайдан,
Табաққа күл салып ап келе жатыр.

Мһтшам: — Оқ ат, — деді, — бұған шапшаң,
Өлтіред әзір бізді тез атпасаң.
Үшкіртпей қолындағы күл ұшқынын,
Садақпен қасиетті отын атсаң.

- 730 Дегенде-ақ Дандан оқты атып қалды,
Оқ барып ол мыстанға дәл қадалды.
Жығылып қалды кемпір тепкіленіп,
Оқ қадалған жерінен қан саулады.

Аққан қан жын-пері боп ұшты аспанға,
Бәрі кеп жабылады бір Данданға.
Қолында шыбық та бар, қылыш та бар,
Тобымен құлайды олар әр атқанда.

- Жын-пері қуығына жел толтырған,
Сонымен көтеріліп көкке зытқан.
740 Бұл бәрі әлгі өлген кемпір жыны,
Ажалға батыр Дандан жолықтырған.

Жын-пері жерге түскен жаяуласып,
Данданға төніп келед анталасып.
Мәлике бану Данданның қылышын ап,
Шетінен өлтіріп жүр бірден шауып.

Шетінен мықтылары қырылғанда,
Бассыз жау қарсыласар шама бар ма?
Бәрі де бірден зытып жоқ болысты,
Жабылып пар келе алмай бір Данданға.

- 750 Мһтшам Дандан ерге айтты сонда:
— Батырым, темір есік үй тұр мұнда.
Нәркесті Арзақ сонда алып барып,
Есігін мықтап тартып тұр қасында.

Жүз пұт тас Дандан сонда алды қара,
Көтерді «Я, Алла!» деп қаһарлана.
Ұрғанда пәрменінше сол есікті,
Күл талқан темір есік болды пара.

- Данданның күші кетіп шаршаған-ды,
Диюмен алысарлық шама аз қалды.
760 Мәлике бану қылышын бере берді,
Арзақ та Дандан ерге қарсы барды.

Мәлике бөлекше қыз парасатты,
Алладан ол да тілек тілеп жатты.
Қылышты арт-артынан бере беріп,
Данданға көмек үшін жанталасты.

Дыңылдап ұшып жатыр сынған қылыш,
Сұрапыл осы майдан болып ұрыс.
Тигізбей қаруларын бір-біріне,
Соғады бар әлінше бермей тыныс.

- 770 Арзақтың қақ бөлінді бар қылышы,
Тарылды жауыз жаудың жан тынысы.
Табуға енді қару дәрмені жоқ,
Болып тұр қызыл қолда барлық күші.

Жығылды Арзақ сонда қылыш тиіп,
Домалап кеңірдектен қаны ұйып.
Қуанған Дандан сонда құшақтады,
Ардақты Мәликені құшып сүйіп.

Нөркес те келе құшты екеулерін,
Сүйініп ерлігіне Мәликенің.
780 — Сен дағы сүй Данданның бір бетінен,
Қызғанышым жоқ, — дейді, — Мәликешім.

Сонымен олар мінді Мһтшамға,
Кеп түсті Мһтшам да ұясына.
Хақімге күтіп жатқан сәлем беріп,
Көргенін баяндады данышпанға.

Сол жерде Мәлике бану оқыды оқу,
Өнерліге қиын ба бақыт қону.
Алдарына бір тақ кеп тұра қалды,
Мақсаты ұшып тақпен елге жету.

790 — Қош, — деді Мһтшамға, — ардақты құс,
Біз жүрміз бір мезгіл болдық туыс.
Қайда жүрсең балаңмен аман бол, — деп,
Тағына Дандандарды етті ұсыныс.

Бәрі де қоштасыпты Самұрықпен,
Талпынып балапандар о да білген.
«Жол болсын!» деп қош айтып Самұрықтарға,
Тақпенен біраз жерге ере жүрген.

Бекеннің шаһарына олар келді,
Мәлике ата-анасын аман көрді.
800 Істерін көрген-білген бастан-аяқ,
Үйіне Мәлике қыз айтып берді.

Мақтауын Дандан ердің асырады,
Көрмесе о да бір сәт сағынады.
Болса да қанша өнерлі Мәлике бану,
Данданның бұйрығына бағынады.

Жылайды Моғұл патша бәрін құшып,
Жүрегі қуанышпен тулай түсіп.
Данданға Мәликені бермек болып,
Патша жүр өз ойларын іштей пішіп.

- 810 Жайылды Дандан ердің хабары елге,
Жетпей ме мұндай хабар қандай жерге.
Нұғым патша баласы Сансыз деген,
Нәркеске ғашық еді ең ежелде.

Сол Сансыз жинап келіп жүз мың әскер,
Шаһарды қылмақ болды әптер-тәптер.
«Нәркесті қорлық көрмей тез берсін», — деп,
Данданға елші салды боп қара тер.

- Елшілер бұл хабарды кеп жеткізді,
Сансыздың даңқы асқан деп жеткізді.
820 Хакіммен ақылдасып Дандан батыр,
Мәликені беруге сөзді өткізді.

Бүйткенге сес қылмасын Сансыз ерің,
Төккен жоқ Дандан мұнда босқа терің.
Ар болса, істесін адамшылық,
Күшті деп ойламасын әскерлерің.

Қорыққаннан бергенім жоқ Мәликені,
Дандан оңай болмайтын жаудың жемі.
«Егескеннен келіскен артық» деген,
Келсін мұнда тең көрсе егер мені.

- 830 Тапсырды осыларды елшіге айтып,
Елшілер де Сансызға кетті қайтып.
«Менімен Дандан қайтіп тең болмақ», — деп,
Сансыз бай кетті өзінше қапаланып.

— Шаһарын Бекен деген ойран етем,
Сонымен Нәркесті алып дәурендетем.
Былшылын қойып, Дандан қызды берсін,
Болмаса қырамын да, типыл етем. —

- Деді ол, тағы елшісін аттандырып,
Елшілер жетті тағы мақтан қылып.
840 — Бермесендер Нөркесті болмайды, — деп,
Күш көрсетті Данданға сақтандырып.

Қожаңдаған жауыз жау ұқсын нені,
— Онда ертең майданға шықсын, — деді.
Өмірде жаудан Дандан қорыққан емес,
— Көріне онда Сансыз түссін, — дейді.

- Елшілер осы сөзбен кетті аттанып,
Ішіне «әттең» деген кек сақталып.
Сансызға бара салып жеткізгенде,
Айғай салды ләшкерге ол бапталып.
- 850 Лек-лек қып ләшкерлерін жиыстырды,
«Бекенді басамыз, — деп ұйыстырды.
Еркектің бірін қоймай қырып тастап,
Қыздарын аламыз», — деп күлістірді.

Деді ол: — Нөркес менің ғашық жарым,
Тұрмайды оны алмасам менің жаным.
Ханды өлтіріп, Нөркесті алған шақта,
«Бекенді» думандатып той жасаймын.

- Тарқатты осылай деп ләшкерлерін,
Кім білсін көрді қазып тас кеулерін.
860 Сансыз бай түнгі ұйқыға кетіп еді,
Көрді ол аяқ-қолы, бас терілерін.

Оянып түн ортасы шошыды ол,
Тұрғызды төңірегінен қосынды мол.
«Апырай, әл-қуатым құрып барад», —
Деді де өне бойын қасытты ол.

Данданның сұры оны басып еді,
Сонымен қорқып қаны тасып еді.
Ләшкерге бұл сырларын айтсын қайдан,
Ішінен құмша егіліп жасып еді.

- 870 Шығыстан алтын арай таң да атты,
Сәулесі маужыратты шартарапты.
Тек қана шаһар халқы үрейленіп,
Сұмдықтар тыныштықты бұзып жатты.
- Оңай ма, жүз мың әскер қаруы бар,
Бастығы қара ниет, көңілі дал.
«Зауал тапсын Данданның жаулары» — деп,
Тілеген қалың жұрттың тілегі бар.
- Дандан да осы кезде даярланды,
Майданға керектінің бәрін алды.
- 880 Осы кезде Мәлике бану тағзым етіп,
Ел-жұртқа бір жақсы істі хабарлады.
- Нәркестің мұнда іскен жылап көзі,
Ол айтты: — Қатаң ғой бұл жау мінезі.
Бір Дандан қалың жауға қайтіп төтер,
Мына елдің жәрдем қылар бар ма кезі?
- Жылама бостан босқа, Нәркесім-ау,
Алатын Дандан ерді қайдағы жау?
Көріңдер жауларыңды көздеріңмен,
- 890 Сансызды бір зынданға жаптым анау, —
- Деп еді Нәркес қош боп құшақ ашты,
Естіген іштегі жау тұра қашты.
Дандан мен Хакім дағы шат болысып,
Банудың сөздеріне құлақ асты.
- Мәлике пері оқуын білетұғын,
Сонымен жауын ұстап жүретұғын.
Сансыздың арсыздығын естіген ол,
Түнімен «Афсүн оқып» жүретұғын.
- Төртеуі зынданды ашты бірге келіп,
900 Жатты Сансыз мұнда дір-дір етіп.
Қалайша бүйткенін де білмейді өзі,
Қарайды алақ-жұлақ ыржың етіп.

Сансызды жүрді айдап өз жеріне,
Көрінді өлген ләшкер көздеріне.
Мәлике сиқырменен қырыпты да,
Қалғанын қуалапты өз еліне.

Қуанды бұған Хакім Дандан менен,
Жойылды жауыз жауы жалмаймын деген.
Көптеген алғыс айтып Мәликеге,
«Сенімен орындалды арман» деген.

Ер Дандан сүйген жанын жары етті,
Аралап үш шаһарды тамаша етті.
Көрсө де көп мехнат Дандан, Нәркес,
914 Ақыры мұратына түгел жетті.

Ахмет пен Нүрилә

Айтайын бір қиссаны, жұртым, қара,
Әр неге өзі ие Құдай тағала.
Дейтұғын Қысан патша заманында,
Жасапты бір мүсәпір жетім бала.

Ол бала ата-анадан жетім қалған,
Жалшы боп талай байдың малын жайған.
Бәрінде ақ таяғы құт боп оның,
Байлар да онан әрі байып алған.

Бірақ ол ақы алып жарымады,
10 Қай-қашан бай ырқына бағынады.
Кейде аш, кейде үстінде ылпасы жоқ,
Тағдырға төуба етіп жалынады.

— Апырай, мен де байып ұлы болсам,
Ел құсап осындағы күйлі болсам.
Өмірде шығып, өттең, шер-құмардан,
Алдында өз елімнің сыйлы болсам, —

Деп кеште шаршаған ол түс көреді,
Түсінде тотыдай бір құс көреді.
Ол құс сайрап алыстан ұшып келіп,
20 — Мен сенің бақ қолыңмын, — деп береді.

Сен әзір байға жалшы адал жансың,
Жатса да жерде алтын қарамайсың.
Тәңірім осы ісінді жақсы көріп, —
Деп айтты, — періштеден маған барсын.

Сонымен келдім ұшып бағың болып,
Жанамын төбеңдегі шамың болып.
Сен әлі патша қызын аласың да,
Қалады алтын орда тағың болып.

30 Ол қыздың аты, бәлкім, Нүрилә дүр,
Айтсаң сен бір ауыз сөз бұрылар ол.
Оған да Тәңірім сені табыстырған,
Сен үшін аямайды бәрін де ол.

Сен бұнда жүре берме, ізде соны,
Серпілген жанның, сірә, болар жолы.
Бата ал жалшы жүрген қожайыныңнан,
Ол дағы шарапатлы Тәңір құлы.

40 Ойлы бол, талапты бол, жігерлі бол,
Жақсы сөз жарым ырыс, тілеулі бол.
Аяңдап топ ішінен патшаға бар,
Сөзіңмен оған дағы елеулі бол.

Сонан сен ол не десе болады де,
Қазына еңбек етсе толады де,
Тек қана жамағаттан айырылған жан,
Қырқылған шөптей оңып солады де.

50 Оянды бала ұйқыдан ыңыранып,
Таң атып, күн шығыпты арайланып.
Баланың қуанғаннан өңі кіріп,
Кетіпті бет әлпеті ажарланып.
«Япыр-ау, түсім өңім болса екен,
Іздейін патшаны мен тырбанып».

Сонымен бала талай күн өткізді,
Ойланса ақ жүректі дір еткізді.
Кеткенше осы байдан асықпастан,
Тағы да әйтеуір бір жыл өткізді.

Бір күні қожайынға айтты кіріп,
Сәлем беріп алдына көп иіліп.

— Шығайын, малдан мені босатыңыз,
Табайын тағы бір жол іздеп жүріп.

Қожайын оған қарап былай деді:
60 — Жүргенің тура төрт жыл, бір ай, — деді.
Мал бағып қажығаның рас-ақ қой,
Әйтеуір жүрме қарғап жылай, — деді.

«Кетсем» деп көңілің енді бопты алаң,
Бар екен жігерің мен арың, балам.
Толықсып бір байымай кеткен емес,
Қолымнан батамды алып шыққан адам, —

Деді де, қолын жайып берді бата:
— Бата алса ықылас болмас қата.
Бақытты бол, патша бол, ұрпақты бол,
70 Өзіңді сүйеп жүрсін Қызыр ата.

Батасын алып бала үйден шықты,
Көңілінде қуаныш бар оймен шықты.
Ол енді патшаны іздеу үшін,
Сиынып Алласына жолға шықты.

Жүрді ол талай жолды тау-тас басып,
Қалмады қиындықтан биттей жасып.
Патшаны Қысан атты іздей берді,
Көңілі көктемдегі судай тасып.

Бір күні келді жақын бір шаһарға,
80 Көзіне көрінді оның биік там да.
Түбінде отыр екен бір топ адам,
Бұрылды солай таман сөз сұрауға.

Әдеппен көпке келіп берді сәлем,
Ішінде отырыпты патша ғалам.
Ол кісі алдыменен сәлем алып,
Үн қатты бұрынырақ басқалардан:

— Ей, жігіт сыртың жұлма, өңің ашық,
Келесің қай жерлердің жолын басып?
Көрмеген жан екенсің, таныстық бер,
90 Ауылыңның болар бәлкім мойыны қашық.

— Мүсәпір жетім едім Құдай деген,
Үш-төрт жыл дәмдес болдым бір байменен.
Қысан деген патша бар дегеннен соң,
Шығып едім мен іздеп алыс жерден.

— Ей, бала ұғындыршы жөніңізді,
Көріп тұрмыз мүсәпір тоныңызды.
Қалайша сонша жерден келіп едің,
Қысанға бермекші ме ең қолыңызды?

— Ол өзі патша болса, қол ала ма,
100 Қол алса, қол бергеннен жол ала ма?
Білмеймін оның жөнін, мен бір ғаріп,
Қол бермесем оған жақын бола алам ба?

— Ей, жігіт, Қысан патша мен боламын,
Бермесем қолымды елге кем боламын.
Сәлемінді алдым да ауыз аштым,
Ал, қарақ, жөніңді ұқтыр, не арманың?

— Қысанның пейілі кең деген еді,
Өркім ішіп малдарын жеген еді.
Осыған бола іздеп келдім, тақсыр,
110 Жетімге іздеп келген не береді?

— Келіпсің іздеп мені ашып-арып,
Келгендер осы араға кеткен жарып.
Түйе бақ, жапанда ол сыңсып жатыр,
Табан ет, маңдай терді түгел алып.

— Бағайын мақұл, тақсыр, түйеңізді,
Кейде келіп көрейін төбеңізді.
Түйе малда бар дейді ұлы кие,
Шапағатшы бола көр, Ие, бізге.

Сонымен бала қалды түйе бағып,
120 Әр күні жейді шақпақ құртын шағып.
Жүреді жапан түзде желмаямен,
Аз күнде-ақ қалды оның ізі жағып.

Кейде бота ойнақтап бақылдайды,
Бала да түйе мініп жақындайды.
Олардың асыр салған ойнын көріп,
Ішінен «болады» деп мақұлдайды.

Жатады кей кездерде жалға барып,
Жотаның биік жерін таңдап алып.
Кейде ол зеріккеннен өлең айтса,
130 Кей кезде көзін жұмар мызғып алып.

Жатыр еді төбеде түйе көздеп,
Басқандай бір тәтті ұйқы кетті меңдеп.
Ілініп кетіп еді қос кірпігі,
Бақ құсы келді тағы ұшып желдеп:

— Табысар күнің жақын Нүрилөмен,
Оған да жаңа ғана бұрылған ем.
Түсінде сені көріп сағыныпты,
Оған да талабыңды жалғадым мен, —

Деді құс, кетті ұшып, көрінбеді,
140 Бір сұлу қыз шыға кеп күлімдеді.
— Апырай, Нүриләма ең, келші маған,
Жайнашы шамым болып өмірімдегі.

Бақ құсым атыңды айтқан маған келіп,
Жүрегім содан бері кеткен еріп.
Сен менің ғашығымсың Құдай қосқан,
Туғанда-ақ қойған екен бізді теліп.

Келемін босағаңа жақындасып,
Ісім көп сөйлесетін ақылдасып.
Қорынбай маған таман жақын отыр,
150 Тәңірім қойған бізді мақұлдасып.

Сонда қыз күлімсіреп артты білек:
— Соғады сен дегенде қатты жүрек.
Түсімде сені көріп ғашық болғам,
Артулы бір өзіңе барлық тілек.

Мен сені терезеден байқағанмын,
Таңғалып нұрыңа бас шайқағанмын.
Сол күні түсімде сен келіп маған,
Лебізіңді білдірген соң алқағанмын.

160 Сен менің ғашық жарым Тәңір қосқан,
Естігем мұны мен де көркем құстан.
Бәлкім, ол саған қонған бақыт шығар,
Өмірде хабар алған ғашық дастан, —

Деп еді қыз жүрегін бір-ақ ашып,
Бала да құлай берді құшақ ашып.
Осымен мауықтары басылғанша,
Өбісіп қала берді екі ғашық...

170 Бір кезде ақбас атан бақ деп еді,
Селк етіп бала оянды, жатқан еді.
Өңі оның онан арман нұрланыпты,
Түсінде бар ләззатын татқан еді.

Түрегеп түйесіне жүріп кетті,
Айдала шеңгелдікке кіріп кетті.
Елестеп көз алдына Нүрилә қыз,
Тұрғандай құшағында сүйіп бетті.

Жинады ол түйесін бір ыңғайлап,
Аспанда жел бұлтты түріп айдап.
Келеді бір нөсерді бошалатып,
Неше күн жауар екен жерді лайлап.

180 Шынында жауды нөсер неше күн-түн,
Мал қарап жапан түзге шықпады ешкім.
Тек қана түйе мініп, қап бүркеніп,
Бала жүр түйе артында көрмей тыным.

Бір кезде Нүриләні есіне алды,
Ағаштан бір таяқтың кесіп алды,
Жүгірді сарай жаққа қыздар жатқан
Тастай сап ойсыл қара — есіл малды.

Нәсер де бала тамға қорғалады,
Үстіне жаңбыр өтіп сорғалады,
Бейшара дірдек қағып пана іздеп,
190 Түбінде терезенің жорғалады.

Баладан өзге жан жоқ бұл арада,
Нәсерден бекер жандар шыға ала ма?!
Барады қарны ашып, қалжаурапты,
Дауыстап айғай салды, тыңдалар ма?!

Ол жүріп әрі-бері көп ойланды,
Ойланса ойы ашылып көп толғанды.
«Жаратқаннан бір тілеу тілейін», — деп,
Баяулап құс даусымен әнге салды.

— Апырай патшаға кеп қызмет етсем,
200 Сіңісіп ордасына терді төксем.
Мен дағы бас уәзір болып алып,
Сапарлап аймақтардың бәрін кезсем.

Жұрт сұрап әділдікпен атым шықса,
Көп істі дұрыс шешіп даңқым шықса.
Сонымен мен де осылай патша болып,
Алдымнан қуанып көп халқым шықса.

Жақұттан діңгегі бар сарай салсам,
Сарайға қарайтын көп малай алсам.
Байлығым, мал мен мүлкім асып-тасып,
210 Еркімде болса өзім қалай барсам.

Мың түйе алтын артып Қазан барсам,
Саудамен көп нәрсені арзан алсам.
Қалыңға он мың гауһар санап беріп,
Қысанның Нүрилә атты қызын алсам.

Кездеме жүздеп лапка-дүкен салсам,
Дүкендер көрген елге көркем болсаң.
Ішіне сан мың адам сиятұғын,
Лапкамның кейі сондай үлкен болсаң.

220 Байлықпен медіресе, мешіт салсам,
Оқытып көп адамның көзін ашсам.
Тамағын Тәңір үшін өзім беріп,
Оларға білімменен хат жаздырсам.

Орнатсам көз тартатын ақ орданы,
Болса ол маңайдағы ел қорғаны.
Бәйгеге неше жүзді қоя беріп,
Салдырсам мыңдаған боз су жорғаны.

Соқтырсам зергерге алтын түйме,
Келісті мінгеніміз болса күйме.
Тәңірім айтқанымды түгел беріп,
230 Нүриләм бірге жүрсе, әттең, дүние!

Бақ құсым ұшып жүрсе көкте шолып,
Барлық ел одан бақыт алса бөліп.
Бәрі де байып кетсе кедей болмай,
Апырай, қуанар ем қалсам да өліп.

Нүриләш естісеші тілегімді,
Ол онда түсінер ед жүрегімді.
Апыр-ай, арқан етіп тастасаңшы,
Жұп-жұмыр аппақ қардай білегінді.

240 Қолдашы, Қызыр ата, талабымды,
Әр күні аралайсың ғаламыңды.
Жетейін мен де ойдағы мұратыма,
Атымды жазушы алып қаламыңды.

Лінсем тізіміңе ұмытылмаспын,
Нәсерде жылап, қақсап мен тұрмаспын.
Құдайым тілегімді берер болса,
Бас қоспай ғашық жарға мен тынбаспын.

Жетім солай тілегін айтты зарлап,
Дауысы бейне тоты құсша сайрап.
Қыздар ашып терезе тыңдап тұрған,
250 Білмейді кім екенін тұрған сайрап.

Нүрилә неше жерде атын естіп,
Өң-түсі кетті оның мүлде жайнап.
«Апырай, бұл жан менің ғашығым ба,
Кеп жүр ме үйімді іздеп мені шарлап?

«Бай болсам, патша болсам, уәзір болсам,
Нүриләш, бірге жүріс», — дейді зарлап.
Ғашығым болмаса ол неге айтады,
Неге тілеу тілейді маған арнап?
Осының қайтсе де бір сыры бар ғой,
260 Үйіме кіргізейін қолым жалғап.
«Жақсы сөз жарым ырыс» деуші еді ғой,
Тілегі жақсы-ақ екен айтқан талғап...»

Қыз ойлап осылайша, терезе ашты,
Салдырдан бала баста біраз састы.
— Қорықпа, үйге келіп жөніңді айт, — деп,
Шақырған еді, сонан жақындасты.

Қыздар кеп тартып алды терезеден,
Жігерлі жігіт қорқар неменеден.
Қыздардың ортасына түсті дағы,
270 Қарады әрқайсысына бірден-бірден.

— Айттыңыз көп тілекті зарлап тұрып,
Бейне бір қос дауыспен сарнап тұрып.
Не қылған, қайда жүрген пенде едіңіз,
Сырыңды мәлім етші жалғастырып?

Айттың сен жақұт діңгек үй салам, — деп,
Көп малмен Қазан жаққа бір барам, — деп.
Қысанның Нүрилә атты қызын атап,
Айттың ғой оны да мен аламын, — деп.

280 Қалыңға он мың гауһар берем, — дедің,
Соншалық қазынаң бар ма тегі сенің.
Қайдан кеп, неғып жүрген жан боласың,
Түбінде қалай еді тегің сенің? —

Деді қыз жауап сұрап бұл баладан,
Бала тұр үсті-басы жұлмаланған.
Өңінен бір керемет нұр шашады,
Әрқандай ғашық болар қыз қараған.

— Апыр-ай, шын күйінер жан екенсің,
Қыз да болсаң өзің бір хан екенсің.
Үстімнен жауын өтіп қорғалап ем,
290 Далда қып сарай үйдің керегесін.

Падиша Қысанның бір жалшысымын,
Жапанда түйе баққан малшысымын.
Құдайым өзі қосқан ғашығым бар,
Мен соның зарлап жүрген жаршысымын.

Тұрғанмен үсті-басым дал-дұл болып,
Жанады жанарларым бал-бұл болып.
Бақыттан хабар берген бақ құсым бар,
Ілінсе-ақ көзім менің келер шолып.

Атадым сол ғашықты аламын, — деп,
300 Ол айтқан бақ шамың боп жанамын, — деп.
Жауса да қалың нөсер ойымда сол,
Шығып ем іздеп оны табамын, — деп.

Сол үшін тілеу тілеп мұнда тұрдым,
Терезе салдыр етті, мойын бұрдым.
Қолымнан тартып алып шықтыңыздар,
Қарасам көрінесіңдер бәрің құрбым.

Өздерің не қылатын қыз едіңдер,
Қалайша бұл арада тұр едіңдер?
Іштеріңде іздеген кісім бар ма,
310 Әйтпесе, мені неге іздедіңдер?

Айта бер сауалыңды, ойларыңды,
Бәлкім, мен тапқандаймын ойдағымды.
Жүрегім мұнша неге қуанады,
Боп тұр ғой сарқылғандай бойдағымды?!

— Қанеки, сөйле, жігіт, жасырмастан,
Сөзіңнен қуанышым асып тасқан.
Тілегің неткен жақсы, неткен биік,
Шыққандай асыл тастан, ақыл жастан.

320 — Құдайым берсе алдымен, жарым берер,
Ілесіп ол келген соң бәрін берер.
Пенденің шын тілегін берсе Алла,
Өмірде болар істің бәрін көрер.

Ұқсайды түсімдегі өң порымың,
Сенбісің, бәлкім, менің айым-күнім.
Түсімде Құдай өзі қосып еді,
Жүргенде түйе бағып үш жыл бұрын.

330 Шын сөйлеп жасырмаңыз өзіңіз де,
Мен көрген жанға ұқсайды көзіңіз де.
Түсімде Нүриләшті әбден көргем,
Ұқсап тұр тіпті айтқан сөзіңіз де.

Апырай, бұл жүрегім неге соғад,
Құдайым, тілегімді етпе ағат.
Ғашығым Нүриләні көрсете гөр,
Уайым, тартқан азап жолымды оңап.

— Ғашығың, Нүриләшің мен боламын,
Көрген-ақ өң-түсіңді ойлағанмын.
Аһ! Менің Алла қосқан қосағым, — деп,
Зарланып енді неден қорғанамын, —

340 Деп келіп Нүрилә қыз құшақ жайды,
Бұлттай жел төңкерген кетіп қайғы.
Нөкерлер көздерінен жас ағызып,
Хош болды көріп, міне, күн мен айды.

Құшақтар сағынысқан қалды қатып,
Махаббат ләззатына терең батып.
Нөкерлер қуанып жүр аң-таң қалып,
Көргендей ғашықтықтың дәмін татып.

Бір кезде жазды құшақ ол екеуі,
Шұбырған езулерден сілекейі.
— Балаға жуындырып киім бер, — деп,
350 Жүгіртті нөкерлерден бірнешеуді.

Ол бала киім киді ажарланып,
Көрген жан өң-түсінен қалар талып.
Мұңдасыпты Нүриләмен неше күн-түн,
Шығармай сыртқа ешбір хабарды анық.

Айтысып барлық сырды шерттісі олар,
Сөзіне бір-бірінің көңілі толар.
Келтірсе өз қисынын Тәңірім тауып,
Қиюсыз істер дағы оңды болар.

— Нүриләш, сен Шолпансың аспандағы,
360 Нұрымсың арайлап таң атқандағы.
Түсімде періште әкеп қосып еді,
Осы, — деп, — өміріңнің жаққан шамы.

Әкеңнің ие болдым түйесіне,
(Жолығар қорлағандар киесіне).
Құдайдың құдіретіне таң қаламын,
Мені әкеп жолықтырды иесіне.

Сізді мен осында деп ойлағам жоқ,
Ғашықтық теңізіне бойлағам жоқ.
Шын жарым, Тәңірім қосқан бір өзіңсің,
370 Сенсіз енді бұл жаным бойымда жоқ.

— Күнімсің сен де менің жарқыраған,
Табылмас маған сендей жарқын адам.
Мені де саған теліп қосқан Тәңірім,
Түсімде көргем үйден алтындаған.

- Енді сен қайтып барып түйе жайма,
Айтылған уәдеден, сірә, тайма.
Менің де енді сенсіз күнім қаран,
Патшадан шығып кеп, ал осы жайға.
Сырымыз екеуміздің құпия ғой,
380 Көрінген жерде айтып елге жайма.
- Әкемнің мінезі шорт, қоспас мені,
Өйткені «қолда жалшы» дейді сені.
Ісіміздің кілтін өзім табам,
Бақыттың ашылады енді кені.
- Осылай десіп, олар қош айтысты,
Қуаныш екеуара асып-тасты.
Түстегі іс өңіне айналған соң,
Бала келді патшаға қойып басты.
- О, тақсыр, мен шығайын рұқсат ет,
390 Көп жылдан бері тарттым қайғы-қасірет.
«Жүргенге жөргем ілінер» деген бар ғой,
Көрейін басқа жерден алып абрет.
- Е, бала, баққан малың жоғалған ба,
Шығам деп неге айтасың оңалғанда?
Ақы бермей ренжіткен жерім бар ма?
Не уәзір ұрсып жүр ме өз алдына?
- Падиша, ондай істер болғаны жоқ,
Жүрсем де өзім жалшы, көңілім тоқ.
Әлем кезіп Тәңірден тілеу тілеп,
400 Жүрсем бір күн қалармын падиша боп.
- Ей, бала, сөз айтасың оқығандай,
Көңіліңе ұлы істерді тоқығандай.
Әкең сені молдаға беріп пе еді?
Сөз айтасың оқыған шошығандай.
- Әкем мені оқытқан бес жасымнан,
Азырақ білім алғам ұстазымнан.

Әке-шешем өлген соң кеттім шығып,
Әр жерде тер ағызып пұшпағымнан.

410 Падиша ойлап кетті бала сөзін,
Көңіліне түйе қалды дана сөзін.
Шығуына рұқсат етті дағы,
Кеткенінше қарады қадап көзін.

Қуанды бала рұқсат алғанына,
Қарай ма ол енді дүние жалғанына.
Жүгіртіп қыз қасына қайтып келді,
Жеткендей болып ізгі арманына.

420 Қыз айтты: — Патша рұқсат етті ме шын,
Сол болды келгеніңше есіл дертім.
Тілеуімізді періште жазсын оңға,
Иә, Құдай, бізді арманға жеткізерсің.

— Падиша зорға берді рұқсатын,
Ағат сөз айтар болсам жұлқысатын.
Келтіріп қисынды сөз айтып едім,
Бір мінез байқатпады бұлтиятын.

Бақ құсым түнде ұшып келіп еді,
Осы істен маған хабар беріп еді.
«Алдымен сарай жаса, онан қызды ал», —
Деген соң, көңілім балқып еріп еді.

430 — Ғашығым, мен айтайын сөзіме бақ,
Тәңірім қосқан бізді әуелден-ақ.
Әкем саған бермесін бұрын білгем,
Сонан соң етші дегем басымды азат.

Сонда әкем «Мен рұқсат бердім», — деді,
Кімге тисең өзіңнің еркің деді.
«Жалшы болса бола ма?» — деп едім мен,
— Мейлің білсін, бұ да шын сертім, — деді.

Болса дағы осындай менің жөнім,
Сөзінде кейде әкемнің болмайды өнім.
Өйткені оны аңдыған уәзірлер көп,
440 Солардың қия алмайды кейбір сөзін.

Қолыңа жүз мың гауһар берем санап,
Салуға алтын сарай қып көр талап.
Әуелі дайындап ал ұста жинап,
Содан соң шықсын олар бірден қалап.
Ұғысқан, сұрағанға ләм-мим деме,
Кетеді кейбіреулер тым шырғалап.

Келтіріп көрсетті оған жер мөлшерін,
Әр үйдің айтып сарай өлшемдерін.
Тапсырды сарай бетін, діңгектерді,
450 Жақұтпен мейлінше мол көркемдеуін.

Ақысын мол берген соң ұсталардың,
Уақыттың тапты есебін қысқалаудың.
Жарты жылдай болғанда бітті сарай,
Назарын тартып көрген жамағаттың.

Сарай бітіп тасынды осы жайға,
Шүкірлік етті олар бір Құдайға.
Молда әкеп некелерін қидырды да,
Айналды ерлі-зайып бір жұбайға.

Ел көрді жалтыраған зор сарайды,
460 Өткен жандар тесіле бір қарайды.
Кейбіреулер патшаға жеткізіпті,
Бірді он қып әртүрлі сұм хабарды.

Патша жиып алып уәзірлерін
Сұрапты бұл сарайдың барлық жөнін.
Ешқайсысы жөнін анық білмеген соң,
Ертіп ап көрмек бопты бөріні оның.

Патша көп адаммен шығып жолға,
Көріпті бұл сарайды тұрған жолда.

Ішіне кіріп аң-таң қалған шақта,
470 Ақырын жел беріпті жүрген молда.

— Бір жалшы қайтіп салсын бұл сарайды,
Қызыңыз берген оған қазына-малды.
Өйтпесе қайдан алған бұл байлықты,
Көрген соң көңіліміз тым қарайды.

Падиша қаһарланып осыменен,
Ақыл қосып уәзір досыменен.
Соғыс салып сарайды жоймақ болып,
Шығыпты көп қарулы қосынменен.

Падиша хабарлапты баласына,
480 Сеспенен алмақ болып таласуда.
Қыз дағы ел хабарлап қол жиыпты,
Шығыпты сан мың адам қарасуға.

Сонымен патша келіп майдан ашты,
Күйеуді сөйлесем деп байлап апты.
Нүрилә мұнан хабар тапқаннан соң,
Қаптатып қалың қолын аттаныпты!

Қыз қолы падишаның бес мың қолын,
Бір демде бас идіріп тосқан жолын.
Падиша қоя беріп күйеу ұлды,
490 Қорыққаннан бола қалды қойдан момын.

Осымен елі болып жөн айтыпты,
Патшаға «ашудан қайт» деп айтыпты.
Ақыры Қысан патша жөнге келіп,
Қызға бердім раздық деп айтыпты.

Сонымен Қысан патша елді жиды,
Қызы мен Ахметтің тойын қылды.
Көпшілік алуан түрлі тамаша қып,
Неше күнге жалғасқан ойын қылды.

500 Той кезі патша бетін бұрып оңға,
Көпшілік ұнататын жүрді жолға.
— Әкең мен өз атыңды айтып, жігіт,
Ханзада болса тегің оны қойма. —

Деп патша сұрау қойды білейін деп,
Күйеуден өз тілеуін тілейін деп.
— Шайсұлтан — әкем аты, өзім — Ахмет,
Өмірге зейін қойдым білерім көп.


510 Қысқаша ата тегін айтып өтті,
Қайғысы басындағы бір-ақ кетті.
Падиша разы болып айтқанына,
— Некесін қиыңдар, — деп әмір етті.

— Некесін қиып едік, — деді молда,
Тегінде бұндай іске болған жорға.
Тойдан соң патша Қысан орнын беріп,
Деді ол: — Баламызды, Тәңірім, қолда!

Ахметтің отырғаны — алтын тақыт,
Құдайым берді оған шексіз бақыт.
Ғашығы Нүриләнің көмегімен
Қысқарды арадағы талай уақыт.


Бақ құсы келіп оған көп сөз айтты,
Сұра елден білмеген әрбір жайды.
«Тамшыменен көл толса, патша елмен»,
Деген сөзді ұмытпа, — деп те айтты.

528 Екі ғашық қосылып бақытты өтті,
Олардың әңгімесі көпке жетті.
Жақсы тілек, өр мақсат, адал ниет,
Екі жастың арманын жарқын етті.
Қиссасы Ахмет пен Нүриләнің,
Мінеки, осылайша тамам боқты.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ — БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫ

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» — қазақ халқының ерте замандардан жеткен аса көркем лиро-эпостық жырларының бірі. Бұл жыр қазақ арасына кең тарап, ел сүйіспеншілігіне бөленген. Сыбанбай, Бекбау, Жанақ, Шөже т.б. ақындар дастан оқиғасын өздерінше жырлап, халыққа жеткізген. Ең көп тарағаны Жанақ нұсқасы.

Дастанның ілкі нұсқаларын ел арасынан жинап, хатқа түсіргендер: Г.С.Саблуков (1830), Ғ.Дербісәлин (1834), А.Фролов (1841), Ш.Уәлиханов (1856) сынды фольклор жанашырлары. 1856 жылы П.М.Путинцев жырдың мазмұнын орыс тіліне аударып бастырады. Сондай-ақ В.Радлов жырдың бір нұсқасын жазып алып, «Түркі халықтары әдебиеті үлгілерінің» 3-томына енгізген (1870).

Бұдан соң Н.Н.Пантусов, Е.З.Баранов, Р.Ш.Әбдрахманов т.б. зерттеушілер жырды орыс тіліне аударып жариялады. Ақын Г.Н.Тверитин орыс тіліне тұңғыш рет өлеңмен аударып бастырған болатын¹.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры 1878 жылдан 1909 жылға дейін Қазан қаласында сегіз мәрте қайта басылып, жеке кітап болып жарық көрді².

Аталмыш жыр 1925 жылы Мәскеуде (Жанақ нұсқасы), 1936 жылы М.Әуезовтің атсалысуымен Алматыда шығарылды. Со-

¹ М.Әуезов. Өр жылдар ойлары: — Алматы, 1959. — 272-300 б.б; М.Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974. — 254-260 б.б; Қазақстан ұлттық энциклопедия. 6-том. — Алматы, 2004. — 22-б.

² Ш.Елеукенов, Ж.Шалғынбаева. Қазақ кітабының тарихы. — Алматы: Санат, 1999. — 94-бет.

дан бері «Қозы Көрпеш...» дастаны бірнеше рет өз алдына жеке-лей және фольклорлық жинақтардың құрамында жарияланып келеді.

Дастанның көркем үлгілері 2002 жылы Астана қаласында басылып шықты³. Жинақ екі бөлімнен құралған. Бірінші бөлімге жырдың таңдаулы нұсқалары еңсе, екінші бөлімге ғылыми зерттеулер топтастырылған. Сондай-ақ «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының бір нұсқасы 2003 жылы Мәскеу қаласында «Қозы Көрпеш — Баян сұлу. Қыз — Жібек: Казахский романический эпос» деген атпен екі тілде (қазақ, орыс) жарық көрді⁴.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының негізінде «Махаббат поэмасы» атты кинофильм түсірілді.

Қазір ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында жырдың жиырмаға жуық варианты сақтаулы. Оның ішінде И.Н. Березин, Шөже, Қ.Мейрманұлы, М.Ж.Көпеев, Н.И.Ильминский, Д.Айтбаев, В.В.Радлов, Б.Белгібаев, Г.Н.Потанин, Н.Пантусов нұсқалары бар. Олардың әрқайсысына ғылыми сипаттама берілген⁵.

Қазақтан басқа бұл жырдың сюжеті башқұрттарда, ұйғыр, якут, телеуит, барабы татарлары т.б. түркі халықтарының ауыз әдебиетінде сақталған.

Кеңестік дәуірде «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры жайында көптеген зерттеу еңбектер жазылды. М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов сынды ғалымдар жырды арнайы зерттеп, қазақтар арасында оның қанша варианты бар екендігіне тоқталады. Жырдың шығу мерзімін мөлшерлейді. Содан бері дастан сюжетінің қандай өзгерістерге ұшырағандығын көрсетеді. Аталған жырдың қазақ нұсқаларын башқұрт, барабы татарлары, алтайлықтар мен ұйғырлар арасында айтылатын үлгілерімен салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарына назар аударады. Көркемдік ерекшелік-

³ Қозы Көрпеш — Баян сұлу / Құрастырып, алғы сөзін жазғандар: М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов. — Астана: Фолиант, 2002.

⁴ Козы — Корпеш и Баян — Сулу. Кыз — Жибек. — Москва, 2003. — 10-87-беттер.

⁵ Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 2-том. — Алматы: Ғылым, 1979. — 134-164-бб.

терін айта келе, Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың ертеден келе жатқан ескерткіш мазары туралы да байыпты пікір білдіреді⁶.

«Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жыры Қытайда тұратын қазақтар арасына да кең тараған. Фольклорлық үлгілерді жинап, бастырушы О.Егеубаевтың берген мәліметіне қарағанда, түп сюжетті алғаш жаңғырта, байыта жырлап, ел арасына таратқан шығыс түркістандық ақын — Дәуіт Отарбайұлы. Жыршы кіріспеді «Ескі жүрген ертекті, жаздым теріп жаңғыртып. Қайта баптап көтердім, саятына далбыртып» деп ескерту жасайды. Дастан тақырыбын «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» демей, «Ғашықтық ғаламаты» деп атаған. Алғашында жыр қолжазба, жатқа айту арқылы тараған. Ақын дүние салғаннан кейін Дәуіттің Құрманбек деген ұлының қолында сақталған. Одан ақынның немересі Мәулен Құрманбекұлына қалады. 1980 жылдары Шығыс Түркістан қазақтарының тарихи жырларын жинап, реттеу басталғанда М.Құрманбекұлы жырды ауыз әдебиеті шығармаларын жинаушыларға табыс етеді. Жыр алдымен ішкі материалдар жинағында басылым көреді.

Дәуіт нұсқасы 2000 жылы Қытайда «Қазақтың ғашықтық жырларының» 7-томында⁷ жарық көрсе, сол жылы Қазақстанда Ұлы эпостың 1500 жылдығына орай М.Жолдасбеков, С.Қасқабасовтар құрастырған «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» атты кітапқа алғаш рет енді⁸.

Дәуіт ақын жырлауында «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» эпосының байырғы желісі барынша сақталған.

⁶ Әуезов М. Қозы Көрпеш—Баян сұлу // Әр жылдар ойлары. — Алматы, 1959. — 272-300 б.б; Ғабдуллин М. «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» // Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974, — 252-265 б.б. Жұмалиев Қ. Қозы Көрпеш—Баян сұлу // Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, 1-кітап. — Алматы, 1958, — 157-174 б.б; Дүйсенбаев Ы. Қозы Көрпеш—Баян сұлу / Қазақтың лиро-эпосы. — Алматы, 1973. — 40-90 б.б; Қоңыратбаев Ә. Қозы Көрпеш жырының жанры // Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы. — Алматы, 1959. — 1-17 б.б; Бердібаев Р. Қозы Көрпеш—Баян сұлу эпосы // Қазақ эпосы. — Алматы, 1982. — 138-145 б.б; Марғұлан Ә. Қозы Көрпеш—Баян сұлу жыры // Ежелгі жыр, аңыздары. — Алматы, 1985. — 284-352 б.б; Смирнова Н.С. Казахская народная поэзия. — Алма-Ата. 1967; Ахметов З., Қасқабасов С. Казахский романический эпос // Козы Корпеш и Баян—Сулу. Кыз—Жибек. — Москва, 2003. с. — 351-390.

⁷ Ғашықтық ғаламаты // Қазақтың ғашықтық жырлары. 7-том. — Үрімжі: Шыңжаң Жастар-өрендер баспасы. — 2000. — 80-188 б.б.

⁸ Қозы Көрпеш—Баян сұлу. — Астана: Фолиант, 2000. — 369-435 б.б.

Бас қаһармандардың есімдері, іс-әрекеті, шығармадағы мотивтер тізбегі де ұқсас болып келеді. Мысалы: Сарыбай мен Қарабайдың аңда жүріп танысуы; екеуінің құдаласуы; Қарабайдың аңда жүріп опат болуы; Қарабайдың өлімінен бастап Сарыбайдың жетім ұлға қызын бергісі келмей алыс жаққа көшіп кетуі; Қозының ер жетіп, қыз туралы естуі; Қозының сапарына шешесінің қарсы болуы; Қозының қызды іздеп шығуы; жолда әр түрлі қиыншылықтарды жеңуі; Қозының басқа кейіпте қалыңдығының ауылына келуі; Шоқтеректі паналауы; Қозы мен Баянның қазасы т.б.

Жырдың негізгі тақырыбы — екі жастың махаббаты, өз бақыты үшін күресі.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының біраз нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, Дәуіт нұсқасында басқа варианттарда кездеспейтін жыршының өз қолтаңбасы бар екенін байқадық. Мысалы: Баянның сұлу көркін естіген ноғайлының бегі Әбдіжаппардың құл болып жылқы бағуы; «Әбдіжаппар бек» аты ұмыт болып, «Қодар құл» боп атануы; Қозының Баянды іздеп келе жатқан жолында қалмақтардың қолына түсіп, Уаң ханның алдына келуі; Уаң ханмен дос болуы; қазақ, қалмақ бірлесіп Баянды іздеп шығуы; Қозының Баянды Уаң ханға алып келуі; Уаң ханның оларға сый-құрмет көрсетіп, той жасап Баянды ұзатуы; Таусоғардың «Баянды алып келеміз» деп Қозының шешесінен сүйінші сұрауы; Майлыбай бидің амандасып айтатын өлеңі; Жандос пен Қозының ел мен жұрттың, жер-судың амандығын сұрауы; Қозының шешесі ел-жұртын жинап үлкен той жасауы; Тауасар шешеннің Баянға айтқан беташары; бір жылдан соң Баянның шешесі, ағасы Сағынбай мен жеңгесі Айсұлудың Баянға жасау-жабдық алып баруы; Айсұлудың Баянға көріскенде айтқан өлеңі; бірер жылдан соң Қозының қасына Тауасарды қолбастыққа алып қайын-жұртына баруы; Сарыбайдың той жасауы; Қодардың Қозы мен Баянның қайыншылап келгенінен хабардар болуы; оның диуана кейпінде Сарыбай ауылына келуі; Қодардың айғайлап жын шақырғаны; Қозыны осы тұста өлтіргені; Баянның Қодарды өлтіруі; Баян мен Айсұлудың жоқтауы; Баянның Қозыға мола соқтырып, оған «Қозы Көрпеш — Баян» деген атты ойып жаздыруы; Баянның туған-туысқандарымен қоштасып, өзі де Қозының қасына барып өзін-өзі өлтіруі т.б. көріністер басқа нұсқаларда кездеспейді.

Сондай-ақ мұнда Қарабайдың әйелінің аты—Нарбике, Сарыбайдың әйелінің аты—Гүлжан екенін көреміз. Тағы бір айырмашылығы осы нұсқа бойынша Сарыбайдың Баян сұлудан басқа Қоған, Сағынбай деген ұлдары болады. Кейіпкерлердің кейбір іс-әрекеттері өзгешелеу болатын тұстары да бар.

«Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырының сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын сарындардың кейбірі көрініс тапқан. Солардың бірі—түс көру мотиві. Мысалы, жырда Қозы мен Баянның бір жайсыз түс көруі екі жастың басына бір қауіп-қатердің түсетінін сездіреді. Сол сияқты жырда бірен-саран ертегілік сарындар да бар. Бұл ретте Қозының жолдастарымен Баянды іздеп бара жатқан жолында жолбарыс, қырық бөрі сияқты аңдардың кез болуы, олармен бірнеше күн ұрыс салуын мысалға келтіруге болады.

Қысқасы, ақын «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырының ең түпкі сюжетін жадында сақтай отырып, жырдың кей жерлерінде бірқатар оқиғаларды және жеке эпизодтарды кеңейте, түрлендіре жырлаған деп санаймыз.

Осы нұсқада оқиға Шығыс Түркістандағы Алтайда басталып, Аякөзде аяқталады. Алайда оқиғаның болған жерлері туралы әрбір нұсқада түрліше айтылуы жыршы, орындаушылардың аңыз-әңгімені өзіне неғұрлым таныс өңірге жақындатып баяндайтынын аңғартады.

Жинаққа еніп отырған нұсқаның тағы бір ерекшелігі жыр оқиғасын дамытуда, адам образдарын жасауда жыршы амандасу, беташар, естірту, жоқтау, көрісу т.б. қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінің үлгілерін мол пайдаланған. Дәуіт нұсқасы тіл көркемдігі жағынан да шебер жырланғаны аңғарылады. Мәтінде аздаған араб, парсы, және жергілікті сөздер кездескенімен, тілі таза, ұғымды.

Дастанның өн бойында кездескен жат жерлік сөздер қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға ұсынылып отырған «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырының мәтіні 2000 жылы Үрімжі қаласының, «Шыңжаң жастар-өрендер баспасынан» шыққан «Қазақтың ғашықтық жырлары» жинағының 7-томынан (80-188-беттер) алынды.

Көлемі — 2572 жол.

Қ. Алпысбаева

ҚЫЗ ЖІБЕК

Қазақ халқының ерте заманнан бері айтылып, ел арасына кең тараған лиро-эпостық жырының бірі — «Қыз Жібек».

Жыр мәтіні алғаш рет 1876 жылы Қазан қаласында жеке кітап ретінде жарық көрді². Одан соң аталған дастан 1894, 1896, 1899 жылдары осы қаладағы Чирков баспаханасында бірнеше рет басылып шықты³. Сондай-ақ Жүсіпбекқожа Шайхысламұлы «Қыз Жібек» жырын 1910, 1903, 1905, 1911 жылдары өзінше өңдеп, толықтырып жариялады⁴.

Жырдың бір нұсқасын 1880 жылдар шамасында қазалылық Мұсабай ақыннан ресейлік миссионер Е.А.Александров жазып алып, мазмұнын орыс тіліне аударған¹.

1900 жылғы басылымда жырды құрастырушы Жүсіпбек Шайхысламұлының атынан жазылған ескертуде жырдың өткен басылымдарында жіберілген бірсыпыра қателердің түзетілгенін мәлімдейді.

1923 жылы «Қыз Жібек» жырын қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, белгілі фольклортанушы Ә.Диваев Ташкентте бастырды⁵.

Одан кейін 1933 жылы Қызылордада, 1939 жылы Алматыда «Батырлар жыры» жинағында басылды⁶. 1957, 1963, 1967, 1985, 2003 жылдары жеке кітап болып басылды⁷. Сондай-ақ жырдың Жүсіпбек Шайхысламұлы нұсқасы 2003 жылы Мәскеу қаласында шыққан «Қозы — Қорпеш и Баян — сулу. Қыз — Жи-

¹ Қыз Жібек. // Түркістан халықаралық энциклопедиясы. — Алматы, 2000. — 444-б; Қасқабасов С. Қыз Жібек // Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 6-том. — 156-б.

² Қисса Қыз Жібек. — Қазан, 1876. // Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: Е. Есова, Ү. Сұбханбердина, Д. Сейфуллина. — Алматы: Мектеп, 1986. — 72-б.

³ Елеукунов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітаптарының тарихы. — Алматы: Санат, 1999. — 95-б.

⁴ Қазақ кітаптары. — Алматы: Мектеп., 1986. — 72-112-б.

⁵ Қыз Жібек. — Ташкент, 1923.

⁶ Қыз Жібек // Батырлар жинағы. / Құрастырған. С.Сейфуллин. Қызылорда, 1933. — 344-389-бб; Қыз Жібек // Батырлар жыры. / Бастырған С.Мұқанов. — Алматы, 1939. — 509-591 б.б;

⁷ Қыз Жібек / Васпаға даярлағандар: М.С Сильченко, М.Ғ Ғұмарова — Алматы, 1957; Қыз Жібек. Алматы, 1963; Қыз Жібек. — Алматы: Жазушы, 1967; Қыз Жібек. — Алматы: Жалын, 1985; Қыз Жібек. — Алматы: Мектеп, 2003.

бек: Казахский романический эпос» деген кітапта екі тілде (қазақ, орыс) басылып шықты⁸.

Қазір ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында жырдың біраз нұсқалары сақтаулы. Оның ішінде Мұсабай жырау, Қ. Мырзағалиев, Ә. Досжанов, Р. Мәзқожаев, Е. Ахметов, Ә. Дәнекерев, Ы. Қамытов, Х.Өтеғалиева т.б. нұсқалары бар. Олардың қолжазбаларынан ғылыми сипаттама жазылған⁹.

Жыр нұсқалары арасында айырмашылық аз. Қазан төңкерісіне дейін «Қыз Жібек» жыры арнайы зерттелген жоқ.

Аталған жыр туралы ғылыми пікірлер мен зерттеу еңбектер Кеңестік дәуірде ғана туа бастады. Бұл жөнінде С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Ғабдуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ы.Дүйсенбаев, Б.Кенжебаев, Н.С.Смирнова, Р.Бердібаев, Н.Төреқұлов, З.Ахметов, С.Қасқабасов сияқты ғалымдар өз пікірлерін білдіріп, жырдың туған мезгілін халықтық сипатын, көркемдік ерекшеліктерін, кейіпкерлер образын т.б. сөз етті¹⁰.

Бұл орайда Қазақ фольклоршыларының көпшілігі «Қыз Жібек» жыры XVII ғасыр шамасында шыққан деген тұжырым жасайды.

Ғ. Мүсіреповтың либреттосы бойынша композитор Е. Г. Брусиловский «Қыз Жібек» атты опера жазды. Аталмыш жырдың мотиві бойынша «Қыз Жібек» фильмі түсірілгені мәлім.

«Қыз Жібек» эпосы Қытайдағы қазақтар арасында да тараған. Ел ішінде бұл жырды домбыраға қосып айтушылар көп болған. Дастанның Қытай қазақтарына кең тараған нұсқасын Шерияздан ақын жырлаған.

Бұл нұсқа алғаш рет «Қазақтың ғашықтық қиссалары»¹¹ атты жинақта жарық көрді.

⁸ Қыз—Жибек // Козы—Корпеш и Баян сулу. Қыз жибек — Москва, 2003, — с. — 88-164.

⁹ Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 2-том. — Алматы: Ғылым. 1979. — 166-186 б.б.

¹⁰ Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. 1-кітап 1932; Әуезов М. // Әр жылдар ойлары — Алматы, 1959. — 301-317 б.б; Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974. — 265-278 б.б; Жұмалиев Қ // Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-кітап, 1958. — 175-184-бб; Дүйсенбаев Ы // Қазақтың лиро-эпосы. Алматы, 1973. — 90-122 б.б; Сильченко М.С // Қыз Жібек — Алматы, 1957. — 78-92 б.б; Смирнова Н.С. // Қыз Жібек. — Алматы, 1963. — 568-667 б.б.

¹¹ Қыз Жібек // Қазақтың ғашықтық қиссалары. — Үрімжі: Шыңжаң жастар — өрендер баспасы, 1996. — 1-291 б.б.

«Қыз Жібектің» варианттарында өзара айта қаларлықтай айырмашылық жоқ екенін ескеріп, солардың ішінен жырдың ең бір толығы және көркемі деп саналатын Жүсіпбек Шайхысламұлы бастырып шығарған (1900) мәтін мен Шерияздан нұсқасын салыстырып қарағанымызда, олардың екеуінің мазмұны ұқсас екенін көреміз:

Екі нұсқаның мазмұнында да Кіші жүздің Жағалбайлы руынан шыққан Базарбайбайдың баласы Төлегеннің өзіне қалыңдық іздеп Кіші жүздің Шекті руына барғаны; Жібек сұлуды көріп, құда түсіп, айттырып, қалыңдық ойнап қайтқаны; Жібекті алып қайтқалы екінші рет барғанда, бұрыннан Жібекке ғашық болып жүрген Бекежан деген қарақшының оны өлтіргені; ал екінші бөлімде Төлеген өлген соң інісі Сансызбайдың оны іздеп Шекті еліне барғаны; ол кезде Жібекті қалмақтың ханы Хореннің алғалы жатқаны; батырдың жаудан Жібекті қалай құтқарғаны туралы баяндалады.

Аталған нұсқалардың екеуінде де «Қыз Жібек» жырының сюжеттік желісі түгел сақталған. Жырдағы жағымды және жағымсыз кейіпкерлерге берілген мінездемелер де, жер-су атаулары да бірдей. Көптеген өлең шумақтары қайталанып келетін тұстары да бар. Сөзіміз дәлелдірек болу үшін екі нұсқадағы Төлегеннің Жібекті іздеуге көңілі кетіп, алыс жолға шықпақшы болғанында, саудагердің жолдың ауыр, қырық күншілік шөлі бар екенін ескертетін тұсын алайық.

Жүсіп қожа нұсқасы (1900):

— Онымен жүре алмайсың барғанменен,
Өлесің жолда шөлдеп арманменен.
Жүр — дейді, — алыссынбай су жағалап,
«Әрқашан бардың ісі пәрменменен».

Шерияздан нұсқасы:

— Онымен жүре алмайсың барғанменен,
Өлесің жолда шөлдеп арманменен.
Жүр, — дейді — алыссынбай *сулы жолмен*,
«Әрқашан бардың ісі пәрменменен».

Екі мәтін қаншалықты ұқсас болғанымен, Шерияздан нұсқасының төмендегідей айырмашылықтары да бар:

1. 1900 жылғы басылымның көлемі 2705 жол болса, Шерияздан нұсқасының көлемі 6364 жол.

2. Жүсіпбек қожа нұсқасындағы қара сөзбен баяндалатын, ауызша әңгімеге ұқсайтын жерлері Шерияздан орындаған жырда кеңірек суреттеліп, өлеңмен берілген. Мысалы, Жүсіпбек нұсқасында Төлеген қасына жүзге тарта жігіт ертіп, көптеген мал-мүлік алып, азық-түлік артып Жібекті іздеуге шығады. Ұзақ жол жүріп, олар Шекті еліне жетеді де шатыр тігіп жата береді. «Кімде-кім сұлу қызын көрсетсе, көрімдігіне бір жорға беремін», — деп жариялайды. Төлеген аз уақыттың ішінде екі жүз он сұлуды көрді. Бірақ олардың бірде-біреуін ұнатпағандығы қысқаша айтылады. Ал Шерияздан нұсқасында бұл тұстары кең таратылып, өлеңмен айтылады. Жібектің асқан сұлулығын көрсету үшін Төлегенге бүкіл көшті аралатып, әр сұлуды оның көз алдынан өткізеді. Жеке-жеке кездестірген көштерді суреттегенде, әр көштің ерекшелігін тізіп, шеберлікпен баяндайды.

3. Шерияздан нұсқасында басқа нұсқаларда кездеспейтін жыршының өзі қосқан, яғни Қаршығаның ерлігін, қысылғанда жол табатын ақылдылығын, айлакерлігін суреттейтін эпизоды бар. Ол — Сансызбайдың Хоренді жекпе-жекте өлтіріп, Жібек, Шега ақын үшеуі өз еліне қайтып бара жатқан кезінде олардың соңынан қуатын жауды Қаршығаның адастырып, ханның өлігін көрсетпей, қалмақтарды басқа жолмен шөлге әкеліп қыратыны; Хореннің мөрі мен уәзірдің уәзірлік белгісін алып, Шектіде қалған қалмақтардың елге ылаң салып жатқанын естіп, оларға ханның мөрін көрсетіп, «хан шақыртып жатыр» деген айламен жаудың мыңдаған әскерін адастырып қырып, Сырлыбайдың елін дұшпаннан азат ететін көрінісі. Бұл көріністі суреттеуге жырда мол орын берілген.

Осы екі нұсқаны салыстыра зерттеу нәтижесінде: Шерияздан ақын Жүсіпбек жырлаған «Қыз Жібек» нұсқасын жетік білген. Сол нұсқаны негізге ала отырып, жырдың ұтымды жерлерін сол қалпында қалдырған да, өз тарапынан жаңа шумақтар мен тың эпизодтар қосып, қара сөзді өлеңге айналдыра, өз сөзімен құбылта жырлаған деп санаймыз.

Шерияздан жырлаған «Қыз Жібек» дастанының нұсқасы жоғары деңгейлі, көркем тілмен өрілген, сүбелі туынды. Мәтінде аздаған араб, парсы және жергілікті сөздер кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға енгізіліп отырған «Қыз Жібек» жырының мәтіні 1996 жылы Үрімжі қаласындағы «Шыңжаң жастар — өрендер баспасынан» шыққан «Қазақтың ғашықтық қиссалары» атты жинақтан (1-291-беттер) алынды.

Қ. Алпысбаева, С. Қосан

ДАНДАН МЕН НӘРКЕС

Дастан Қытайдағы қазақтардың арасына кең таралған. Жырды қашан, кімнің жырлағаны беймәлім. Бұл дастанды жатқа айтушылардан жазып алып, жүйелеп, баспаханаға ұсынған Хамза Дәуітбайұлы.

Шығарма мәтіні алғаш рет Үрімжі қаласының «Шыңжаң жастар-өрендер баспасынан» шыққан «Қазақтың ғашықтық жырлары атты жинақта» жарық көрген. Екінші рет 1996 жылы «Қазақтың ғашықтық жырларының» 4-томында жарияланды¹. Дастанның қысқаша мазмұны төмендегідей:

Патшаның Дандан есімді баласы белгісіз бір сұлудың суретін көріп ғашық болады. Әкесінің рұқсатынсыз, қызды іздеп алыс жолға шығады. Сан қилы шытырман оқиғадан соң ғана Нәркес сұлуға үйленіп, мұратына жетеді.

Дастан қиял-ғажайып элементтері аралас сюжеттерден тұрады. Оның фабуласын құрайтын мотив, сюжеттер бірқатар шығыс халықтарының фольклорына да тән. Мысалы: бас кейіпкердің белгісіз сұлудың суретін көріп, сырттай ғашық болу мотиві; қалыңдықты іздеп қауіп-қатері мол қиын сапарға аттануы, яғни күллі оқиғаларға жол бастаған сарын; қызды ғашық болған диюдың алып кетуі; қызды диюдан азат ету үшін тапқырлығы мен ерлігі жететін жігітті таңдайтын құс; Самұрықтың ұяда жатқан балапандарын айдаһардың аузынан

¹ Дандан мен Нәркес // Қазақтың ғашықтық жырлары. 4-том. — Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы. 1996. — 438-480 б.б.

құтқару; Самұрықтың қаһарманға көрсететін көмегі; сиқырлы тақ, сиқырлы күштер, әр түрлі кедергілер т.б. Мұндағы сұлу бейнесіне ғашық болу сарыны, әсіресе «Тоты-наме», «Мың бір түн» дастандарында ұшырасса, Самұрық құсқа байланысты кейбір эпизодтық мотивтер «Шаһнамеден» алынғаны байқалады.

«Дандан мен Нәркес» жырының бір нұсқасы (Ақылбек Сабалұлы, Қазан, 1911) «Қисса Дандан» деген атпен «Бабалар сөзі» сериясы бойынша әзірленген жүз томдық жинақтың 18-томында жарық көрді². Осы екі мәтінді салыстырып қарағанымызда, екі шығарманың мазмұны ұқсас болып шықты. «Қисса Дандан» дастанындағы оқиғалық желілер мен сарындар түгелімен «Дандан мен Нәркес» жырында кездеседі. Алайда екі шығарманың сюжеті ұқсас болғанымен, оқиғаларының кейбір айырмашылықтары да бар екені анықталды. Мысалы, Шыңжаңдық нұсқада кейіпкерлердің жолда көрген оқиғалары кеңірек баяндалады. 2005 жылғы басылымда оқиға кейіпкердің үш бірдей сұлуға үйленуімен аяқталса, бұл варианттың соңы Дандан мен Нәркестің көп қиындықты жеңіп, мұратына жетуімен тамамдалады. Сол сияқты екі мәтіннің баяндалу мәнері әр түрлі болып келеді. Яғни әр нұсқаның жыршысы белгілі сюжетті өзінше жырлаған. «Дандан мен Нәркес» жырының көркемдігі біршама тәуір, оқиғасы қызық. Мәтінде басқа тілден енген сөздер аз.

Томға енген «Дандан мен Нәркес» жырының мәтіні 1996 жылы Үрімжі қаласының «Шыңжаң жастар-өрендер баспасынан» шыққан «Қазақтың ғашықтық» жырларының 4-томынан (438-480-бб) алынды.

Қ. Алпысбаева

² Қисса Дандан // Бабалар сөзі. 18-том. / Томды құрастырып, қосымшаларын дайындағандар: Б.Әзібаева., П.Әуесбаева., Ж.Рақышева. — Астана: Фолиант, 2005. — 199-225 б.б.

АХМЕТ ПЕН НҮРИЛӘ

«Ахмет пен Нүрилә» — Қытайда тұратын қазақтар арасына ертеден мәлім. Әсіресе, Іле қазақ автономиялы облысының бірқатар аудандарына кең жайылған. Бұл дастан ел арасында ауызша және қолжазба күйінде сақталған. Оның мәтінін 1980 жылдары қағазға түсірген жергілікті ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы Мұхаммедбай Мергенбаев.

Дастан алғаш рет 1990 жылы Бейжің «Ұлттар» баспасынан жарық көрген «Қазақ қиссаларының» 10-томында жарияланған. Ал 1991 жылы «Іле халық баспасынан» шыққан «Күнес ауданының қисса — дастандары» атты жинаққа енгізілген¹.

Жырдың оқиғалық желісі эпикалық жырларда, ертегілерде кең қолданыс табатын түс көру мотивінен басталады. Бас кейіпкердің түсінде тотыдай бір құс ұшып келіп:

...Сен әзір байға жалшы адал жансың,
Жатса да жерде алтын қарамайсың.
Төңірім осы ісіңді жақсы көріп,
Деп айтты: — Періштеден маған барсын.
— Сонымен келдім ұшып бағың болып,
Сен әлі патша қызын аласың да,
Қалады алтын орда тағың болып... — деп сайрайды.

Осы мазмұндағы түсті ол екі рет көреді. Бұл түс кейіпкердің болашағын, түбінде Қысан есімді патшаның қызы Нүриләмен жұптасатынын сездіреді. Яғни тыңдаушы осы түс арқылы оқиғаның соңғы шешімінен хабардар болып отырды.

Әдетте қос кейіпкердің бірін-бірі түсінде, не сурттен көріп ғашық болуы жайындағы сюжеттер шығыстық дастандарда жиі кездеседі. Ғашықтық дастандардың айтушылары мен тыңдаушылары екі жастың кездесуіне күмән келтірмейді, себебі тағдыр пешенелеріне солай жазған деген түсінік барша халыққа ортақ.

¹ Ахмет пен Нүрилә // Күнес ауданының қисса-дастандары. Іле халық баспасы. 1991-249-270 б.б.

Бас кейіпкер көрген түсін жүзеге асыру үшін әрекет жасайды. Яғни ол патшаны іздеп шығады, патшаның қызы Нүриләмен табысады. Арасында кейбір кедергілерді жеңіп, алтын таққа отырады. Екі жас бақытты өмір сүреді.

Дастанның сюжеттік желісі барынша қарапайым. Мұнда шытырман оқиға, шиеленісті эпизодтар аз. Оқиға ғашық жастардың қилы да қиын тағдырын баяндауға құрылған. Жырдың бір ерекшелігі мұнда кейіпкер әрекеттерін тым әсірелеу, екі жастың махаббатын аса дәріптеу жоқ. Жыршы кейіпкерлердің ішкі сезімдерін монолог, диалог арқылы шебер сипаттайды.

Шығарманың тілі таза, шұрайлы. Басқа тілден кірген сөздер жоқтың қасы. Көлемі — 532 жол.

Томға ұсынылып отырған «Ахмет пен Нүрилә» дастанның мәтіні 1991 жылы «Іле халық баспасында» жарық көрген «Күнес ауданының қисса — дастандары» атты жинақтан (249-270-беттер) алынды.

С. Қосан

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)— ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

* Құран Кәрім. 112 — «Ихлас» сүресі.

Алланың атын зікірету рәсімі Аллаһу акбар, Әлхамдулилаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Баба Түкті Шашты Әзіз — қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін бейне. Ол туралы аңыздардың бірінде есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Әкесі — Керемет Әзіз. Мұсылмандар арасында әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Баба Түкті Шашты Әзіз — Қожа Ахмет Йасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

Дәуіт — Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі.

Жағалбайлы — қазақ халқы құрайтын тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Кіші жүз құрамындағы жетіру тайпалар бірлестігіне кіреді.

Жүсіп — Зылиқа — шығыс халықтарының «Жүсіп — Зылиха» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері. Құранда жүсіп туралы арнайы сүре бар.

Жібек — Төлеген — қазақтың «Қыз Жібек» эпосының бас кейіпкерлері. Жібек пен Төлеген қазақ фольклорында шын ғашықтар символы ретінде суреттеледі.

Кіші Жүз — Қазақстанның оңтүстік батыс аймағын мекендеген рулар мен тайпалар одағы. Қазақ халқының үштен бірін құрайтын этникалық бірлестік. Шежіре бойынша, Кіші жүзге әлімұлы, байұлы, жетіру тайпалары жатады.

Қозы Көрпеш — Баян сұлу — қазақ арасына мол тараған аңыз бойынша, Қозы мен Баян бір кезде өмір сүріп, кейін олардың моласы да сақталған тәрізді, яғни халық оларды өмірде болған адамдар деп сенеді. Орыс — қазақ зерттеушілерінің мәліметтеріне қарағанда, бұл мола және олардың басына орнатылған ескерткіш қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Таңсық ауылына таяу — Аягөз өзенінің оң жағалауында орналасқан.

Ләйлі — Мәжнүн — Таяу және Орта Шығыс пен Оңтүстік Шығыс, Азия халықтарының «Ләйлі мен Мәжнүн» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері. Араб мәнбілері бойынша, Мәжнүн — өмірде болған, VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасыр аралығында өмір сүрген ақын. Ләйлі мен Мәжнүн қазақ фольклорында шын ғашықтардың сүйенер пірі ретінде суреттеледі.

Сүлеймен — Құран бойынша, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Фатима, Бибі Бәтима (635 жылы қайтыс болған) — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі,

Хасен мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын қасиетті әйел бейнесі. Фатимаға табыну, шамасы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулетінің ықпалы күшеюіне байланысты туып қалыптасса керек. Фатима— шииттердің діни хикаяларының басты қаһармандарының бірі. Көптеген мұсылман елдерінде алақанды белгілейтін ежелгі нысана «Фатиманың қолы» деген атақ алған. Оның небір үмітсіз ауруларға да ем қондырып, дәру дарытатын қасиеті бар деп саналған.

Хызыр, Қыдыр баба—көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Хызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Хызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Хызыр баба [Қыдыр]—ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Шекті—қазақ халқының құрамындағы тайпа. Шежіре бойынша Кіші жүзге қарасты алты ата әлімнен тарайды.

СӨЗДІК

Абрет /ж/ — өнеге, ғибрат

Ағраби /а.п./ — көшпелі, бәдауи, бөтен; жат; бөгде

Айпара — үлкен, көрнекті

Айыл — ер-тоқым ауып кетпес үшін малдың бауырын, шабын орап тартатын жалпақ қайыс

Ақырет, ахирет /а/ — діни ұғым бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; о дүние ақырзаман, дүниенің соңы деген ұғымдарды білдіреді.

Алқау /ж/ — рахмет айту, алғыс айту

Аллаһу Акбар /а/ — Алла ең ұлы!

Алты айрық — бүкіл дене

Андағайлау — бытырай жүгіру, шабу

Асылық /т/ — опасыздық, сатқындық

Аужайын — ыңғай, жай-жапсар

Афсүн /а. п/ — дұға, сиқыр, арбау, айла

Әйні /ж/ — нақ

Әйтеу — әйтеуір

Әтей — әдейі

Әудем жер — көз көрім жер, жақын ара

Әулекі — есерсоқ

Бағлан — таңдаулы азамат, игі жақсы

Байыз — сабыр, төзім

Бедеу — қысыр, ту мал

Берен — қымбат, асыл мата

Бөктергі — ұсақ жәндіктерді аулайтын ақсары жүнді жыртқыш құс.

Барандау /ж/ — мөлшерлеу, шырамыту

Басқұр — туырлықтың кереге басына тиіп қажалмауы үшін уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастыра таңатын, киіз үйдің ішіне сән беріп, безендіріп тұратын өрнекті жалпақ құр.

Бейіш /п/ — жұмақ, ұшмақ, жәннат, рахат

Ғазиз /а/ — қадірлі, аяулы, ардақты

Ғаламат /а/ — таңғажайып, керемет, ғажайып

Ғаріп /а/ — бейшара, міскін

Ғаскер /а/ — әскер

Ғибадат /а/ — сыйлау, құрметтеу, табыну

Ғұсыл /а/ — су құйыну; жуыну

Даң — айғай-ұйғай, у-шу

Дарағайыж — құзыр, құрмет

Делбе — арба-шанаға жегілген атқа тағылатын қайыс божы

Денде — ұлғая түсу, өршу, меңдеу

Дүйім — түгел, тұтас, тегіс

Дүр — атақты, анық, маржан

Дүрия — жалтыраған жібек мата

Дүріп /ж/ — жүріп

Екінді /п/ — бесін мен ақшам арасындағы намаз мезгілі

Жамбы — ойын-тойларда мергендер атып түсіру үшін тігілетін сом күміс не өзге қымбат металл

Жамбыл — кентті, қаланы айнала төңірек қоршаған қорған, бекініс

Жамық /а/ — бүкіл, барлық, күллі

Жапан — айдала, құла дүз, елсіз

Жаһаннам /а/ — діни ұғым бойынша, күнәға батқандар дүние салғаннан кейін баратын жер. Аллаға сенімсіздік білдіріп, оған құлшылық етпегендер жаһаннам отына мәңгі жананды.

Жәннат /а/ — бақ. О дүниеде күнәдән ада, таза адамдардың баратын орны (жұмақ, пейіш). Жәннат — бұлақтар мен сулары мол, саялы бақ. Онда дәмі өзгермейтін сүт өзені, шарап, бал өзендері ағады. Жәннатқа түскендер қалаған нәрселерін ішіп-жейді. Жәннатты Ридуан бастаған періштелер күзетеді.

Желдік — тоқым мен ердің екі қапталына салынатын қалың киіз

Жемір — тойымсыз

Жете — арғы тегі, жеті атасы

Жінік — жындану, нақұрыстану

Забат — зауыт

Зауал — түс кезі

Зәтте — запы болу, ығыр болу

Иншалла /а/ — Алла бұйырса, Алла қаласа

Иянат /ж/ — балағаттау

Камал /а/ — кемел, толық

Кәдік — қауіп-қатер

Кәләм /а/ — сөз, сөйлем

Кәнизак — хан сарайындағы қызметші қыз

Кебенек (к.с.) — малшылар аязда, жауын-шашында киетін жұқа киізден тігілген сырт киім

Қоламталы — от (шоқ)

Көбеген — ерте туған қозы

Кірекеш — кіремен жүк тасушы, жүкші

Қапас — тор

Қоқан арба — үлкен қос доңғалақты жеңіл арба

Қодық — құланның төлі

Қоңсы — көрші-қолаң

Қорамсақ — жебе салып жүруге арналған арнайы қалта

Көшір, кучер /о/ — арбашы; ат айдаушы

Қалы (қалы кілем) — түрлі түсті ою-өрнектермен безендірілген, қымбат бағалы кілем.

Қамқа (к.с.) — зер талшықтары қосылып тігілген жібек мата

Құбыла /а/ — мұсылмандардың намаз оқығанда бет бұратын жағы

Қума (к.с.) — некесіз, құқығы кемшін әйел

Мағұрып /а/ — батыс

Манат — сырт киімдік құнды мата

Машрұқ /а/ — шығыс

Мәдет — медет

Мәнзил /а/ — орын; үй

Мәуе — жеміс, жидек, миуа

Миуа — жеміс

Мойыл — Діні мен бұталары қара сұр түсті, ағаштың жемісі

Мұрит /а/ — тыңдаушы, ізін қуушы; сопылардың шәкірті

Мүкәмәл /а/ — дүние-мүлік, қазына-байлық

Мұрсат /а/ — уақыт, мерзім

Мінәжат /а/ — құлшылық ету

Най — темекі тартатын түтік

Нәзір /а/ — құрбанның бір түрі, уәжіп-құрбан; Құдай жолына берілетін садақа, қайыр

Нәркес — әдемі, сұлу

Нор /ж/ — қалың адам

Оба — өте қауіпті, қатерлі жұқпалы ауру, індет

Обыр — қомағайлық

Океан — мұхит

Оқпан — ойылып түскен жер қуысы, шұңқыр

Өбек — жаны қалмай, бөйек болу

Өбу — сүйу

Өлтірі — қалыңдықтың үйіне күйеу жағы әкелетін ең алғашқы дәстүрлі көде, құдайы мал

Өмілдірік — былғары не қайыстан жасалған, аттың ерінің артқа кетпеуі үшін тағылатын әбзел

Пар /о/ — тең, жұп

Пәуеске — төбесін, сыртын былғарымен жапқан, ою-өрнек сап сәндеп жасаған, күймелі жеңіл арба

Пәруана /п/ — түнде жарықты айнала ұшатын көбелек. Ауыспалы мағынасы: біреудің жолына құрбан болу; садаға

Рәкағат, рәкат /а/ — намаздың бөлігі

Сайлауыт /ж/ — сақадай сайланған, әбден іріктелген

Салма — құлып салу үшін есікті бастырып тұратын темір

Саң /ж/ — көңіл, ықылас

Сап (саф) — таза

Сауға — соғыстан түскен олжадан берілетін сый

Сахаба, асхаб (көпше түрі) /а/ — Пайғамбардың жанына ерген серіктері

Сәуе /ж/ — нышан

Сетер /ж/ — құрметке бөлену, қадірлі

Сүннет, сүннат /а/ — әдет, жол

Сүрде — тапталып, киіздей боп сарғайып кеткен қалың шөп.

Сүрмел — кірпік, қасты бояйтын қынадан жасалған бояу

Сұқсыр — сұр түсті кішкене үйрек

Тәңір /т/ — Құдай

Топшы — құс қанатының кеудеге жалғасқан жері

Түгеді /ж/ — қынжылу, таусылу

Түркім /ж/ — дүркін

Тұлдау (к.с.) — қадірлі адамы өлгенде шаңыраққа қара ту байлап, мінген атын күзеп, қара жамылатын марқұмды азалау дәстүрі

Уа — көтеріңкі үнмен айтылатын қаратпа сөз

Уағда /а/ — уәде

Уәжіп /а/ — міндет, борыш

Ұғыл /т/ — ұл

Ұтылап — бірінен соң бірі іліп әкету, жалтаруға мүмкіндік бермеу

Фазыл /а/ — артықшылық, жақсылық

Фәни /а/ — тұрағы жоқ, баянсыз, өткінші, опасыз дүние

Хауариж /а/ — Әли мен Мағауия арасындағы соғыста Әлиден бөлініп шыққан мұсылмандар тобы. Әли хауариждердің оғынан қаза болады.

Хотон /қ/ — аймақ

Хұжыра /а/ — бөлме

Хикмет /а/ — керемет; ғажайып; дана сөз

Хор қызы — діни наным бойынша, жұмақта болатын мәңгі жас, айдай сұлу қыз

Шағи — жұқа, жұмсақ, жібек, торғын

Шариф, шәріп /а/ — қасиетті, киелі

Шаһит /а/ — құрбан болу

Шерік /т/ — әскер

Шуанчуан /қ/ — әкім

Шөке /т/ — етпетінен жату

Шуалған /ж/ — шұбалған

Шұрқылтай — бұғананың үстіңгі жағындағы жұмсақ, ойық жер

Шылауыш /ж/ — кимешек үстінен байланатын, үлкен ақ шаршы орамал, жаулық

Шырға — амал-айла, алдап-арбау

Шіліңгір — аспан айналып жерге түскен қапырық, шілденің ыстығы

Ысқат — Шариғат заңы бойынша, өлген адамның тіршілігінде жасаған «күнәсін кешу» үшін оның ең жақын туыстарынан ақшалай-заттай алынатын салық, підия

Ылла /ж/ — лыпа, жұқа киім түрі, ішкі киім

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақжайық — Орал тауынан басталып Каспий теңізіне құятын ірі кәсіптік өзендердің бірі. Орал, Атырау қаласыда Жайық бойына орналасқан.

Ақтөбе — қала, Ақтөбе облысының әкімшілік орталығы (1932). Қазақстанның ірі өнеркәсіп және мәдени орталықтарының бірі; теміржол, өуе һәм автомобиль қатынастарының маңызды торабы; Мұғалжар тауының оңтүстік батысында Елек өзенінің сол жағалауын айнала орналасқан.

Алтай аймағы — Қытай Халық Республикасы Іле Қазақ автономиясы облысына қарасты әкімшілік аймақ. Батысында Қазақстанмен, Солтүстік батысында Ресеймен, Солтүстік Шығысында Монғолиямен шектеседі.

Асфahan (Исфahan) — Иранның орталық бөлігіндегі қала. Зайендеруд өзенінің жағасына орналасқан. Исфahan провинциясының әкімшілік орталығы. Тегераннан кейінгі өнеркәсіп — сауда орталығы.

Аягөз — Шығыс Қазақстан облысындағы қала. Аягөз ауданының орталығы. Өскемен қаласының оңтүстік батысында, Нарын өзенінің Аягөз өзеніне құятын тұсында орналасқан. Іргесі 1831 жылы қаланған.

Бағдат — (кей жорамалдарға қарағанда ежелгі парсы тілінің «бага» — Құдай, «дад» — берген, яғни «Құдай сыйы» сөздерінен шыққан) — 1921 жылдан бері қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халифа Мансур 762 жылы салдырған. Бағдат — орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Насреддин Туси, Әл-Фараби, т.б.] оқып, білім алған.

Еміл, Емел — Алакөл алабындағы өзен. Шығыс Қазақстан облысының Мақаншы ауданы жерінен ағып өтеді.

Жеменей — Қытайдағы Алтай аймағының ауданы.

Жетісу — тарихи-географиялық аймақ. Солтүстікте Балқаш, солтүстік — шығысында Сасықкөл мен Алакөл, Шығыста Жетісу (Жоңғар) Алатауы, оңтүстік және оңтүстік батысында Солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектеледі. Жетісу атын құрайтын жеті өзен туралы түрліше пікір бар.

Жидели — Іле өзенінің оң тармағы. Алматы облысының Балқаш ауданы жерімен өтеді.

Зайсан, Жайсаң — Оңтүстік Алтайдағы көл. Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан. Солтүстігінен Нарым мен Күршім, Оңтүстігінен Сауыр-Тарбағатай жоталарының сілемдерімен қоршалған қазаншұңқырда жатыр. Зайсанға Қара Ертіс өзені құяды да, Ертіс (Ақ Ертіс) ағып шығады.

Қап тауы — Аңыз бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының арғы жағын йәжуж бен мәжуж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп, бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Қап тауымен байланысты көптеген аңыздар бар. Солардың бірсыпырасында Қап тауының арғы жағында керемет мақұлықтар, дәулер мен перілер мекендейтін ғажайып елдер бар деп айтылады.

Қазан — Ресей Федерациясындағы қала, Татарстан республикасының астанасы. Еділ өзенінің сол жағалауында, Қазан өзенінің сағасында орналасқан.

Қособа — Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданындағы ауыл, ауылдық округ орталығы.

Лобнор — Қытай Халық Республикасындағы көлдің аты

Машын — Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырларда Қытайдың оңтүстік уәлаяттарын, Шығыс Түркістанды осылай атаған.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәсжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның

негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630-жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Ноғайлы — Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған. Ноғай Ордасының негізін қалаған түркі-монғол тайпаларының ортақ атауы. XV-XVI ғасырлардың аяғында Ноғайлы жұрты көрші елдерге де осындай атаумен мәлім болған.

Сарыарқа, Арқа — Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ. Солтүстікте Қазақ жазығынан басталып оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта орналасқан. Батыста Торғай үстіртіне тіреледі. Шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік-шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, онан әрі Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді.

Сарыөзен — Ертіс алабындағы өзен. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы және Шығыс Қазақстан облысы Семей қалалық әкімдігі аумағы жерімен ағады. Мыржық, Ақшоқы тауларынан басталып, Ақмолайсор (Шалқарсор) көліне құяды.

Тарбағатай — Шығыс Қазақстан өңіріндегі тау жотасының аты.

Үржар — Шығыс Қазақстан облысындағы аудан орталығы, өзен аты.

Шоқтерек — эпикалық топоним, аңыз бойынша, Қозы мен Баян осы теректің түбінде кездесіп жүреді.

Шын елі — орта ғасырлық Шығыста Қытай жерін осылай атаған. Бұл атаудың шығу тәркіні көне Цин империясының тарихымен байланысты болса керек.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Дәуіт Отарбайұлы. 1880 жылы Іле аймағының Көкқамыр жайлауында туып, 1923 жылы Құлжа ауданының Ашы деген жерінде дүние салған. Руы — қызай. Сүйегі «Уәйс мазарында» жерленген.

Алғашында Шамұс, Қарамолла есімді арабша оқыған кісілерден діни білім алады. Одан кейін Іле аймағының сол кездегі орталығы Күре қаласындағы қытай мектебіне оқуға түседі. Қытай және орыс тілдерін меңгереді.

Ізденгіштігі, алғырлығы арқасында оның ақындық дарыны да жас кезінен бастап дамиды. Ел көзіне түседі. Қарамолла ұстазына ілесіп, ел ішіндегі той-думанға араласып, айтысқа түседі. Қисса-дастандарды көшіріп, жаттап, ел-жұрт алдында домбырамен әндетіп айтып, «қиссашы бала» атанады. Қолына қалам алып, жазба ақындықпен де шұғылданады.

Дәуіт аудармашы, есепші болып жұмыс істейді, қоғамдық қызметке араласа жүріп, сал-серілік құрады, тұтас Іле, Бұратола өңірлерін аралайды. Қазақстанның Сарқант, Жаркент, Алматы өңірлеріне дейін келеді. Ол жердегі игі жақсылармен танысады. Алтайдағы Ақыт ақынмен, Қазақстаннан шекара асып келген Әсет Найманбайұлы ақынмен және Ерентау өңіріндегі Абдолла, Ахмет сынды ақындармен үзеңгілес болады. Осы бес ақынның бір-бірімен хат арқылы айтысып, арттарына «Бес ақын айтысы» аты үлкен мұра қалдырғаны мәлім.

Ақындық дарыны, толғамды ой-пікірі Дәуіттің ақындар арасындағы, ел-жұрт алдындағы абырой-беделін аспандатады. Ақыт ақын жазған хатында:

«Баласы Отарбайдың Дәуіт болса,
Емес пе ол қызайдың данышпаны», — деп мадақ-
таса, Әсет ақын:

«Сәлем де Ақыт мырза, Дәуітеке,
Керей менен найманнан шықтың жеке», — деп
құрметтейді.

Құрманбек ақын «Ақсақ қоян» дастанында Дәуітті:
«Төрт сандық кітабы бар көзім көрген,
Біразын өзіме де оқып берген.
Ішінде татарша мен орысша бар,
Кісі екен жастайынан ғылым терген», — деп
дәріптейді.

Ол кезде қазақ баспасөзі болмағандықтан Дәуіт ақынның бірде-бір шығармасы баспа беттерінде жарық көрмеген. Олар Ел-жұрттың арасына жатқа айту және сауатты адамдардың көшіріп алуы арқылы мейлінше кең таралған. Бұл жөнінен ел рухына терең сіңіп бүгінгі күнге дейін жатқа айтылып жүрген «Атамыз көшпен болған надандықтан», «Ақытқа хат», «Арманымыз», «Халық надан бұрынғы заманында», «Ат сыны», «Бұлбұлға», «Қыс күні», «Жаз басы», «Дәуіттің шағырай ақын Атутаймен айтысы» қатарлы туындыларын ерекше атауға болады.

«Аспан көркі күн болады,
Хайуан көркі жүн болады.
Әр нәрсенің зейнеті бар,
Сөз әбзәлі шын болады»

тектес елге кең таралған ұшқыр, қанатты сөздері де мол. Осы томға ұсынылған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» эпосын Дәуіт ақындық таланты әбден кемелденген отыз бес жасында, 1915 жылдары жырлаған.

Мұхаммедбай Мергенбаев—1948 жылы туған. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Орта мектепті бітірген. Қазір Күнес ауданы, Аралтөбе ауылының су істерін басқаратын мекеменің қызметкері.

Оразанбай Егеубаев — 1935 жылы Шыңжаң өлкесі, Шағантоғай ауданы, Ойқұдық ауылында туылған. «Өмір өткелдері», «Тау ұлы», «Ту мекенде», «Қазақтың ғашықтық жырлары», «Қазақ қиссалары — батырлық, тарихи жыр-қиссалар» т.б. еңбектері жарық көрген.

Ол Таңжарық Жолдыұлының өмірі мен шығармаларын ұзақ жылдар зерттеп, жаладан ақтап, ақын мұрасын халық игілігіне қайта жаратуда көп еңбек сіңірген ғалым.

Шерияздан Сұлтанбекұлы 1933 жылы 20 желтоқсанда Алтай аймағының Сарысүмбе қаласында туып, 2005 жылдың желтоқсанында Үрімжі қаласында қайтыс болған.

Шерияздан орта мектепті туған қаласында бітіреді. 1952-1954 жылдары Үрімжі кооператив кадрлар курсына, 1955, 1956 жылдары ШҰАР партия мектебінде оқыды. 1962 жылға дейін ШҰАР кооператив мектебі мен қазына институтында оқытушы болып қызмет істейді. 1963 жылдан бастап зейнетке шыққанға дейін Шыңжаң жергілікті жеміс-жидек серіктестігінде бөлім меңгерушісі, серіктестік бастығының орынбасары міндетін атқарған.

Шериязданның әкесі Сұлтанбай жыршы, қиссагер-әңгімешіл, шежіреші, тарихшы адам болған. Бала Шерияздан жастайынан әке жолын қуып, қисса-дастандарды жаттап өседі. Өз ұлтының тарихына, шежіресіне, әсіресе батырлар өмірінің ертек, аңыздарына ерекше құмартады. Олар жөніндегі тарихи кітаптарды құныға іздеп оқып, есте сақтаған. Өлеңмен жазылғандарын жаттап алуды, ұққандарын, жаттағандарын ел алдында әңгімелеуді, әндетіп айтуды, өзі де қисса-дастандарды құрастыруды дағдыға айналдырған. «Абылай», «Бөгенбай батыр», «Кешубай», «Еспенбет», «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Ер Тәуке», «Сәтбек», «Қыз Жібек», «Қалқаман — Мамыр» сияқты эпос-жырларды мәнерлеп, жаңғырта жырлаған. Оларды «Шалғын», «Мұра», «Алтай аясы», «Қазақ қиссалары», «Қазақтың ғашықтық жырлары» сияқты басылымдарда ілгерінді-кейінді жариялап отырған.

Ол сондай-ақ ШҰАР фольклоршылар қоғамының, Қытай Халық Республикасы фольклоршылар қоғамының мүшесі болды.

Осы томға енген «Қыз Жібек» эпосының нұсқасын Шерияздан Сұлтанұлы жырлаған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дөп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

/ж/ — жергілікті

моңғ. — моңғол

/қ/ — қытай

/к.с./ — көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Әуезов М.* Әр жылдар ойлары. — Алматы, 1959.
2. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 13-том. Құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: *Алпысбаева Қ., Әлібек Т., Әуесбаева П., Қосан С.* — Астана: Фолиант, 2004.
3. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 18-том. Құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: *Әзібаева Б., Әуесбаева П., Рақышева Ж.* — Астана: Фолиант, 2005.
4. Батырлар жыры. — Алматы, 1939.
5. *Бердібаев Р.* Қазақ эпосы. — Алматы, 1982.
6. *Ғабдуллин М.* Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974.
7. *Дүйсенбаев Ы.* Қазақтың лиро-эпосы. — Алматы, 1973.
8. *Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж.* Қазақ кітабының тарихы. — Алматы, 1999.
9. *Жұмалиев Қ.* Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, 1-кітап. — Алматы, 1958.
10. Қозы — Көрпеш и Баян сулу. Қыз — Жибек. — Москва, 2003.
11. Қазақтың ғашықтық қиссалары. — Үрімжі, 1996.
12. Қазақтың ғашықтық жырлары. — Үрімжі, 2000.
13. Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: *Е. Есова, Ү. Субханбердина, Д. Сейфуллина.* — Алматы, 1986.
14. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
15. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 2-том. — Алматы, 1979.
16. Қазақстан ұлттық энциклопедия. 6-том. — Алматы, 2004.
17. Қозы Көрпеш — Баян сұлу. — Астана, 2002.
18. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы. — Алматы, 1959.

19. Қыз Жібек. — Алматы, 1963.
20. Қыз Жібек. — Алматы, 2003.
21. *Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр, аңыздар. — Алматы, 1985.
22. Түркістан халықаралық энциклопедиясы. — Алматы 2000.
23. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов.* — М., 1968.
24. Древнетюркский словарь. — Л., Наука, 1969.
25. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
26. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
27. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.
28. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — М., 1970.
29. Татарско-русский словарь. — М., Советская энциклопедия, 1966.
30. Турецко-русский словарь. — М., Русский язык медиа, 2005.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

По состоянию на сегодняшний день институтом подготовлено и издано 25-томов фольклорных текстов, в том числе: одиннадцать томов новеллистических дастанов, семь томов дастанов религиозно-нравственного содержания и семь томов дастанов романического (любовного) содержания.

Предлагаемый вниманию читателей 26-том свода включает в себя фольклор казахов, проживающих в Китае. В Китае проживает около полутора миллиона казахов. Волею судьбы оказавшиеся на чужбине, они сохранили свой язык, обычаи и фольклор. В репертуаре тамошних сказителей сохранились почти все сюжеты общеказахского эпического, сказочного, песенного и др. творчества. Наряду с ними бытуют сюжеты, возникшие в других историко-социальных условиях.

Данный том включает в себя дастаны романического содержания, это такие произведения, как: «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Дандан мен Нәркес», «Ахмет пен Нүрилә».

Сюжеты некоторых из них восходят к произведениям народной литературы, другая же часть их сложена по следам восточных легенд и преданий. Всего планируется подготовка и издание нескольких томов образцов фольклора казахов, проживающих в Китае.

В соответствии с принципами издания «Бабалар сөзі» том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах; их краткий историко-

фольклористический и текстологический анализ; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Тексты, печатаемые в данном сборнике в свое время издавались в Китае. При этом они, к сожалению, подверглись в определенной степени, редакции, литературной обработке. Это происходило, по всей вероятности, как на стадии записи текстов от исполнителей, так и в процессе переписки рукописей (возможно неоднократной), а также и в ходе подготовки текстов к изданию. Вместе с тем в них сохранены особенности фольклора казахской диаспоры Китая.

Объем тома — 23,5 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura» («Cultural heritage»).

By present time the Institute staff have prepared and published 25 volumes of folklore texts including: eleven volumes of novelistic dastans, six volumes of religious-moral content and five volumes of romantic (love) dastans.

The proposed 26th volume includes folklore of Kazakh people who live in China. About million and a half Kazakh people live in china. Historically it happened so that Kazakh people have left to China, lived there and preserved their native language, customs and folklore. The repertoire of the narrators have preserved almost all plots of common Kazakh epic, tale, song and other creative work. Alongside with them there the plots that have originated in new conditions, in a different environment.

This volume includes dastans of romantic content such as «Kozy Korpesh- Bayan Sulu», «Kyz Zhibek», «Dandan men Narkes», «Akhmet pen Nurila».

Some of their plots originate from the Oriental literary works, other part is based on regional legends and tales. In total it is planned to prepare and publish several volumes of the samples of folklore works of Kazakh people living in China.

According to the principles of the edition «Babalar sozi» the volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old

Turkic , Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

Texts published in this volume have been published in China. Regretfully they have been subject to editing and literary processing. Possibly this happened both on the stage of recording texts from the narrators and in the process of re-writing of the manuscripts (possibly several times) as well as during preparation of the texts for publishing. However they have preserved the peculiarities of the folklore of Kazakh people who live in China.

In Kazakhstan all texts of this volume are being published for the first time.

Volume includes 23,5 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер

Қозы Көрпеш — Баян сұлу 9

Қыз Жібек 88

Дандан мен Нәркес 288

Ахмет пен Нүрилә 318

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме 337

Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 350

Сөздік 354

Жер-су атаулары 360

Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы
hәм жинаушылар туралы мәлімет 363

Шартты қысқартулар 366

Пайдаланылған әдебиеттер 367

Резюме 369

Summary 371

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

26 том

РОМАНИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Қ. Турлынова*

Редакторы *Ұ. С. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *М. М. Әлсейітова*

Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын өзірлеген **«Баур» баспасы**

ИБ № 2125

Теруге 11.01.06 жіберілді. Басуға 23.01.06 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». **Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.**
Шартты баспа табағы 23,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № .

«Фолиант» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

